



**«ҰЛЫ ОЙШЫЛ, ҒҰЛАМА –
ӘЛ ФАРИБИДІҢ ДАНАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»**
атты университетішілік апталықтың материалдары

2019

**«Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл Фарибидің даналық негіздері»
атты университетішілік апталықтың материалдары**

1-5 сәуір, 2019

Ақтау

**УДК 1/14
ББК 87.3
Ұ46**

**Yessenov University ректоры Б.Б.Ахметов жалпы
редакциялығымен**

Редакциялық алқа:

**Е.Т. Нұрмағанбет, Э.А. Абланова, А.А.Бекенжанова,
А.К. Серикбаева**

Ұ46 «Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл Фарибидің даналық негіздері»:
атты университетішілік апталықтың материалдары, Ақтау:
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, 2019. - 127 б.

ISBN 978-601-308-092-5

«Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл Фарибидің даналық негіздері» атты университетішілік апталық материалдарының жинағы есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан тарих перзенттерінің бірі және бірегейі Әбу Насыр Әл-Фарибидің өмірі, әлеуметтік-этикалық, саяси, философиялық, діни көзқарастары, мемлекет басқару, ізгілікті қоғам жөніндегі гуманистік идеялары, ғылымның әртүрлі салаларын қамтитын трактаттарының рухани құндылығы мен маңызы қарастырады.

Жинақ жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен білім алушыларына, ғылыми ізденістегі өзге де жұртшылыққа арналады.

**УДК 1/14
ББК 87.3**

ISBN 978-601-308-092-5

©Ш.Есенов атындағы Каспий
мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, 2019

ӘБУ НАСЫР ӘЛ ФАРАБИ – ДАНАЛЫҚ ДІНГЕГІ

Абланова Э.А., т.ғ.к., доцент

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Андатпа. Мақалада орта ғасырлар кезеңінде өмір сүрген данышпан ғалым Әбу Насыр Әл Фарабидің әр сала бойынша айналысқан ғылыми бағыттары негізделіп, жүйеленіп, талданады.

Түйінді сөздер: ғұлама-ойшыл, философия, музыка, математика, мемлекет.

Әл-Фараби – ортағасырлық ғылымдардың қай саласында да үздік білімнің иесі, энциклопедист ғалым ретінде даңқы шыққан ғұлама-ойшыл. Философия мен логика, математика мен физика, музыка мен поэзия, грамматика мен азаматтық саясат....

Көне гректің бай мұрасын жан-жақты игерген ол аристотелизм мен ислам идеяларына өте терең талдаулар жасады. Әл-Фараби шығармаларының тізімін Байхаки, ибн Усайбиа, Омар Фаррух, М.Хортен, Ф.Дитериц, М.Штейншнейдер еңбектерінен кездестіреміз. Фараби мұрасын зерттеуші көрнекті өзбек философ-ғалымы М.М.Хайруллаевтың айтуынша, Фараби шығармаларының толық тізімін, яғни 160-тай еңбектің атауын түрік ғалымы А.Атештің еңбектерінен табасыз[1.15].

Әл-Фараби трактаттарының қолжазбаларын Каир, Дамаск, Бейрут, Ыстамбұл, Лейден, Париж, Мадрид, Лондон, Тегеран, Нью-Йорк қалаларының кітапханаларында сақталған.

Ғұлама ғалым және философ Аристотельдің логикаға қатысты барлық дерлік еңбектеріне, атап айтсақ, «Метафизика», «Никомахтық этика», «Риторика», «Поэтика», Птоломейдің «Әлмагесіне», Александр Афродизискийдің «Жан туралы» еңбегіне, Евклид «Бастауларының» бірқатар тарауларына, Порфирийдің «Исагогына», түсініктемелер жасады. Бұлардың арасында «Философияны меңгеруге дайындық», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы» еңбектері бар[1.15].

Әл-Фараби антиканың мол мұрасын, әсіресе көне гректің Платон мен Аристотель секілді классик ойшылдарының философиялық көзқарастарын араб-мұсылман мәдениетіне енгізумен қатар, ислам мен антиканың идеяларына синтез жасауды да іске асырды. Ол өз заманының рухани шамшырағы болды. Өз дәуірінің барлық сауалдарына жауап табуға тырысты. Бұл ізденістер арғы-бергі бүкіл адамзаттық рухани ізденістермен сабақтасып жатқандықтан еш уақытта өз мәнін жоймақ емес. Әлемдік философия мен ғылым философиясының дамуында, Батыс пен Шығыстың диалогында өзіне тиесілі рөлін атқара береді[1.15].

Әл-Фараби сананың тек теориялық-танымдық қана емес, саяси-әлеуметтік мәселелерді шешуде де алатын орнын жоғары бағалады, адамзат баласы сананы жетілдіру арқылы соғыс секілді қайшылықты жағдайды да шеше алады деп есептеді. Қайырымды мемлекетке мінездеме бере отырып, ол оның ішкі мәнін де ашуға тырысты. Адамзат баласына тату-тәтті көршілік пен өзара құрмет, әлеуметтік әділдік пен адалдықтың нәтижесінде қандай рухани биіктіктерге шығуға болатындығын сөз етті[1.16].

Фарабиді толғандырған бұл тақырыптар қазіргі кезде де еш маңызын жойған жоқ. Бұл тұрғыдағы бүгінгі ізденістер Фараби ғылым философиясының құрамдас бір бөлігі болып табылатын рухани дәстүрге сүйенуі керек. Барлық азаматтары бір ғана ортақ мақсатқа, яғни мемлекет пен жеке адамның игілігіне қызмет етуге

жұмылдырылған ізгі, қайырымды мемлекет туралы ғалымның толғаныстары ортағасырлық ислам әлеміне ғана емес, өзінен кейінгі әлеуметтік-философиялық және әлеуметтік-утопиялық ойдың дамуына да үлкен ықпал етті.

Әл-Фарабидің музыка теориясы, музыка өнері, риторика мен поэзия, эстетика проблемалары жайлы көркемдік-эстетикалық көзқарастары да аса құнды. Бұларды бүгінгі ұрпақты рухани жағынан тәрбиелеуге, ғылымды дамытуға, мәдени және мәдени-ағартушылық жұмыстарын жүргізуге жан-жақты пайдаланған дұрыс.

Әл-Фарабидің жаратылыстануға қатысты мұрасы табиғатты тәңірінің туындысы деп есептейтін ортағасырлық жаратылыстануға тән көзқарастармен тамырлас болып келеді[1.16].

Ғалым Фараби рухани күш табиғатын анықтауға көп мән берген. Ол өзінің «Даналық негіздері» атты еңбегінде адам табиғатының қасиеттеріне қарай оның сыртқы және ішкі дүниесінің бар екенін айтады. Қоршаған ортаның құбылыстарын тани алатын физиологиялық дене құрылысы мен бітім болмысын құрайтын сыртқы тән сезімдері ішкі дүниеге де әсерін тигізеді. Ал ішкі құпия дүние дегеніміз - адамның рухани күштері. Өз кезегінде, даму процесінің үш түрі бар. Ол адамның, жануардың және өсімдіктің дамуы[2.20].

Дамуды осылай жіктеген Әл-Фараби дамудың мазмұнын түсіндіруде: «Өсімдіктерше өз ұрпағын, өзіне тән құрылыс сипатын сақтап қалуды ғана мақсат тұту немесе жануарларға өзінен басым күштермен күресу сияқты мінез-құлықтармен қорғанатын даму мен таным барысындағы ортақ ұқсастықтар адамзат баласының өрісін кеңейте алмайды. Адамның тіршілік етіп дамуы, оның пайдалы, ізгі, игі мақсаттарға бағытталған жолды таңдауына, шындыққа ұмтылуына байланысты. Мұндай үлкен мақсаттарға жетелейтін адамның санасы ғана» [2.20].

Оның еңбектерінде адам баласының ішкі дүниесі мен сыртқы дүниесі арасалмағына ерекше мән беріледі. Ғалымның айтуынша, рухы әлсіз адамдардың ішкі әлемін құрайтын сезім күйлерінің терең өріс алуы оның сыртқы дүниесінің белсенділігін өшіреді, яғни дүние құбылыстарын дұрыс табиғи тепе-теңдікте қабылдай алмайтындай жағдайға жеткізеді[2.20].

Ал білім жайлы кемеңгер бабамыз оның нұрымен кемелденген рухқа ешқандай күш кедергі, тосқауыл бола алмайтынын баяндайды. Адам рухының тұрақтылығы, ең алдымен, оған нәр беретін, дәлелді тәжірибе мен терең ой толғаныстарының сүзгісінен өткен, сөйтіп орнықты пікірге ие болған санаға байланысты дей келіп, рухты сананың сәулесі түсіп тұрған айнаға теңейді[2.20].

Әл-Фараби өзінің ғылыми тұжырымдарында адам рухының кемелденуі санамен тікелей байланысты деген ой келтіріп, тек сана ғана ақиқатқа жеткізетіндігін айтады[2.21].

Өзінің өмір сүрген кезеңіндегі ғылымды Әл-Фараби басты-басты бес салаға бөлді, олар: тілтану, логика (ой жүйесі), математика, физика, азаматтық туралы ілім[3.60].

Оның әлеуметтік-экономикалық мәселелерге, математика, философияға арналған трактаттары осы күнге дейін өзінің ғылыми маңыздылығымен құнды. Ол математиканы қолдану негізінде табиғат құбылыстарының сырын жазып шығуға болады деп тұжырымдаған[3.60].

Фарабидің пікірінше математика адамның білімін тереңдете түседі, әрі басқа ғылым салаларының дамуына тікелей әсерін тигізеді. Оның математикалық трактаттары осы замандағы математика ілімінің негізі болып табылады. Фарабидің анықтауы бойынша логика- ойлаудың заңдары мен ережелері туралы ғылым. Осы ғылымның арқасында адам өзінің ойын анық та айқын, жүйелі түрге келтіреді, ойлау, ой қорыту, талқылау барысында логикалық қателер жіберуден аулақ болады[3.61].

Ұлы ойшылдың логика мен грамматикадағы ортақ моменттері мен айырмашылықтары жөніндегі пікірлері аса құнды. Әл-Фараби логиканы ойлаудың грамматикасы ретінде қарастыра келіп, логика ұғымдары мен категориялары бүкіл адам баласына ортақ екенін айтты. Ол логика ұғымдары мен категорияларын тіл арқылы өрнектеу мүмкіндіктеріне қатысты талдайды, білімнің түрлеріне сипаттама береді[3.61].

Әл-Фараби философия, әлеуметтану, математика, физика, астрономия, ботаника, этика, эстетика, лингвистика, логика, денсаулық сақтау, музыка зерттеу салаларында терең білім алған. Ол ғылымның осы салаларында 160-қа тарта трактаттар жазған[4.64].

Ғылымдар жүйесінде Әл-Фараби жаратылыстану-математика ғылымдарына зор көңіл бөледі. «Ғылымдардың шығуы» деген еңбегінде ғылымды нақты және абстрактылы, сондай-ақ теориялық және практикалық деп бірнеше түрлерге бөліп қарастырса, «Ғылымды классификациялау және анықтау» деген еңбегінде ғылымда тіл, логика және математика саласын жалпы үш түрге топтап, олардың әрқайсысын жеке-жеке бөліп көрсетеді[5.676].

Әл-Фарабидің музыка ілімі туралы негізгі ойлары «Ғылымдар классификациясы» - деген еңбегінде айқын көрінеді. Онда Фараби музыка теориясын мынадай бес салаға бөледі: 1. музыка туралы ілімнің негіздері, зерттеу объектісі, тәсілдері. 2. Музыка туралы ілімнің негіздері, тондардың өзара байланысы мен қатынасы. 3. Музыка теориясының негіздерін зерттеу тәсілдерінде қолдана білу. 4. Тондардың негізін құрайтын музыкалық ырғақтар табиғаты. 5. Музыкалық әуен, оны шығару жолы(композиция)[6.1726].

Фарабидің музыкалық еңбектерінің ішіндегі ең көрнектісі – «Музыканың ұлы кітабы». Бұл ғалымның өзінен соңғы ізбасарларына үлгі өнеге болған теориялық трактат.

Әл-Фарабидің музыкалық аспаптар жөніндегі еңбектерінің маңызды болатын себебі, ол өз заманындағы музыкалық аспаптарды зерттегенінде болып табылады. Олар үрлеп тартылатын: най, сыбызғы, қырчак, ішекті уд, чанг, рубаб, шахруд, дутар, қобыз, тангур, канун, ұрып ойналатын: нагора, тыйбл, дойра және басқалар. Аспаптардың кейбірі бұл күнде жоқ немесе уақыт өте келе едәуір өзгерген[7.1746].

Әл-Фарабидің заманында санасы ашық әрбір мұсылман ислам ғылымымен шұғылдануды парыз еткен. Оның араб тілді ғалымдар санатына қосылуы осы кезден басталады.

Қасиетті Құран Кәрім тек діни қағидалар жинағы ғана емес, сонымен қатар талай ілімнің құпия кілтін бойына бүккен ғаламдық кітап болғандықтан, Әл –Фараби бүкіл ислам ғалымдарына парыз болған Иджтихад және Муджтаһид жолына түскен.

Әл-Фарабидің көшпелілер мен отырықшылар өркениетін және Шығыс пен Грек-Рим мәдениетін өзара байланыстыруы әлі күнге дейін елімізді дүние жүзіне танытуда маңызды орын алады. Оның философиялық еңбектерінің тәрбиелік мәні «Тарихи философиялық трактаттарында» көрсетілгеніндей, мәңгілік пен тәуелділік бастауларын күдіретті Алладан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен, ақыл мен адамның жан дүниесінен, түр мен материя арақатынасынан іздеуінде. Ғұлама ойшыл өз кезеңінің діни түсініктерін философиялық тұрғыдан дамытады, халықты ұлттық тәрбиеге баулиды[8.1966].

Орта ғасырдағы ғылым мен мәдениеттің үздік өкілі болған Әл-Фарабидің шығармалары латын, парсы, ағылшын, француз, неміс тілдеріне аударылып, жеке кітап болып шықты[4.646].

Әл-Фарабидің мұраларының Қазақстанда түбегейлі зерттелуі ХХ ғасырдың 60 жылдарында басталды. ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша әл-Фарабидің 1100 жылдығын атап өту қолға алынды. Алматы қаласында 1975 жылы Әл-Фарабидің өмірі мен

шығармашылық қызметін зерттеуге байланысты конференция өткізілді. Қазақстан ұлттық ғылым академиясы бұл мәселемен дәйекті шұғылданды, әл-Фараби еңбектер жинағы 7 том болып шықты. Бұл ретте Москва, Бейрут, Хайдарабат, Анкара, Берлин, Лондон тағы да басқа қалаларда жарық көрген Фараби шығармаларының түп-нұсқалары пайдаланылды. ҚР ҒА-ның философия институтында Фарабитану бөлімі жұмыс істейді. Бұл бөлімде ұлы ғұламаның еңбектері қазақ және орыс тілдеріне аударылып, жиырмадан астам трактаттары жарық көрді [4.65б].

Ал Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетіне Әл-Фараби есімі беріліп, онда дүние жүзінде тұңғыш рет ғұлама ғалымға арналған мұражай ұйымдастырылды. ҚазМУ-де 1994 жылы әл-Фараби шығармашылығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Университет саябағында әл-Фарабиге ескерткіш орнатылды. Университеттегі Фарабитану орталығы Әл-Фараби мұрасын аудару, зерттеу, насихаттау жаңа, тың бағыт бойынша жүргізілуде [4.65-66б].

Әл - Фараби тұлғасын ашуда мынадай үш негіздің сомдалған жиынтығын көреміз: біріншіден, Әл-Фараби ұлы ғалым, екіншіден, өнер әлемін, оның ішінде музыка дүниесін терең зерттеген адам, үшіншіден ол - сөзсіз дін әлемінің басты тұғырнамаларын философиялық тұрғыдан негіздеген, осы бағытта көптеп еңбек еткен тұлға [2.19]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нысанбаев Ә. Ғылым тарихы және философиясы. Оқу құралы. Алматы: Эверо, 2013. Б.164.
2. Рүстемов Н. Бірегей тұлға // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, -Алматы: Қазақпарат, 2001. Б.216.
3. Байғабылов Х.С. Ұлы ойшыл ғұлама // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, -Алматы: Қазақпарат, 2001. Б.216.
4. Қозғамбаева Г.Б. Фараб және фарабтық ғұлама туралы зерттеулерден // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, -Алматы: Қазақпарат, 2001. Б.216.
5. Раимқұлова Д.У. Әбунасыр әл-Фараби және ортағасырлық Отырар // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, -Алматы: Қазақпарат, 2001. Б.216.
6. Тұрдалиев А.М. Әл-Фарабидің музыкалық ілімі // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, -Алматы: Қазақпарат, 2001. Б.216.
7. Арипбаева Л.Ш. Орта ғасыр ғалымы Әл-Фарабидің құнды музыкалық мұралары // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, -Алматы: Қазақпарат, 2001. Б.216.

8. Мұсабекова Г.Е. Фараби ұлтжандылығы және ұлттық дүниетаным // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. - Алматы: Қазақпарат, 2001.Б.216.

УДК 929(09) 045

НАУЧНЫЕ ВЗГЛЯДЫ АБУ НАСР МУХАММЕДА АЛЬ-ФАРАБИ

Демеев А.Д., к.г.н., доцент
КГУТИ имени Ш.Есенова, г. Актау

Аннотация. В научной статье рассматриваются научные, особенно географические взгляды Веикого ученого Востока, его вклад в развитие астрономии, математики, логики, музыки, медицины, природоведения, философии, поэзии, изучение языков разных народов. В трудах «Возникновение науки», «Перечисление наук» мыслитель уделял особое внимание вопросам естествознания, мысли о природоведении основываются на математических расчетах.

Ключевые слова: топоним, фортификация, квартал гончаров, кирпичеобжигательная мастерская, мечеть, дворец.

Абу Наср Мухаммед аль-Фараби (870-950) родился в городе Отрар (по-арабски - Фараб). Топоним Фараб или Бараб (обе формы отражают арабскую графическую передачу и восходят к Параб согдийского происхождения со значением «заречье, место переправы») известен по многим средневековым сочинениям арабских и персидских (а позднее и тюркских) географов и историков, начиная от ат-Табари (конец VIII - первая четверть X века) и вплоть до позднего средневековья, а также по надписям на монетах X-XIII вв. Большинство нарративных источников содержат определенные указания на то, что так называлась небольшая область или округ (нахийя, рустак, вилайат и т.п.) в среднем течении Сырдарьи.

Главным городом округа Параб в X веке источники называют город Кедер; впоследствии, с начала XIII в., эта область известна по названию крупнейшего города - Отрар, зафиксированному еще в IX в. (ат-Табари, в форме Отрарбанд / Турарбанд, и ал-Азраки) наряду с Фараб / Бараб. Город в тот период считался крупным культурным центром Средней Азии.

Отрар расположен в долине Сырдарьи, при слиянии рек Арыси и Сырдарьи. В науке этот район называется Отрарский оазис, древние названия которого Тарбанд, Турарбанд, Турар, Фараб. Интересен тот факт, что Фараб является родиной выдающегося учёного, мыслителя, философа, продолжателя Аристотеля - Абу Наср ал-Фараби.

Древний Отрар (Фараб), который появился в VIII в. и просуществовал около 2 тысяч лет, занимал территорию 200 га на правом берегу реки Арысь. Население Отрара занималось орошаемым земледелием. Город имел мощную фортификацию (**Фортификация** - военная наука об искусственных закрытиях и преградах, усиливающих расположение войск во время боя и называемых поэтому фортификационными сооружениями (от фр. fortifier - укреплять, усиливать), способную выдержать осаду любого врага. Ещё в XIV веке в Отраре был построен мавзолей Арыстанбаб, второй по значимости памятник истории и архитектуры в Южном Казахстане после мавзолея Яссауи.

Отрар - богатейший центр торговли, ремёсел и искусств. Отрар привлекал к себе внимание завидным месторасположением, находясь на пересечении древних караванных путей. Он был одним из богатейших и развитых по тем временам городов на отрезке Шелкового пути в Центральной Азии. Отрар упоминается в путевых записях почти всех арабских и персидских авторов, когда-либо посетивших этот край. Город Отрар является родиной одного из величайших философов Востока - Абу Наср аль-Фараби (870-950).

В 1219 году Отрар подвергся нападению монгольских войск Чингисхана. На протяжении шести месяцев жители города героически держали осаду и оборонялись, однако после шестимесячной осады в результате предательства Отрар был захвачен врагом, разрушен и сожжен. После этого Отрар оказался под властью кочевых узбеков и правителей Золотой Орды, затем подчинялся Тимуру. Именно по приказу Тимура над могилой учителя Ходжи Ахмеда Яссауи - Арыстан-Баба - был построен мавзолей.

В 2001-2004 г. в Южном Казахстане осуществлялся проект ЮНЕСКО по сохранению и реставрации древнего городища Отрар. Впервые раскопки в Отраре были произведены в 1969 году. В то время глазам археологов представилась зрелищная картина древних кирпичных развалин, включая дворец, мечети и бани.

В 1219-1220 годах город штурмовали монгольские отряды Чингисхана, в 1405 г. здесь умер великий завоеватель Тимур. Географическое положение оазиса совпадает с территорией современного Отрарского района Южно-Казахстанской области. С запада оазис ограничен Кызылкумами, занимающими пространство между двух великих среднеазиатских рек - Сырдарьи и Амударьи. Часть правобережья Сырдарьи, входящая в оазис, - плоская или слегка холмистая степь с бедной однообразной флорой. Она заканчивается у горного хребта Каратау, из ущелий которого вытекают Бугунь, Боролдай, Чаян, Арыстанды и другие речки. Отрарский оазис всегда занимал в Южном Казахстане удобное стратегическое положение. Через Отрар проходил Великий Шелковый путь, поэтому город упоминают почти все средневековые арабо- и персоязычные авторы.

Отрар был на стыке различных географических ландшафтов, буквально в узле многих дорог, в том числе тех, что шли по Сырдарье на юг в Шаш, Согд и далее к Мерву, Нишапуру, Рею, на север и запад через Хорезм в Приаралье, Поволжье, Причерноморье и на Кавказ. Трудно найти в Средней Азии более выгодное и более опасное положение.

Тысячелетия, наполненные завоевательными войнами, сделали свое дело: сейчас на месте некогда цветущего города остались заросшие травой руины. Человек, впервые попавший сюда, невольно останавливается, потрясенный видом застывших развалин городов и селений, замков и сторожевых башен. Высохшие поля пересекают глубокие магистральные каналы, растрескавшиеся от жары, русла которых вот уже сотни лет не получали ни капли воды. Этот своеобразный музей под открытым небом «говорит» нам о жизни наших далеких предков. Археологические исследования и раскопки в Отрарском оазисе ведутся археологами Казахстана с 1969 г. Раскапывались городища Отрар, Куйруктобе, Кок-Мардан, Алтынтобе, Мардан-Куик. На Отраре вскрывались городские кварталы XVI-XVIII вв., XIV-XV и XI-XII вв; квартал гончаров XIII-XIV вв; баня XIII-XV вв; кирпичеобжигательная мастерская XIII-XIV в.; мечеть и дворец конца XIV-XV вв.

Интереснейшим сооружением Отрара конца XIV - начала XV вв. является соборная мечеть. Ее постройка связана с именем Тимура, по приказу которого были воздвигнуты на территории Казахстана мавзолей Ходжи Ахмеда Ясауи в Туркестане и мавзолей Арыстан-баба в Отрарском оазисе. Такой крупный архитектурный ансамбль,

каким является комплекс мечети в Отраре, вскрыт в средневековом городе Казахстана впервые.

Согласно историку Шараф ад-дину Иезди, «отправившись от берегов Сейхуна, Тимур остановился в среду 12 раджаба (**Раджа́б** (араб. رجب) - седьмой месяц мусульманского лунного календаря, один из четырёх запретных месяцев, в которые были запрещены военные действия. Раджаб является седьмым месяцем лунного календаря. Само название «раджаб» образовано от слова «ар-руджуб», что означает «возвеличивание». Так, именно в месяце раджаб имели место события, известные всем мусульманам как аль-Исра и аль-Мирадж (Ночное переселение Пророка Мухаммада из Мекки в Иерусалим и оттуда вознесение на небеса). Месяц раджаб ещё называют раджабом Музара (в честь одного из предков Пророка), потому что именно его племя не смещало этот месяц, в отличие от других арабов, которые, не желая останавливать войну, переносили раджаб на другой месяц) в Отрарском дворце Бердибека; все царевичи, эмиры и близкие из придворных заняли каждый отдельную комнату». Дворец правителя пока еще не раскопан, это дело будущего, но известно, что в нем был зал приемов - «куриншихана» (жатақхана).

Однако Отрар возродился. В XIV веке он вошел в состав державы Тимура Тамерлана (Tīmūr-e Lang, 1336-1405). В январе 1405 года Железный Хромец приехал в Отрар и обосновался в одном из его дворцов - Бардибеке. Увы, пока этот легендарный дворец так и не найден археологами. Но ведь и раскопки в Отраре еще не окончены. Пройдет время, и, надеюсь, нам откроется зал приемов (куриншихана), в котором Тамерлан принимал своего «блудного сына» - мятежного Тохтамыша (Туктамыш хан, ?-1406), скитавшегося в половецких степях после поражения, нанесенного ему ханом Золотой Орды Темир-Кутлуем (конец XVI - первая половина XV веков).

Он принадлежал к привилегированным слоям тюркской народности, об этом можно судить по тому, что в полном прочтении его имени присутствует слово «тархан».

Азы образования Аль-Фараби получил у себя на родине. В разное время он жил в таких среднеазиатских городах, как Ташкент (тогда он назывался Шаш), Самарканд и Бухара, в них юноша обучался и работал. Но ему хотелось видеть и познавать мир, и Аль-Фараби уехал из родных мест.

Он принял решение отправиться в Багдад, который на тот момент в Арабском халифате был столицей и считался культурным центром. Путь его был долгим, за время путешествия он посетил несколько иранских городов – Тегеран (тогда он именовался Рей), Исфахан и Хамадан. Аль-Фараби добрался в Багдад в 910 (912) году, поселился в этом городе и принялся изучать науки, языки и различные отрасли. Наибольшее предпочтение отдавал греческому языку, медицине и логике.

Основная часть его жизненного и творческого пути прошла в Арабском халифате, здесь он также много путешествовал, посетил Харран, Дамаск, Каир и Алеппо. В тот период в Багдаде у власти находился халиф ал-Муктадира, при нём все духовные течения зарождались в столице, а потом распространялись по Арабскому халифату.

Аль-Фараби в своих трудах называл Багдад счастливым и восхитительным городом, который внешне походил на яркие цветастые одежды. Его любил каждый, кто сюда стремился. Люди стекались в Багдад рекой и оседали в нём, тем самым безмерно увеличивая городские размеры.

О нем можно судить из следующих строк того же историка: «В это время прибыл к Тимуру от Тохтамыша, который уже давно скитался бесприютным бродягой в степях Дешти Кыпчака. В тот же день Тимур торжественно вошел в приемный зал и уселся на высоком троне».

Аль-Фараби получил образование в Отраре, а затем совершенствовал свои знания в Египте, Сирии, Ираке. За философскую глубину и энциклопедичность знаний современники называли аль-Фараби «Вторым учителем» (после Аристотеля) человечества.

По возвращении в Багдад Аль-Фараби занялся доскональным изучением трактатов Аристотеля. Один лишь труд «О душе» он перечитывал около двухсот раз. Ему даже задавали вопрос: «У кого больше знаний: у тебя или у Аристотеля?» На что он отвечал: «Живи я в то время и обучайся у Аристотеля, был бы лучшим его учеником».

В трудах аль-Фараби содержится много сведений о различных науках того времени. Он занимался астрономией, математикой, логикой, музыкой, медициной, природоведением, философией, поэзией, изучением языков разных народов. В его трудах «Возникновение науки», «Перечисление наук» уделяется особое внимание вопросам естествознания. Мысли о природоведении основываются на математических расчетах. В этом аспекте его наблюдения за звездным небом, умение различать звезды, способность вычислять время затмения Солнца и Луны привлекают особое внимание. Он с помощью математических расчетов мог определять географическое положение городов. Аль-Фараби с математической точностью рассчитал время затмения Солнца и Луны, используя солнечные часы. Он изобразил лучи Солнца в форме линии, Землю - в виде сферы, затем, измерив радиус окружности, вычислил время затмений.

На основе этих данных он создал календарь. Используя как наглядный пример солнечные часы, аль-Фараби с помощью математических подсчетов объяснил понятие времени как географического явления. Измерение времени по тени с помощью шеста является древнейшим способом отсчета времени. Практически это выглядит так: к полудню, когда тень от шеста достигает максимальной величины, на ее конце проводят окружность. После полудня тень постепенно уменьшается и меняет свою длину. Промежуток между двумя точками по окружности является точкой измерения полуденного меридиана. Начиная с нижней точки шеста, измеряется время суток с помощью солнечных часов. Например, первой точкой отсчета времени являются 12 часов: $(11+13) / 2 = 12$. По этой формуле, измеряя окружность в градусном показании можно узнать время суток. Таким образом ученый четко и ясно объяснил, как можно определить время с помощью солнечных лучей (способом измерения длины тени).

ЛИТЕРАТУРА

1. Лосев А.Ф., Шестаков В.П. История эстетических категорий. М., 1965 г.
2. Платон. Соч. в 3-х т. М., 1970
3. Аль-Фараби. Трактат о взглядах жителей добродетельного города // Философские трактаты. - Алма-Ата, 1970.
4. Аль-Фараби. Указание пути к счастью // Социально-этические трактаты. - Алма-Ата, 1973.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХ, ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Бекешов С.С., т.ғ.к., доцент

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Мақалада Шығыстың ұлы ғалымының ғылыми, әсіресе географиялық көзқарастары, оның астрономияның, математиканың, логиканың, музыканың, медицинаның, табиғаттанудың, философияның, поэзияның дамуына, әр түрлі халықтардың тілдерін меңгеруге қосқан үлесі қарастырылады. Ол «Ғылымның пайда болуы» және т.б. еңбектерінде табиғаттану туралы мәселелерге ерекше көңіл бөлген.

Түйінді сөздер: рационализм, жазу, каллиграфия, өлең, риторика, Бэкон, Л. да Винчи, Коперник, Кеплер, Лейбниц.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Фараби ерте ортағасырлық ұлы ойшылдардың бірі болып табылады. Ол көп қырлы ғалым-энциклопедист және шығыс рационализмінің негізін қалаушылардың бірі болды. Осы себепті оған «бірінші мұғалім -Аристотельден кейін» «екінші мұғалім» құрметті атағы берілді. Тарихтан белгілі, әл-Фараби Отырар қаласында дүниеге келген. Әл-Фараби алғашқы білімін Отарарда, туған қыпшақ тілінде алды.

Фарабидің қызмет ету кезеңі араб мәдениетінің қарқынды даму кезеңімен сәйкес келді. Бағдадқа атақты ғалымдар, философтар, ақындар, музыканттар тоғысты, олар университет пен Ғылым академиясын ашты. Бағдад ғалымдары арасында Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан ғұламалар құрметті орынға ие болды. Сонымен бірге Бағдадқа музыкадан бастап, астрономиядан кейінгі білімнің барлық салаларында ерекше қабілеттің иесі - Фараби да келді.

Фараби тіл білімінің ірі теоретигі, лингвист, ақын болып саналды. Ол жазу, каллиграфия, өлең, риторика тақырыбына түсінік жазды.

Әбу Насыр әл-Фараби жан-жақты дамыған музыкант және композитор, шебер орындаушы және теоретик, тарихшы, музыкалық аспаптарды жасау шебері болды. Оның атақты көптомдық шығармасы «Музыка туралы үлкен трактат» көптеген тілдерге аударылған. Фараби трактаттары бүгінгі күнге дейін ең жоғары бағаға ие болды. Фараби трактаттары бүгінгі күнге дейін ең жоғары бағаға ие болып келеді.

Фараби геометриясын бүкіл ғылыми жаратылыстану-философиялық ойлаудың негізгі іргетасы ретінде қарастырған. Бұл идеяны ол «Философияны меңгерудің қажетті шарттары туралы» трактатта анық баяндаған.

Фарабидің аса танымалдығын астроном және астролог ретінде пайдаланды; бұл ғылымдарды арифметикамен, геометриямен, музыкамен қатар жоғары педагогикалық ғылым санатына жатқызған.

Фарабидің физика және жалпы жаратылыстану бойынша еңбектері белгілі. Жалпы физикалық және табиғи құбылыстарда ол эксперимент қою қажеттілігін атап көрсетеді. Фараби тамаша дәрігер ретінде белгілі болды. Дәрігерлік қызметке байланысты, Фараби сол кездегі барлық медицина қызметкерлері сияқты, алхимия, ботаника, минералогиямен айналысты.

Бұл ғылымдардың барлық салалары жаратылыстану ғылымдары құрамына кірді; Фараби географияға үлкен көңіл бөлді.

Саяхатшы ретінде ол Қазақстан мен Орта Азияның, Таяу Шығыстың, Африканың көптеген мәдени және ғылыми орталықтарында болды. Ол Отырар, Талас,

Шаш, Самарқанд, Бұхара, Хиуа, Кабул, Бағдад, Дамаск қалаларында өмір сүріп, жұмыс істегендігі құжаттардан белгілі. Ол болған барлық елдер мен қалаларда Фараби жаратылыстануды үйренуші, географ және астроном ретінде өлкені зерттеумен, жердің координаттарын анықтаумен және т.б. айналысты.

Жаратылыстану ғылымына Фараби үлкен мән берді. Ол былай деп жазды: «табиғат туралы ғылым бай және педагогикалық ғылымдардан гөрі кең көлемде» («Ғылымның шығу тегі туралы» трактаты).

Өз жұмыстарында ол «философияны зерттеуге кіріспес бұрын табиғат туралы ғылымды зерделеу қажет, өйткені бұл ғылым адамға ең жақын, нақты берілген және оған түсінікті білім саласы» деп жазды.

Философия саласында Фараби өз заманының ең үздік беделісі деп саналды. Оның негізгі дүниетанымы - рационалистігінде. Оның философиялық еңбектерінде Аристотель, Платон және басқа да ежелгі даналар философиялық еңбектерінде үлкен орын алады. Оның атақты «Жемчужина премудрости» трактаты Шығыстың барлық университеттерінде 1000 жыл бойы бастапқы еңбек болып табылды. Фарабидің еңбектері еуропалық Жаңғыру процесінде үлкен рөл атқарды.

Бэкон, Л. да Винчи, Коперник, Кеплер, Лейбниц сияқты география мәселелерін зерттеумен айналысқан ғалымдар ғылыми бағытта Фарабиге қарыздар болып табылады. Оның бүкіл өркениетті әлемнің рухани дамуы саласындағы білімін асыра бағалау оңай емес.

Адамның әлемге қатынасының ерекшелігі оның өзін және өзге адамдарды, қоршаған дүниедегі заттарды, құбылыстарды, процестерді қайырымдылық, әділеттілік, сұлулық, пайдалылық және т.б. тұрғысынан бағалап, құндылықтар арқылы қарастырумен сипатталады. Құндылықтық қатынас әрқашанда Субъектінің бойында белгілі бір эмоциялары - қуану, сүйсіну, таңдану, табыну т.б. туғызады. Оның ішіндегі ең жоғарғысы - қасиеттерге табыну. Адамға қасиеттер қажет, мейлі ол дін болсын немесе діни емес қасиеттер болсын. Бұл мәселе, әсіресе, қоғамның адамгершілік тұғырлары мен мәдени дәстүрлерінің құнсыздануы мен деградациясы кезінде өзінің өзектілігін байқатады. Құндылықтар - қасиеттер. Қасиетсіз адам жануарға айналып кетеді. Оларға деген табынушылық қатынас бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы моральдың негіздері ретінде өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игерудің нәтижесінде орнатылады.

Қасиеттер адамның бойында моральдық жауапкершіліктер жүктейді, сезімін айқындай түседі. Құндылықтық эмоцияның ең жоғарғы формасы - "жамандықтан" тазаруды білдіретін катарсис болып табылады. Әдетте катарсис термині Аристотельдің "Поэтикасындағы" трагедия теориясымен байланыстырылады. Антикалық философияда катарсис мәселесі Аристотельге дейін-ақ қойылған болатын. Әдебиеттерде айтылғандай "катарсис" терминінің көпмәнділігі эстетика тарихында оның әртүрлі түсіндірмелерінің пайда болуына әкелді. Шындығында бұл термин антикалық әдебиетте эстетикалық, психологиялық, этикалық, тіпті діни мағыналарда да қолданылады. Бұл көпмәнділік кездейсоқ емес, ол антикалық эстетиканың ерекше сипаты болып табылады. Антикалық эстетиканың үйрететін катарсисі немесе тазалануы тек эстетикалық ұғым емес, ол моральға да, интеллектке де, психологияға да қатысты, яғни бүтіндей алғанда адамның барлық қырына қатысты.

Жалтырағанның барлығы алтын емес. Құндылықтарды танудағы ең қиын мәселе – нағыз құндылықтарды жалғандарынан ажырата білу. Ол тек теориялық жағынан алғанда ғана қиын. Біз қайырымдылық пен зұлымдықты ешқайсысына анықтама бермей-ақ ажырата аламыз. Бұл жерде барлығын "таза суға" шығарып, күмәнсіз ететін гумандылықтың өлшемі қызмет етеді. Тіпті барлығы зұлым болғанда да зұлымдықтың аты зұлымдық, ешкім қайырымды болмаса да қайырымдылықтың аты қайырымдылық.

Тек қайырымдылық пен адамға қызмет ететін нәрсе ғана нағыз құндылық болып табылады. Құндылықтар әлемі – сөздің кең мағынасында мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығының өлшемін білдіретін оның адамгершілік санасының, басымдылықтарының саласы. Әрбір мәдениеттің өз құндылықтар кешені бар. Құндылықтар адам болмысының әртүрлі формаларына деген қатынасты білдіретін адамзат мәдениеті болып табылады. Құндылықтар - өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адамгершілік насихаттарға, еркек пен әйел арасындағы байланысқа, адам өмірінің мәніне деген бағалаушы қатынас. Құндылықтар – материалдық және рухани қажеттіліктерді өтеу процесіндегі қалыпты нәрселер. Қалыпты мәнге қайырымдылық, сұлулық, әділеттілік идеалдары ие болуы мүмкін. Құндылықтар дүниетанымның ықпалымен қалыптасады, өйткені адам әрқашан өзінің әлеуметтік тәжірибесі барысында әр алуан көзқарастарды біріктіруге ұмтылады. Біз құндылықтық бағдарлардың қайта бағаланып жатқан өзгерістер дәуірінде өмір сүріп отырмыз.

Құндылықтардың алмасу процесі әдетте ұзаққа созылады. Құндылықтық бағдарлар, идеалдар жаңа мәнге ие бола отырып, қайта түлеуі мүмкін. Бұл тұрғыдан алғанда мәдениеттің өз нормалар, рәміздер, стандарттар қоры бар. Алайда мұнан адамзаттың рухани тарихында тек бір идеалдар ғана үнемі қайталанып келіп отырады деген ой туындамауы тиіс. Мәдениет, әрине өркениетті, өйткені ол үнемі белгілі бір құндылықтық бағдарларды өндіріп отырады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптардың, нормалар мен мағыналардың қызметін өзіне бағындыра отырып, оны реттейді. Құндылықтар адамға қоршаған нақтылықты тануға мүмкіндік беретін мағыналар жүйесін толығымен қайта құрып отырады. Әлемнің барлық алуан түрлілігінің құндылықтық сипаттамаларының бастаулары қайырымдылық, өмір, сұлулық болып табылады. Заттар мен құбылыстардың сипаттамалары табиғаттағы, қоғамдағы, адамдағы процестердің бүтіндігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажет. Адамның өз өмірлік әлеміне деген қатынасын өзіндік тиесілік пен өзіндік бекітілудің құндылықтық құрылымы айқындайды. Адамдардың, дәуірлердің, мәдениеттердің, адам қоғамдарының арасында қаншалықты айырмашылық болғанымен, олардың барлығы құндылықты-мәнді диспозициялардың жекелеген жағдайларынан туындайды және оны өз бойында тасымалдайды.

Бұл ментальдылықтың барлық деңгейлерінен көрінеді: жеке тұлғалық және ұжымдық бейсаналылықтан дүниетаным жүйелерінің ішкі мәнді ұйымдасқан күрделілігі мен институционалданған этностық нормалар мен ерекшеліктеріне дейін. Құндылықтар мәселесі қоғамның идеологиялық тұғырлары дискредитацияға ұшырап, мәдени дәстүрлері құнсызданған кезде, әрбір халық өзін мазалаған сансыз сұрақтың ең болмағанда бір бөлігіне жауап табу үшін өзінің өткен тарихы мен мәдениетіне бет бұрған кезде, тарихтың өтпелі, дағдарыстық кезеңдерінде өткір қойылады. Өткен ғасырдың өзінде ғылымда "аномия" түсінігі қалыптасты. Бұл - өмірлік идеалдар түбірімен өзгеріп, қалыптасқан құндылықтар жүйесі қайта пайымдалатын өзгермелі ахуалда сананың шарасыздық жағдайын білдіретін түсінік. Бұл тек жекелеген адам үшін ғана емес, бүкіл қоғамға да ауыр сын. Афины демократиясының дағдарысы Сократқа мынадай сұрақты қоюға мәжбүр етті: "Игілік дегеніміз не?" Бұл жалпы құндылықтық теорияның негізгі сұрағы болып табылады. Антикалық және ортағасырлық философияда ойшылдар құндылықтық сипаттамаларды, дәлірек айтқанда этикалық, эстетикалық, діни сипаттамаларды нақтылық, шынайы болмыс ұғымының өзіне енгізді. Бұл ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін ойшылдарды мазалап келген сұрақтардың бірі. Бір қарағанда бәрі түсінікті сияқты. Құндылық - бұл құнды нәрсе. Алайда, адам үшін не құнды және неге құнды? Кейде біреу үшін құнды нәрсе өзгелер үшін құнсыз болатын кездері де кездеседі. Бірақ онымен ешкімнің келіскісі

келмейді және әрқайсысы өзі үшін құнды нәрсені нағыз құндылық деп есептейді. Кімдікі дұрыс? Бұл мәселені құндылықтар теориясы немесе аксиология (грек тілінде "axia" - құндылық және "logos" – ілім) шешуге ұмтылады. Аксиология - құндылықтардың жаратылысы туралы, оның нақтылықтағы орны мен құндылықтық әлемдегі құрылымы туралы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлар мен тұлға құрылымы арасындағы әртүрлі құндылықтардың байланысы туралы ілім. Философиялық білімнің арнайы бөлімі ретінде аксиология XIX ғасырдың екінші жартысында ғана қалыптасты. Құндылықтар проблематикасы ежелгі Шығыс және антикалық философияларда қарастырылғанымен "аксиология" терминін тұңғыш рет Э.Гартман қолданды.

Ойшылдар үнемі сұлулық, береке, қайырымдылық және т.б. түсініктердің мәнін ұғынуға ұмтылды, кейінірек мұның бәрі "құндылық" ұғымына біріктірілді. Философия тарихында "игілік деген не?" деген сұрақты алғаш қойғандардың бірі Платон. Ол болмысты "заттар әлеміне" және "идеялар әлеміне" бөле отырып, заттар әлемінде ақиқат, әсемдік, әділеттілік және т.б. жоғары игіліктерге сәйкес келетіндей ешнәрсе жоқ деп есептейді. Және сыртқы әлемнің өткіншілігі мен салыстырмалылығын ескере отырып адамдардағы ақиқат, әсемдік т.б. ұғымдарды уақыттан тыс, мәңгі идеялар кеңістігіне орналастырды. "Егер кім әсемдікті дұрыс пайымдаса, ол бұл жолдың ақырына жетіп, тосыннан жаратылысы жағынан таңқаларлықтай әсем нәрсені көреді... бұл нәрсе, ең алдымен мәңгі, яғни ол туылуды да, күйреуді де, өсуді де, шөгуді де білмейді, екіншіден ол ешбір жағынан тұрпайы болмайды, қашан да, қай жерде де өзгелермен салыстырғанда әдемі, ал басқа уақытта, басқа жерде өзгелермен салыстырғанда тұрпайы. Әсемдік – бұл бет, қол немесе қандай да бір дене бөлігі түрінде емес, қандай да бір сөз немесе білім түрінде емес өзінен-өзі әрқашан да өзінде тұтас бейне ретінде көрінеді: әсемдіктің өзге түрлерінің барлығы оған қатысында туылатын және күйрейтін болса, ал ол артып та, кеміп те кетпейді, ешқандай ықпалды сезінбейді"

Құндылықтар мәселесінің XIX ғасырдың ортасына дейін философиялық талдаудың дербес объектісіне айналмағанын айта кетуіміз керек. Антикалық философияда ғана емес, онан кейінгі орта ғасырлар мен жаңа заман философиясында да құндылықтық сипаттамалар нақтылық, болмыстың шынайылығы ұғымдарына енгізілді. Классикалық философияда құндылықтар болмыспен тұтас күйінде қарастырылды және сондықтан аксиология дербес философиялық пән ретінде бөлініп шыққан жоқ. Аксиология философиялық зерттеудің дербес аймағы ретінде болмыс ұғымы екі элементке ыдырағанда ғана пайда болды: нақтылық пен құндылық әртүрлі талап пен ұмтылыстардың объекті ретінде қарастырылғанда аксиологияның басты мақсаты болмыстың жалпы құрылымындағы құндылықтың мүмкіндігін және оның нақтылық айғақтарына деген қатынасын көрсету. Мәдениеттің маңызды компоненті ретіндегі, адамның нақтылықты рухани-практикалық игеруінің негізі және реттеушісі ретіндегі құндылықтардың теориялық талдануы философиялық ой тарихында әртүрлі бағыттармен сипатталады.

Бұл бағыттардың арасында мынадай типтерді атап өтуге болады: натуралистік психологизм, трансцендентализм, мәдени-тарихи релятивизм және социологизм. Натуралистік психологизм өкілдерінің (А.Мейног, Р.Б.Перри, Дж.Дьюи және т.б.) тұжырымдауынша құндылықтың қайнар көзі индивидтің биопсихологиялық тұрғыдағы қажеттіліктерінде, ал құндылықтардың өздері құндылықтың заттай нақтылыққа орын алмасуын білдіретін қадағаланатын нақтылықтың ерекшелігі ретінде эмпирикалық тұрғыда көріне алады. Аксиологиялық трансцендентализм (жаңа кантшылдар – В.Виндельбанд, Г.Риккерт) үшін құндылық идеалды болмыс ретінде "таза" нормативті санамен сәйкестендірілетін болмыстың нормасы ретінде қарастырылады. Нормалар

мәдениеттің барлық функцияларының (қызметтерінің) жалпы жоспарын құрайды және құндылықтың әрбір жеке іске асуын анықтайды. Сонымен бірге болмыс нормасының тәсілі норма статусын беретін оның субъект үшін маңыздылығы болып табылады. Трансценденталистер құндылықтардың мәнін нормалар қалаптастырудың өте күрделі процесінде жасақталатын өзара қатынастардың өзіндік рухани концентрациясы ретінде қарастырады. Бұл құндылықтарға олар ақиқатты, сұлулықты, қайырымдылық пен әділеттілікті жатқызады. Демек, құндылықтар – бұл қоршаған нақтылықтың көріністері емес, адамзат санасының терең тұңғыықтарында қалыптасатын трансценденталдық нормалардың әртүрлі формалары. Персоналистік онтологизмнің құндылық концепциясының негізі діни этика принциптері болып табылады. Бұл бағыттың көрнекті өкілі М.Шелердің пікірінше құндылықтар әлемінің өз иерархиясы бар.

Құндылықтардың бұл жүйесінің ең жоғарғы сатысында Құдай орналасады. Құдайға деген сүйіспеншілік – адамзат сезімдерінің ең жоғарғы формасы. Иерархияның онан кейінгі баспалдақтарында "сұлулық" және "таным" орналасады. Мәдени-тарихи релятивизм аксиологиялық имморализм идеясына, яғни тең құқықты құндылықтық жүйелердің көп болуы мүмкін деген идеяға сүйенеді. Бұл концепцияның ерекшелігі тек бір "шынайы" құндылық жүйесімен шектеліп қана қоймай, белгілі мәдени-тарихи кезеңдердегі құндылықтық жүйелер мен құндылықтық бағыттырға басымдылық береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Исаева А.И., Тарихи өлкетану. Алматы, «Қазақ университеті» 2016 ж.
2. Лосев А.Ф., Шестаков В.П. История эстетических категории. М., 1965 г.
3. Платон. Соч. в 3-х т. М., 1970
4. Әл-Фараби, Философиялық трактаттар. -А., 1972.
5. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – А., 1989.

УДК 94 (574) (045)

ВОПРОСЫ ПРАВСТВЕННОГО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ В ФИЛОСОФИИ АЛЬ-ФАРАБИ

Кильдякова Е.Н., старший преподаватель
КГУТИ им. Ш.Есенова, г. Актау

Аннотация. В статье рассматривается идеал совершенного правителя и вопросы нравственного совершенствования общества.

Ключевые слова: философия, идеал, правитель, нравственные качества.

Абу Насыр Аль-Фараби - философ и ученый, один из великих представителей средневековой восточной философии, родился в 870 г. в городе Фарабе на Сыр-Дарье. Аль-Фараби — автор комментариев к сочинениям Аристотеля (отсюда его почётное прозвище «Второй учитель»). Его труды оказали влияние на развитие арабской философии и на философию и науку средневековой Западной Европы.

Проблема совершенствования человека и общества в философии любой страны и в любое историческое время была центральной. Социальная философия Аль-Фараби представляет собой рационалистическое осмысление нравственного содержания современного уму общества, когда спасением от социальных проблем является приобщение людей не к борьбе, а к научному знанию, определяющему нормы этического поведения и принципы взаимного согласия и любви.

Аль-Фараби в своей философии развивал идеи берущие свое начало в античной философии, а именно: определение человека как существо по природе политического; естественно-правовой обоснованности регуляции общественных отношений, построенных на принципе справедливости, моральных нормах и ценностях; критика социально-экономической жизни с точки зрения этических норм и идей; идея об идеальном правителе, понимаемом как философ и имам в одном лице.

В своем знаменитом произведении «Трактат о взглядах жителей добродетельного города» Аль-Фараби подробно останавливается на вопросе о том, какими качествами должен обладать глава идеального государства, поскольку именно от него зависит возможность обретения добродетели гражданами.

В совершенном государстве правитель, являющийся, прежде всего, духовным наставником, соединяет светскую власть с духовной, обладает способностью достичь философской истины через особую иррациональную способность.

Для Аль-Фараби люди под влиянием естественных потребностей собираются вокруг лидера, обладающего либо высокими, либо низкими нравственными качествами, и строят город. В этом случае, лидером должен быть хороший и обладающий философским талантом человек. По крайней мере, во имя блага общества и государства, он должен нести в себе как можно больше позитивных нравственных качеств, свойственных философам и пророкам.

Аль-Фараби уподобляет правление нравственно совершенного правителя искусству. Правитель, по словам философа, должен уметь образно передавать словами свои знания и направлять наилучшим способом людей к счастью. Великий мыслитель также обратился к врожденным качествам совершенного человека, таким, как любовь к правде, справедливости, ненависть ко лжи и лжецам, гордость души, честь, презрение к деньгам и другим атрибутам мирской жизни.

Аль-Фараби подробно описывает качества, которыми должен обладать правитель добродетельного города «Это – имам, это первый глава добродетельного города, это – глава добродетельного народа и глава всей обитаемой части земли. Подобным человеком может стать только тот, кто соединит в себе двенадцать врожденных природных качеств. Человек должен иметь, во-первых, абсолютно совершенные органы, силы которых настолько хорошо приспособлены для совершения тех действий, которые они должны выполнять, что если этот человек предпринимает какое-либо действие с помощью какого-либо органа, то он выполняет его с легкостью; уметь от природы отлично понимать и представлять себе все, что ему говорится, осмысливая сказанное ему в соответствии с тем, что имеет в виду говорящий, и с тем, как обстоят дела сами по себе; хорошо сохранять в памяти все, что он понимает, видит, слышит и воспринимает, не забывая из всего этого почти ничего; обладать умом пронизательным и прозорливым, так, чтобы, заметив малейший признак какой-либо вещи, он мог быстро схватить то, на что этот признак указывает; обладать выразительным слогом и уметь излагать с полной ясностью все то, что он задумает; иметь любовь к обучению и познанию, достигая это легко, не испытывая ни усталости от обучения, ни мук от сопряженного с этим труда; быть воздержанным в еде, в употреблении напитков и в совокуплении, от природы избегать игру и испытывать отвращение к возникающим из нее удовольствиям; любить правду и ее поборников, ненавидеть ложь и тех, кто прибегает к ней; обладать гордой душой и дорожить честью: его душа от природы должна быть выше всех низких дел и от природы же стремиться к деяниям возвышенным; презирать дирхемы, динары и прочие атрибуты мирской жизни; любить от природы справедливость и ее поборников, ненавидеть несправедливость и тиранию и тех, от кого они исходят; быть справедливым по отношению к своим людям и к чужим, побуждать к справедливости и возмещать

убытки жертве несправедливости, предоставляя всем то, что он полагает добрым и прекрасным; быть справедливым, но не упрямым, не проявлять своенравности и не упорствовать перед лицом справедливости, но быть совершенно непреклонным перед всякой несправедливостью и низостью; проявлять решительность при совершении того, что он считает необходимым, и быть при этом смелым, отважным, не знать страха и малодушия»[1].

По мнению философа, такой правитель будет создавать условия для распространения просвещения и науки, которые будут направлять человека на обуздание своих неумных страстей, любить и быть терпимым к другим. *Аль-Фараби* считает, что добродетельный город – это город, в котором люди объединяются для взаимопомощи в делах, коими обретается истинное счастье. *Аль-Фараби полагает, что ответственность за падение нравов в обществе несут плохие лидеры. «Повелители невежественных городов подобны самим этим городам. Каждый из них ведет дела управляемого им города так, чтобы добиться удовлетворения собственных целей и наклонностей. Повелители этих городов противоположны повелителям городов добродетельных»* [2].

Необходимо подчеркнуть, что изложенное Аль-Фараби видение лидера – правителя и видение «Добродетельного города» – это идеал. Следовательно, это – понимание того, каким должно быть государство, чтобы его граждане были счастливы, а оно процветало и благоденствовало, каким должно быть управление в нем, чтобы благо всех поддерживалось благом каждого, и каким должен быть правитель такого государства.

В современном мире судьбы человека и общества полностью зависят от духовно-нравственного становления и совершенствования человека. Важнейшую роль в нем начинают приобретать способность к всестороннему познанию, пониманию мира, духовно-нравственному совершенствованию.

ЛИТЕРАТУРА

1. С. Степанянц М. Т. Восточная философия: Вводный курс. Избранные тексты.- М. 1997. - С.394.
2. С. Степанянц М. Т. Восточная философия: Вводный курс. Избранные тексты.- М. 1997. - С.396

ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ ТУРАЛЫ ТРАКТАТЫНДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ.

Сидешова Р.А. аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Андатпа. Әл-Фарабидің тұлғалық қалыптасуындағы рухани құндылықтар, Оның кемел туындыларының бірі «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатына», адамдар арасындағы қарым қатынас, мемлекет пен қаланы басқару туралы көзқарастарына шолу жасалады.

Түйінді сөздер: рухани философиялық, адамгершілік көзқарастар, толық қоғам, қала басқарушысы, қайырымды адамдардың қоғамы.

Әл-Фараби дүниеге келген Отырар қаласы ірі саяси және мәдени орталық болатын. Әл-Фараби өзі дүниеге келген түркі мәдениетінің рухани құндылықтарын бойына сіңіріп өсті, яғни, түркі мәдениеті өзіне тән дүниетанымдық бағдарлар мен категорияларды, болмыс принциптері мен дүниені ұғыну құндылықтарын қалыптастырған болса, бұл құндылықтар оның тұлғалық қалыптасуын анықтады. Көптеген фарабитанушылар әл-Фарабидің көзқарасына түркі мәдени дәстүрінің әсер еткенін мойындайды. Оның Отырардан қашан кеткені, Бағдадқа қашан келгені белгісіз. Әл-Фарабидің рухани мұрасы барлық өмірінің барысында қалыптасты және дүниетанымдық тұрғыда, идеялық бастауында әр түрлі мәдениеттердің ықпалдарымен айқындалады.

Жалпытарихи заңдылықтарды ашып, рухани мәдениет ескерткіштерін, атап айтқанда, «IX-XV ғғ. Орталық Азия халықтары мен ойшылдарының философиялық және діни адамгершілік көзқарастарын зерттеу материалдық және рухани факторлардың өзара әрекеттесуі негізінде ғана мүмкін»-дейді Ю.Д. Жұмабаев пен Ш.Ф. Мамедов.[1]

Әл-Фарабидің Отаны Оңтүстік Қазақстан «екі мәдени-экономикалық аймақтардың Орта Азия оазистерінің отырықшытұрғындары мен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықтарыныңтүйіскен жері.Оңтүстік Қазақстан көшпелі және отырықшы тайпалардың байланысқан аймағыретінде мәдениеттердің өзара баюының, шаруашылық тәсілдерінің синтезінің оңжақтарын және әлеуметтік, саяси дамудың түбірлес жана прогрессивтіпроцестерін бойына сіңірді.

Әл-Фараби шығармашылығы кезіндегі халифаттың әлеуметтік-экономикалық және мәдени болмысына шиеленіскен оқиғаларға толы саяси өмір, түрлі мәдени дәстүрлердің араластығы, этникалық және діни көп түрлілік тән болды.Орта ғасырдағы ислам өркениетінің мәдени өркендеуіне геосаяси,экономикалық, әскери факторлар ықпал етті. Олар Таяу Шығыста жаңа тарихикауымдастықтың өзіндік санасын оятып, интеграциялық үрдістердің дамуына әсер етті. Жаулап алу барысында арабтар өз территорияларына Таяу Шығыстың, Иранның, Орта Азияның ірі мәдени орталықтары орналасқан үлкен географиялық кеңістікті қосып алды. Сауда мен қолөнердің дамуы осы дәуірдің ерекше бір сипаты болды. Оған негізгі транзиттік сауда жолдарының Орта Азия арқылы өтіп, оның қалаларын Таяу және Орта Шығыстың, Кавказ бен Шығыс Еуропаның, Үнді мен Қытайдың базарларымен қосуы игі ықпал етті.

Қолөнер мен сауданың тез өсуімен қатар, бұл заманда кең ауқымды урбанизация (қалаларға жаппай көшу) үрдісі орын алады. Араб халифатындағы рухани өмірдің

өрлеуінде қалалардың дамып, гүлденуі маңызды рөл атқарды. Қалалар әскери - әкімшілік, экономикалық және мәдени орталықтарға айналды. «IX ғасырдағы түркілердің басып кіруінен, Бағдаттың құлауына дейінгі уақыттағы мұсылмандық Шығыс тарихы (1258 ж.), - дейді Г.Э. фон Грюнебаум, - бұл жер иеленуші түркі әскериаристократиясының отырықшы, ең алдымен азаматтық биліктегі позицияларды иеленген саудагер араб және арабтанған аристократияны жеңу тарихы болды. Бірақ екі тап та, жалпы ислам әлеміндегі билеуші таптар сияқты қала тұрғындары болды»[2]. Ортағасырлық ислам мәдениеті қалалық мәдениет болды. Мұны атап өту маңызды. Ортағасырлық мұсылман философтарының, соның ішінде Шығыс перипатетизміндегі алғашқы саяси теорияны жасаған әл - Фарабидің әлеуметтік-саяси теорияларының қаламен байланысты болуы кездейсоқтық емес. Араб халифатындағы ең ірі халықаралық қолөнер өндірісі мен сауданың орталығы Бағдат қаласы болды. В.В. Бартольд қалаға ресми атауды оның негізін қалаушы бергенін, соған сай ол Мединат ас-селям, яғни «Сәлем қаласы» немесе «Құтты қала» деп аталғанын айтады. Халиф теңгелерінде тек осы атау қолданылғанымен парсыша Бағдат аталған қоныста пайда болған қала тек 1258 жылғы моңғол шапқыншылығынан кейін осылай атала бастады дейді. Ол халифаттың мәдени орталығы болды, араб тілді мәдениеттің ғұлама ойшылдары осыған ағылды, халифатқа таралған рухани ағымдар осында пайда болды. «Бір-бірін өзара байытқан түрлі мәдени дәстүрлер тоғысқан дәл осы Бағдатта пұттық нанымдар, иудаизм, христианшылдық (христиан несториандар мен монофизиттер арқылы), ислам ерекше айқындалады. Әр түрлі халықтардың мәдениеті ақыл-парасат тоғысуының идеологиялық негізін қалады, олар сұрыпталып аймақтық - этностықтың тар шеңберінен жоғары көтерілді». Бағдат әл - Фараби өмірінде де зор рөл атқарды. Ол мұнда араб тілін үйренді.

Бірақ, уақыт өте келе оның философиядағы рационалдық ойлау бағыты мұсылман діншілдеріне ұнамай бастады, сөйтіп ол Бағдаттан кетеді. Содан кейінгі өмірін Дамаскіде өткізген екен. Сонда жүріп, ол «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» атты әйгілі шығармасын жазған. Оның ерекше, елеулі дейтініміздің бір себебі, онда ол осыған дейін жиған білімдерінің барлығын қорытындылап жазған делінеді.

Әл Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы трактатында былай дейді: - «Адам толығымен дамып жетілуі үшін көптеген нәрселерден тәуелді болады. Яғни ол өзіне қажет нәрселерді жалғыз өзі жасай алмайды. Сондықтан, адам өзінен басқа адамдардың қоғамдастығында өмір сүруі керек және адам қоғамда ғана толық жетіліп, бақытқа қол жеткізе алады», - деп тұжырымдайды. Сонымен, ол да қоғамдастықтың құраушысы болып табылады, басқалардың жоғын тауып беруші ретінде де болады. Сөйтіп, қоғамның әрбір мүшесінің іс әрекеті оның әрбір мүшесіне қажеттіні тауып беретін болады дейді. Әл Фараби адам қоғамдастығын екіге бөліп көрсетеді: толық қоғам және толық емес қоғам. Толық қоғамдастықтың өзін үшке бөліп көрсетеді: үлкен, орташа және кіші. Үлкен қоғамдастық оның пікірінше, барлық жер бетін мекендеуші адамдардың жалпы қоғамдастығы. Орташа қоғамдастық деп, белгілі бір халық ретіндегі қоғамдастықты айтады да, кіші қоғам ол белгілі бір қала дейді.

Толық емес қоғамдастықты Әл Фараби төртке бөліп көрсеткен. Олар квартал, көше, үй, ауыл. Ауыл қала құрамына кірмегенімен, ол қалаға қызмет көрсетіп отыратын толық емес қоғам. Жоғары деңгейдегі даму мен игілікке адам ең бірінші қалада ғана қол жеткізе алады делінеді. Кез келген қалада бақытқа қол жеткізу үшін, адам барлық нәрсеге шын көңіл білдіріп, шынайы таңдау жасап, талаптану қажет дейді. Әрбір тұрғыны бақытқа жету жолында бір біріне көмектесетін қала қайырымды қала деп түсіндіріледі. Және онда қайырымды қоғам да, қайырымды халық та болады дейді.

Әл-Фарабидің айтуынша, қайырымды қала адамның сау әрі мінсіз денесіне ұқсас келеді делінеді. Яғни, оның әрбір мүшесі денсаулықты сақтау үшін бір біріне көмектесіп өмір сүреді дейді. Алайда адам денесіндегі органдар бір бірінен табиғаты, атқаратын қызметіне байланысты айырмашылық жасайтыны сияқты, қала тұрғындарының да қызметі мен қоғамдағы орны бойынша бір бірінен айырмашылығы болады. Қаланың басшысы өзінен сатысы төмендегілерге белгілі бір істердің атқарылуын талап етеді, ал талап етілгендер өз кезегінде өздерінен кейінгілерден талап етеді, сөйтіп, ешкімнен талап ете алмайтындар ең төменгі сатыға да жетеді. Әл-Фараби бұл еңбегінде қала тұрғындарын бес топқа бөледі: ең құрметті адамдар, шешендер, өлшеушілер, жауынгерлер және байлар. Ең құрметті адамдар ақылдылар, пайымдағыш адамдар, маңызды істерде беделге ие болғандар. Екінші топтағы шешендерге-діни қызметкерлер, ақындар, музыканттар, хатшылар, шығармашылық жұмыспен айналысатындар. Өлшеушілерге есепшілер, дәрігерлер, астролог, математиктер, оқытушылар жатады дейді. Ал байларға егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қол өнершілерді жатқызады.

Әл-Фараби қайырымды қаланы басқаратын адамда алты түрлі қасиет болуы керек деп есептейді. Олар: даналық, асқан пайымдылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы. Осы қасиеттің барлығы бойында бар адам, барлық уақытта қайырымды қала адамдарына кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қоюы керек екенін көрсететін үлгі бола алады.

Мұндай адам мемлекетті өзінің қалауынша басқара алады. Әл-Фараби қаланы әкім ғана емес, қаланы билеудің алқалық түрін де жоққа шығармайды. Жақсы қасиеттердің бәрін өз бойында ұштастыратын адам алайда, бұл қасиеттер адамдарда жеке дара дарыған болса, онда, бұл топтың мүшелері біріге отырып әкім орнына ие болады, оларды халық жақсы басшылар немесе, қадірлі адамдар деп атайды, олардың басшылығы қадірлі адамдардың басқармасы деп аталады.

Қайырымды қала... Әл-Фараби әлеуметтік әділеттілік пен еркіндікті орнықтыратын қоғам туралы ой қозғайды. Халықтың аз қамтылған топтарын мемлекет тарапынан қолдау қажеттігі туралы осыдан мың жылдан астам бұрын айтылған ғұламаның идеясы бүгінгі күні де мемлекеттердің басты саясаттарының бірі болып табылады. Осындай жетілдірілген қоғамда бір бірімен қарым қатынас жасау, көмектесу, қолдау, ұжымдасу адамдардың өмірлік қажетіне айналады дейді және адамдар өзін өзі жетілдіріп, қиындықтан қашпауы тиіс дейді. Әл-Фараби мемлекет саясатының басты мақсаты адамдарды бақытқа жеткізу, игілікпен жеткізу деп санайды. Осы еңбегінде ол «бақыт дегеніміз-игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені, ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан ерекшелігі және негізгі белгісі жоғарғы тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл парасаты.

Бүгінгі таңдағы Мәңгілік ел ұлттық идеялар түріндегі саяси бастамалар сөзсіз ұлы ойшылдың идеяларымен ұштасатыны анық. Мәңгілік ел ұлттық идеясы барлық қазақстандықтарға, барлық халыққа жолдау болып табылады, өз кезегінде әл-Фараби де өз ғылыми шығармаларында қамтыған болатын. Мәңгілік ел идеясы Платонның ізгілікті, әділетті, мемлекет және әл-Фарабидің «қайырымды қала» жөніндегі идеясы жайындағы ойлардың қисынды жалғасы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Этическая мысль в Средней Азии в IX-XV вв.» М., МГУ, 1974
2. Г.Э.фон Грюнебаум. «Классический ислам. Очерк истории (600-1258)» М.,Наука,1986

ӘОЖ 32(045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ЖӘНЕ БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ІЛІМІ

Исаева Л. Н., аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Андатпа. Мақалада қазақ даласынан шыққан ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің саясат, мемлекет және билік, құқық туралы ойлары қарастырылады.

Түйінді сөздер: билік, ізгілікті мемлекет, саясат, қайырымды басқару, бақыт, даналық, әлеуметтік әділеттілік, еркіндік, саяси адамгершілік философиясы.

Қазақ даласындағы орта ғасырлардағы саяси ой тарихын қайта өрлеу дәуірінің бірі кезеңі деп бағалауға болады. Осы уақыт аралығында аты әлемге әйгілі орта ғасырлық түркі заманының ойшылдары бірінен кейін бір өмірге келіп, жемісті шығармашылықпен айналысты. Олардың қатарына: Шығыстың ұлы ғұламасы Әл-Фарабиді, Жүсіп Баласағұнды, Махмұд Қашқариді, Ахмет Игінүкиді және т.б. жатқызамыз. Бұл ойшылдардың шығармалары өз заманындағы философиялық, әлеуметтік, психологиялық, тарихи оқиғалар желісін суреттеумен қатар, мемлекеттану мәселелерін де қамтыған болатын. Мемлекеттанудың басты мәселесі мемлекеттің шығуы, мемлекеттік биліктің ұйымдасуы, мемлекеттің нысандары, мемлекеттің қызметі т.б. мәселелер екендігі белгілі. Жоғарыда аталған ойшылдарымыз бұл мәселені де өз еңбектерінде жеткілікті деңгейде қамтып, оны дамытып отырды.

Ортағасырлық саяси-құқықтық ой тарихында шоқтығы биік, өзіндік орны бар тұлға кезінде екінші ұстаз, «Шығыс Аристотелі» атанған Әл-Фараби екендігі баршамызға белгілі.

Қазақ даласынан шыққан ұлы ғұлама, саяси ойшыл, әлеуметтанушы, математигі, физигі, астрономы, ботанигі, логика және тіл маманы, музыка зерттеушісі Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби 870 – 950 жылдары өмір сүрген. Ол Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жерінде орналасқан Фараб (кейінгі Отырар) қаласында туды. Жасында сонда оқу-тәрбие алып, кейін Бұхара, Александрия, Каир, Дамаск, Бағдат қалаларында тұрып, білімін ұштап, қызмет атқарды.

Бабамыз ғылымның сан саласы бойынша 160-тан астам трактаттар жазып, артына мол мұра қалдырды. Оның саяси ғылымға қатысты «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жолдары», «Саясат туралы» деген еңбектері бар [1].

Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерінде орта ғасырлық араб философиясында саясат, мемлекет және билік пен құқық туралы ойлар жан-жақты талқыланды. Саясат, мемлекет және билік арасындағы айырмашылықтарға көңіл бөлмеген араб философтары бұл ұғымдарды синонимдер ретінде бағалап саясат пен саяси ілімнің басқа нұсқаларын ұсынды. Саяси мәселелерді қарастыруда араб-мұсылман саяси философиясы көп жағдайда ежелгі грек саяси философиясына, әсіресе Платон, Аристотельдің көзқарастарына сүйенді. Саясат, олардың көпшілігі үшін өздері «қайырымды қала» деп ат қойған ізгілікті мемлекет туралы ғылым болып саналды [2,

133 б.]. Мұндай қалалар ретінде олар бірге тұрған, мақсаттары бір, бір басшылыққа бағынған шағын қауымнан бастап Араб халифатына дейінгі адамдар қауымдастығын түсінді. Грек дәстүрлерін мұсылманның саяси өмірімен байланыстыру араб-мұсылман философиясының барлық тармағында өз белгісін қалдырды.

Араб саяси философиясының атасы атанған әл-Фараби саяси теория қайырымды басқаруды сақтау мен оны ұйымдастырудың тәсілдерін, қала тұрғындарына қайырымдылық пен игіліктің қалай келетіндігін және бұл нәтижеге қандай жолмен жетуге болатындығын оқытып үйретеді деп атап көрсетті. Оның саяси көзқарастарын «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекеттік билеушінің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жолдары» және «Азаматтық саясат» еңбектерінен табуға болады.

«Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді. Әл-Фараби басқаруды қайырлы және қайырсыз деп екіге бөлді. Қайырлы, білімді, мәдениетті басқару халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Ол үшін басқару заң күшіне, игі тәжірибеге негізделуі тиіс. Ал қайырымсыз, надан басқаруда теріс әрекеттер мен жаман қасиеттер бой алады. Сондықтан ол надан адам басқарған, озбырлыққа сүйенген, қайырымсыз, қатал мемлекеттік тәртіпті өткір сынайды. Ол мінсіз, ізгілікті басқаруды, мемлекетті уағыздайды.

«Бақытқа жету жолдары» еңбегінде ол «бақыт дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы және негізгі белгісі жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл-парасаты. Сондықтан, әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды.

Адамдар өздерінің санасынан тыс қалыптасатын материалдық игіліктерді өндіруде әр түрлі топтарға, қауымдастықтарға біріккені белгілі. Осындай ұйымдастырушылықтың бірі – толық, екіншісі –толымсыз қоғам деп аталады. Өз ретінде толық қоғам үлкен, орта, кіші болып бөлінеді. Үлкен қоғам – жер бетіндегі мекендеуші барлық адамдардың жиынтығы. Орта қоғамға белгілі бір халық, тайпалар бірігеді. Ал, кіші, шағын қоғамға жекелеген қалалардың тұрғындары, ондағы көшелер мен отбасы мүшелері жатады. Ғұлама қайырымды және қайырымсыз қала тұрғындарына талдау жасап, ондағы жекелеген топтардың әлеуметтік жағдайын, айналысатын кәсібін, тұрмыс-салтын, өмір сүру ерекшеліктері мен құндылықтарын көрсетуге ұмтылды.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» еңбегінде қала тұрғындарын бес топқа бөледі. Оның ойынша, «қайырымды қала бес түрлі адамдар тобынан құралады: ең құрметті адамдардан, шешендерден, өлшеушілерден, жауынгерлерден және байлардан». Әл-Фараби ең құрметті адамдарға ақылдыларды, пайымдағыш адамдарды, маңызды істерде беделге ие болғандарды жатқызады. Екінші топтағы шешендерге ол діни қызметкерлерді, ақындарды, музыканттарды, хатшыларды сол сияқты шығармашылық жұмыспен айналысатындарды, ал өлшеушілерге – есепшілерді, дәрігерлерді, астрологтарды, математиканы оқытушыларды қосады. Әл-

Фараби бойынша, байлар дегеніміз – қалада байлық табатындар, егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қол өнершілер [3, 104 б.].

Қоғам, мемлекет өмірінің дамуы, Аль-Фараби ойынша, негізінен Ел басында басқарып отырған адамның қасиеттерімен байланысты болғаннан кейін, ойшыл оның қандай болуы керектігіне аса зор назар аударған.

Ойшыл ондай адамның он екі қасиеті болу керек дейді. Сонында олардың бәрін алты тұлғалық қасиеттерге әкеліп тірейді. Енді соларға назар аударарамыз.

Біріншіден ол- даналық дәрежеге жетуі керек, яғни барлық істі ақыл-ой елегінен өткізіп, халықтың тарихи тәжірибесіне, әдет-ғұрыптарына, адамгершілік түсініктеріне сай келтіруі керек;

екіншіден, ол- білімді адам болу керек, өзінің есінде өткен тарихтағы заңдар, әдет-ғұрып нормалары мен ережелерін жақсы білуі керек;

үшіншіден, әрқашанда тапқырлық көрсету керек, өйткені өмір үне бойы өзгерісте, олай болса елдің алдында бұрынғы-соңғы болмаған жаңа ақуал пайда болып, бұрынғы басқару тәсілдерінің бәрін, жоққа шығаруы мүмкін. Сондай жағдайда өмірге жаңаша қарап шығармашылық тұрғысынан жаңа шешімдерге жету қажет;

төртіншіден, аңғарғыш, көреген болу қажет. Ел басшысы- тек бүгінгі күнді ғана ойлап қолмай, болашақ ұрпақтардың өмірі қандай болмақ; негізгі мақсат-халықтың әлауқатын өсіру-оны естен шығармау керек;

бесіншіден, Өзінің сөзімен халықты елдің заңдарын бұлжытпай орындауға бағыттау болмақ;

алтыншыдан, Ел басының денсаулығы, дене күші жақсы болуы керек; ол оған соғыс жүргізген кезде әсіресе қажет болады.

Әл-Фараби ел басшылығына лайықты, осы көрсетілген қасиеттердің бәрі бойында бар тұлғаның сирек кездесетінін атап өтеді. Сондықтан, бұл қасиеттер екі тұлғада жиналса, онда олар бірігіп басқарсын дейді. Ал екі адамның бойынан табылмай, төрт-бес адамнан табылса, олар бірге қосылып басшылық жасауы керек.

Сонымен қатар, ел басына керек негізгі қасиет – ол даналық. Егер белгілі бір уақытта елдің басшылығында даналық болмай қалса, онда елдің бірінші басшысы тіпті болмай-ақ қойсын, ондай қалаға қауып төнеді,- деп ескертеді ұлы ойшыл [4, 137-138 б.].

Әл-Фараби қоғамды мемлекеттен бөліп қарамайды. Қоғамның өзі адамның ағзасы сияқты «Қайырымды қала» дене мүшелерінің бәрі де тіршілік иесінің өмірін сақтау, оны анағұрлым толыққанды ету үшін бір-бірін толықтырып тұратын адамның сау тәні секілді көрінеді. Өйткені, қоғам да оның толыққанды мүшелерінен тұрады және олар да бір-бірін қажетсінеді. Адамдардың әлеуметтік теңсіздігі туралы айтқан әл-Фараби «адамдардың әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты қайырымдылық пен жаман әрекеттер де әуел бастан жаратылысынан дарымайды» олар адамдардың бір-біріне деген үстемдік құруға ұмтылысынан пайда болған деген ой түйеді.

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактатында әл-Фараби әлеуметтік әділеттілік пен еркіндікті орнықтыратын – ізгілікті қоғам туралы ой қозғайды. Мұндай қоғамды ұлы ойшыл «әрбір адам екінші адамның өмір сүруіне қажетті үлесін беретін, бір-біріне көмектесетін адамдарды біріктіру арқылы ғана адам өз табиғатына сай жету дәрежесіне ие болатын» қоғам түрінде елестетеді. Халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын мемлекеттік қолдау туралы бұдан мың жылдан астам бұрын айтылған ғұлама идеясы бүгінгі күні де мемлекеттің ішкі саясатындағы басты міндеттердің бірі болып саналады. Осындай «жетілдірілген қоғамда, әл-Фарабидің айтуынша бір-бірімен қарым-қатынас жасау, көмектесу, қолдау, ұжымдасу адамдардың өмірлік қажетіне айналады». Әл-Фараби мұндай қоғамды тумысынан табиғат берген он

екі қасиеті бар ақылды, білімді, сабырлы, рухани билікті ізгілікті билікпен ұштастыратын, адам қасиеттерін бағалауға қабілетті адам басқаруы керек дейді [5, 173 б.].

Әрбір отбасын қоғамның кішкене бөлшегі ретінде қарастырған әл-Фараби оның өзінің жеке мақсаты болады, бірақ бұл мақсат қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуі тиіс, яғни адамдар өзінің жеке мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыруы керек дегенді айтады. «Мемлекеттік билеушінің нақыл сөзінде» ол отбасы мүшелерін (Аристотель сияқты) бірнеше бөлікке бөледі. Олар ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-ана мен балалары, мүлкі және оның иелері. Үйдің өзіне тән мақсатын қала белгілейтін ортақ мақсатқа жұмылдыруын әл-Фараби адамдардың адамгершілік қасиеттерінің көрінісі деп есептейді. Ал адамдардың көздеген мақсаттарына жетуі оның өзіне ғана байланысты, шын ақыл-парасатқа, ізгілікке, игілікке тек адам ғана қабілетті, бұл адамның қолы жете алатын ең биік бағыт деп ой қозғайды ұлы ойшыл. Адамдардың рухани жетілуінде де дін мен философияны салыстырған әл-Фараби, философия дәлелдеуді, дін сенуді қажет етеді, бірақ екеуі де адамдардың ақиқатқа жету жолына көмек бере алады дейді. Философия мен дінді, әсіресе этиканы жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым ретінде қараған ол, адам баласын жаратылыстың ең құндылығы, сондықтан да адамдар арасындағы өзара құрмет пен мейірбандықты, сыйластықты жоғары қояды.

Адамның шын бақытқа қол жеткізу тек осы дүниеде ғана мүмкін екендігіне назар аударған әл-Фараби, адамдар өзін-өзі жетілдіруі және қиындықтан қашпауы тиіс дейді. Оның пікірінше, адам өміріндегі «жақсылық» пен «жамандық» құдайдан емес, адамдардың күнделікті белсенді әрекетіне ғана байланысты. Адамның табиғи қабілеті жақсы әдетті де, жаман әдетті де істеуге бірдей мүмкіндік береді, ал оны таңдау адамның ізгілікті мінез-құлқына келіп тіреледі. Сондықтан да адамның жақсы істерге үйір болуы оның мінез-құлықтық жетілуіне де тәуелді.

Бүкіл араб саяси философиясында саясатқа көзқарас оның адамгершілік мазмұнымен сипатталып, саясат «саяси адамгершілік философиясы» ретінде көрінеді. Сондықтан әл-Фараби саясаттың басты мақсаты адамдарды бақытқа жеткізу, игілікпен жеткізу деп санайды.

Қайырымды қаланың орнығуында әл-Фараби мұсылман құқығының принциптерін талап етпейді, оны ақыл-парасаттың дамуы мен қайырымдылықтың нығаюымен байланыстырады. Ол тұжырымдаған жағдайдың бәрінде мұндай қала билеушілері моральдық-этикалық қалыпқа сай болып келеді, олардың ешқайсысының исламға тікелей қатысы жоқ. Бірақ Араб халифаты заманында өмір сүрген әл-Фараби зерттеулерінің тақырыптық шеңберінде саясатты мұсылман құқығы доктринасымен, діни догматикасымен бір қатарға қояды. Дегенмен, грек философиясының ықпалын терең сезінген ол бұл бағытта түбірлі бетбұрыс жасамайды.

Грек философиясын мұсылман құқығы, діни және құқықтық теориясымен байланыстырып, одан саясат туралы жалпы ілім жасауға талпыну бұл ілімнің діни-мұсылмандық сипатын білдірмейді. Әл-Фараби саясат туралы ілімді мұсылман құқығымен, догматикасымен салыстыру арқылы олардың құдайлық бастауы туралы ұқсастығын емес, бұл ілімдердің адам іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы әртүрлі жақтарға тигізген әсерінің мәнін атап көрсетеді. Әл-Фарабидің саясат туралы айтқан құнды ойлары Араб шығысы мен Орта Азия елдерінде саяси-құқықтық ілімнің одан кейінгі дамуына өз ықпалын тигізе алды. Оның саяси идеялары орта ғасырлық және жаңа заман ойшылдарының еңбектерінде көрініс тапты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Ә.Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары, Алматы, 1995.
- 2.История политических и правовых учений /Под общ. ред. В.С.Нерсисянца, М., 2001.
- 3.История политических и правовых учений: Учебник /Под ред. О.Э. Лейста. М., 1997.
- 4.Мырзалы С. Философия. А., 2010.
- 5.Әбу Насыр әл-Фараби. «Қайырымды қала» - Алматы, Халықаралық Абай клубы, 2015.

ӘОЖ 32.019.51(045)

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ РУХАНИЯТ МӘСЕЛЕСІ

Жеткізгенова Ә.Т., ф. ғ. к.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Әл-Фараби мен Алаш зиялылары еңбектеріндегі руханият мәселелері. Ұлы ғалымның «Қайырымды қала тұрғындары» атты трактаты. Алаш арыстарының мұраты мен бағыт-бағдарлары бір арнада тоғысып, арман-тілегін жұптаған ұлттық идея ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде ұлт болашағының көлеңкелі тұстарын көріп саяси тұрғыдан ширыға, шыңдала түсіп, жарыққа шыққандығы. Осы идеяның жетіліп, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу үшін аса қажеттілігін бүкіл жан-дүниесімен, сана-сезімімен сауатты ұғына алған Алаш қайраткерлері бар мүмкіндігін жұмсап, айрықша еңбек еткендігі

Түйінді сөздер: руханият, трактат, кемеңгерлер, алаш қайраткерлері, саси-тарихи еңбектер, елбасы, рухани жаңғыру, ел мүддесі

Ел үшін туған ерлер есімдерінің тарих сахнасынан өшпей, халық жадында мәңгі сақталып қалуы – олардың еңбектерінің қоғам даму үшін маңыздылығы өте зор болғандығында.

Зерттеуші Ж. Каттыгарин өзінің мақаласында: «Ұлы дала небір кемеңгерлерді өмірге әкелді, оларды жіктеп айтар болсақ әлеуметтік ұйымдастырушы реформаторлар Атилла, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Индияда билік құрған Бабур мен Акбар, Қытайда – Құбылай (Юань династиясының негізін салған), беріш Бейбарыс (мамлюк деңгейінен Египеттің билеушісі дәрежесіне көтерілген, Шыңғыс хан әскерлерін тоқтатып, кресшілер мен ассасиндерді күйреткен), қазақтың Солоны атанған Тәуке және Абылай хан. Бүгінгі өз уақытымызға келсек бұлардың жалғасы Қонаев, Назарбаев, Аман Төлеев (Ресейде президенттік сайлауда үшінші орында болған). Дарынды философтар, ғалымдар, діни көшбасшылар мен ақындарға келсек, олар Орталық Азияда өмір сүрген Заратуштра, элиндік әлемнің философы скиф Анарыс (Платон оны таңдаулы тоғыз ғалымның қатарына жатқызған. Аты аңызға айналған скиф, Грекияға саяхат жасағанда Солонмен кездесіп соның ықпалында болып данышпандығымен аты шыққан), «ортағасырлық Аристотель және кемеңгер ұстаз» әл-Фараби, дала түріктері үшін ислам тұжырымдамасын енгізген Қожа Ахмет Яссауи, Қорқыт Ата (мәңгілік өмірді аңсаған, әдемілік шығармашылығындағы «Нирвананы» көксеген), біліктің құттылығына сапар шеккен Жүсіп Баласағұн, Асан қайғы – жер жаннаты Жер Ұйықты іздеген алғашқы ізденімпаз, ұлт жол басшылары Бұқар Жырау, Махамбет, Шыңғыс Айтматов, Олжас

Сүлейменов және т.б." – [1, 123] деп, Әл-Фарабидай данышпанның ел тарихындағы өлшеусіз орнын атап өткен.

Әл-Фарабидің «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің афоризмдері», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету жөніндегі кітап», «Бақыт жолдарын көрсету» трактаттары мемлекеттік тәуелсіз қоғамда әділ басқару салтын саралауға арналған. Данышпан ғалым өзінің саяси философиялық теориясында қайырымды басқаруды сақтау мен оны ұйымдастырудың тәсілдерін, қала тұрғындарына қайырымдылық пен игіліктің қалай келетіндігін және бұл нәтижеге қандай жолмен жетуге болатындығын түсіндіреді. Өзінің көзқарастарын ол «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекеттік билеушінің нақыл сөздері» және «Азаматтық саясат» трактаттарында кеңірек баяндайды.

Ұлы ғұламаның қайырымды қала туралы ілімінде азаматтық қоғамның мұраты көрініс тапқан. Аталмыш трактатында қала тұрғындарының бақытты өмір сүруіне жағдай жасаған жоғарғы билікке, ел тізгінін ұстаушыларға көңіл бөлген. Қайырымды қала тұрғындарының жақсы және игілікті өмір сүруі көбіне басқарушы билік саласына байланысты екенін, тек қайырымды билеушілер билеген халқы бар қалалар ғана бақытқа жете алатынын айтады.

Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі орны бөлек, идеясы біртұтас ұлт тәуелсіздігіне ұштасқан Алаш қайраткерлері мен Әл-Фараби еңбектерінің рухани мықты байланысы көрінеді. Алаш арыстары да, Әл-Фараби да бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын қоғамды білімді, сабырлы, ақылды адами қасиеттерді бағалауға қабілетті адамдар басқарғаны жөн деп ой түйген еді.

Еліміздің қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі екендігін, өз кезеңінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отырғандықтан, күн тәртібінен түспейтін ең өзекті мәселе ретінде басты орында болатындығын елбасымыз өзінің саяси-тарихи еңбектерінде үнемі ескертіп келеді.

Алаш қайраткер-қаламгерлерінің мұраты мен бағыт-бағдарлары бір арнада тоғысып, арман-тілегін жұптаған ұлттық идея ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде ұлт болашағының көлеңкелі тұстарын көріп саяси тұрғыдан шырыға, шыңдала түсіп, жарыққа шыққан болатын. Осы идеяның жетіліп, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу үшін аса қажеттілігін бүкіл жан-дүниесімен, сана-сезімімен сауатты ұғына алған Алаш қайраткерлері бар мүмкіндігін жұмсап, айрықша еңбек етті.

Алаш азаматтарының жан аямай тер төккен осы бір елеулі еңбектеріне елбасымыз Н.Назарбаев: «Олар өз қызметінің басты мұраты қазақ халқының ұлттық төлтумалылығын сақтау, сонымен бірге оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық санасын шыңдау деп санаған» [1, 157], – деп аяулы арыстардың алмағайып тұстың айтулы кезеңіндегі азаматтық әрекеттеріне шынайы баға берген болатын.

Н.Ә.Назарбаев өзінің: «Еуразияның кіндігіндегі ең соңғы көшпелілер құрлығының тағдыры, ұлттық сана мен байырғы қорғандар құпиясы, тоталитаризм мен ұлы әмірші Бейбарыс, қазіргі Қазақстанның диаспоралары мен орта ғасырдағы Үндістан, ұлттық тұтастану мен «Алаш» – міне, осылардың бәрі де басымыздан өтіп жатқан бүгінгі күрделі өмірімізге күш дарытумен бірге ұлы халқымыздың тарихымен де тамырласып кеткен» [1, 6], – деген пікірі арқылы еліміз тарихының тұтас бір сатысын қалап, кезеңін құрайтын мазмұны бар Алаш қайраткерлерінің жанкешті еңбегінің келер ұрпағымызға жалғасар асыл тінін ардақтау, аялау міндетін қойып отыр. Тұтас сөйлем ішінде «Алаш» сөзін ерекшелеп алуының өзі оның ұлт тарихындағы айрықша маңызын айқындайды.

Ел мүддесін көздеп, рухани жүдеуліктің етігімен су кешкен күйін көріп назырқаған Алаш зиялылары азаттық идеяларымен толыққанды дәрежеде ұлт мүддесіне қызмет ету мақсатында алмағайып уақытқа қарамастан, сол кезеңдік руханият мәселелерін күн тәртібінен түсірмей, көпшілікті ақпараттандыру мәселесін мерзімдік баспасөздер арқылы жүзеге асырып, рухани құндылықтарын сақтап қалуға, дәстүрлі желі сабақтастығын үзбеуге үздіксіз қызмет еткені белгілі.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.

Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [2], – деп рухани жаңғыру қағидаттарын генетикалық негізімізді сақтай отырып, ұлттық санамыздың аясында саралау арқылы мемлекетіміздің іргесін бекітіп, рухын асқақтатындығын атап көрсеткен болатын.

Мақаланың «Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты үшінші бөлімінде «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» [2], – деген тұжырымы Алаш арыстары арман еткен ұлт тәуелсіздігін сақтау мен алдыңғы қатарлы ел сапына қосылу үлгілеріне қосқан мәдени, рухани құндылықтар туралы ойлы пікірлерімен астасып жатыр.

Келесі «Прагматизм» бөлімінде «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді» [2], – деген ойлардың мемлекет қайраткерлері арасындағы айрықша тұлға, Алаш зиялысы Әлихан Бөкейхановтың «Әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» деген барлық игілік халыққа қызмет ету керектігін меңзейтін ұстанымымен рухани үндесе, жымдаса өріле үйлесім тапқан. Аталмыш жолдарда мүдделі мақсаты толықтай экономикалық тәуелсіздікке ұмтылысымен орайласатын тұшымды пікірлер мен тұжырымды ойлар көрінісі бар.

Еліміздің мемлекет мәртебесін алып, тәуелсіз түрде салтанатты көш түзеу бақытына ие болғандығы арқасында, халқымыздың ұлттық құндылықтарын шынайы тарихи танымда танып білу мүмкіндігі айқындалып, көптеген мәселелер шешімін тауып, ақтаңдар жолы аршылғаны белгілі. Алаштануға қатысты келелі ой түзіп, салиқалы пікір айтқызып, түйінді тұжырымдар жасататын мәселелер қозғалып, талқыға

түсіп, өзектілігі айқындалып, ғылыми айналымға енгізілді. Алаштық идея, алаштық таным деген тіркестер ұлтын сүйген жанның көкейіне мықтап түйіліп, жүрек төріне тұрақты орнықты. «Алты алаштың баласымыз...» делінетін жолдар тек жаттанды, ұйқастық мағынамен емес, әрбір қазақтың санасында сайрап тұрған ұлттық ұғым болып қалыптасты.

Халқым, отаным, жерім, ұрпағым деп ұлт болашағын байыпты бағамдап, ел келешегін бүтіндікпен, бейбітшілікпен ойлаған әрбір қазақ азаматының жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен ойдың Алаш идеясы екендігіне толық мойын бұрдық.

Қазақ идеологиясы үшін темірқазық болып келетін «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» деген ұранға лайық қасиет, киесі жоғары қастерлі сөздің бағасы артты, айрықша құрметпен аталды. Сондықтан ұлтымыздың тұтастығын сақтауға ұлттық сананың негізі болып тұрған Алаштық идея қазіргі таңда ел тарихына, ел ертеңіне, қазақ халқының рухани байлығының өшпей, өркендей түсуіне қызмет етуін тоқтатқан емес. Алаштанушы ғалым Д.Қамзабекұлы үлкен пафоспен «Алаш – өркениет бағытындағы Қазақ елінің, зиялыларының айнымас темірқазығы» [4, 41], – деп Алаш жолының адастырмас арнасына түсе білуді нұсқайды. Ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өміршендігін жоғалтпай, соқпақ жолдан сарабал ойларға негіз бола сара жолға түскен Алаш идеясының жарқын бір көрінісі елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында сабақтастық жалғай, тін таратқанын айтуға болады.

Алмағайып заманның аласапыран сәтінде ел бағына туған Алаш қайраткерлері туған халқының отаршылық езгіге қарсы тұра алатын қабілет-қарымын ашуда олардың саяси санасын, құқықтық сауатын ашпаса, өзге ел қатарынан қалып қоятындықтарын саналы түрде ұғына отырып, қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, білімі мен білігін жетілдіріп, мәдениеті мен руханиятын дамыту қажеттігін өздері тамаша түсіне алған және айналасындағыларға осы мәселені өзекті етіп түсіндіре алған зиялы қауым еді. Олардың қай-қайсысы да ел руханиятының назардан тыс қалмауы жолында қазақ халқының мәдени, әдеби бай мұраларын жете зерделей отырып, насихаттау, таныстыру жұмыстарын жандандыра жүргізген еді. Туған елінің, сол елді атамекен еткен қазақ халқының рухани кеңістігінің тар шеңберде қалып қоймай, дамып, жетіліп, өзге жұрттың да жетістігі бар жетелі дүниелерінен таныстығы болғанын қалап, озық еңбектерін қазақ тіліне тіліне аударып, халқына пайдасы тиер тұстарын қармап, шығармашылық табысы мол жұмыстар атқарды.

Алаш руханияты көсемдерінің қазақ жерінде ұлттық идеяны ұстану жолынан айнымай, ақ жол, адал қадаммен алда жүруі жөнінде Н.Ә. Назарбаев: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққан, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал», - деп атап көрсеткен болатын [1, 156].

Ел тарихының білгірі, көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев Алаш идеясының маңызын оның халықтығында, бай руханиятында екенін: «Алаш идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршендік сипатын айғақтайды. Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез-

келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы – Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық принциптерге сүйенген қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн» [4, 87], – деп сарабдал ой мен салмақты пікір түйеді.

Парламент мәжілісінің депутаты А.Әбілдаев та Алаш идеясының XX ғасырдағы қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея болғандығын, еліміздің тарихында Алаш арыстарының орны ерекше екендігін «Алаш идеясының өзектілігі және XXI ғасырдағы қазақ қоғамында жаңғыртылуы» атты мақаласында: «Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы бүгінде іске асты. XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы қаланды. Олардың еліміздің тәуелсіздігін ту етіп, XX ғасырда Қазақ елін өз алдына дербес те егемен мемлекет ретінде көргісі келген ізгі де жасампаз ниеттері тек XX ғасырдың соңында ғана жүзеге асты. Заманында бар қазақтың қамқорына, сүйенішіне айналған «Алаш» партиясының саяси тұжырымдамасына, алашордашылардың саяси өмір жолы мен қызметіне қарап отырып, сол дәуірдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелердің бүгінгі таңда да өзектілігін жоймағанын байқайсыз. Қазақ халқының азат ел ретіндегі тағдыры, тарихы, мемлекеттік дербестігі, жері мен шекарасы, тілі мен діні туралы мәселелер арада ғасырға жуық уақыт өтсе де, күн тәртібінен түскен жоқ» [5, 126], – деп ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүрген асыл идеалдың өміршеңдігін атап көрсетті.

Қазіргі таңда қазақ зиялыларының ұстамдылығы мен парасаттылығы, ізденгіштігі мен зерттеу еңбектері нәтижесінде ұлттық бірлік нығая түсіп, рухани-зерделі ұрпақ жады эстафеталық жалғастық жолына түскендігін Д.Қамзабекұлы «Қазір Алаш тарихы кеудесінде – жаны, бойында қаны бар кез-келген отандасымызды ойландырады, толғандырады. Неге? Біріншіден, олар бүгінгі болмысымызды, қасиет-қадірімізді сол кезбен салыстырады. Екіншіден, сапалы жаңаруда ұлттың «алпыс екі тамырына» әсер беретін Алаш жолын қалайды. Біз әлеуметтанушы емеспіз, бірақ қарапайым байыпқа салсақ, байқайтынымыз: ұлт тарихын жақсы білетін 10 адамның 9-ы Алаш десе «ішкен асын жерге қояды». Бұған, әрине, қуанамыз. Үзілмеген үміт үшін, жалғасқан рухани-тағылымдық сабақтастық үшін» [3, 35], – деген пікірлерімен бекітеді.

Ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығын саралаған, ұлттың өмір сүру концепциясын айқындаған Алаш арыстарының армандарын асқақтата жалғап, қазіргі таңдағы осы өзектілікті нақтырақ айқындауға жол ашып, бағыт-бағдар беріп отырған елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы ой өрімдерімен тығыз байланыса сабақтасатындығына қапысыз көз жеткізеді.

Өз кезеңінде халқына қамқорлық қамдап, қалың қазақтың сүйенішіне айналған Алаш арыстары мен Әл-Фараби еңбектеріндегі өзекті мәселенің бүгінгі күн тәртібінен бір мысқал да түспегеніне дәлел болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каттыгарин Ж. Әл-Фараби мен Жүсіп баласағұн дүниетанымының түркілік негіздері// «Түркі халықтарының рухани мұралары және Маңғыстау жыраулық дәстүрі»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2019. - 404 б.

2. Назарбаев. Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы, 1999.

3. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017 жыл.

4. Қамзабекұлы Д. «Алаш – Темірқазық», «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» ұлттық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы: Экономика, 2013. - 248 б.

5. Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде», «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Семей, 2008.

6. Әбілдаев А. «Алаш идеясының өзектілігі және XXI ғасырдағы қазақ қоғамында жаңғыртылуы», «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» ұлттық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы: Экономика, 2013. - 248 б.

ӘОЖ: 1(09):17. (045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭТИКАЛЫҚ ТРАКТАТТАРЫ

Табылдиева О. Д., т.ғ.к.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада ортағасырдағы араб философиясында «Екінші ұстаз» атанған Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекеттік билеушінің нақыл сөздері» және «Азаматтық саясат» трактаттарындағы әлеуметтік ойлары қарастырылған. Қайырымды қала, мінсіз мемлекет, игілік, ізгілік, бақыт, әрбір адамның тіршілік етуі мен кемелділікке жетуі туралы ойшылдың философиялық пікірлері қамтылған.

Түйінді сөздер: қайырымды қала, ізгілік, бақыт, даналық, мінсіз мемлекет

Араб философиясының атасы атанған әл-Фараби өзінің саяси философиялық теориясында қайырымды басқаруды сақтау мен оны ұйымдастыру-дың тәсілдерін, қала тұрғындарына қайырымдылық пен игіліктің қалай келетіндігін және бұл нәтижеге қандай жолмен жетуге болатындығын «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекеттік билеушінің нақыл сөздері» және «Азаматтық саясат» трактаттарында кеңірек баяндайды.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жойған жоқ. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» – әл-Фарабидің негізгі еңбектерінің бірі. Ол 948 жылы Мысырда жазылды. 942 жылғы мәтіннің бірінші үлгісі «Китаб ас-сийаса ал-маданиййа» жеке шығарма ретінде танымал болды.

Әл-Фарабидің қайырымды және қайырымсыз қалалар туралы ілімі түп-тамырымен Платон және Аристотельдің мінсіз мемлекет және мемлекет түрлері туралы ілімінен бастау алады. Платон өзінің «Мемлекет» деген шығармасында мінсіз қаланың құрылымы туралы ойын білдірген.

Платонның ойынша, мінсіз мемлекеттің негізгі қағидасы әділдік болса, Әл-Фараби адам іскерлігі, тек дұрыс танудың көмегі арқылы қол жеткізуге болатын бақыт деп есептейді. Ойшыл қоғамды адамдық мүшесіне теңестіреді. «Қайырымды қала тірі ағзаның өмірін сақтау үшін барлық мүшелері бір-біріне көмектесетін сау тән тәріздес» дейді.

Әл-Фараби Платон және Аристотель сияқты қалалардың класси-фикациясын жасайды. Ол мінсіз қаланы «адамның шынайы өмір сүруі, және оның өмірін сақтауы, тамаша заттарға қол жеткізуде адамдар бір-біріне көмектесетін қала» деп сипаттап, ол қаланың атауы «қайырымды қала» дейді.

Әл-Фарабидің қайырымды қаласында қауымдар көп. «Қайырымды қалада бес бөлім бар: аса лайықты тұлғалар – ораторлар, есепшілер, батырлар және байлар. Кейін дін қызметшілері. Байлар- ол қаладағы байлықты сатып алатындар, жер иеленушілер, малшылар, сатушылар және оған сәйкес келетіндер». Фараби бұл туралы былай дейді: «Әр адам өзінің табиғаты бойынша былай орналасқан, адам өзінің өмір сүруі және жоғары дамуға қол жеткізу үшін және жалғыз өзі қол жеткізе алмайтын көптеген заттарға және оның мұқтаждылығын ескере отырып қандайда бір затты бере алатын адамдар тобынан кейбір заттарға қажетсінеді» [1, 177 б.]. Адамның табиғатынан көмекті қажетсініп, қоғам құруға бейілді екенін және қоғамның түрлері көптігін айтады. Себебі, әрбір адамның тіршілік етуі мен кемелділікке жетуі үшін қандайда болмасын қауым керек.

Әрбір тұрғыны бақытқа жету жолында бір-біріне көмектесетін қайырымды қала деп түсіндіріледі. Сол сияқты қайырымды қала болса, қайырымды тұрғындар болады дейді. Қауым адамдары бір-біріне көмек көрсетулері арқылы ғана кемелділікке жетіп, тыныштығын сақтайды және үйлесімді өмір сүреді.

Ә-Фараби ізгілікті қоғамды қалай билеу керек, оның бөлшектері туралы, әділ билеудің әдістері мен билеушінің қабілеті, белгісі, негізгі шарттары жайлы пайымдайды. Қала бірлестігінің басшысы бойындағы қасиеттерімен өзгелерден кемелді болғандықтан жоғары тұрады және мәртебелі. Әл-Фараби: «қайырымды қала- сау әрі ешбір мінсіз адам мінезіне ұқсас. Адам өміріндегі жақсылық пен жамандық тәңірден болмай, адамның өзі таңдауға болатын жағдайда белсенді әрекет факторынан. Ұстамдылық жақсы қылық. Ал ұстамды болу үшін, шамадан тыс молшылық болса, одан жетіспеушілікке қарай ауытқып, мінез-құлқымызда ұстамдылықты қалыптастырғанша әрекеттену керек» [2, 133 б.].

Әл-Фараби үшін қайырымды қаланы кім және қанша уақыт басқарғаны маңызды емес. Оған қалай басқаратыны маңызды. «Әрбір адам екінші адамның өмір сүруіне қажетті үлесін беретін, бір-біріне көмектесетін адамдарды біріктіру арқылы ғана адам өз табиғатына сай жету дәрежесіне ие болатын» қоғам түрінде елестетеді. Халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын мемлекеттік қолдау туралы бұдан мың жылдан астам бұрын айтылған ғұлама идеясы бүгінгі күні де мемлекеттің ішкі саясатындағы басты міндеттердің бірінен саналады.

Әл-Фараби қайырымды қала басшысында алты түрлі қасиет болу керек деп есептейді. Олар: даналық, асқан пайымдылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы. «Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық уақытта кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады. Мұндай адам мемлекетті өзінің қалауынша басқара алады» дейді.

Әл-Фараби басқаруды қайырымды және қайырымсыз деп екіге бөлді. Қайырымды, білімді, мәдениетті басқару – халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Ол үшін басқару заң күшіне, игі тәжірибеге негізделуі тиіс. Ал қайырымсыз, надан басқаруда теріс әрекеттер мен жаман қасиеттер бой алады. Сондықтан ол надан адам басқарған, озбырлыққа сүйенген, қайырымсыз, қатал мемлекеттік тәртіпті өткір сынайды.

Осы еңбегінде ол «Бақыт дегеніміз – игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені. Артынан мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайларда адам бақытқа жете алмайды. Әрекетіміз дұрыс болуы үшін біздің соған баратын жолымыз қандай болуы керек екенін, ал ойдағыдай болуы үшін жанымыздың аффектісі қандай болуға тиіс екенін және жақсы ақыл-парастқа жету үшін ол парасат қандай болуға тиіс екенін анықтап алуға тиіспіз» [3, 168 б.] деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы

және негізгі белгісі-жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл-парасаты.

Сондықтан әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды.

Ізгілік - адамның басты құндылығы. «Кісіге екі дүниеде пайдалы нәрсе: ізгі іс немесе мінезі түзулік. Екіншісі - ұят, үшіншісі - әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады»-, дейді Жүсіп Баласағұн. Сіздергеде қызметтеріңіз ізгі, бақытқа әкелсін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлемдік философиялық мұра. 4 т. А., 2005. 177-178 бб.
2. Ақмамбетов Ғ. Философия және мәдениеттану. А., 1998. 132-133 бб.
3. Әлеуметтік философия (хрестоматия) А., 1996. 168 б.

ӘОЖ: 001:94(574)(045)

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Бекенжанова А.А., аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Мақалада Әл-Фараби еңбектерінің әлемдік өркениеттің, ғылымның, әлемдік философияның дамуына ықпалы, орта ғасыр кезеңінде Әл-Фарабидің философиялық жүйелі ойлары ғылым тарихында, логика, музыка теориясы, астрология, теоретикалық медицина, математика, мемлекет іліміне қатысты еңбектері, әр түрлі тарихи кезеңдерден күні бүгінге дейін маңызын жоғалтпай мұраларының зерттелуі, насихатталуы қарастырылған.

Түйінді сөздер: ойшыл, философиялық трактаттар, рухани мұра, өркениет, еңбектер, тұжырымдар, насихаттау, зерттеу

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Ұстаз" атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150 астам жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия, ғылым мен өнердің барлық саласына өлшеусіз үлес қосып, артында өшпес ғылыми жазбаларын қалдыраған. Оның айтқан теориялық тұжырымдары дүние жүзі халықтарының қоғамдық-философиялық ойларына ықпал етті деп айтуға болады.

Қазіргі кезде әл-Фарабидің мұраларына қызығушылық тек қана біздің елде емес, әлемдік деңгейде өте үлкен қызығушылық танытып отыр. Себебі ол кісінің жазған еңбектері әсіресе жаратылыстану ғылымдары саласы бойынша әлемдік өркениеттің, ғылымның, әлемдік философияның дамуына үлкен ықпалы болған. Бұл кісідей бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде....дәл Әл-Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш ғылым саласына бірдей ұлы үлес қосқан.....аса ірі жаңалық, ашқан ғалымдарды табу қиын.

Ғалымдар Әл-Фараби өмірі мен шығармаларын орта ғасырларда араб, парсы және басқа тілдерде жазған ғұламалар арқылы біле алады. Захр ад-Дин, Әбу-әл-Хасан әл-Байхаки. Әл-Байхаки кітабында Шығыстан шыққан дәрігерлер, астрономдар,

фәлсапашылардың өмірі мен еңбектерін әңгімелейді. Әл-Байхаки кітабында Әл-Фараби жайлы да тарау бар, онда ғалымның өмірінің түрлі кезеңдері мен шығармашылығы туралы мәліметтер береді. Ибн Саид Әл-Кифти Әл-Фараби өміріне байланысты еңбектерінде ерекше баға беріп, ғылымға қосқан жаңалығын айтқан. Сонымен бірге ішінде араб-парсы тілдерінде жазған Ибн әл-Надим, Хаджи Халифа.

Әбу Наср әл-Фараби туралы сол кездегі көптеген авторлар өздерінің ой-пікірлерін жазып қалдырған. Ұлы ойшыл Әбу Әли бн Сина (980-1037), тарихшы ғалымдардан Захируддн әл-Байхакий (1169 жылы қайтыс болған), Жамолуддин ибн әл-Кифтий (1172-1248), Ибн Әби Усайба (1203-1270), Ибн Халликон (1211-1282) сияқты атақты ғалымдар өз шығармаларында ұлы философ Әбу Наср әл-Фараби жөнінде кейбір мәліметтер беріп келген [1,159].

Аты әлемге белгілі Әл-Фарабидің еңбектерінен нәр алмаған, сусындамаған ғалым жоқ деп айтуға болады. Орта ғасыр кезеңінде әсіресе Әл-Фараби өзінің философиялық жүйелі ойларымен, ғылым тарихында, логика, музыка теориясы, астрология, теоретикалық медицина, математика, мемлекет іліміне қатысты өзінің жарқын ойларын таныта отырып, әлемдік ғылымға өзіндік ізін қалдырды. Оның ойлары ибн Сина және ибн Рушд сияқты кейінгі философтармен жалғастырылып, Спиноза философиясына және ол арқылы француз философиясына айтарлықтай өз ықпалын тигізді. Демек, әл-Фараби философиясы тек Орта және Таяу Шығыстағы әлеуметтік-философиялық идеялардың дамуына әсер етіп қоймай, Батыс Еуропаға да өз ықпалын тигізді деп айта аламыз.

Белгілі философ Ибн Бадж (XI ғ. аяғы – 1138 ж.) Әл-Фарабидің бірсыпыра идеяларын дамытты. Батыс Еуропа ортағасырының ірі ойшылдары Р. Бэкон, Д. Скот өздерінің теориялық шығармаларында Әл-Фараби еңбектерін қолданды. Спинозаның кейбір трактаттарында құрылымы мен бағытына қарай әл-Фараби еңбектеріне жақындық сезіледі. Олардың ішіндегі ең ұқсасы әл-Фараби мен Спинозаның әлеуметтік-саяси концепциялары жөніндегі ойлары. Мысалы, бақытқа жетудің жолдары, мақсаты, мемлекетті басқарудың формасы мен функциясы т.б. Спиноза әл-Фараби секілді өзінің қоғам туралы ілімін адамның «шынайы» табиғатынан шығарады, мемлекеттің мақсаты әрбір адамды ақылмен басқарып, бақыт пен бостандық сыйлау дейді. Сондықтан да арабтілді ортағасырлық философия көне гректік философияның алғашқы мұрасы ретінде шығармашылық жағынан дамытып, жаңа деңгейлерге көтерді. Әл-Фараби Шығыс пен Еуропа мәдениеттерін байланыстырушы «көпірге» айналды.

Әл-Фараби есімі көптеген Еуропа елдеріне ертеден танымал болып, XII-XIII ғғ. өзінде-ақ оның философиялық трактаттары ежелгі еврей және латын тілдеріне аударылды. Бірақ әл-Фараби мұрасын жүйелі әрі нақты зерттеу оның трактаттарының мәтіні мен аудармаларын басып шығарумен қатар, зерттеу жұмыстары XVIII-XIX ғғ. ортасында шыға бастады. Ортағасырлық Еуропа классикалық ежелгі грек философиясымен көп жағдайда Әл-Фараби еңбектері арқылы танысты. Мәселен, XII ғ. кезінде оның «Ғылымдар классификациясы» деген еңбегі латын тіліне екі рет аударылды. «Сананың мәні туралы», «Сұрақтар негізі», «Бақыт жолы туралы» және логикаға байланысты трактаттары мен басқа да еңбектері XII ғ. бастап XVII ғ. дейін латын тіліне бірнеше рет аударылды.

Роджер Бэкон, атақты Әбу Әли ибн Сина (980-1037) және басқалар Әл-Фарабидің “Энциклопедиясының” тікелей әсерімен өздерінің белгілі энциклопедиялық еңбектерін жазған. Еуропа ғалымдарын да ұлы ғұламаның өмірі мен еңбектері қызықтырған, атап айтқанда Роджер Бэкон, Леонардо да Винчи, Спиноза, т.б. неміс ғалымдары.

XIX ғ. орта тұсынан бастап Әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығы көптеген Еуропа ғалымдарының назарын ерекше назарын аудара бастады. Әл-Фараби

ілімімен жақсы таныс болған, одан көп үйренген Маймонид (1135-1204), Роджер Бэкон (1214-1294), Леонардо да Винчи (1452-1519), Спиноза (1632-1677), тағы басқа да көптеген Батыс Европа ғалымдары Отырар перзентінің өмірі мен еңбектерін арнайы зерттеген [2, 19]

Француз ғалымы Рудольф Эрланже 1930-1935 жылдары Әл-Фарабидің аса үлкен, әрі терең мағыналы «Әуездің үлкен кітабы» атты трактатын француз тіліне аударған. Мұның өзі Әл-Фараби мұрасын іздестіру, аудару, бастыру, зерттеуде шетел ғалымдарының да айтарлықтай еңбек сіңіріп отырғанының айғағы болса керек [2, 20].

Әл-Фарабидің фәлсафалық, математикалық, саяси-әлеуметтік, логикалық және поэзиялық еңбектері орыс, қазақ, өзбек тілдерінде жарық көрді. Әл-Фараби мұрасын зерттеу ісіне В.В.Бартольд, Е.Э.Бертельс, Б.Гафуров, С.Григорьян, В.Зубов, П.Иванов, А.Сагадаев, Ю.Завадовский қатысты

XX ғ. басынан бастап, ортағасырлық араб философтарының шығармашылығының зерттеуге арналған ғылыми еңбектер пайда бола бастады. Фараби философиясының бай мазмұнын ашуға ат салысқан шетел ғалымдарының қатарына М.Штеннштейндер, Р.Хаммонд, М.Хартен, Р.Вальцер, Х.Тураба және т.б. жатқызуға болады. [3, 91] Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.

Ресейде XX ғ. басында оқырман қауым әл-Фараби мен оның ғылымға қосқан үлесі туралы біршама жақсы білді: 1908-1913 жылдары Ресейде жарық көрген «Ф.А. Брокгауз бен И.А. Ефронның Еврей энциклопедиясында» әл-Фарабидің кейінгі дәуір философиясының дамуына ықпалы туралы толығырақ қамтылған мақала берілді. Ғылыми мұрасын зерттеуді алғаш қолға алған совет ғалымдарының бірі академик В.В. Бартольд болды.

Әл-Фарабидің кеңестік ғылымға қайтып оралуы жөнінде айтатын болсақ, орыс тіліндегі «Еуропалық энциклопедияда» келтірілген материалдарға XX ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін айтарлықтай назар аударылған жоқ. Бұл Кеңес Одағындағы гуманитарлық ғылымның дамуының бірқатар ерекшеліктеріне байланысты болды. Олардың ішінен жаңадан жасалған марксистік-лениндік ілімнің басымдықтарына академиялық пән ретінде философияның бағындырылуын атауға болады. Онда ислам философиясындағы араб-мұсылман ойшылдарының іліміне орын табылған жоқ.

Әл-Фараби мұрасына бет бұру ұлтшылдықпен, космополитизммен және «басқаша ойлаудың» осындай көріністерімен күрес жөніндегі идеологиялық науқан бәсеңсігеннен кейін ғана мүмкін болды. Бұрынғысынша, «құдай іздеушілікпен» тығыз байланысты тақырыптар жетістікке үміттен алмады және теология тұрғысында мұсылман философтары еңбектері зерттеулерінің кеңестік академиялық институттарда мақұлдануы да екіталай еді. Кеңестік дәуір ғалымдары: Е.Э.Бертельс араб әдебиеті тарихын сөз ете отырып, орта ғасырда өмір сүрген арабтың атақты ақындары мен тарихшыларының еңбектерінде әл-Фараби үлкен ақын болған және оның көп өлеңдері бар деген болжамдарын баяндайды. С.Н.Григорьян мен А.В.Сагадеев әл-Фараби философиясының тарихи қайнарын, оның философиясының маңызы мен мәнін, трактаттарының эстетикалық қырларын саралап, ғұламаның кейбір еңбектерін аударып, ғылыми жұртшылыққа таныстырады. М.Хайруллаевтің “Мировоззрение Фараби” атты монографиясы әл-Фараби философиясы турасында жазылған алғашқы ауқымды зерттеу еңбек деп атап көрсетіледі.

Қазақстанда әл-Фараби мұраларын зерттеп, саралау XX ғасырдың II жартысынан бері қарай жолға қойылды деп шамалауға болады. Әл-Фараби сынды ұлы ғұлама есімінің өз Отаны – қазақ топырағына қайта оралуына үлкен ғалым, академик

Ақжан Машанов орасан зор еңбек сіңірді. Ол 50 жылдан астам өмірін әл-Фараби бабамызды зерттеуге арнады.

А.Машанов 1958 жылдан бастап Лондон, Каир, Париж, Берлин, Лиссабон, Бейрут т.б. қалалардың ең ірі кітапханаларына хат жазып, әл-Фарабидің шашырап жатқан мұраларын жинастырып, оның бірталай еңбегінің библиографиясын тауып алады. 1961 жылы әл-Машанидің республика Ғылым академиясы хабаршысының №5 санында «Әл-Фараби және оның мұралары» деген алғашқы мақаласы шығады. Бұған дейін қазақ топырағында әл-Фараби туралы ешкім айтпаған еді. 1962 жылы «Білім және еңбек» журналының бірінші санында әл-Машанидің әл-Фараби туралы мақаласы жарияланды. Онда төрткүл дүние түгел мойындаған әл-Фараби жайында түсініктеме беріліп, оның қазақ топырағынан шыққан біздің бабамыз екендігі бірінші рет айтылды. Бұл бүкіл әлем зиялыларының көзқарасында өзгеріс тудырған тосын жаңалық болатын.

Бабамыздың мұрасын іздетуді тоқтатпаған әл-Машани, әйгілі ғұлама Птоломейдің арнайы карта жасап, Отырарды Әл-Фарабидің туған жері деп көрсетіп кеткен бұлтартпас дәлелін табады. Сөйтіп, «Әл-Фараби ұлы ғалымдар қатарында халықаралық тізімге кіргізілсін, оның 1100 жылдық мерейтойы КСРО-да, Отаны Қазақстанда тойлансын», деген ЮНЕСКО қаулысының қабылдануына көп еңбек етті.

А.Машанов Республика Ғылым академиясының Президенттері Қ.Сәтбаевтың, кейіннен Ш.Есеновтің тікелей қолдауымен шет елдерден әл-Фараби еңбектерін алдыртып, оларды қазақ, орыс тілдеріне аудартып, бабамыздың философиялық, логикалық, саяси-әлеуметтік, математикалық, жаратылыстанушылық, музыкалық трактаттарын жеке-жеке кітап болып екі тілде басылып жарық көруінің басы-қасында жүрді. Осы кезеңде әл-Машанидың қаламынан ұлы бабамызға арналған «Әл-Фараби мұрасын зерттеу туралы», «Шығыстың Аристотелі», «Әл-Фараби еңбектерін қазақ тіліне аудару туралы», «Әл-Фараби», «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», «Әл-Фараби және Абай» сияқты көптеген кітаптары жарық көрді.

Әл-Фараби мұраларын зерттеуге еліміздің атақты ғалымдары Ә.Марғұлан, А.Көбесов, Р.Бердібай, А.Қасымжанов, Ә.Дербісәлі, тағы басқалар да ат салысты. Араб-мұсылман философиясымен шұғылданушы ғалымдар арасында зор рухани толғаныс туғызған оқиға Б.Г.Ғафуров пен А.Х.Қасымжановтың 1975 жылы Мәскеу қаласында орыс тілінде жарық көрген «Аль-Фараби в истории культуры» («Әл-Фараби мәдениет тарихында») кітабы болды. [3,91]. Сондай-ақ белгілі жазушы қоғам қайраткері Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» атты романын қазақ оқырмандары үлкен ықыласпен қарсы алды.

Әлем мұрағаттары мен кітапханаларында сақталған Фараби мұрасын жинап, жүйелеп, зерттеп, ғылым игілігіне, ұлт мүддесіне жаратуда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен жасалған «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде әл-Фарабидің он томдық еңбектерінің жарыққа шығуы үлкен маңызға ие болды [4].

Әл-Фарабидің мұраларын зерттеп, оқырман қауымға таныстыруда көп еңбек сіңірген ғалым А.Көбесов және ұлы ойшылдың мұраларын зерделеу барысында Фараби аттас басқа да ғалымдардың бар екенін және олардың еңбектерін саралай келе “Әл-Фараби эстетикасы” және “Қазақ даласының жұлдыздары” (I тарау) атты Әбу Насырға байланысты көлемді еңбек жазған белгілі арабтанушы-ғалым Ә.Дербісәлі. Сондай-ақ. Ә.Әлімжанов, М.С.Бурабаев, А.Х.Қасымжанов, Н.Келімбетов, М.Мырзахметов және басқа да ғалымдар әл-Фараби мұраларын зерттеуді өз ғылыми жұмыстарына арқау етсе, Қ.Жарықбаев Әл-Фараби еңбектерінің библиографиясын жасады.

Екінші ұстаз, ұлы жерлесіміз әл-Фараби еңбектері күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ, мұраларының насихатталуы, зерттелуі және оның мемлекет басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық, саяси, философиялық, діни

көзқарастары қазіргі жаһандану аясындағы қоғамымыз үшін өте маңызды. Қазіргі таңдағы жаһандану кезеңіндегі халықтар мен мәдениеттердің өзара бірлігі мен тұтастығына негізделген әл-Фараби идеяларының жүйесін толықтай зерттеу арқылы сол кезеңдегі қазақ даласындағы өркениетті насихаттау мен болашақ жас ұрпақтың жадында мәңгі сақтау болып табылады. Рухани жаңғыру — ұлт үшін маңызды. Ұлттың өткен өмірі мен философиясына мән беру — санаға сілкініс салып қана қоймай, болашағына да байыпты бағыт ұсынады. Бағыты мықты елдің ғана, болашағы баянды болады! Білім мен ғылымда озық ел ғана — көшбасшылардың қатарынан табылады

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н. Келімбетов Ежелгі әдеби жәдігерліктер Алматы, 2005
2. Дебісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы, 1995
3. Ж. Алтаев, Ж. Әмірқұлова Әл-Фараби және ислам философиясы. Оқу құралы, Алматы, 2012
4. Қазақ халқының философиялық мұрасы, 2 том, Астана, 2005

ӘОЖ: 94 (574) (045)

ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қамиева Г. Б., аға оқытушы

Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Мақалада есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан, мезгілдің қатыгез сынынан мүдірмей өткен, тарих перзенттерінің бірі және бірегейі – Әбу Насыр Әл-Фарабидің адамзаттың қалыптасуы, жеке тұлғаның дамуындағы тәрбиенің алатын орны мен атқаратын ролі туралы пікірлері, оқыту, білім беру мәселелері мен нағыз ұстаз жөніндегі көзқарастары қарастырылған.

Түйінді сөздер: тәрбие, еңбек, білім, ұстаз, шәкірт.

Тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», - дей отыра, тарихи сананы жаңғырту үшін, ең алдымен, ұлт қаһармандарын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған құнды еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды тапсырған болатын [1].

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілік пен ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Оларды данышпан-ойшылдардың еңбектерінен ғана кездестіруге болады. Сондай құнды мұралардың иесі, қазақ топырағынан шыққан, жан-жақты және ғұлама ғалым – Әл-Фараби. Ол сонау ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл-парасаттың жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын.

Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Ол бірнеше ғылым салаларын қамтитын 150-ге тарта трактаттар жазған [2, 15-б.].

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі процесс екендігін айқын ұғынуға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге келе жатырғаны да талас тудырмайды. Өйткені өскелең ұрпақ ғасырлар бойында қалыптасып, жүйеленген тәлім-тәрбиені, тиісті тәсілдерді санасына біртіндеп сіңіріп, оны дағдыға айналдырып отырады.

Тәрбие мәселесі әрбір кезеңде озық ойлы ойшылдар мен тәлімгерлердің еңбектері мен пайымдық ой-пікірлерінен де көрініс тауып отырған. Солардың қатарынан, өз заманында «Екінші Аристотель» атанған Әбу Насыр Әл-Фараби де тыс қалмайды.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген Әл-Фарабидің атақты қағидасына сүйене отыра, алдымен, ұлы ойшылдың тәрбие жөніндегі ілімдеріне тоқталуды жөн көрдім.

Әл-Фараби шығармашылығында көрнекті орын алатын мәселенің бірі – тәрбие мәселесі. Тіпті, оқып-білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады. Мәселен, «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет» деген еңбегінде ол: «ғылым үйренуге кіріспекші кісі ... тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа ағат мінез-құлықтан аулақ болуы қажет», - деп түйіндейді [3, 193-б.].

Әл-Фарабидің гуманитарлық көзқарастары мен пайымдаулары «Бақытқа жету жайында» атты философиялық еңбегіндегі түсіндірулермен көрінген. Тәрбиеге анықтама бере келіп, ол: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», - деп жазды.

Тәрбие мәселесін Әл-Фараби осындай кең мағынада түсіне отырып, тәрбиенің жалпы халықтар мен қала тұрғындарының өмірінде алатын, атқаратын орнын жоғары бағалайды. Дұрыс тәрбие берілмеген халықтар мен қала тұрғындары «надан» халықтар немесе қала тұрғындары (қоғам өкілдері дегені) деп аталып, ондай қалалардың түрлері, адамдарында кездесетін нашар мінез-құлық, іс-әрекеттер сипатталады [4].

Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Ол ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. «Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады», - деген болатын Фараби. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды [5].

Фарабидің пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алды.

Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда ол Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенеді. Демек, ол қандайда болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыстары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деген қағиданы ұдайы басшылыққа алған Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын «Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды», - деп тұжырымдайды.

Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, бұл тұжырым – «оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беру, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу»,- деген сөз. Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді [6].

Адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде Фараби бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық т.б. тәрбиелер түрлерін енгізіп қараған сияқты [5].

Әл-Фараби өзінің «Азаматтарды бақытқа жетелеудің жолы» атты еңбегінде: «қала әкімі мен мұғалім бірдей дәрежеде тәрбиеші болып табылады. Мұғалім бала тәрбиелесе, әкім қала тұрғындарын тәрбиелейді»,- деп тұжырымдайды. Оның пікірінше: «оқып-білім алу арқылы дүниені танып білуге, оның әсемдігі мен толыққандылығын байқауға болады. Әрі оқып-білу үшін, әртүрлі кәсіпті меңгеру үшін, адамгершілік қасиетті қалыптастыру үшін, талмай еңбек етіп, ерік-жігерді дамыту қажет, әрі оған тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу арқасында жетуге болады» [3, 193-б.].

Әл-Фараби тәрбие үрдісінде «Қатты әдіс» пен «Жұмсақ әдісті» ұштастыруды талап етеді. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтап кеткен. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда «қатты әдіс» деп отырғаны жазалау, ал «жұмсақ әдіс» деп отырғаны – мадақтау. Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым [6].

Фарабидің ілімі бойынша, адамның рухани бет-пердесі, мінезі мен жүріс-тұрысы қоғамдық орта, тәрбие әсері, адамның еркі ауру сияқты көптеген объективтік және субъективтік себептердің әсерімен қалыптасады, өзгереді. Фарабидің пікірінше, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. «Жаман қылық – ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек»,- дейді ғұлама. Фараби «Бақытқа жету жолы» атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, доспейілділік, т.б. қасиеттерді қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты баяндайды [7].

Әл-Фараби өзінің педагогикалық жүйесінің белгілі құрамды бөлігі ретінде бала тәрбиесі мен оқыту мәселесін алып, баланың жеке және жас ерекшелігіне мән беріп, балаға қамқорлықпен қарап, қарым-қатынас жасауға баса көңіл бөледі. Ежелгі грек ойшылдарына сілтеме жасай отырып ғұлама балаларды белсенді түрде оқытуды 7-8 жасынан бастауды нұсқайды [3, 193-б.].

Фараби, сонымен қатар, оқыту, білім беру мәселелеріне үлкен назар аударып, бұл тұрғыда көптеген түбегейлі, терең пікірлер айтқан. Ол «Философтардың қойған сауалдарына жауаптар» деп аталатын еңбегінде педагогика, оқу, оқыту мәселелеріне қатысты жайларға тоқталады. Мәселен, оқып-үйренуге жаттап алу дұрыс па?, жоқ түсініп алу дұрыс бола ма?- деген сұраққа Фараби: «түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы»,- деп жауап береді [4], [6].

Бала тәрбиесі, қоғам мен халықтың балаларды оқыту жөніндегі қамқорлығы, жастарды халық өміріне байланысты білімдермен қаруландыру, балаға оның жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, шын жүректен қамқорлықты қарым-қатынас – мұның бәрі Әл-Фарабидің педагогикалық жүйесінің құрамды бөлігі болды. Халықтан алып пайдаланылған көптеген ережелер оның ілімінің демократиялық, гуманистік өзегін құрады және педагогикасының озық бағыттылығын күшейтті. Әрине, ұлы педагогтың халықтық тәрбие дәстүрлерін алып пайдаланып және оны өз жүйесіне енгізіп қана қоюмен шектелмеуі әбден табиғи нәрсе. Ол педагогикалық құбылыстардың

жиынтығын байыптады, тәрбие және тәрбиелеу орындары мәнін түсіндіруге жаңа мазмұн беріп, әрі қарай шығармашылықпен дамыта алды [4].

Әл-Фарабидің айтуы бойынша, нағыз ұстаз ғана айтқанын екі еткізбейтін, ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей-теңіздей, ақыл-ой парасаты да, ерік-жігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана шәкіртке үлгі-өнеге көрсетеді, ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап-тілегін орындай алады.

Фараби ұстаздың мінез-құлық нормасы қандай болуы керек?- деген сұраққа жауап бере отырып, балаға білім беру жөнінде, оған тәлім-тәрбие беру ісінде мұғалімге мынадай шарттар қояды: «Мұғалімдік еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем (қатаң) болмасын және асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғармен болса, онда оқушы мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер де өте босатып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, ғылымына жалқау қарау қаупі туады», - дейді.

Бұл сияқты ұстамдылыққа, іскерлікке қол жету үшін Фараби атап көрсеткендей: «ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді».

«Ұстаз ескерер бір жәйт – бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, жағымсыз қылықты болдырмау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру», - деп атап көрсетеді Әл-Фараби [8, 156-б.].

Адамның мінез-құлқын тәрбиелеуде ойшыл ұстаздардың жүріс-тұрыстарына, сөйлеген сөзіне, қимылына, жеке бас мәдениетіне баса назар аударып, оқушының сапалы білім алуына ұстаздың осындай қасиеттері үлкен роль атқаратынын айтады. Әл-Фараби педагогикалық ғылымдарға арифметика мен геометрияны, астрономия мен дыбыстар туралы ғылымдарды қосып есептеген. «Мұның мәнісі – бұл төрт ғылым оқушыларды тәрбиелейді, өте нәзік сезімтал етеді, идеяларын ұшқырлайды, басқа ғылымдарды оқып-үйренуге төте жол салады», - деп пайымдаған [8, 157-б.].

Сонымен, дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ойшылдың педагогикалық мұрасы да ұшан-теңіз, мол дүние. Ұлы ғұлама өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан, тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Әл-Фарабидің жоғарыда атап өткен арифметика, геометрия, астрономия, музыка ғылымдарын педагогикалық, яғни тәрбиелік ғылымдар дейтін жүйеге жатқызуы да, сондай-ақ педагогика, әдістеме мәселелері жөнінде арнаулы еңбектер жазуы да осы айтылғандардың айқын дәлелі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрсұлтан Назарбаев. Ұлы даланың жеті қыры / Егемен Қазақстан, 21-қараша, 2018.
2. Әбсаттар Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.
3. Ф.Абдихаева, Е.Балабеков. Тәрбие жүйесіндегі музыканың алар орыны туралы Әл-Фарабидің ой-пікірлері. // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. (Әл-Фарабидің 1130 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – А., 2001.
4. [https:// sites.google.com](https://sites.google.com): Әл-Фараби еңбектеріндегі халықтық педагогика мәселелері.
5. [https:// akikat.kazgazeta.kz](https://akikat.kazgazeta.kz), bankreferatov.kz: Ж.Исахметұлы. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие және адамгершілік мәселелері.
6. [https:// melimde.com](https://melimde.com)
7. [https:// baribar.kz](https://baribar.kz): Әл-Фарабидің еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік идеялары.

8. М.Ермекбаев, Р.Кенжебекова. Әл-Фараби тәрбие туралы. // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. (Әл-Фарабидің 1130 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – А., 2001.

ӘӨЖ 929(09) 045

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЖАҒАНДЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Серикбаева А.К., аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылым мен білімнің өркендеуіне қосқан еңбектері толықтай келтірілген. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» деген еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойлары жүйеленген. Мақалада энциклопедист-ғалымның әлеуметтік-этикалық мәселелерді қозғайтын ой-толғаныстары, философиялық ой-тұжырымы қарастырылған.

Түйінді сөздер: ғалым, ойшыл, философия, ағартушы, ұстаз, ғұлама.

Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі – бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз, Батыс пен Шығысты терең білімімен бас идірген Әбу Насыр әл-Фараби.

Араб мәдениетінің философиялық екі тарауы болған деп саналады. Оның бірі ертеден келе жатқан теологиялық-мистикалық, дүниеден безуші — аскеттік-дәруіштік ағым; екіншісі дүние кілтін табиғатты зерттеуші адам ақылынан іздейтін ақли (рационалдық) ағым.

Ғылым мен білімнің өркендеуіне ақли ағымның зор әсер еткені мәлім. Осы айтылған ақли —рационалдық ағымның негізін салушы ретінде көбіне үш адамның — әл-Кинди, әл-Фараби, Әбу Әли Ибн Синалардың есімдері аталады. Араб мәдениетінің негізін салушы осы үш философ. Фараби алғашқы жаңа талап кезінде әл-Кинди еңбегімен танысып, содан әрмен қарай өрлей бастаған болса, кейінгі Әбу Әли ибн Сина да өзінің философиялық бағытын Фараби еңбегінен бастаған. Фарабидің атағы философ ретінде Аристотель, Платон сияқты ірі философтардың еңбектерін талдаумен әйгілі болады.

Әл-Фараби өзінің «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактат» атты еңбегінде Аристотельдің философиясын меңгеру үшін қажет болатын тоғыз шарты жайлы өз пікірлерін ортаға салған. Оның пікірінше, тұңғыш рет грек философы Пифагор философиялық бағыттың алғаш негізін құрастырған.

Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», «Топикасы» мен «Софистикасына» түсініктемелер жазды. Ол еңбектері күні бүгінге дейін де маңызын жоғалтқан жоқ. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін таныстыруда үлкен рөл атқарды [3; 31].

Фараби Аристотельдің философиясына түсініктемелер жаза отырып, өз тарапынан да «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдар энциклопедиясы немесе тізбегі», «Кеменгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Музыканың үлкен кітабы», «Философияны аңсап үйрену үшін алдын ала не білу қажеттігі жайлы»,

«Ақылдың мәні туралы», «Әлеуметтік-этикалық трактаттар», «Философиялық трактаттар», т.б. сол сияқты көптеген философиялық еңбектер жазған.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» деген еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларында «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді.

Осы трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп:

«Жүрек — басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» [4], — деп жүрекке шешуші мән береді.

Әл-Фарабидің «қайрат», «ақыл» және «жүрек» жайындағы философиялық ой-пікірлерін Абай өзінің «Әсемпаз болма әрнеге»... атты өлеңінде де әрі ойшыл-кемеңгер, әрі аса дарынды сөз зергері ретінде оқырманға зор шеберлікпен жеткізген [5]:

*Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де — бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!
Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға
Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың — жалын, артың — мұз,
Барар едің қай жаққа?
Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйгі алма.
Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.
Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.*

Абай ақыл мен қайраттың иесі болған адамды «жарты адам» дейді. Өйткені ондай адам тек «суық ақыл» мен «жүгенсіз қайраттын» ғана өкілі болып табылады. Ал бойына осы екі қасиетпен қоса қабат әділет-шапқат (жүрек) біткен адам ғана «толық адам», яғни ол енді «нұрлы ақылдың» өкілі деп танылады.

Әл-Фараби өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келіп, оны «потенциалды интеллект», «актуалды интеллект», «жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фараби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллекттің өзі жүре келе, есітіп, көріп барып қана дамитынын ескертеді.

Ғұламаның интеллект жөніндегі философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып барып, қазақ қауымының жаңа тарихи жағдайында Абай Құнанбайұлы зор білгірлікпен жалғастыра түскен [6].

Фарабидің философиялық еңбегін талдау деген сөз — оның барлық ғылыми табыстарының қорытындысын шығару деген сөз. Ол өзінің еңбектерінің бәрін де философиялық тұрғыдан қарайды. Кейбір табиғи құбылыстарды талдаған қағидаларында оның табиғат зерттеуші ғалымдығы мен ойшыл философтығы арасын айыру өте қиын.

Философия жөнінен алғанда Фарабиді Аристотельдің шәкірті дейді. Оның шындығына біз де таласпаймыз. Фараби Аристотельді (Арстулаизды) аса жоғары бағалаған. Әсіресе, оның логикасын жақсы көріп: «Бұл кітапты жүз мәртебе оқыдым, тағы оқысам деген ойым бар» деп жазады ол.

Сонымен қатар Фараби Аристотель қосымша математика мен табиғат ғылымдарына сүйенуі қажет еді дейді. Ол Аристотель ілімін толықтырды, сынады, талдады, дамытты. Осылардың арқасында өзінің философиялық жүйесін салып кетті. Оның философиясы ертедегі гректердің антикалық философиясы емес, онан басқаша қасиеттері бар. Сол себептен оны философия демей, фалсафа деп өзгеше мән береді. Бұл кезде Аристотельдің еңбегін талдау, сынау, дамыту түгіл, тіпті оның еңбегін дүние жүзінің көптеген ғалымдары түсініп оқудың өзін арман ететін. Осы жайды ескергенде, Фарабидің Аристотельді сынап, оны толықтырып еңбек жазуы аса зор оқиға еді. Фарабидің философиялық дәрежесіне Батыс елдерінің философтары тек көптеген ғасыр өткеннен кейін ғана жете алды. Ал оның Аристотельдің философиялық іліміне геометриялық-физикалық анализді ғылыми арқау ету керек деген тамаша батыл пікірі — оның асқан даналығының көзі болғанын көрсетеді.

Фараби өзінің «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар туралы рисала» деген еңбегінде:

«Айналаңдағы табиғат дүниесін адамдық адал ниетпен зертте, онан тапқаныңды ақыл таразысына салып өлшеп ал, логиканың қисыны мен геометрияның айнымас дәлелдік үлгісіне сал. Осылардың сынынан өткен нәрсе шындық жолға апаратын нысана болмақ. Философия атты ақиқат табуға арналған ұлы ғылымға сол нысаналар алып барады», — дейді.

Өзінің Евклид еңбегіне берген бір сынында ноқат, сызық, жазық деген түсініктердің барлығы денеде болатын, содан алынған түсініктер деп ашық айтады да, соны дәлелдейді. Демек, бұл арада Фараби Платонның дерексіз жайға соғатын көмескі ойларын түзетеді. Сонымен қатар ол Аристотельдің логикалық қағидаларына геометриялық дәлді әдісті жанастыруға тырысады. Аристотель мен Платон арасын жақындастыруға тырысқан ойдың түпкі өзегі осында болу керек деп білеміз. Басқаша айтқанда, материалдық дүниені математикалық логика арқылы тану керек деген қорытынды шығады. Бұл арада Фараби Аристотельге де, Платонға да жүгініп отырған жоқ. Ол Аристотель мен Платонның және басқаларының еңбектерін табиғатты акли көзбен тану тұрғысынан қарап, еркін түрде, өзінше саралап отыр. Сонымен бірге Фараби дүние танудың акли тұрғыда түсінуде жаттама (догмалық) жолдың жарамсыз екенін көрсетеді.

Замана, өмір, тұрмыс, ғылым, мәдениет барлық жерде бірдей емес, өзгермелі. Адамның жеке басында субъектив мінезі тағы бар. Осылардың баршасына бір ғана жаттанды абстракты догма өлшеуімен келуге болмайды. Олардың әрқайсысына өзінің нақтылы қалпына қарай анализ (талдау) жасайтын әдістер ұғымы керек.

«Ғылымдардың шығуы», «Ғылым меруерті» деген еңбектерінде де Фарабидің осындай ойлары айқын көрініп отырады. Ел билеу, саясат жөнінде де ол Аристотель мен Платонның ешқайсысына қосылмайды. Мысалы, Фараби өзінің «Қайырлы

шаһардың адамдары» («Арә аһл әл-мадинате әл-фасилате») деген еңбегінде осы тақырыпта жазған Платонға қосылмай, мәселені өзінше шешеді.

Ұлы философ өз заманының дәстүрі бойынша барлық материалдық дүниенің басын жалғыз Жаратушыға апарып тірейді. Осы жағынан алып қарағанда оның философиясында идеализм бар екені рас. Ақиқатында, бұл оның зор жетістігі еді. Өкінішке орай, Кеңес кезінде мұны діншілдік деп түсіндіріп келді. Фараби көптеген мәселелерде дұрыс ғылыми көзқарасқа жетіп отырады. Дүниенің даму жолдарын бірталай еңбектерінде дұрыс түсіндіреді. Осы еңбектерінің арқасында ол адам баласының мәдени өсуіне, рухани дамуына зор атсалысып, Екінші ұстаз атанды.

Фарабидің ұлы ұстаздығын тек Шығыс елдері, араб халықтары ғана танып қойған жоқ. Оны Батыс елдерінің Қайта Өркендеу дәуірінің алғашқы кезеңіндегі ұлы адамдарының бәрі де таныды. Мысалы, Бэкон, Леонардо да Винчи, Коперник, Кеплер, Лейбниц сияқты ғалымдар одан көп үлгі алған.

Еуропалық шығыстанушылар мен тарихшылардың пайымдауынша, әл-Фараби сондай-ақ Шығыс философиясының да негізін қалаушы. Олар ұлы кемеңгердің келелі пікірлерінің астарларына үңіліп, көп зерттеген. Әл-Фарабидің ойшылдығына тәнті болған.

Әсіресе ғұламаның «Жоғары табиғатты тану негізі» еңбегі бүкіл Шығыс философиясының тереңдігін, көне тылсымын қорытқан еңбек болды. Фарабидің осы еңбегін түсіну арқылы Шығыс әдебиетіндегі көптеген аңыз, мифологияны танып-таразылауға болады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің этикалық трактаттарын, солардың ішінде «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Қайырлы қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбектерін оқып, талдау барысында байқайтынымыз, ойшыл ғалым қарапайым ұғымдар арқылы адамның бойындағы кез келген мінез-құлықтардың, әдеттер мен түрлі қасиеттердің тумысынан емес, жүре келе, бірте-бірте барып қалыптасатынын логикалық жүйелілікпен баяндап, дәлелдеп берген.

Энциклопедист-ғалымның әлеуметтік-этикалық мәселелерді қозғайтын ой-толғаныстары көп. Мәселен, ол мынадай мәселелерді сөз етеді: адам өмірінде кездесетін және онымен тығыз байланыста болатын нәрсе, оны мадақтауға немесе жазғыруға болмайтын жағдайлар және мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайлар. Мадақтауға немесе жазғыруға болмайтын жағдайларда адам бақытқа жете алмайды. Ал әрі мадақтауға, әрі жазғыруға болатын жағдайлардың жиынтығы қосыла келгенде адам бақытқа жетеді. Әрі мадақтауға, әрі жазғыруға жеткізетін жағдайларды ғұлама үшеу дейді. Олар: 1) Әрекеттер. Адам өзінің дене мүшелерін пайдалану үшін керекті әрекеттер. Мысалы, тұру, отыру, көру, есту т.б. 2) Жан аффектілері. Мысалы, рахат, қуаныш, өкініш, ашу, қызғаныш т.б.

Әл-Фараби «жақсы немесе жаман ақыл-парасат тудыратын күйдің түрі екеу» дейді. Оның біреуінің арқасында жақсы ақыл-парасат туады және мұның өзі ақыл күші деп аталады; екінші түрінің арқасында жаман ақыл-парасат туады, бұл ақыл кемдігі деп аталады [7].

Әл-Фараби өз зерттеулерінде этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударып отырған. Этиканың зерттеу нысанасы — мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты дәлелдеген. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, этиканың ең жоғары категориясы бақыт болып табылады [1; 205].

«Бақыт» — Фарабидің негізгі мәселесі, саяси философиясы.

Ғұлама ғалым «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» және тағы басқа саяси-әлеуметтік трактаттарында қайырымдылық пен бақыт мәселесіне кеңірек тоқталған.

Бақыт дегеніміз — ол абсолюттік игілік. Фарабидің айтуынша, адамдар көп нәрселерді өзінің өмірінің мақсаты мен негізі деп ойлайды. Олар — өзіне ұнайтын, керекті нәрселер, мысалы: ақша, атақ, тағы басқалары. Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл- парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бақытты дұрыс түсінетін адамдар — данышпан адамдар [2; 115, 116].

Бақытқа жетудің маңызды шартын, әл-Фараби адамның әрекетті таңдау және осы істеген әрекеттің өз ырқына негізделуінде. Әл-Фараби адам ырқының еркіндігіне, жақсы мен жаманды еркін таңдауына көп маңыз артады. Ерік еркіндігі жан парасаттылығымен анықталады және ол тек адамға тән, адамдағы ізгілікті қалыптастыратын және күшейтетін қажетті шарт.

Ойшыл данышпан тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескерткен.

Ғалымның мұрасында әсемдік мәселесі ерекше орын алады. Сұлулықты, үйлесімділікті сұлулық пен сәнділіктің жоғары дәрежесіне ие Алла ғана жасай алады деп дәлелдейтін мұсылман идеологтарына қарағанда, Әбу Насыр ізгі істі іздеуге және жасауға тек адам ғана қабілетті деп дәлелдейді: «Адам рухани ізгілігіне байланысты ғана жағымсыз және ізгі істерге барады», «Адамға қысқа ғана ғұмыр берілгенмен, ол қас-қағымды көп екен деп есептейді, адамдар бір-біріне азап шектіре отырып бірімен-бірі жауласады, бір-бірімізді қашанға дейін азап шектіре береміз. Табиғатта әсемдік мәңгі өмір сүреді, ал қайталау түрінде пайда болатын өнердегі ізгілік пен сұлулық адамнан ғана шығады».

Әл-Фарабидің эстетикасында әсемдік пен пайдалылық, сұлулық пен пайда бірімен-бірі үйлесімді түрде тұтасып кеткен, бірінен-бірі бөлінбейді.

«Адам ақыл-ойының арқасында ғана адам болды», — дейді ғұлама.

Қорыта келе айтарымыз, Ұлы бабамыз — Аристотельдің философиясын дамыта отырып, өз тарапынан көптеген маңызды ғылыми еңбектер жазды. Әл-Фараби ғылымының философиялық-логикалық іргетасын дұрыстап қайта қалап шықты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т.б. ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні ерекше зор.

Дүние жүзі мәдениетінің дамуында із қалдырған қайраткерлер осы заманға дейін адамзат мәдениетінің бірлігін паш етіп келеді. Әл-Фараби осындай дүниежүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Ол туған елінің мәдени байлығын, Иранның, Үндістанның ежелгі дүние мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Дәл сондықтан да ол таяз ұғымдар мен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле білді. Өзінің ойлау жүйесін сындарлы да икемді ете білді. Әл-Фараби заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді. Өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірден-бір саласы жоқ деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. — Алматы: Паритет, 2011. — 432 б.
2. Қасымжанов А., Әлінов А. Әл-Фараби // Қазақ: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 176 б.
3. Орынбеков М., Алтаев Ж. Әл-Фараби философиясы // Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.). — Алматы: Ғылым, 1995. — 160 б.

4. Мырзахметұлы М. Абайдың философиялық ойларының бастарын әл-Фарабиден табамыз // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 19–21-б.
5. Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының екі томдық жинағы. — I-т. — Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. — 205, 206-б.
6. Екінші ұстаз әл-Фарабидің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» пайымдамасы // Қазақ: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 116–129-б.
7. Сағындықов Н. Фарабитану қайта жаңғыру кезеңінде тұр // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 31, 32-б.

ӘӨЖ 929(09) 045

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАНА ФИЛОСОФЫ – ӘЛ-ФАРАБИ

Серикбаева А.К., аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылым мен білімнің өркендеуіне қосқан еңбектері толықтай келтірілген. Мақалада энциклопедист-ғалымның әлеуметтік-этикалық мәселелерді қозғайтын ой-толғаныстары, философиялық өлеңдері қарастырылған.

Түйінді сөздер: гуманист, ойшыл, философия, ағартушы, ұстаз, ғұлама.

Ежелден-ақ Отырар қаласын мекен еткен түркі тектес тайпалардың барлығы дерлік бертін келе қазақ халқының этностық құрамына енгені көне тарихтан жақсы мәлім. Алайда „әл-Фарабиді қазақ етіп көрсетуге тырысу да жасанды әрекет болады. Ол заманда ұлт болып бірігу процесі аяқталудан әлі тіпті алыс еді. Сол сияқты оны өзбек деп кесіп айту да әділеттік бола қояр ма екен. Фактілер негізіне сүйене отырып, әл-Фараби кейін қазақ халқының құрамына қосылған түркі тайпасынан шыққан дей аламыз».

Жастайынан асқан зерек, ғылым-өнерге мейлінше күштар болып өскен әл-Фараби алғашқы білімін туған жері Отырарда қыпшақ тілінде алады. Ол өсе келе өз заманының аса маңызды ғылым мен мәдениет орталықтары: Бағдад, Қорасан, Дамаскі, Каир, т. б. шаһарларда болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз зергерлерімен танысады. Олардан тәлім- тәрбие алады.

Әл-Фараби өзінің түркі тілімен қатар, араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жетік білген жан. Ғылыми шығармаларын, өлең-жырларын өз дәуірінің рухани- ғылыми тілі саналған араб тілінде жазды.

Ғұлама-ғалым ретінде әл-Фараби атсалыспаған, зерттеу жүргізбеген ғылым саласы жоқ деуге болады. Ол философия, логика, математика, тіл білімі, әдебиет теориясы, т. б. ғылым салалары бойынша қыруар көп ғылыми еңбектер жазды. Алайда оның көптеген шығармалары ел арасында қолжазба күйінде тарап, бірте-бірте жоғалып қала берген. Фараби еңбектерінің кейбір тізімдері ғана сақталған. Соның өзінде ұлы ғалым еңбектерінің саны жөнінде нақтылы деректер жоқ.

Мәселен, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді. Ұлы ғалымның ұшан-теңіз еңбектерінен біздің заманымызға дейін сақталып, бүгінгі ұрпақтың қолына тигені қырыққа жуық шығарма деуге болады. Әйтсе де осы қырық

шақты еңбегінің өзі-ақ әл-Фарабидің энциклопедист-ғалым, дарынды әдебиетші, ұшқыр ойлы ақын болғанын толық дәлелдейді.

Әрине, Әбу Насыр әл-Фараби ең алдымен кезінде «Шығыстың Аристотелі» атанған есімі әлемге мәшһүр философ болды. Ол көне заманның Платон, Аристотель, Гален сияқты ақыл-ой алыптарының шығармалары туралы көптеген трактаттар мен түсіндірмелер жазды. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен Батыстың ғылыми қауымын грек философиясымен, логика ғылымымен, ежелгі мәдениетімен таныстыруда зор рөл атқарады.

Фарабидің «Ақылдың мәні туралы трактат», «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ғылымдардың шығуы», «Философияны оқу үшін алдымен не білу керек», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» («Поэтика», «Риторика», «Софистика» т. б.) сияқты зерттеулері оның есімін әлемге философ ретінде танытты.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-қоғамдық және этикалық көзқарастарын танытатын туындылары да аз емес. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, әсіресе «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында» деген сияқты еңбектерінің мәні ерекше зор.

Ұлы ғалым нағыз гуманист ретінде адам ақыл-ойының жан-жақты дамып, табиғат пен қоғам сырын толық ашуы мүмкін екеніне кәміл сенеді, адамзат қоғамындағы барлық мәселелерді шешуге қабілетті ең басты күш — ақыл-парасат деп біледі.

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды, қала тұрғындарының көзқарастары» атты кітабында бірқатар қоғамдық - әлеуметтік, этикалық мәселелерді сөз етеді. Мұндағы қала деп отырғаны — мемлекет. Ғалым бұл шығармасында мемлекеттің пайда болуы, ондағы теңсіздіктің өмірге келуі, идеал қала халқының моральдық бейнесі, мұндай қала әкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әрбір адамның бақытқа жетуі үшін бүкіл қоғам болып, бірігіп тіршілік етуі керектігі, т. б. мәселелер жайындағы өз пікірін ортаға салады. Ол халық бақытты өмір сүру үшін елді жақсы әкім басқаруы керек деп түсінді. Ал, жақсы әкім — әділ, инабатты, мейірімді, жан-жақты білімді, жақсылыққа жаны құмар, жамандықтан жиіркенетін, батыл, жомарт, өнер мен әдебиетті сүйетін адам болуы тиіс. Фараби мемлекег басқаратын адамға осындай биік талаптар қояды.

Сонымен, Фараби болашақ қоғамда адамдардың емін- еркін, азат өмір сүретін, қоғам мүшелерінің бәрі тең, бірін - бірі құрметтейтін, бақытты қоғам ретінде суреттейді. Бүкілхалықтық бақытқа жетудің бірден-бір жолы ғылымды, білімді игеруде деп білді. Фараби ұлы гуманист ретінде феодалдық соғыстарға, ел-жұртты тонауға, тақ пен тәж үшін болған қантөгістерге, әділетсіздікке қарсы шықты, адамның еңбекке, білімге, бейбіт өмірге деген құқығын қорғауға әрекет жасады.

Әл-Фарабидің философия, логика, тіл білімі, музыка т. б. ғылым салалары бойынша жазылған еңбектерін оқып білудің өзі ұлы ғалымның әдебиет теориясы мәселесіне арналған трактаттарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Әбу Насыр әл-Фараби әдебиет теориясымен де жан - жақты шұғылданған ғалым. Әдебиет теориясы бойынша бірқатар келелі еңбектер жазғанын ғалым шығармаларының сақталып қалған тізімдерінен білеміз. Мәселен, орта ғасырда өмір сүрген араб ғалымы Ибн Аби Усайбаның (1203—1270) айтуы бойынша, әл-Фарабидің өлең құрылысын зерттеуге арналған «Қалом фи ашшеъер ва ал-қавофий» («Өлең және ұйқас туралы сөз») деген шығармасы болған. Әл-Фараби дәурінде және одан кейінірек өмір сүрген бірқатар әдебиетшілер бұл еңбекті поэзия табиғатын зерттеуде теңдесі жоқ туынды деп жоғары бағалағаны мәлім. Өкінішке орай, ұлы ғалымның бұл шығармасы әзірше табылған жоқ. Сондай-ақ, Фараби еңбектерінің тізімінде оның «Өлең ырғағы

туралы», «Ырғақ пен өлең туралы сөз» және «Поэзия өнерінің негіздері туралы трактат» деп аталатын зерттеулері болғаны көрсетіледі.

Соңғы жылдары әл-Фарабидің бұрын ғылымға белгісіз болып келген аса құнды бір шығармасы Братислава (Чехословакия) университетінің кітапханасынан табылды. Арабша жазылған бұл ғылыми еңбек «Китаб ашшеър» («Өлең кітабы») деп аталады. Бұл шығарманы араб тілінен өзбек тіліне аударып, оған алғы сөз, ғылыми түсініктер жазып, жеке кітап етіп шығарған белгілі өзбек ғалымы А. Ирисов болды.

Әл-Фарабидің «Өлең кітабы» көлем жағынан шағын ғана туынды, оны тіпті кітап емес, мақала деп атаған жөн шығар. Мүмкін мұның өзі алғашта көлемді шығарма күйінде жазылған болуы да ықтимал. Кейінірек белгілі бір себептер әсерімен кітап көлемі әдейі қысқартылып, бізге тек тезис күйінде жеткен болуы да ғажап емес.

Фарабидің бұл зерттеуі жеке кітап күйінде сақталмаған. Ұлы ғалымның он екі бөлімнен тұратын логика саласындағы кітабының ішіне қосылып, сонымен бірге түптелген екен.

Фараби өзінің «Өлең кітабын» мынадай сөздермен бастайды: «Біз поэзиясымен хабардар болған көптеген халықтарға қарағанда арабтар өз поэзиясында бәйіттің соңғы жағына көбірек мән береді. Сол үшін де араб бәйіттері белгілі бір өлшемдігі шектелген сөздермен толықтырылады әрі көркемделеді, мұның өзі оларда сирек қолданылатын яки көпшілікке мәшһүр болған сөздерді пайдалану арқылы іске асады. Жоғарыда аталған бәйіттердегі сөздерден туындайтын мән-мағына осы әңгіме болып отырған нәрсе мен оқиғаларға ұқсайтын еліктеу болуы керек.

Мұндай жағдайда қолданылатын сөз тіркестері ырғақты, белгілі бір бөлшектерге жіктелген болуы керек, тіпті ондағы әрбір ритм, ырғақ, буын, бунақ саны да шектеліп тұруы шарт.

Өлеңнің әрбір ритмінде қолданылатын сөз бөлшектері тәртібінің де өзіне лайықты шекарасы болады.

Өлең шумағының әрбір буын бунағындағы ритм тәртібі мен өзге шумақтағы тәртіп өзара үндесіп жатуы керек. Міне, осы жоғарыда айтылған шарттардың орындалуы нәтижесінде, өлеңнің әрбір құрамдас бөлігі оқылған кезде өзара бір мезгілде оқылады. Әрі біркелкі болып шығады. Әрбір ырғақта қолданылатын бәйіт сөздерінің де белгілі бір тәртібі, шекарасы бар. Мұнда бәйіт сөздерінің соңғы жағы да шектелген. Не дыбыстар дәл өзіндегідей яки оны дауыстап оқығанда тең келетін сөздер болуы керек.

Бәйіттегі сөздер де әңгіме не туралы айтылып жатқан болса, соған ұқсас етіп, бейнелі түрде айтылуы тиіс. Сонымен бірге бәйіттердің бір-біріне үндес болуы да талап етіледі. ...Алайда грек шайыры Хомердің (Гөмер — Н. К.) етістік қолдануына қарасақ, ол өз жырларында өлең жолдарындағы соңғы сөздердің сәйкес келуіне мән бермейді...»

Фараби осы еңбегінде «бәйіт сөздерінің соңғы жағы да шектелген» деген пікір айтқан. Оның мәнісі: өлеңнің соңғы бірінші тармақта қалай келген болса, екіншісінде де солай келуі керек деп түсіну қажет. Бұл арада Фараби өзара ұйқасатын сөздер туралы әңгіме қозғап отырған сияқты. Өйткені мұндай жағдайда тармақ соңындағы әріптер, дыбыстар ұдайы бірдей болып келеді, әсіресе соңғы буындар солай болады.

Сонымен бірге, Фараби «бәйіттегі сөздер де әңгіме не туралы айтылып жатқан болса, соған ұқсас етіп бейнелі түрде айтылуы тиіс» дейді. Орта ғасыр философтары табиғаттағы әрбір құбылыстың әсері қоғамдық өмірде де сол күйінде қайталанып, өз көрінісін тауып отырады деп түсінген. Сондықтан табиғат пен қоғамдық өмірдегі құбылыстарды жырлаушы ақындар оларды «Табиғатқа еліктеу-ші» деп атаған. Алайда бұл арада Фараби көркем сөз өнеріндегі ұқсату-теңеу жөнінде айтып отыр. Демек, сол өмірдегі әрбір оқиға тек теңеу жолымен, образ арқылы ғана оқырманға жетеді деген пікірді меңзеп айтып отыр.

Әбу Насыр әл-Фараби өзінің «Өлең кітабында» поэзияның бірқатар теориялық мәселелеріне — өлеңнің композициялық құрылысына, шумағына, өлшеміне, ұйқасына, т. б. шолу жасай келіп, жырдың барлық компоненттері ақынның айтайын деп отырған ой жүйесіне лайық, орынды болу керек деген түйін жасайды. Жақсы өлеңде қашанда басы артық, оғаш тұрған шумақ, тармақ болмайтынын ескертеді.

«Өлең кітабында» автордың айтпақ болған басты пікірі — өлеңнің ішкі мән-мағынасы мен сыртқы тұлғасы өзара қабысып, логикалық тұрғыдан үндесіп тұруы тиіс. Поэзиялық туындының әрбір буыны, бунағы, ұйқасы, үні, өлшемі т. б. бір-бірімен үндесіп, дәлме-дәл келіп жатқанда ғана ол оқырманның ойынан шығады. Дарынды шайыр құдды шебер ұста секілді. Қарапайым сөздердің өзінен-ақ таңғажайып өрнектер жасайды.

Фарабидің әдеби мұрасын игеруде оның кейінгі кезде табылған „Өлең кітабын» жан-жақты зерттеп, оқып-үйренудің мәні зор.

Әл-Фарабидің өлең табиғатын терең зерттеуші ғұлама-ғалым ретінде танытатын шығармаларының бірі — «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» болып табылады. Мұны Лондондағы үнді диуаны (Хиндиан офис) кітапханасынан белгілі Шығыстанушы ғалым Артур Арберри 1937 жылы тапқан болатын. Бұл зерттеу Аристотельдің «Поэтика» атты еңбегінің ықпалымен жазылғаны мәлім. Әрине, «Поэтикада» сөз болатын көне грек әдебиетінің жанрларымен, терминдерімен, өлең өлшемдерімен т. б. жақсы таныс болмаған адамға Фараби трактатын бірден түсініп оқу қиын. Сол үшін біз өлең өнерінің қағидаларына арналған зерттеудің кейбір тұстарына өзімізше түсінік бере кетуді жөн көрдік.

Әл-Фараби өзінің «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» деген еңбегінде ұстазы Аристотельдің «Поэтика» атты зерттеуіне сілтеме жасай отырып, өлең жазудағы ақындық шеберлік пен өнер жайында ғылыми ой-пікірлер айтады.

Фараби поэзияда екі түрлі құбылыс бар деп біледі. Олардың бірі — софистика, ел екіншісі — еліктеу. Ғалым бұл екеуі төркіндес емес, қайта олар бір-біріне қайшы келетін ұғымдар, екеуінің мүддесі де екі түрлі екенін ерекше атап көрсетеді: „Софист тыңдаушы санасында болмыстан тыс, оған қайшы қайдағы бір елес туғызады, сондықтан ол бар нәрсе жоқ, жоқ нәрсе бар деп ойлайды, ал оған қарама-қарсы еліктеуші тыңдаушысына үйлесімге орай ой түюге жетелейді. Оған сезім шарапатын тигізеді».

Фарабидің ақындық ой қорыту, өлең өлшемі мен мазмұны жайындағы пікірлерін айқынырақ аңғару үшін трактатты одан әрі оқи түсейік: «Ақындық түйіндеуді өлшеміне, яки мазмұнына қарай топтау мүмкін. Өлшеміне қарай топтау әуенділікке немесе екпінге, тұжырымдау қай тілде екеніне байланысты, сонымен қатар музыканың деңгейіне де қатысты. Мазмұнына қарай ғылыми тұжырымдау, тап басып болжау, поэзияны талдаушының, поэтикалық мәнді зерттеушінің, әртүрлі халық поэзиясы мен оның әрбір мектебін білетіндердің hareketіне кіреді» .

Міне, Фараби осы жәйттерді айта келіп, ежелгі араб және парсы өлең-жырларын зерттеушілер бұл халықтардың поэзиясын сатира, поэтика, айтыс, комедия, газель, жұмбақ, тағы басқаларға бөлетінін ескертеді. Сонымен бірге Фараби өзі өмір сүріп отырған дәуірде және көне заманда көптеген халықтардың шайырлары фабула мен өлшем арасына шек қоймағанына оқырман назарын аударады. Поэзиядағы мұндай жағдайдан тек ежелгі гректер ғана тыс тұр деп көрсетеді. Өйткені гректер әрбір ақындық, тақырыпқа ерекше өлшем қолданған.

Сөйтіп, әл-Фараби грек поэзиясын төмендегідей топқа бөліп сипаттайды, олар: трагедия, дифирамбы, комедия, ямб, драма, эпос, диаграмма, сатира, поэма, риторика, ам-фигеноссос (космогония), акустика.

Әрине, бұл айтылған өлең формалары бүгінгі әдебиетке әбден орныққан әдеби жанрларға айналғаны мәлім. Алайда Фарабидің айтуы бойынша, кезінде мұның бәрі өлеңнің түр-тұлғасы қызметін атқарған.

Фараби грек поэзиясына тән осы өлең түрлерінің әрқайсысына өзінше анықтама береді: „Трагедия дегеніміз арнайы өлшемі бар, бәріне тыңдаушыға һәм айтушыға да ләззат беретін поэзия түрі. Онда еліктеуге тұрарлық, үлгі алар орайлы оқиға бар: онда билеушілер мен шаһар манаптары марапатталады. Орындаушылар әдетте оны патшазадалар алдында келістіріп айтып береді. Егер патша өлсе, олар трагедияның орнына кейбір әуен қосып, марқұмды жоқтайды

Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» атты осы шығармасында Фараби ақындарды үш топқа бөліп қарастырады, әрі әрбір топқа өзінше сипаттама береді. Бірінші топқа Фараби табиғи дарыны мол, тамаша теңеулер табуға мейілінше бейім, бірақ өлең өнерінің сын - сипатымен, яғни теориясымен онша таныс емес ақындарды жатқызады. Ал, енді екінші топтағылары — өлең өнерімен толық таныс ақындар, олар өлең жазу қағидасына да, бейнелеу құралдарын қолдануға да шебер болып келеді. Үшінші топтағылар — жоғарыда аталған екі ақындық топқа еліктеушілер деуге болады. Бұлардың әлі өзіндік жазу мәнері толық қалыптасқан емес.

Сонымен Фараби біз әңгіме етіп отырған шығармасында ежелгі дәуірдегі араб, парсы және грек поэзиясының тарихы, тақырыбы, композициялық құрылысы, өлшемі, шумағы, ырғағы, тармағы, буыны, бунағы, ұйқасы, түр-тұлғасы, т. б. мәселелерін әдебиетші-ғалым ретінде жан-жақты зерттейді.

Сондай-ақ, Әбу Насыр әл-Фараби — өз дәуірінің көрнекті ақындарының бірі. Бұл жөнінде әл-Фараби замандастары және одан кейінірек өмір сүрген Шығыстың көрнекті ақындары, әдебиетшілері және тарихшылары көптеген мәліметтер жазып қалдырған. Мәселен, белгілі араб тарихшылары Ибн Аби Усайба (1203—1270) және Ибн Халликон (1211—1282) өздерінің еңбектерінде әл-Фарабидің араб, парсы тіліндегі жазылған жырларынан үзінділер келтірген.

Мұндай өлеңдерінің бірқатары бертінде жарық көрген әдеби жинақтарға енгізілген. Сол жырлардың бірінде мы-надай жыр жолдары бар (Біз баспахана мүмкіндігін ескеріп, парсы сөздерін қазіргі қазақ тілінде қоданылып жүрген әріптермен транскрипция жасадық):

Әсрари уәжуд хам уә напұхтә биманд,
Уан гауһари бәс шәриф насуфтә биманд.

Хәр кәс бәдәлили ақил чизий гүфтәд Ан нүктәки әсіл бүд нагуфтә биманд.

Мазмұны: „Барлық ой-сырларым шикі күйінде, түйінделмей, пісіп-жетілмей қалып барады. Бұл қымбат гауһар өңделмеген (тесілмеген) күйінде, кәдемізге жаратылмай қала берді. Жүрек сыры жайында әркім өз ақыл-парасаты жеткенше бірдеме айтқан болды. Әйтсе де айтылуға тиіс ең басты пікір — айтылмай, нүкте қойылмай қалып барады».

Тағы бір өлең жолын мысалға келтірейік:

Ей, ан ки шума пийру жәван дийдарид,
Әзрәк пушони ин кухән деварид.

Тифли зи шумо дар бәри ма махбусаст Ура бәхалис химмәти бигумарид.

Мазмұны: «Ей, көзге көрінген қарттар мен жастар! Мына өмір қорғанының көк киімділері! Сіздердің бір балаңыз бізде сырқат болып жатыр. Сіздер оның науқасынан сауығып кетуіне жәрдем беріңіздер, демеу болыңыздар».

Кезінде араб тарихшылары Ибн Халликон жазып қалдырған Фараби бәйіттерінің бірнеше шумағын жолма-жол аударып беруді жөн көрдік: Бауырым, сен теріс жолға түскен жандарға ерме, Олардан аулақ жүр, қашанда әділдік жағында бол. Бұл дүние — біз мәңгі тұратын мекен-жай емес, Әлемде ешкім өлімді жеңе алмады.

Адамдар әлде құмға түскен із бе екен?
Біз соншалықты дәрменсіз болғанымыз ба?
Бір рет самал сокса-ақ бәріміз,
Мына өмірден үшті-күйді жоғалып кетеміз бе?
Адамға бір сәттік қысқа ғұмыр берілген,
Сол қас қағымдай сәттің өзін көп көріп,
Адамдар бірін-бірі жегідей жейді,
Бірін-бірі азапқа салып қинайды.
Түкке тұрғысыз атақ-даңққа таласып,
Қашанға дейін бір-бірімізді азаптай береміз?
Одан гөрі көк-тәңірісіне жалбарынып,
Өліп кеткеніміз жақсы емес пе?

Сөйтіп, ақыл-парасат пен оқу-ағарту ісінің жалынды күрескері болған Фараби зорлық-зомбылық атаулыға барынша қарсы шықты. Осы идеяны өз жырларына арқау етті. Ақынның гуманистік тұрғыдан айтылған ой-пікірлері бүгінгі оқырмандарды да таңдандырып, сүйсіндіреді.

Орта ғасырда өмір сүрген арабтың мәшһүр шайырлары мен тарихшыларының еңбектерінде әл-Фараби көп өлең жазған деген пікір айтылады. Белгілі шығыстанушы Е. Э. Бертельс те осындай қорытынды жасайды. Бірақ оның жырлары сақталмаған. Бізге Фарабидің бірнеше өлеңі ғана мәлім.

Әл-Фараби өлеңдерінің негізгі тақырыбы — өмірдің мән-мағынасы жайлы толғау, оқу мен білімді мадақтау бағыт-бағдарын, тынысын айқын сезінуге болады.

Қашықтасың туған жер — қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршадым мен
Қанатым талды менің
Шаңыт жолға сарылып қарауменнен.
Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасында көз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.
Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түңіледі.
Қайтейін мен көкжиек көңілімді.
Келен күнге үмітпен жол ашамын.
Қос шөлмекпен өткіздім өмірімді,
Соны медет етеді болашағым.
Бір шөлмекте көк сия толып түрса,
Екіншіде — шарап бар жайы мәлім.
Даналықты сиямен толықтырсам,
Шарабымен шерімнен айығамын.

Әл-Фараби тағы бір өлеңінде бұл ғұмырдың мәңгі еместігін айта келіп, жастық, жүректің жалынын осы өмірдің игілікті істерін атқаруға жұмсау керектігін аңғартады.

Бауырым, қанша сүйгенмен,
Өтеді өмір күйбеңмен.
Шындыққа бас тік алаулап,
Пенделіктен бол аулақ.
Жататын дәйім жаңғырып,

Бұл ғұмыр емес мәңгілік.
Бейопа мына заманда,
Бақұл боп кетер адам да.
Жұрт кілең күнін көп қызық.
Жіберер зая өткізіп.
Қағаздың түсіп бетіне,
Сызықтай бейне тартылған Тап болып, жігер сарқылған,
Кездейсоқ өмір өтіне.
Қайыспай тұрса нар тұлғаң
Сонда да беріп кетеміз,
Жүректің отын молында Арманды аңсаң өтеміз
Біз ұлы мұрат жолында.

Төмендегі өлең жолдары әл-Фарабидің ақындық тұғырының да биік болғандығын толық дәлелдейді:

Тамылжып бал тыныштық айналамнан,
Тылсым түнге құшағын жайған далам.
Мен жатырмын ұйқысыз жапа-жалғыз,
Жанымды ой жарығы аймалаған.
Аққан жұлдыз құласа кейде егер,
Сенің нұрлы бейнең боп кеудеме енер.
Әлдеқайда ғайыптан ынтызар ғып,
Өміріме бір ғажап сәуле берер.
Үнің жетер жаңғырып жырақтан ең,
Сезініп мен демінді гүл атқанмен,
Оның өзі бір-ақ сәт... содан кейін,
Мұңды әуенді жалғаймын бірақ та мен...
Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзіңді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,
Тіпті кейде болса әзәзіл азғырған.
Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.
(Аударған А. Нысаналин).

Әрине, әл-Фараби өмір сүрген дәуірде үлкен ғалымдардың өлең де жазуы өзінше бір әдетке айналып кеткен салт, дәстүр болған. Мәселен, Фарабидің замандасы, ұлы ғалым, медицина ғылымының негізін қалаушылардың бірі Әбу Әли ибн Сина, энциклопедист- ғалым Бируни, ұлы математик әл-Хорезми т. б. кезінде аз- ды-көпті өлең-жыр жазумен де айналысқан. Бірақ орта ғасырдың әдебиет зерттеушілері мен тарихшылары поэзия мәселесін сөз еткенде көбінесе дерлік әл-Фарабидің есімін қайталап отырады. Өкінішке орай, Фарабидің поэзиялық мұрасы біздің дәуірімізге дейін толық сақталмады. Әйтсе де саусақпен санарлықтай азғана жыр жолдарының өзінен оның зор шабытты, кең тынысты, терең ойлы, нәзік сезімді, дарынды ақын болғанын аңғару қиын емес.

Сонымен, Махмұд Қашқари, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан әл-Беруни сияқты түркі тілдес халықтардан шыққан ғұламалардың еңбектері әлемдік мәдениетпен ғылымға қосылған сүбелі үлес болды.

Түйіндеп айтқанда, Орта Азия мен қыпшақ даласы үшін X—XII ғасырлар қоғамдық-әлеуметтік, саяси тұрғыдан дамудың жаңа басқышы болып табылады. Бұл

кезеңде түркі тілдес халықтардың мәдениеті, әдебиеті, ғылымы едәуір өркендеп өсті. Әсіресе, түркі әдеби тілі жан-жақты дамып, жетіле түсті. Мұның өзі түркі халықтарының, соның ішінде, қазақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз, т. б. халықтардың этностық құрамының қалыптаса бастауы мен олардың әлеуметтік-қоғамдық өміріндегі рөлінің біртіндеп артуына байланысты болды

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. — Алматы: Раритет, 2011. — 432 б.
2. Қасымжанов А., Әлінов А. Әл-Фараби // Қазақ: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 176 б.
3. Орынбеков М., Алтаев Ж. Әл-Фараби философиясы // Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.). — Алматы: Ғылым, 1995. — 160 б.

ОӘЖ 1.101.9

ФАРАБИ ҒІЛІМІНДЕГІ АДАМ МӘСЕЛЕСІ

Байискакова К.А., аға оқытушы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Әл-Фараби мұрасы әр уақытта да, қазіргі жаһандану кезеңінде де өзекті тақырып. Фараби өз дәуерінде адамдардың өзі көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтып, адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс екенін, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып білу арқылы жетілетіндігін қарастырған.

Түйінді сөздер: таным, адам, түйсік, табиғат, құндылық, қасиет.

Әбу Насыр әл-Фараби – дүниежүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» және Шығыстың Аристотелі – атанған данышпан, философ, энциклопедист – ғалым, әдебиетші, ақын. Әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі.

Толық есімі - Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ ибн Тархан. Негізі – түрік. Әл-Фараби Түркістан өлкесіндегі Фараб жерінде туылған.

Жастайынан асқан зерек, ғылым-өнерге мейлінше құштар болып өскен Әл-Фараби алғашқы білімін туған жері Отырарда қыпшақ тілінде алады. Ол өсе келе өз заманының аса маңызды ғылым мен мәдениет орталықтары: Бағдат, Қорасан, Дамаск, Каир, т.б. шаһарларда болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің аса көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз зергелерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады[1].

Әл-Фараби түркі тілімен қатар араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жетік білген. Ғылыми шығармаларын, өлең-жырларын өз дәуірінің рухани-ғылыми тілі саналған араб тілінде жазды.

Фарабидің екі жүзге жуық трактаттары белгілі. Ол көне заманның Платон, Аристотель, Гален сияқты ақыл-ой алыптарының шығармалары туралы көптеген трактаттар мен түсіндірмелер жазды. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен Батыстың ғылыми қауымын грек философиясымен, логика ғылымымен, ежелгі мәдениетімен таныстыруда зор роль атқарды.

Фарабидің ”Ақылдың мәні туралы трактат”, ”Данышпандықтың інжу маржаны”, ”Ғылымдардың шығуы”, ”Философияны оқу үшін алдымен не білу керек”, ”Аристотель еңбектеріне түсіндірме” (”Поэтика”, ”Риторика”, ”Софистика” т.б.) сияқты зерттеулері оның есімін әлемге философ ретінде танытты.

Фараби философиясындағы адамның танымдық қабілеті ерекше қойылады. Оның пікірінше, тек адамға ғана дүниені тану құштарлығы тән, өйткені оның дамуы ғана ақиқатқа жеткізетін білім жүйесі болып табылады. Сыртқы ортаны, табиғатты тану, өзін-өзі тану арқылы ғана адам ең жоғарғы құндылыққа айналады. Таным адамның мәні немесе оның мәнінің бір әрекеті.

Адамның іс-әрекетінің мақсатқа сай жүруінің табиғат пен адам бірлігінде маңызы зор. Өмір сүретін табиғи заттар мен өздері өмір сүретін табиғи қасиеттер мен мәндер тығыз адамның түйсігіне, ақыл-ойына әсер етуі арқылы адамда өзін қоршаған ортаны танып-білуге, ол туралы белгілі бір білім жүйесін қалыптастыру керек екендігін Әл-Фараби өз ілімдерінде дәлелдеп көрсетеді.

Фарабидің пікірінше, бүгінгі өмір негізінде алсақ, дүние мен адам бірлігі туралы ой-тұжырымдардың синтезі ғылыми таным үшін өте қажет. Өйткені жалпы әлем туралы адамның дүниетанымында нақты жүйеленген, тарихилық пен логикалықтың бірлігі негізінде қалыптасқан білім теория болмаса ғылыми таным да болмас еді[2].

Әл-Фараби жас ұрпаққа және жеке адамдарға тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін, ұстаздық жасайтын адмдарды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша тәрбиеші адам – „мәңгі нұрдың қызметшісі”. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған оттың көзі” – деген Фараби.

Әл-Фараби түсінігінде, ұстаз да қала басшысы сияқты ел жетекші, халық қадірлісі. Медресе балаларды оқытып, тәрбиелесе, қала бастығы олардың ата-анасына өнеге көрсетеді, халықты ізгі қасиеттерге баулиды. Олай болса мұның екеуі де “сегіз қырлы, бір сырлы” қай жағынан да болса барша халықтан қош ілгері тұрған кісілер. Сондықтан бұл екеуіне де мынадай 12 түрлі қасиет сәтті қабысып келсе нұр үстіне нұр болған болар еді:

1. Тән ерекше жетілген түрлі іс-әрекетті нәтижелі етіп орындауға ыңғайлы бейім болуы;

2. Нені болса да жақсы айырып, тез тұжырымға келе алатын;

3. Өзінің түсініп, сезгенін көріп, білгенін есіне жақсы сақтай алатын;

4. Көреген ойлы, талғампаз, ақылды адам болуы;

5. Ойын анық, дәл бере алатын, көркем сөйлей алатын шешен;

6. Ілім-білімді, оқу-ғылымды жан тәнімен, ұңғыл-шұңғылын ақыл-ой жұмысының үлкен бейнетін тек ләззат санайтын адам;

7. Қайда жүрсе де өте ұстамды;

8. Өтірік-өсекті, мылжыңдықты жек көріп, шындықты, әділдікті бар ынтасымен сүйе білу;

9. Өр кеуделі, жан мен арын бірдей кіршіксіз ұстайтын адам;

10. Мал-мүлікке, дүние-жиһазға, мәнсіз ұсақ тіршілікке қызықпау;

11. Табиғатынан әділ, шынайы, шыншыл;

12. Басқаға дау, өзіне де қиянат қыңыр-қиқар болмай, әркез шешімге келе алатын байсалдығы мен батылдығы қатар жүре алатын, қорқыныш пен үрейге жол бермейтін адам;

Осылайша бабамыз Әл-Фараби өнегелі ұстаз бен әділ билеушіге ортақ 12 қасиетке мән береді де, бұған қосымша жұртты аузына қаратқан даналық, заң мен әдеп-ғұрыптарға жетістік, іс-әрекеті осыларға сәйкес. Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ал

мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандайда бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысы оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі.

Міне, сондықтан да бір – біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселерінің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады. Осындай қауымның барлық мүшелерінің іс – әрекеті жиналып келгенде олардың әрқайсында өмір сүру үшін және кемелділікке жету үшін керекті нәрсенің бәрін тауып беріп отырады. Міне, сондықтан да, адамзат индивидтері көбейе түсіп, жер жүзіндегі әр түрлі мекендерге қоныс тепті, осының нәтижесінде адам қоғамдары пайда болды[3].

Адамзат ақыл-ойының эволюциясын Әл-Фараби таным процесіне қатысатын адам жанының қабілеті мен бөлшектеріне байланысты зерттейді. Адам интеллекті – бұл туа біткен қабілет, - деп көрсетеді Әл-Фараби. Бұл алғашқы интеллектіні философ потенциалдық және алғашқы материалдық интеллект деп атайды. Ол тәжірибеге дейін болады, яғни адамзат ие болғанға дейін болады. Тәжірибе пайда болып, сақталғаннан кейін потенциалдық ақыл актуалды ақылға айналады. Таным процесінің екі жақты сипаты бар: ол потенциалды ақыл-оймен қатар потенциалды ақыл жететін нәрселерді де жүзеге асыруды көздейді. Материалдық болып табылатын заттардың субстанциясында өзбетінше актуалды интеллект болу қабілеті жоқ.

Бұл объектілердің мүмкін, яғни потенциалды танылудан актуалды танылуға өтуі үшін материядан да асқан субстанциялы мән қажет. Өзінің “Ақыл (деген сөздің) мағынасы жайындағы пайымдама” деп аталатын шығармасында Әл-Фараби интеллект деген сөздің түрлі мағынада пайдалануы туралы жазады.

Бірінші - қарапайым сөзде, парасатты адам жөнінде айтқан кезде қолданылады.

Екінші – мутакаллимдердің түсінігінде, парасат теріске шығарылған кезде айтылады.

Үшінші – Аристотельдің “Екінші Аналитика” атты шығармасында берілген мағынада, интеллект жанның қабілеті болып табылады. Туа біткен қасиеті арқылы әмбебап, ақиқат және қажетті шарттар жөнінде анық мағлұмат алу үшін адамға жағдай жасайтын жан қабілеті деп қарастырылады.

Төртінші мағынасы – тағы да Аристотельдің “Этика” деген еңбегінің алтыншы кітабында айтылған. Мұнда Аристотель интеллект деп өзіне сәйкес келетін тектегі объектілерге ұдайы қолданудан келіп туатын сол жанның бір бөлігін айтады. Бұл өзі жүре келе тәжірибеден туады, жан бұл тәжірибені объектідегі әрбір дара нәрседен алады. Пікірлер мен шарттардың анықтығы ерік істерінен туады; оның қабылданатыны немесе қабылданбайтыны ерік істерінің табиғатында болады.

Жанның нақ осы бөлігін Аристотель “Этиканың” алтыншы кітабында интеллект деп атаған, - дейді Әл-Фараби. Интеллект сөзінің бесінші мағынасы Аристотельдің “Жан туралы” трактатынан алынады.

Мұнда Аристотель интеллектті төрт түрге бөледі: а) потенциалды; б) актуальды; в) жүре келе дарыған және г) әрекетшіл интелект.

Потенциалды интеллект дегеніміз формаларды жүзеге асыратын субстанция болып табылады. Форма деген ұғым Аристотельде, Әл-Фарабиде мән (сущность) деп алынады. “Ақылбилфил” – “актуальды интеллект”. Бұл мағынаға Аристотельдің “ойлауды-ойлау” деген ұғымы сай келеді. Мұнда Әл-Фараби ойлау мен болмыстың ұқсастығы қатынасын дамытады. Таным әрекетіне жеткенге дейін интеллект екі жағынан потенциалды.

Субъект жағынан интеллект, әлі өзі дамытпаған пайымдау қабілеті ретінде потенциалды. Объект жағынан, оның потенциалды болатын себебі затқа ой жүгіртуге,

оны ақылмен пайымдауға болады, оған мүмкіндік бар. Ақылмен пайымдауға болатын парықтарды – “интеллекция объектілерін” пайымдау, оларды потенциалдылықтан нақтылыққа айналдыру арқылы потенциалды интеллект актуалды интеллектке, яғни шын интеллектке айналады.

Егер субстанциядан абстракцияланған интеллекцияның пайымдағыш объектілері осы парықта жүзеге асатын болса, онда бұл объектілері интеллекцияның актуальды объектілеріне айналады. Субстанциядан абстракцияланудан бұрын бұлар интеллекцияның потенциалды объектілері болып еді, ал субстанциясынан айрылып, олар актуальды объектілерге айналды. Актуальды интеллект, бұлар актуальды пайымдалғыш болғандықтан интеллектінің формалары болып табылатын интеллекцияның пайымдағыш объектілерін пайымдағанда, бұған дейін актуальды деп саналып келген интеллект жүре келе дарыған интеллектіге айналады. Болмыста пайымдалғыш парықтар пайда болады. Заттың формалары, ақылмен пайымдалатын интеллекция объектілері ретінде, тек жан дүниесінде өмір сүреді.

“Жан туралы” трактатының үшінші кітабында Аристотель айтқан әрекетшіл интеллект дегеніміз ешуақытта да материяда болмаған және онымен мүлдем байланысы жоқ абстракцияланған форма, - деп түйіндейді Әл-Фараби. Әрекетшіл интеллект дүниеде бар нәрселердің ішінен алдымен ең жетілгендерін таниды, ал материалдық формалар әрекетшіл интеллектіде материядан абстракцияланған болып табылады. Әрекетшіл интеллект материяға өзінің парқында бар қасиетті береді, бірақ материя оларды түрліше қабылдайды. Әл-Фараби философиясында онтология мен гносеология өзара байланысты, олардың тамыры бір, олар Мән туралы бірегей іліммен біріктірілген[4].

Әл-Фараби: “Ақыл-парасат күші-адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және дақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш” деп көрсетеді.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» атты Жолдауында басшы адамның басты мақсаты халықтың әл-ауқатының өсуі, -деп көрсетуін Фараби заманымен арадағы ұрпақтар сабақтастығының айқын көрінісі деп айтуға болады.Бабалар өнегесін жалау қылып, өсиетін басшылыққа алған еліміздің болашағы әрқашанда зор болсын!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан ұлттықэнциклопедия 1 том А-Ә, 20-22 бет.
2. Т.Ғабитов, Ғ.Құрманғалиева Әлемдік философиялық мұра. 4 том.Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. Алматы. Жазушы, 2005. -156-157б.
3. Ғ.Есім Фалсафа тарихы. Оқулық – Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, Алматы, 2000ж., 27б
4. Әлеуметтік философия. Хрестоматия. – Алматы. Ғылым. 1996-112б.

ӘОЖ 929(09)045

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ОЙШЫЛДАРЫ

Бағдатұлы М., оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Андатпа. «Ұлы даланың ұлы ойшылдары» атты мақалада осы уақытқа дейін ғасырлар қойнауынан суырпақтап сыр тартқан тарихшылар, ұлы ойшылдар, ұлы тұлғалардың ұлы даланың әр кезеңде бой көтерген тұлғалар туралы кішігірім өзіндік

галереясы туралы баяндалған, олардың мәлім де беймәлім ғұмырлық ұстанымын, көзқарасын, сыр-сипатын, болмысы талқыланған. Мақала кезең-кезең бойынша тұлғалардың шығармаларына тоқталып, хронологиялық талдау жасалынған.

Түйінді сөздер: Ұлы дала, ойшыл, философия, ағартушы, ұстаз, ғұлама.

Кешегі қазақтың ежелгі мекені Ұлы Дала, қазіргі Мәңгілік ел - Қазақстан шетсіз де шексіз. Алтайдан Каспийге дейін созыла сұлап, Батысы Сібір ойпаты, Шығысы Тянь-Шань тауларының теріскейін ала көсіліп жатқан осынау Ұлы даланың жері де Ұлы, тылсым терең тарихы да Ұлы, өскелең ұрпаққа деген Ұлағаты да Ұлы. Түп-тамыры түркіден тарайтын ортақ Дала өркениетінің ұланғайыр кеңістігінде ежелден бастап-ақ гүлдене қанат жайған бұл мәдени үрдіс Қазақстанның қазіргі шекарасымен ғана шектелмесе керек. Өмір мен өлімнің өзегін жалғап, қуаласаң сағымдай созыла жеткізбей дінкенді құртатын Уақыт, Кеңістік атты шексіз ұғымдардың парқы мен нарқын айыра білген ата-бабаларымыз қандай дана десеңізші. Ол даналықтың ізім-қайым жоғалуы мүмкін бе?! [1].

Дүниежүзінде бейресми атауға ие бірқатар мемлекеттер бар. Мысалы, әлем халықтары Англияны – «Тұманды Альбион», Кубаны – «Бостандық аралы», Жапонияны – «Күншығыс елі», Қытайды – «Аспанасты елі», Голландияны – «Қызғалдақтар елі», Кореяны – «Таңғы шық елі» деп біледі. Елбасы өзі атап өткендей біздің елімізге осындай атаулы бренд жетіспейді. Осы идеяны көтерген Мемлекет басшысы: «Біз – Ұлы Даланың баласымыз. Ұлы Дала, көк аспан... Біздің бабаларымыз тәңір деп, жарық пен көк түсінігін ұмытпаған. Біздің Көк туымыздың астары да осында. Біз – Ұлы Даланың балаларымыз. Міне, осы тарихымыз бен жаңа брендті байланыстыра отырып, біз Қазақстанды жаңа Қазақстан ретінде танытуымыз керек», деген келелі ойды ортаға тастады [1].

Ұлы абай «Адамды заман билейді, заманға жаман күйлейді» деген сөзі ойға оралады. Тұлға да өз заманының төлі, сол себепті заманға бейімделмей қоймайды, бірақ қарапайым көпшіліктің оның ерекшелігі, заманға күйлемейтіні. «Көмекей әулие» атанған Бұқар жыраудың:

Жақсыдан жаман туса да,
Жаманнан жақсы туса да,
Тартпай қоймас негізге, -

Деген сөзі тағы еске түседі. Тұлға кездейсоқ тумайды, тұлға – халықтың жүздеген жылдық сұрыптау тәжірибесінің нәтижесі. Жақсыдан жақсы туу мүмкіндігі қашанда көп [2].

Ұлы даланың ойшылдарының орнын толтыру Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана мүмкін болып отыр. Кейінге уақытта орта ғасырлардағы түркі-қыпшақ әдебиетіне тікелей қатысы бар Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Йасауи, Ахмет Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани т.б. белгілі қаламгерлердің шығармашылық өмірлерін топтауға болады. Екінші кезеңде қазақ халқының ойшылдары арқылы, төл дүниетанымы мен философиясы қалыптасып, дамыды. Қазақ философиясының төл тарихы Асан Қайғы мен Мұхаммед Хайдар Дулаттан басталады. Асан Сәбитұлы – жырау, ойшыл, мемлекет қайраткері. Ол қазақ этносын әрі мемлекетін қалыптастырып, нығайтуда «Жерұйық» ілімін дүниеге әкелді. Бұл – халықтың қауымдасып ұлттық мемлекет құру идеясы болатын.

Ерлік философиясы Махамбет Өтемісұлы жырларында өз жалғасын тапты. Шығыс поэзиясының, сопылықтың ықпалы және төл түсініктер негізінде қалыптасқан ғашықтық философиясына қатысты құндылықтар «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Еңлік – Кебек», «Қалқаман – Мамыр», т.б. жырларға негізгі өзек болды. Қазақтың дербес мемлекеттілігі жойылғаннан кейін жүз жылға созылған Зар заман

дәуірінің ақындары (Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, т.б.) халықтың басына түскен отаршылдық нәубегін сары уайымға салыну, торығу сарынымен жырлады.

Қазақ ағартушылығының көрнекті өкілі Ы.Алтынсарин бала дүниетанымының философиялық мәселелерімен алғаш шұғылданып, осы бағытта тамаша үлгі жасады. Хикмет сөз, яғни даналық айту дәстүрі Абай Құнанбаев заманына дейін үзілмеген. Абай адам болмысын тануда тың дүниетанымдық ойлар айтты.

20 ғасырдың басында С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, т.б. озық ойлы қоғам қайраткерлері саяси сахнаға шығып, ең алдымен «Зар заман» (М.Әуезов) дәуірі өкілдерінің ой-пікірлерін дамытты.

Қазақ халқының өз заманының ойшылдары дүниенің, болмыстың, өмірдің, адамның жай-күйін жете түсінуге ұмтылған. Нақты өмірден бастау алатын қазақтың философиялық көзқарастары қоғам мен табиғат туралы пікірлерге толы [4].

Қай халықтың болмасын өсіп-өркендеуі, ақыл-ойы мен санасының, әдебиеті мен мәдениетінің, өнері мен білімінің – қысқасы, бүкіл рухани жан дүниесінің дамуы, жалпы адамзаттық өркениетке ұмтылысы – сол халықтың өміріне, ұлт ретінде адами болмысы мен рухына іргелі бетбұрыс жасаушы ұлы дарындардың тарихи еңбегімен, қайталанбас қайраткерлік тұлғасымен тығыз байланысты болып жатады.

Жоғары да қысқаша баяндалып кеткен тұлғаларымыз – Ұлы даланың ойшылдары ретінде мойындалған. Тақырыбымызды аша түсу үшін аталған ойшылдардың барлығына емес, әр кезеңдегі бір тарихи тұлғаларға қысқаша шығармаларына тоқтала кетсек.

Әл-Фараби қазіргі Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан Фараб (Отырар) қаласында түркі тектес әулетте туылған. Әбу Насыр Әл-Фараби — түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, “Әлемнің 2-ұстазы” атанған ғұлама. Оның әкесі әскербасы болатын. Зерттеуші ғалымдар әл-Фарабидің балалық, жастық шақтары туралы тұшымды әңгіме айтпайды. Себебі ұлы ғалымның өмірінің бұл кезеңі туралы мағлұматтар жоқтың қасы. Сондықтан да зерттеушілер ұлы ойшылдың өмірбаянын оның елуден асқан шағында Бағдат шаһарына қоныс аударуынан ғана бастайды. Оның ғылым жолындағы қызу ізденістері мен ұзақ сапарлары нақ осы кезден басталса керек [5].

Ұлы ойшыл біраз жылдар Бағдат шаһарында ғылыми ізденістермен айналысып тұрақтап қалады. Содан кейін Шам аймағына қоныс аударады да сексен жасқа жетіп, өмірден өткенше сол өлкеде қалады.

Әл-Фараби ғылымдарды мынадай басты екі бөлімге бөлген: Бірінші: теориялық ғылымдар. Бұл топқа жаратылыстану ғылымдары мен метафизиканы енгізген. Екінші: практикалық ғылымдар. Бұл топқа этика, фикһ, кәләм ғылымдарын жатқызған.

Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» атты еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларын «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Адам жанына (интеллект), оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отырады. Жалпы жан қуаты жөніндегі танымға булай қарау мешаиын (перепатетиктер) мектебіндегілерге тән құбылыс [6].

Жалпы әл-Фарабидің ғылымның логика, философия салаларында жазған еңбектері көп болған. Әрі нақ осы салалардағы тың пікірлері оның атын асқақтатып, төрткүл дүниеге әйгілі етті. Сол еңбектердің бірі өткен Ихса әл-Улум кітабы. Ол аталмыш кітабында түрлі ғылымдардың басын тоқайластырып, олармен таныстырып өткен.

Әл-Фарабидің бұл жаңашылдығы бұрын-соңды болмаған жаңа ғылыми әдіс болатын. Сондықтан бұл кітап әл-Фарабидің жаңашылдығына жарқын дәлел бола алады. Платон және Аристотель философияларының негіздері атты кітабы. Бұл кітап әл-Фарабидің философия ғылымындағы керемет білімдарлығын, даналық атаулының қыр-сырын жетік меңгергендігіне айғақтайтын еңбегі.

Расында да әл-Фараби қазақ халқының ғана емес, жалпы мұсылман үмметіне, барша адамзатқа ортақ тұлға, ортақ мақтаныш [5].

Қожа Ахмет Яссауи (Әзірет Сұлтан) - XII ғасыр ойшылы және түркілік сопылық бағытты дәріптеген ақыны. Біздің заманымызға дейін оның, әлемдегі ең көне түркі тілді кітап саналатын, «Диуани-Хикмет» («Даналық кітабы») атты еңбегі жеткен. Ол 149 діни-философиялық хикмет-өлеңдерден тұрады. Яссауи өзінің сопылық қауымын ұйымдастырған, онда адамдарды еңбекке баулып, қарапайым, миссионерлік өмірге, құлшылық етуге шақырып уағыздар айтылған. 63 жасында дүниеден өткен Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.а.) аруағын ардақтаған ол бұл дүниенің жарығын одан асып көруді өзіне артық санап, 63 жасқа толғаннан кейін мешіт жанындағы қылуатке түсіп, сол жерде өмірін жалғастырады.

Ақын 1166 немесе 1167 жылдары дүниеден өткен. Оның зираты бірден мұсылман қауымының бас ұрып, тағзым ететін орнына айналды. Оған үш рет бару Меккеге барғанмен тең деп те жатады. Қожа Ахметтің арқасында Яссы қаласы – Түркістан – барша түркі елдерінің рухани орталығына айналды [6].

Қазақ халқының мақтанышы Абай Құнанбаевтың ақындығы түпсіз терең мұхитпен тең десек, қателеспеген болар едік. Ғажайып суреткер, нәзік лирик, көркем сөз шебері, ең алдымен – ойшыл ақын. Бұл пікір ақынның өмір құбылыстарын терең толғап айту жағы басым келетін өлеңдеріне, философиялық дүниетанымына және оның қара сөдеріне, әсіресе дінге, Алланың болмысы, имандылық туралы толғаныстарына қатысты.

Ақын шығармашылығында өзі өмір сүрген тарихи дәуірдің тұтас бейнесі көрініс тапты. «Абай поэзиясы қоғам дамуындағы бір елеулі кезеңді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттың мінез-құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көшінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп көрсете білді», - деген академик З.Ахметовтың пікірі Абай поэзиясына берілген әділ баға. Абай шығармашылығы уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан өсіп өркендеп отыратын асыл мұра болып ұрпақтар санасына орын алады.

Адамды сүйіп, адамды құрметтеуге үндеген кемеңгер ақын поэзиясының түпкі негізі – адам, толық адам. Абай армандаған толық адам өнерлі, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, ыстық қайратты ғылым жолына түскен іздеп аз болуы керек. Ал махаббат пен сүю, адамды сүю, Алланы сүю, әділетті сүю Абай шығармаларының биік мұраты.

Қазіргі жаңартушылық пен жаһандануға тап келіп отырған еліміз бен халқымыз үшін болашаққа дұрыс бағдар ұстануда өткеннің өсиетінен тәлім алу маңызды. Әсіресе, бүгінгідей плюралистік қоғамда, діндер мен дүниетанымдар, мәдениеттер мен өркениеттер қиюласқан заманда дәстүрлі дін мен мәдениеттің қазбаланып, оның кей тұстарының қайта бағамдалуы, қараңғы түнде бағдар көрсететін темірқазықтай болған ойшылдарымыздың дүниетанымын қайта пайымдау осы заманның өзекті мәселелерінің бірі [7].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ұлы дала ұлағаты. Алтайы Оразбаева// www.e-history.kz
2. Тарихи тұлғалар тағылымы/ Ө. Озғанбай. – Астана: Фолиант, 2016. – 440 бет.

3. Қазақ даласындағы алғашқы ағартушылар дүниетанымдарының саяси мазмұны// Ғ.Ә.Жұмасұлтанова.- <https://articlekz.com>
4. Әл-Фараби деген кім?// <http://fatua.kz>
5. Әбу Насар Әл-Фараби// <https://adebiportal.kz>
6. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі// <https://oyla.xyz/article/koza-ahmet-assau-i-kesenesi>
7. Абай шығармашылығы// dalanews.kz

ӘӨЖ 929(09) 045

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ - АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІ МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ БИІК ШЫҒЫ

Тоқбаева Л.Қ., оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Андатпа. Ортағасырлық ислам мәдениетімен философиясы өз дәуірінен озып, бүгінгі күнде адамзат игілігі үшін қызмет етуде. Екінші ұстаз атанған Әл-Фараби бүкіл әлем ғылымындағы ірі тұлға арқылы қазақ халқы өзін мақтан тұтады. Ол өзінің керемет философиялық ілімдері арқылы түркілік ойлау, түркілік дүниетаным, түркілік интеллект мүмкіндігінің қаншалықты жоғары екендігін бүкіл Еуропаға паш еткендігі баяндалған

Түйінді сөздер: Әл-Фараби, рухани, құндылық, философия

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала). Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдатта әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқиды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады.

Әлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын мұсылман мәдениеті адамзат өркениетінің даму тарихында рөл атқарған әрі бүгінгі күнге дейін түрлі әлем елдерінің түрлі өмір аясна әсер етуін жалғастыруда. Ортағасырлық ислам мәдениеті мен философиясы өз дәуірінен озып, бүгінгі күнде адамзат игілігі үшін қызмет етуде. Әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби. Ол өзінің философиялық ілімдері арқылы түркілік

ойлау, түркілік дүниетаным, түркілік интеллект мүмкіндігінің қаншалықты жоғары екендігін бүкіл Еуропаға паш ете білді.

Ислам философиясының тарихына көз жүгіртсек, Әл-Фараби рухани әлемінің қаншалықты құнды, әрі маңыздылығына көз жеткіземіз. Философияда Фараби иждихат дәрежесіне көтерілді. Ол фикх, қалам тәрізді ілімдер бойынша өз ойын білдіріп, сол мәселелер бойынша нақты шешім қабылдай білді. Есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан ардагер азаматтар тарихта аса көп емес.

Фараби ғылымды көбінесе өз бетінше меңгеріп, аса зор табандылық көрсеткен, орасан мол табыстарға жеткен адам. Ол, әсіресе, грек ғылымы мен философиясын, ең әуелі Аристотельдің бай мұрасын игеруді қолға алған. Мұнда ол аса үлкен төзімділік көрсетеді. Бір аңыз бойынша, ол Аристотельдің “Жан туралы” дейтін еңбегін жүз рет, “Табиғи гармониясын” қырық рет, “Риторикасын” екі жүз рет оқыған көрінеді. Міне осылай Фараби жұртқа мәлім оқымысты болып, дүние жүзінің ұстазы деген дәрежеге көтерілді. Ол алғашқы кезде Бағдатта істейді, кейіннен Дамаскіде, сонан кейін Алеппода (Сирия) әмірі Сайф әд-Дауланьың қарамағында болады. Фараби өз бетінше ғылыммен үзбей шұғылдана берген. Мәселен, бір әңгіме бойынша ол Дамаскіде жүрген кезінде күндіз қала шетіндегі бау-бақшада қарауылдық қызмет атқарып, күндіз тапқан ақшасына сатып алған шырақ жарығымен түнімен ғылыми жұмыспен шұғылданады екен. Фараби өте қарапайым, қанағатшыл кісі болған, жұпыны киініп, айқай –шудан, бәле-жаладан барынша аулақ жүруге тырысқан.

Фараби Аристотельдің, әл-Киндидің ізін қуып философия мен ғылымның барлық тараулары бойынша қалам тартып аса ірі жетістіктерге жетеді. Ол ғылымның түрлі салалары бойынша 150-ге тарта ірілі-ұсақты еңбек жазған Фараби, әсіресе, философия ғылымын көп зерттеген. Оның философиялық еңбектерінің басым көпшілігі грек ойшылдарының, әсіресе Аристотельдің мұрасын зерттеуге арналған. Фараби Аристотельдің “Категориялар”, “Метафизика”, “Герменевтика”, “Риторика”, “Поэтика”, бірінші және екінші “Аналитика” т.б. бірсыпыра философиялық және логикалық шығармаларына түсініктемелер жазған. Фарабидің Аристотель философиясына мұнша зейін қоюында үлкен мән бар. Аристотель дүниені материалистік тұрғыдан дұрыс түсіндіруші, жан-жақты білім иесі, данышпан адам. Фарабидің әлем ғылымына қосқан үлесін ескере отырып оны Шығыс философтары “Ал муаллим ас-сани” — екінші ұстаз деп атаған. “Бірінші ұстаз” — “ал муаллим ал аууал” деп олар Аристотельді атаған.

Фараби Аристотельдің материалистік идеяларын дамыта отырып, оны тек оқып қана қоймай өз тарапынан да “Кемеңгерлік меруерті”, “Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы”, “Мәселелердің түп мазмұны”, “Ғылымдардың шығуы”, “Бақытқа жету” сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған.

Фараби Аристотель еңбектерін барлық қырынан зерттей отырып, өзі де жаратылыстану ғылымдарымен көп айналысқан. Ол ғылым күшін барынша насихаттап, адам ақыл-ойының дүние танудағы құдіретін дәріптейді. Кер-тартпа мұсылман діншілдері ғылымды дүние тануды тұншықтыруға күш салып баққан түнек заманда білім мен өнерді паш етудің өзі Фарабидің ғылым мен мәдениет тарихындағы кесек үлестерінің бірі. Ол ғылымның көп салаларын меңгеріп, тамаша табыстарға жеткен. Фараби ғылымының философиялық-логикалық ірге тасын дұрыстап қайта қалап шықты, ғылымды оқу және оқыту ретін белгіледі, әрқайсысының пәнін анықтап, мазмұнын ажыратып беруге тырысты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді, математикада үлкен жаңалықтар ашты, астрономия жайлы кесек еңбектер қалдырды, физика ғылымын жаңа идеялармен байытты, медицина, химия, минерология тәрізді жаратылыстану ғылымының маңызды салалары бойынша еңбектер жазды, ертедегі

дүние оқымыстыларының пікірлеріндегі озық және тозық қағидаларды талдады. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика т.б. ғылымдар жайлы жазғандары өз алдына бір төбе.

Немістің шығыс зерттеушісі А.Мюллер әл-Фараби туралы: “Бүкіл мұсылман шығысының аса ұлы ойшылы әл-Фараби өзінен бұрынғылар тек шет пұшпақтап айналысқан көп мәселелер бойынша аса зор жұмыс тындырды. Бұл кемеңгер адам грек философиясының ең терең қырларына дейін бойлап, байыбына жетті. Сондықтан да шығыста философияны ғылыми зерттеуді шын мәнінде бастаушы кім дегенде, басқа ешкім де емес, тек соның есімі аталуы керек”, — деген пікір айтқан. Расында ол энциклопедист ғалым еді. Жан-жақты білімімен қатар, медицинаны да жақсы меңгерген, бұл салада көлемді еңбектер жазған. “Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да – басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес», – деп адам ағзасы мүшелерінің қызметін де айқындап берген. Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды. Қорқыт өмір бойы ажалды жеңетін күшті издесе, әл-Фараби бақыттың кілтін іздеді. Бақытты қалада тұруды армандады. Ол ең соңында: «Бақытқа қолы жеткен адам үшін ең жарастысы – қанағатшылдық жасау», – деп бақытты қанағатпен ғана ұстап тұру мүмкін екенін айтты.

Кішкентай ғана Түркістан топырағынан шығып, аты әлемге жайылған әл-Фарабидей бабамыздың толық тұлғасын әлі күнге дейін тани алмай тек тарихтың бетіндегі қаймағын ғана оқып отырғанымыз қандай өкінішті! Әл-Фараби біздің көгіміздегі жарық жұлдыз болуы, ұлттық идеологиямыз әл-Фарабимен жасалуы тиіс емес пе? Өр тұлғалы өрендер келешек жас ұрпақ осы мақаланы оқи отырып аз да болса ой түйгені ол мүмкін әлі де кереметтей тұлғалар зерттеулер жүргізіп қазақ жеріне кіндік қаны тамған бүкіл әлемді мойындатқан тұлғаны зерттеу бақыты қазақтарға бұйырар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
2. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010
3. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007.
4. Биоморфология терминдерінің түсіндірме сөздігі/ – Алматы: "Сөздік-Словарь", 2009
5. Әлімқұлова Р., Сәтімбеков Р. Ә 55 Биология: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. - 2-басылымы, өңделген, толықтырылған. – Алматы: Атамұра, 2008.
6. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2017. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ИСЛАМ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ РӨЛІ

Тоқбаева Л.Қ., оқытушы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Андатпа. Әл-Фараби мұрасының өзектілігі, қайырымды қала, мейірімді тұрғындар мен кемел адам мәселесінің маңыздылығы мен мәні қарастырылады және ислам мәдениетіндегі алатын орны айқындалады. Мұхаммед пайғамбардың миссиясын, оның Алла жөніндегі танымын мойындап, Аллаға, Періштелерге, Қасиетті кітаптарға, Пайғамбарларға, Ақыр заман күніне, тағдырға сену сияқты Ислам ілімінің барлық алты белгісі әл-Фараби трактаттарында түйінделуі, қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы, азаматтық саясат трактаттарындағы қараңғы және адасқан қалаларға сипаттама беруі.

Түйінді сөздер: Әл-Фараби, философия, ислам, құран, сүрелер, қайырымды қала.

Отырар ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшхүрі Аристотельден кейінгі екінші ұстаз, жиханкез ғалым Әбу Насыр Мухаммад бин Мухаммад бин Тархан бин Узлағ Әл-Фараби. Яғни Әл-Фарабидің өз аты Әбу Насыр Мухаммед, әкесінің аты ныспысы да Мухаммад, бабасының есімі Тархан, арғы атасы Узлағ. Түрік оқымыстылары Әбу Насыр ныспысының соңына кейде әт-түрки деген сөзді қосып, оны түркі текті екенін шегелей түседі.

Араб-парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Фараб қаласында, қайсы бір деректерде – оның тікелей ықпалында болған іргелесі Уасидже Отырарлық әскер басының отбасында дүниеге келген. Ол туған жерінің атауымен Әл-Фараби, яғни фарабтық деген атқа ие болған.

Әл-Фараби алғашқы білімін Отырар медреселерінің бірінде алғанға ұқсайды. Өйткені, көне дәуірден қалған бір деректерге қарағанда, Мәуленнаһрда балаларды түрлі қол өнері мен ғылымға үйрету, баулу, оқыту олардың 5 жасар кезінен басалатын болған[1].

Мұсылман әлемінің философтары мен ғалымдары Батыстың ғылымы мен философиясы қалыптасуына дүниетанымдық және теориялық зор ықпалын тигізді. Батыс мұсылмандық Шығыс арқылы алғаш рет антикалық мәдени мұрасымен, сонымен бірге Шығыс мәдениетінің озық жетістіктерімен танысты. Бұл ғылыми, теориялық жетістіктермен философиялық жаңашылдықтарды, прогресшіл рационалистік философия мен ғылыми шығармаларды мұсылман әлемінің ойшылдары араб тілінде жазғанымен, олардың біразы этникалық шығу тегі жағынан араб емес, түркі және парсылар болды.

Ислам философиясының бастапқы негізін қалаушылар қатарына әл-Кинди және әл-Фараби жатады.

«Дін — бәрі үшін ең бастының жазмышы арқылы алдын ала айқындалған көзқарас пен іс-қимыл. Діннің арқасында бәрі өз бойларында ұяланған мақсатқа жетеді...» ...Ол сөйтіп, Құдай адам бойына белгілі бір мақсатты ұялатты және өзінің барлық іс-әрекетінің барысында ол оның парасат пен парасатты шығармашылық екенін дәлелдеді деп тұжырымдады. Адам адами мәнді ғылым, философия, поэзия, музыка арқылы іске асырды. «Әл-Фараби дін философиядан кейін, ал қалам мен мұсылман құқы діннен кейін пайда болады деп санайды. Философия мен діннің қайсысының екінші пайда болғаны әл-Фараби үшін маңызды болып көрінеді. Кейде дін мен

фәлсафаның бір-біріне қарама-қайшы келетін тұстары бар. Ол жөнінде Әбу Наср діни шарттылықтар философтардың көмегімен зерделенетін ұтымды тұжырымдамалар легі екенін нақтылайды.

А.Қабылова атап көрсеткендей «Әбу Насыр өзінің «Философияның дінге қатысы» атты еңбегін «Мейірімді, мейірман Аллаһ үшін...» деген сөздермен бастауы да кездейсоқ емес. Көп жағдайда оның құран мәтіндеріне назар аударуы, бұл үзінділерді түсіндіруі өзінің тұлғалық позициясы мен өзінің түсінуі тұрғысынан және сонымен бірге құран сөздерін логикалық пайымдау тұрғысынан жүзеге асады. Сол арқылы философ дүниедегінің бәрі түсіндірілуі тиіс екендігін және дүниедегінің бәрін түсіндіруге болатынын көрсетеді [2].

Сондықтан Құран мәтініне дұрыс қарап, оны түсініп және түсіндіру керек. Әл-Фарабидің Құран мәтіндерін осылай еркін түсіндіруін оның арабталған түркі болғандықтан (ал Құран исламға дейінгі арабтардың дүниетанымының, олардың мәдениетінің көрінісі болғандығына күмән жоқ), Құранның сакралды қатынасына байланып қалмағандығымен немесе оның ақиқатты іздеумен сабақтасқан жеке философиялық ұстанымымен түсіндіруге болады.

Нағыз ислам философы ретінде әл-Фараби Мұхамед пайғамбардың миссиясын, оның Алла жөніндегі танымын мойындайды. Аллаға, Періштелерге, Қасиетті кітаптарға, Пайғамбарларға, Ақыр заман күніне, тағдырға сену сияқты Ислам ілімінің барлық алты белгісі әл-Фараби трактаттарында тура болмаса да өзінше бір ерекше түрде түйінделген. [3].

Құран бойынша сенімнің бірінші бөлімі ол – Аллаға сенім. Бұл негізгі принцип қасиетті кітаптың екінші және он үшінші сүрелерінде берілген. Құранды фатиха сүресі ашады. Бұл сүре тармақтарымен келісе отырып Әбу Наср Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы,

Азаматтық саясат трактаттарындағы қараңғы және адасқан қалаларға сипаттама берген кезде фатиха сүресінің мәніне терең бойлап, ой қорытқанына күмәніміз жоқ. Әлемді жаратушы Бірінші Тұлға жөніндегі білімнің қажеттілігі туралы Әбу Наср мұраты классикалық ислам дәуіріндегі оқырман сұранысымен де ұштасып отырды. Фараби Алла танымын құптай отырып, ғылыми тұрғыда Аристотельдің ізімен, құдай дүниені бар етуші тек бірінші себеп – «алғашқы түрткі» ғана, одан кейін табиғат /материя/ өз бетімен, өз заңдылығымен тәуелсіз даму жолына түскен деген идеяны қуаттайды. Сол себептен де болар ойшыл тұжырымдары кезінде кеңестік арабтану саласында бұрмаланып, соның ішінде А.А.Игнатенко сияқты ғалымдар оның өңін айналдырып басқаша сипаттама беруге тырысты. «Әбу Наср әл-Фарабидің философияның дінге қатысы мәселесін қарастыруында белгілі бір тиянақсыздықтың да бар екені айқын. Көптеген зерттеушілер мұны сол уақыттағы қоғамның нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, исламның ерекше мәртебесімен және т.б. түсіндіреді. Мұны қабылдауға болады, бірақ айқындаушы фактор ретінде емес. Бұл мәселені баяндаудың тиянақсыздығы мәселені қоюдың күрделілігінде жатыр»

Әлемнің құрылысы жөніндегі ілімді еске ала отырып, әл-Фараби ислам мен философияның жарыспа жанаспалылығы туралы ой қорытады. Бұл мәселе, әсіресе, Хадис пен жекелеген Құранда айтылғандар әл-Фараби космологиясының негізін қалады деген идеяны ұстанушы В.П.Демидчиктің мақаласында көрініс береді. Бұл тұжырым Құран мен Суннаның әлем жаратылысын сөз ететін тұсына ғана қатысты. Әл-Фараби Қайырымды қалада: қиялдағыш күш ең биік дәрежеге жеткен адамның әрекет етуші интеллектіден өңінде де қазіргі шақтың нышандарын, яки олардың сезімдік модельдерін алып отыруы, сөйтіп интеллекцияның жеке-жеке модельдендіретін пайымдалғыш объектілерінің бәрін және басқа да ізгі жандардың бәрі көріп отыруы ғажап емес. Сонда оған даритын интеллекцияның пайымдалғыш объектілері арқылы,

қасиетті заттарды болжап білу сияқты дарын пайда болады. Қиялдағыш күштің барып жететін ең биік дәрежесі, кемелдіктің асқар шыңы – нақ осы», - дейді [25. 198]. Бұл жерде оның философиясы сенімнің екінші негізгі бөлімі – періштелерге сеніммен ұштасады. Құран бойынша періштелер – Алла ықтиярын орындаушылар. Олар жарықтан жаралған, тамақ пен су ішпейді, жынысы жоқ. Адамдарды қорғайды, пайғамбарларға Алла сөзін тасымалдайды, жер бетіндегі адамзат әрекетін бақылайды, жаннат пен тозақтың күзетшілері. «...Оның жанындағылар /періштелер/ Ұлы жаратушыларына ғибадат жасаудан панданбайды және шаршамайды. Олар жалығып, шаршамастан күндіз-түні Аллахты тәсбих етеді». Олардың саны Аллаға ғана аян. Періштені зерттейтін ғылым саласы жоқ. Өйткені періште туралы тек ислам діні ғана емес басқа да діндер сөз қозғайды. Олай болса оның универсалдық қасиеті бар. Адам болмысымен бірге туған. Ол ұлттық танымда жан сақтайды, әрі жанды алады. Олардың жазушылығы тағы бар. Өйткені діни аңыздарға жүгінетін болсақ, адамның екі періштесі болады, олар жақсылық істер мен жаманшылық істерді жазып тұрады екен. Періштенің нәпсісі болмайды. Бұлардың ішінде Иблис ибн Шайтан ғана тозақтың отынан жаралған, адамдарды дұрыс жолдан тайдырады. Сол себептен де намаз Аузу би Ллахи мин аш-Шайтани рражим деп басталады.

Әл-Фараби Қайырымда қалада періштелер жөніндегі ислам ілімінің барлық жағын қарастыруға тырысады. Абу Наср трактаттарында Періштенің аян болуы мен елестеуі туралы бөлім бар. Бұл жерде философ әрекет етуші интеллект бейнесін өңдеуге қабілетті қиялдағы күштер әрекетін қарастырады. Бұл жөнінде әл-Фараби: «Періште деп біліп нануға ләзім тірі жандар туралы; бұлардың әрқайсысының паркы неде; мұның өзі қандай және бұлардың пайда болу себебі; бұлардың бірінше себепке қатынасы; бұлардың әрқайсысынан ненің пайда болатыны, бұлардың әрқайсысының одан шығатын нәрсеге қалайша себеп болатындығы; билейтіні және аспани денелердің біріне себеп болатындығы, оның осы тәнді билеуге арналғандығы дейді».

«Сенімді сақтап қалатын тәсілдер мен көзқарастарға келетін болсақ, оны догматикалық теологияның білгірлері (әр түрлі) сенім көзқарастары мен олардың қағидаларын (әдеттегі) адами көзқарастармен, ой-пікірлермен, интеллектімен тексеру мүмкін емес, өйткені ол көзқарастар құдайылық аяннан алынғандықтан, неғұрлым жоғары сатыда тұрады, олардың алдында адам парасаты әлсіз, өйткені олар құдайылық құпияны қамтиды деген ой-тұжырымдар арқылы қорғап алуға талпынады. Дәл осылай адам дінді тек аян арқылы түсіне алады, ал аянды ол өз интеллектісі арқылы тани алмайды, өйткені ол үшін адам өте әлсіз. Керісінше жағдайда, егер адам білгенін өзіне түсіндірсе немесе ойланып-толғанып өз интеллектісімен таныса, онда аянның мағынасы да, пайдасы да болмас еді. Мұндай жағдайда адамдар өз интеллектілеріне сүйеніп, пайғамбарлықпен аян алуды керек етпес еді...»

Исламның негізгі үшінші бөлімі Қасиетті кітаптарға сенімді, әл-Фараби арнайы бөліп алып қарастырмайды, дегенмен осы бағыт төңірегінде жалпылама тұтас түсінік бар.

Пайғамбарларға сенім немесе исламның төртінші бөлімі әл-Фарабидің әділетті әкім туралы тұжырымдамасында жарқын көрініске ие. Сенімнің төртінші тармағы бойынша мұсылман барлық пайғамбарлардың ақиқаттығына сену керек. Құранда – Адам, Ыдырыс, Нух, Худ, Салих, Ибраһим, Лут, Ысмаил, Жақып, Жүсіп, Аййюб, Шуэйб, Мұса, Харун, Зуль-Кифль, Дәуід, Сүлеймен, Илияс, Зәкәрия, Яхья, Иса, Мұхаммед сияқты есімдер айтылады. Құранда дінге сенушілердің атасы – Авраам және ол мұсылман деп көрсетіледі. Өйткені ол бір құдайға сенуді үндеген алғашқы адам. Авраам пұтқа табынуды жоққа шығарған, сол себепті оны ханиф деген атаумен байланыстырамыз. Исус Христос есімін де Құранның талай бетінен кездестіреміз. Алайда Мұхаммедтің өзі христиандық пен исламның айырмашылығын баса айтады.

Хадисте Мұхаммед пайғамбардың: «Мені Исус Христос /Мәриамның ұлы/ сияқты мадақтамаңдар, өйткені мен – құдайдың құлымын; мені Құдайдың құлы немесе Алланың елшісі деп атаңдар», деген сөздері сақталған. Құран сүрелерінде көрсетілген пайғамбарлар жөніндегі ілім монотеистік діндердің сабақтастығын ғана айтып қоймайды, адамзаттың шығу тегінің бір екендігі идеясына алып келеді. Абу Наср ханиф, елші деген сөздерді қолданбайды, бірақ имам, пайғамбар түсініктерін жиі пайдаланады. Сонымен бірге Қайырымда қала, Бақытқа қол жеткізу еңбектерінде пайғамбарлық жөніндегі мәселелерді алға тартады. «Тұтас алғанда, философия дінге оң қатынаста болады. Бірақ әл-Фараби пайғамбарлық туралы, о дүниелік өмір туралы көптеген қағидаларды сынға алып: «Пайғамбар заңдарды белгілейді, шариғат халықты үрейде ұстайды, жақсылық үшін құрметтеп, зұлымдық үшін жазалайтын құдай бар деп үйретеді, ол олар білмегенді білуге тиісті деп міндеттемейді, өйткені бұл анағұрлым жоғары білім деңгейі болып табылады»

Сенімнің бесінші тармағы Ақыр заман күніне илану Абу Насрде өзінше бір келбетте көрінеді. Жалпы Ақыр заман жөніндегі ілім Құранда жазылған мінез-құлық нормаларымен байланысты. «Оның қашан болатыны жайлы білім тек қана Раббымның жанында ғана. Оның уақытын Одан басқа ешкім білдіре алмайды» (Ағраф сүресі). Бұл туралы ұғымын Әл-Фараби өзінің Қайырымды қаласында өлгеннен кейін қайырымды қала тұрғындарының жандары бір-бірімен қауышады, ал адасқан және надан қала тұрғындарының жаны өлген соң ыдырап, ажырап кетеді деген идеяны ұстанғанда айқындайды. Сенімнің бесінші бөліміне байланысты тәртіптің діни және мінез-құлықтық ережелері әл-Фарабидің барлық философиялық саяси трактаттарында дәлелденген. Сонымен бірге хадистердегі *мумин* түсінігіне Әбу Насрдың Қайырымды адам бейнесі өте жақын. Сенімнің алтынша белгісі – Тағдырға немесе қайырымдылық пен қатігездіктің Алла бұйырған шарттылығына сену. Ол жөнінде « араларыңда өлімді біз белгілеп, тағайындадық...» (Уақиға сүресі) деген Құран сүрелері бәрімізге мәлім. Осы орайда Мұхаммед пайғамбар өлгенді жоқтауды айыптайды. Ұлы ойшыл теологиялық пайымға тән дәлдіктен алшақтай отырып, Даналық негіздерінде Қасиетті кітаптан алынған «Жайдан-жай бір тал жапырақ та ағаштан түспейді» – деген мысал келтіреді.

Әл-Фараби Қайырымды қалада періштелер жөніндегі ислам ілімінің барлық жағын қарастыруға тырысады. Абу Наср трактаттарында Періштенің аян болуы мен елестеуі туралы бөлім бар. Бұл жерде философ әрекет етуші интеллект бейнесін өңдеуге қабілетті қиялдағы күштер әрекетін қарастырады. Исламның негізгі үшінші бөлімі Қасиетті кітаптарға сенімді, әл-Фараби арнайы бөліп алып қарастырмайды, дегенмен осы бағыт төңірегінде жалпылама тұтас түсінік бар.

Діннің адамзат баласының ақыл-ойын жаулап алғанына карамастан, уақыт жағынан алып қарастырғанда, ол философиядан кеш туындағанына көз жеткіземіз. Бір сөзбен айтқанда, діннің көмегімен халықты ағартушылық, яғни білім жолына сала отырып, саналық және тәжірибелік заттарды да үнемі іздестіруге мүмкіндік аламыз [4].

Жалпы әл-Фараби идеяларының исламмен байланысы тамыры тереңде жатыр. Әлемді басқару, мінез-құлық белсенділігі, «бақыт» дәрежесін айқындау сияқты негіздерді түсінуді ислам ілімі мен Фараби мұралары төркіндес болып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973
2. А.С.Қабылова. Әл-Фараби және араб-мұсылман философиясы. Алматы, 2004.

3. А.С.Қабылова. Әл-Фараби философиясындағы мәдениеттер синтезі. – автореферат. Алматы, 1999.

4. Ж.Алтаев, Ж.Әмірқұлова. «Әл-Фараби және ислам философиясы» Алматы, 2012

ӘОЖ: 94 (574) (045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТАПҚЫР СӨЗДЕРІ

Султанова Ш. И.

Н. Оңдасынов атындағы №5-орта мектебінің тарих пәні мұғалімі,
Ақтау қаласы

Аңдатпа. Мақалада заманының ұлы данышпан-ойшылы, ғұлама, ғылымның әр саласынан күні бүгінге дейін өзінің құндылығын жоғалтпаған саралы еңбектер қалдырған Әл-Фарабидің нақыл сөздері, олардың негізгі идеялары, яғни, адамгершілік, ізгілік пен қайырымдылық мәселелері жөніндегі көзқарастары қарастырылған.

Түйінді сөздер: адам, бақыт, қайырымдылық, ғылым, тәрбие.

Әбу Насыр Әл-Фараби (араб.: أبو نصر محمد الفارابي) Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби (870 – 950 ж.ш.) – әлемге әйгілі ойшыл, философ, әлеметтанушы, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі.

Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс езенінің Сырға барып құятын жеріндегі Фараб қаласында дүниеге келді. Туған жері – қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба – Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу-Насыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбунасыр атанған. Бұл қаланың орны – қазіргі Отырар ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында. Сол тұста өмір сүрген зерттеушілердің қалдырған нұсқаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Бір күні әлде кім Әбу Насыр әл-Фарабиге тамаша болып толыса піскен алманы көрсетіп, сауал қойыпты: «Осы алманың бітім-болмысындағы жақсы қасиет не? Түсі ме, шырыны ма, дәмі ме, әлде бітімі ме?» Сонда әл-Фараби: «Бәрінен де оның ұрығы тамаша. Өйткені, осы алманың өзі сол ұрықтан өсіп шыққан және одан бүкіл бақ пайда болды ғой!» – деп жауап берген екен.

Әл-Фарабидің ұғымынша кез келген нәрсенің шегі болады, ол шектен еш нәрсе де шығып, асып кете алмайды. Мәселен батырлықтың шегі тарих, кез-келген батырлық тарихтан асып, немесе озып кетпейді, оның ұясы – тарих. Сол сияқты жалған әдетте қоғамнан, уақыттан асып кетпейді, қоғам қажеттіктері, уақыт, заман талабы шынайы мінезді талап етеді, уақыты келгенде ол айқындалып отырады.

Әл-Фарабидің айтуы бойынша, адамды табиғатынан адамға жау деп ұғу да қате. Қайырымдылық адамның табиғатында бар нәрсе. Адам баласынан рухани өмірдің шегі қайырымдылықты, ізгілікті талап етеді. Бұны XX ғасырдың басында өмір сүрген батыс ғалымдары «шекаралық жағдай» деп түсіндірген. Қазақ философиясында «жалған дүние» деген ұғым бар. Бұның мағынасы адам өмірінің мәні де, сәні де жиған дүниесімен емес, ұрпаққа, елге жасаған ісімен өлшенеді дегенді білдіреді. Сол сияқты Әл-Фараби философиясында зерделенген қайырымдылық, ізгілік мәселелері адамзат баласына ортақ, оның табиғатының мәнін ашатын, адамның тұлғалық қасиеттерін тарих қатпарынан аршып алатын құндылық.

Адамды қадірлейтін, өзінің төл құндылықтарын дәріптейтін, сақтай алатын, кейінгі ұрпаққа дінді, адамды, табиғатты құрметтеуді үйрете білетін, құндылықтарын табыстай алатын ел ғана қайырымды мемлекетті құра алады.

Әл-Фарабидің нақыл сөздері:

«Мінез-құлық міні – рухани кеселге жатады.

Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу.

Өзгенің пікірін иемденіп кету – надандық һәм ниеті арам адамға лайық іс.

Білім қуған жанның ойы күнделікті күйбеңнен көп алыста жатады.

Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағаттап отыруында.

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.

Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет ондай болмасқа керек.

Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту.

Адамның басына қонған бақыттың ұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады.

Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағаттап отыруында.

Бақыт, қуаныш пен ләззат асқан сұлу, ең әсем, ең көрікті нәрсені барынша тиянақты және кемелді нәрсе түрінде аңғару арқылы ғана пайда болып, толық дәрежесіне жетеді.

Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу.

Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жәй ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек. Білім қуған жанның ойы күнделікті күйбіңнен көп алыста жатады.

Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: «ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені, аса қаталдық – шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады».

Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады.

Тәрбиесіз алынған білім – адамзаттың қас жауы. Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және арнамысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп...қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек.

Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жәй ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек.

«Ғақлия көзбен қарасаң,

Дүние – ғажап, сен – есік.

Жаһлы көзбен қарасаң,
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,
Кезде дағы әзәзілдер азғырған.
Дүние – қоқыс, сен – меншік.
Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәрте ел алдаса да өзіңді.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Қалмағайсың сен де бірде алданып».

Фарабидің қағидалары бойынша кемел өлең диалогикалық берік негізге, қисынға сүйеніп, «екі қорытындыдан үшінші қорытынды шығаруды мұқият басшылыққа алып, соған сай тұр, яғни «бейнелеу» құралын іздеп табу керек. Нағыз, шын ақындық осы шартты бұлжытпай орындаумен сипатталады». Осыны Фараби былай өрбітеді: «Теңеу де өз көркемдік дәрежесімен ерекшеленеді. Бұл заттың, тақырыптың өзінен туындайтын, теңеуді дәл келтіру, әлде жуықтау бір-бірімен тым алшақ екі затты қосымша кейіптеу арқылы суреткерге тән тәсілмен ұқсастыру – әр бір ақынның шеберлігіне байланысты».

Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Әбу Насыр – халықтарды бейбіт өмір сүруге, достыққа шақыра отырып, адам баласының білім мен парасатты ойын терең бағалаған қаламгер. Әбу Насыр метафизика, тіл білімі, логика, жағрафия, этика, т.б. ғылым салаларын қамтитын жүз елуге тарта трактаттар жазған.

Біз Әл-Фарабидің алғашында фәлсафашы ретінде танылғанын айттық. Оның фәлсафалық еңбектерінің басым көпшілігі грек ғалымдарының, әсіресе, Аристотельдің мұрасын зерттеуге арналаған. Әл Насыр Аристотелдің категория, Бірінші және екінші Аналитика сияқты фәлсафалық және логикалық шығармаларына түсіндірмелер жазған.

Сондай-ақ өзі де «Кемеңгерлік меруерті», «ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы», «Бақытқа жету» сияқты көптеген трактаттар туындатқан. Бұл еңбектерінде ол дүние, қоғам, мемлекет және адамдардың өзара қарым-қатынасы туралы өз заманы үшін соны ой-пікірлер айтады. Орта ғасырлардың өзінде де Әбу-Насыр қанаусыз, зорлықсыз бақытты қоғам орнату жөніндегі батыл болжам жасаған. Мұндай қоғамның тууын ол мемлекет басшысының ақылымен, білімімен, адамгершілігімен, байланыстырған. Әбу Насыр Әл-Фараби ғылымының фәлсафа, логика сияқты салаларының іргетасын қайта қалаған, әр ғылым саласын жеке пән ретінде игеру жағын көтере отырып, олардың мәнін айқындап, мазмұнын ажыратуға тырысқан. Әуез жайлы да күрделі зерттеулер жүргізген, математика саласында да үлкен жаңалықтар ашқын. Ғұламада лирикалық сарында жазылған сырлы, мұңлы өлеңдер де баршылық:

«Қайтейін мен көкжиек көңілімді,
Келер күнге үмітпен жол ашамын.
Қос шөлмектен өткіздім өмірімді,
Соны медеу етеді болашағым.
Бір шөлмекте көк сия толып тұрса,
Екіншіде шарап бар жайлы мәлім.
Даналықты сиямен молықтырсам,
Шарабымен шерімнен айығамын».

Әбу Насыр Әл-Фараби 950 жылы қайтыс қайтыс болған. Фараби қазасы туралы екі дерек бар,- дейді ғалымдар. Біріншісінде – ғалымдар оны Шамда қайтыс болған десе, екіншісінде – Әбу Насыр Әл-Фараби қасына бір неше адам ертіп Аскалан

қаласына бара жатқанда жол торыған қарақшылардың қолынан қаза тапқан. Сайф ад-Даула қарақшыларды тауып, дарға асқан.

Қорыта келе айтқанда, Әл-Фараби: «Ақыл-парасат күші-адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және дақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш», - деп көрсетеді. Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. «Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып білу арқылы жетіледі», - деп түйін жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕРІ

1. Н.Келімбетов. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана, 2000.
2. Қазақ тілі мен әдебиеті // №1, 2005.
3. Ә.Дербісәлиев. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.
4. Ж.Алтаев. Философия және мәдениеттану. – А., 1998.
5. С.Қирабаев. Ежелгі дәуір әдебиеті. – А., 1991.

ӘОЖ 316(045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ІЗГІЛІКТІ ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

Урынбасарова Ж., «Қазақ тілі мен әдебиеті» тобының студенті

Ғылыми жетекші: Л. Н. Исаева, аға оқытушы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Андатпа. Мақалада «екінші ұстаз» атанған әл-Фарабидің ізгілікті қоғам туралы ойлары Жүсіпбек Аймауытовтың, Абай Құнанбаевтың көзқарастарымен байланыста қарастырылады.

Түйінді сөздер: ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық, тұрақтылық, өркениетті мемлекет, имандылық, бірінші Тұлға, кемел білім, қайырымды адам.

Мемлекетті нығайтатын, ізгілікті қоғам қандай болуы тиіс деген сұрақ ойшылдарды ежелгі заманнан бастап ойландырған. Әлеуметтік-саяси ойлар тарихында осы сұраққа қатысты Конфуций, Платон, Аристотель, Әл-Фараби т.б. ірі ойшылдар өз ойларын білдірген. Кемеңгер тұлғалардың ізгілікті қоғам құру жөніндегі идеялары қашан да өркениетті мемлекеттің үлгісі, өлшемі болып табылады. Бұл ойшылдар өз еңбектерінде ізгілікті қоғам (мемлекет) құрудың үлгілерін қарастырған.

Адамзат қоғамы қаншалықты дамығанымен, бүгінгі ақпараттық технология үстемдік құрған заманда да ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық мемлекеттің болашағына тікелей қатысы бар құндылықтар ретінде өзінің тарихтан бері келе жатқан орнын сақтап қала бермек.

Алаш зиялысы Жүсіпбек Аймауытов жазғандай, «Мәдениет жүзінде адам баласы құс болып ұшып, балық болып жүзіп, алысты жуық болдыруды анық қалап отырса да, бірін-бірі өлтіруді, зорлығы қиянаты қалмай отыр. Неге? Адам тәрбиенің құлы болуға жетпей, әлі күнгі табиғаттың құлы болып жүргендігі. Адам баласы табиғатқа қашан құл болудан құтылады? Анық ақылға билетіп жалпы жұрт жақсы тәрбиелі болғанда құтылмақ. Адамшылықтың тарихына көз жүгіртсек, өмір жүзінен мысал қарастырсақ, атақты данышпандардың пікірін, сөзін байқасақ тәрбие адамды бұзуы, түзеуі көрінеді [1,133 б.]. Ұлт, ұлт тұлғасы, мемлекет, ұрпақтың зиялылығы, тұлғалануы бұның барлығы адам баласының өзінің бастапқы табиғатынан рухани

деңгейі арқылы ажырап, ұлттық табиғат пен кісілік табиғатты иеленгендігін көрсетеді. Жүсіпбек Аймауытовтың сөз етіп отырған табиғаты қоршаған орта емес, адамды тарих пен мәдениет үдерісінен бөліп алып тұйыққа тірейтін табиғат, яғни надандық.

Қоғамның негізі, болашағы ұлттық тәрбиеге тәуелді, ұлттық тәрбие болмаса қоғамдық ортада кісілік қалыптаспайды. Кісілігі жоқ қоғам мемлекетке, оның болашағы ұрпаққа қажетті құндылықтарды бере алмайды, бұндай орта рухани дүниелерді кейінгі уақытқа жеткізуге, мемлекет мүддесін қорғауға қабілетсіз келеді. Сондықтан өркениетті мемлекеттің бет-бейнесі, мәдениеті, әлеуметтік ортада адам бойында кісілік қасиеттердің орын алуымен көрінеді.

Аса көрнекті әлеуметтік-саяси ойшылдардың бірі Әл-Фараби бабамыз жазғандай, мемлекеттің рухын қоғамдағы адамгершілік, қайырымдылық, әділеттілік, шынайылық, тұрақтылық, ізгілік көтереді, рухани құндылықтары ғана сақтай алады.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген еңбегінде адам танымынан бастау алып, оның қызметімен, ісімен, рухани өмірімен жалғасатын құндылықтарды, білім түрлерін кеңінен талдаған. Ойшылдың пікірінше қоғамның беріктігі, тұрақтылығы, күштілігі имандылықтан, жаратылыс күдіреті туралы адамзаттың дұрыс танымынан бастау алмақ. Барлық ғалам, адам баласы үшін бір ғана мән, бір ғана негіз бар, ол жаратушы (Бірінші Тұлға).

«Бірінші Тұлға – барлық жан біткеннің өмір сүруінің бастапқы себебі. (Жалғыз) сол ғана кемшіліктен ада: басқа жан біткеннің бәрінде – Одан басқасында ең болмағанда бір кемшілік немесе бірнеше (кемшілік) бар. Ал Біріншіні (Тұлғаны) алатын болсақ, ол мұндай (кемшіліктің) бәрінен ада, өйткені Оның тіршілігі кәміл және болмысында басқаның бәрінен озық, Одан кәміл жетілген еш нәрсе жоқ және одан бұрын ешнәрсе де болмақ емес. Бұл ретте оның тіршілігі ең мәртебелі дәрежеде әрі ізге, әрі кәміл жетілген» - деп жазып кеткен Әл-Фараби [2,60 б.]. Адам баласы тарихтың қайнаған дәуірінен қанша алыстаса да, діннен, жаратылыс ақиқаты туралы ұғымнан алыстамайды. Дін адамзат баласының әлемінде, дұрыс өмір сүрудің жолын сақтап тұру үшін Жаратылыс иесінің адамзатқа салып берген тура жолы. Осы тура жолдың басында Бірінші Тұлға ақиқаты құр пайым түрінде емес, ақиқатты білім, парасатты түсінік, кемел ұғым болуы тиіс. Себебі ізгілікті қоғам халықтың дұрыс діни танымынан, білімінен шығып отырады. Әл-Фарабидің бұл ұғымына Абай өзінің Отыз сегізінші қара сөзінде былай деп жауап берген: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық - адам баласының дұшпаны» [3, 100 б.].

Әл-Фарабидің, Абайдың, Жүсіпбек Аймауытовтың айтып отырғаны адамды, сол арқылы мемлекетті, ұрпақты, ұлтты сақтайтын кемел білім. Адамзаттық болмыстың мәні оның бойындағы ізгілігімен көрінсе, ізгілікті қоғамның кілті ұрпаққа таза дін, кемел білім, дұрыс ілім арқылы табысталмақ. Заманыңда білім мен ғылым бола тұрып оны дұрыс иелене алмасаң, мемлекетіне білімің мен ғылымың арқылы көмектесе алмасаң ілгерілеу болмайды. Әлеуметтік ортадағы даму, адам болмысының өрісіндегі рухани дамудан басталады. Рухани дамудың негізінде дұрыс таным, тарих, отан, келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік тұр.

Жоғарыда айтып өткеніміздей адамзат дүниесіне, халыққа, ұлтына және оның дүниелеріне ақыл парасаты мен білімі арқылы қызмет ете білген адам зиялы адам. Шынайы (дәстүрлі) діннің өзі адамзаттан зиялылықты талап етеді. Ұлттық мүдде, халық игілігі жолында жүрген адам көкірегі ояу, мінезі дұрыс, шыдамды, қайратты, батыл болуы қажет. Нағыз зиялы адам өзін ұлтының қызметшісі санайды. Кемеңгер

бабаларымыз айтып кеткендей, адамның шынайы, әрі дұрыс білімі оның танымын сақтап тұрады. Егерде надандық болса, қоғамдағы барлық кемшілік сауатсыздықтан, әділетсіздіктен, әдепсіздіктен шығар болса ұрпақ өзінің, мемлекетінің болашағына қажетті көптеген мүмкіндіктерден қолы үзуі мүмкін. Қашанда адамның дініне, діліне күш беретін білім, көркем мінез.

«Қайырымды қала тұрғындарын алатын болсақ, - деген Әл-Фараби, - ата-бабаларының көзқарастарына сәйкес олардың бойында қалыптасқан рухани жағдай олардың жандарын материядан азат етеді» [2, 170 б]. Адам өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғаммен интеллектуалдық байланыста болуы тиіс. Интеллектуалдық байланыстың биік көрінісі парасаттылық. Ата бабаларымыз ата мекенмен парасатты негізде байланысу нәтижесінде мәдениетті, ұрпақтың мүддесіне қызмет ететін тарихты қалыптастырған.

Әл-Фарабидің идеяларынан түсінетініміз мемлекет халықтың, жеке адамның рухани болмысының толыққандылығымен, тереңдігімен нығаяды. Ел болмысының негізін құрайтын ұрпақтың болмысы болса, жаңа айтып өткеніміздей дұрыс сенім, дұрыс таным, дұрыс білім, денсаулық, табиғи ортаның тазалығы, қоғамдық ортадағы қайырымдылық, адамдардың бір-біріне деген адамгершілігі, жауаптылығы мемлекетті көркейтеді. Ұрпағын дұрыс тәрбиелеп, қорғай білген елдің ұрпағы елін қорғайды.

Қай жағынан болмасын адам болмысындағы, қоғам өміріндегі жасандылық қайырымды ортаның болмысына жат. Ойшылдың өзі жазғандай, «көзсіз батырлық ерлікке ұқсас, ысырапшылық жомарттыққа ұқсас, әзілқойлық өткір тілділікке ұқсас, жарамсақтық доскерлікке ұқсас, өзін-өзі кемсіту кішіпейілділікке ұқсас, көлгірсу адамдағы адалдыққа ұқсас. Осы шеткерліктердің ішінде жаратылысымыз бойынша өзіміздің бейімдірек тұратындарымыз бар болғандықтан, біз бұлардан сақтануымыз қажет. Қатерлі істің тұсында батылдығымыз жетпей қалушылық, жаратылысымызда өзіміз бейім тұратын сарандық бұған мысал бола алады» [2, 222 б]. Қоғамдық ортадағы адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасының негізіндегі шынайылық ел болмысының деңгейін арттырады. Жалған нәрселермен ел мүддесіне қатысты мәселелер шешілмейді. Шынайылық, дұрыс мінез өсіп келе жатқан буынның болашаққа дұрыс бағдар (тәрбие) алуына ықпал етері сөзсіз. Себебі шынайылық пен дұрыс мінезді талап ететін қашанда уақыт.

Әл-Фарабидің ұғымынша кез келген нәрсенің шегі болады, ол шектен еш нәрсе де шығып, асып кете алмайды. Мәселен батырлықтың шегі тарих, кез-келген батырлық тарихтан асып, немесе озып кетпейді, оның ұясы тарих. Сол сияқты жалған әдетте қоғамнан, уақыттан асып кетпейді, қоғам қажеттіліктері, уақыт, заман талабы шынайы мінезді талап етіп, уақыты келгенде айқындалады.

Әл-Фарабидің пікірінше, адамды табиғатынан адамға жау деп ұғу да қате. Қайырымдылық адамның табиғатында бар нәрсе. Адам баласынан рухани өмірдің шегі қайырымдылықты, ізгілікті талап етеді. Адамды қадірлейтін, төл құндылықтарын сақтай алатын, кейінгі ұрпаққа дінді, адамды, табиғатты құрметтеуді үйрете білетін ел ғана қайырымды мемлекетті құра алады.

Мемлекеттің қайырымдылығы адамының рухани байлығында, барлық қоғамдық сана түрлерін (дін, білім, тарих, мәдениет, өнер, ғылым, заң) сақтай алған, оның қызметін ұқыпты пайдалана білген қоғам жеке адамның бойындағы қайырымдылықты оята біледі, адамының кісілігі арқылы мемлекет қайырымды болады. Әл-Фараби былай деген: «Діни сенімдері кейбір ескі теріс көзқарастарға негізделген реттерде қала надан немесе адасқан қала болып шығады» [2, 178 б]. Шынында да қоғамдық ортадан білімі, сенімі, көзқарасы арқылы оқшауланбайтын, мемлекетінің болашағын өз болашағымен ұштастыра білген елінің өмірін, дінін, тарихы мен дәстүрін, құндылықтарын сақтаудағы ата бабасының, яғни елдің тәжірибесін құрметтеп, рухани өміріне,

болашағына пайдалана білетін адам қайырымды, заманынан қалмайтын өркениетті адам.

Әл-Фараби – орта ғасыр мен жаңа заманның, шығыс пен батыс мәдениетінің ортасында, екі уақыттың, екі аймақтың ерекшеліктерін, ілімін зерттеп, адамзат өркениетінің болашағын тереңнен тани білген ойшыл. Адамзат баласына өскен ортасынан, жүрген жерлерінен жиған білімін, дін ілімінен үйренгенін ұсынып, сол арқылы болашақта ғылымның, технологияның күшімен қалыптасқан адамзаттың жаңа өркениетіне үлгі болатын, жаһандану заманында адамның болашағына қамқор болатын қайырымдылықтың үлгісін жасаған.

Әл-Фараби ілімінен өз заманының ғана емес, бүгінгі замандағы адамзат қоғамының да бет-бейнесін көруге болады, оның ойлары бүгінде өзекті. Адамзаттың екінші ұстазы атанған Әл-Фарабидің пікірінше, мәдениеттіліктің күші – мәмілеге келу. Мемлекет пен халықтың бір бағытта бір-бірін қолдап отыруы. Мәмілеге келудің басты белгісі түсінік, халық мемлекетті, мемлекеттің халықтың жағдайын түсінуі. Әл-Фарабидің еңбектерінде көретілгендей, қоғамдағы бар қиыншылықты жеңетін, бақытқа жеткізетін, бұл - ақыл парасат, адамның ақыл-ойы. Сондықтан қазіргі жастар өз елінің көркеюін, ел үшін қызмет етуді қаласа, олар алдымен тынбай ғылым, білімді игеруі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т., А., Ғылым, 1999.
2. Әбу Насыр әл-Фараби. «Қайырымды қала» - Алматы, Халықаралық Абай клубы, 2015.
3. Абай. Қара сөз. – Алматы, 1993 ж.

УДК 001:1(045)

ИДЕИ ОБЩЕСТВЕННОГО УСТРОЙСТВА В РАБОТЕ АЛЬ-ФАРАБИ «ТРАКТАТ О ВЗГЛЯДАХ ЖИТЕЛЕЙ ДОБРОДЕТЕЛЬНОГО ГОРОДА»

Куканбаева Жансая, студентка группы «Международные отношения и туризм»
Научный руководитель: Кильдякова Е.Н., старший преподаватель
КГУТИ им.Ш.Есенова, г.Ақтау

Аннотация. В статье предпринимается попытка представить основные аспекты социальной концепции ученого и мыслителя Аль-Фараби.

Ключевые слова: философия, общество, добродетельный город, правитель

Абу Насыр Аль-Фараби – выдающийся мыслитель, последователь аристотелизма, самобытный ученый средневекового Востока, тюрк по происхождению, уроженец города Фараба, родился в 870 году. Предполагают, что первоначальное образование Аль-Фараби получил на родине. Существуют сведения о том, что до своего отъезда из Средней Азии Фараби побывал в Шаше (Ташкент), Самарканде и Бухаре, где некоторое время учился и работал. Продолжать образование философ отправился в Багдад, столицу и культурный центр Арабского халифата, где приступил к изучению различных отраслей науки и языков.

В Багдаде работала знаменитая школа переводчиков, в которой значительную роль играли несториане. Они переводили и комментировали произведения Платона, Аристотеля, Эвклида. Шёл параллельный процесс освоения

культурных достижений Индии. Такая работа стимулировала и самостоятельную творческую активность.

Аль-Фараби усвоил и критически переосмыслил достижения античных философов. Его заслуги в философии были так велики, что Аль-Фараби называли «Вторым философом» (после Аристотеля). Наследие Аль-Фараби огромно, по философии и логике, политике и этике, музыке и астрономии, более 150 трактатов.

Ряд социально-этических трактатов аль-Фараби посвящён учению об общественной жизни («Трактат о взглядах жителей добродетельного города», «Книга о достижении счастья», «Указание путей счастья», «Гражданская политика», «Книга о войне и мирной жизни», «Книга изучения общества», «О добродетельных нравах»).

Опираясь на политические и этические идеи греческих философов, прежде всего Платона и Аристотеля, и используя социальные идеи древнего Востока, аль-Фараби разработал стройную теорию общественного устройства.

В работе «Трактат о взглядах жителей добродетельного города» Аль-Фараби показывает идеал города, исходя из того, что достижение счастья человеком может быть осуществлено лишь в обществе, основанном на взаимопомощи и солидарности, но не вне изолированности от него человека. *«...Великое общество – это совокупность обществ всех людей, населяющих землю, среднее – это общество, представленное одним каким-либо народом, а малое – это общество, представленное жителями какого-либо города, занимающего определенную часть той местности, которую населяет тот или иной народ.* Величайшее благо и высшее совершенство могут быть достигнуты в первую очередь городом, но никак не обществом, стоящим на более низкой ступени совершенства. Так как природа блага в действительности такова, что оно достигается по желанию и свободному выбору (также и зло достигается по желанию и свободному выбору), всякий город может послужить достижению счастья. Город, в котором объединение людей имеет своей целью взаимопомощь в делах, коими обретается истинное счастье, является добродетельным городом, и общество, где люди помогают друг другу в целях достижения счастья, есть добродетельное общество» [1].

Государство, утверждает мыслитель, изначально возникает в силу потребности человека вступать в общение с другими людьми в процессе добывания необходимых средств к существованию и в дальнейшем – обеспечения не только материальных условий существования, но и культурного и духовного развития. Природа человека такова, полагает Аль-Фараби, что он не может жить изолированно от других людей, он нуждается в них, так как в результате совместной жизнедеятельности люди добывают необходимые средства к существованию.

«Город» станет тогда добродетельным, утверждал Аль-Фараби более тысячи лет тому назад, когда в нем почетное место займут науки и искусства, когда мыслящие люди не только сохраняют свою честь и достоинство, но своим примером и воздействием на души сограждан, как правителей, так и подданных, сделают всеобщей нормой стремление к совершенству. *«Добродетельный город подобен совершенному, здоровому телу, все органы которого помогают друг другу с тем, чтобы сохранить жизнь живого существа и сделать ее наиболее полной»* [2].

Аль-Фараби подробно описывает качества, которыми должен обладать правитель добродетельного города «Это – имам, это первый глава добродетельного города, это – глава добродетельного народа и глава всей обитаемой части земли. Подобным человеком может стать только тот, кто соединит в себе двенадцать врожденных природных качеств. Человек должен иметь, во-первых, абсолютно совершенные органы, силы которых настолько хорошо приспособлены для совершения тех действий, которые они должны выполнять, что если этот человек предпринимает какое-либо действие с помощью какого-либо органа, то он выполняет его с легкостью;

уметь от природы отлично понимать и представлять себе все, что ему говорится, осмысливая сказанное ему в соответствии с тем, что имеет в виду говорящий, и с тем, как обстоят дела сами по себе; хорошо сохранять в памяти все, что он понимает, видит, слышит и воспринимает, не забывая из всего этого почти ничего; обладать умом пронизательным и прозорливым, так, чтобы, заметив малейший признак какой-либо вещи, он мог быстро схватить то, на что этот признак указывает; обладать выразительным слогом и уметь излагать с полной ясностью все то, что он задумает; иметь любовь к обучению и познанию, достигая это легко, не испытывая ни усталости от обучения, ни мук от сопряженного с этим труда; быть воздержанным в еде, в употреблении напитков и в совокуплении, от природы избегать игру и испытывать отвращение к возникающим из нее удовольствиям; любить правду и ее поборников, ненавидеть ложь и тех, кто прибегает к ней; обладать гордой душой и дорожить честью: его душа от природы должна быть выше всех низких дел и от природы же стремиться к деяниям возвышенным; презирать дирхемы, динары и прочие атрибуты мирской жизни; любить от природы справедливость и ее поборников, ненавидеть несправедливость и тиранию и тех, от кого они исходят; быть справедливым по отношению к своим людям и к чужим, побуждать к справедливости и возмещать убытки жертве несправедливости, предоставляя всем то, что он полагает добрым и прекрасным; быть справедливым, но не упрямым, не проявлять своенравности и не упорствовать перед лицом справедливости, но быть совершенно непреклонным перед всякой несправедливостью и низостью; проявлять решительность при совершении того, что он считает необходимым, и быть при этом смелым, отважным, не знать страха и малодушия» [3].

Отдавая среди знаний приоритет политической философии и этике, поскольку благодаря им возможно достижение подлинного счастья, отграничение последнего от мнимого, ложного счастья, Аль-Фараби противопоставляет добродетельный город невежественному и заблудшему городу, подлинно добродетельного человека тому, кто живет низкими ценностями и прозябает в лжи, клевете и высокомерии.

Аль-Фараби делает акцент на этико-нравственные проблемы человеческого общежития и одним из первых поднимает и пытается решить вопросы общественной жизни. Задача государства и общества должна быть направлена на удовлетворение потребностей человека и многое здесь зависит от правителя. Правитель, по Аль - Фараби, должен уметь образно передавать словами свои знания и направлять наилучшим способом людей к счастью.

ЛИТЕРАТУРА

1. Чумаков А.Н. Хрестоматия по философии
https://studme.org/42184/filosofiya/hrestomatiya_po_filosofii
2. Соколов В.В. Средневековая философия. М. 1979. - С.227.
3. Чумаков А.Н. Хрестоматия по философии -
https://studme.org/42184/filosofiya/hrestomatiya_po_filosofii

ӘЛ-ФАРАБИ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӘДЕБИ ТЕРМИНДЕР

Елмұратқызы Н, «Қазақ филологиясы» мамандығы студенті

Ғылыми жетекші: Ә. Т. Жеткізенова

Ш.Есенов атындағы КМТИУ доценті, ф.ғ.к. , Ақтау қаласы

Аңдатпа. Мақалада жастайынан оқу-білімге жетік болып, грек, араб тілдерін меңгерген, Отырар қаласында алған білімін кейін Бұхара, Каир, Александрия, Дамаск, Бағдат қалаларында ұштастырып, ғылымның әр саласында жүз елуден астам трактаттар жазған әлемнің ұлы ойшылы Әл-Фараби зерттеулеріндегі әдеби терминдер талданады.

Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңыздылығымен қоса, оның әдебиеттану ғылымындағы айрықша үлесі көрсетіледі. Ғалым еңбектерін зерделеп, ғылыми айналымға түсуіне үлкен ықпал еткен фарабитанушы еңбектеріне сүйене отырып жазылған мақалада Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарған әл-Фарабидің әдебиеттану бағытындағы зерттеу мұраларының құндылығы ашылған.

Түйінді сөздер: ұлы ғалым, әлем ойшылы, екінші ұстаз, грек поэзиясы, әдеби терминдер, зерттеушілер, әдебиет хақында, поэзия

Аты әлемге әйгілі Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінен нәр алмаған, сусындамаған, ұлы ғұлама жүріп өткен ғылым сүрлеуіне қызықпаған, құмартпаған ғалым жоқ деп айтуға болады. Әбу Насыр әл-Фараби есімі дүниежүзі мәдениеті мен ғылымының тарихынан берік орын алады. Дүниежүзі ғалымдары Шығыстың Аристотелі деп мойындаған ұлы ойшыл қаламынан жүз елуден астам трактаттар дүниеге келген. Оның қаламына арқау болған ғылым салалары: философия мен логика, математика мен физика, астрономия мен ботаника, тіл мен әдебиет, медицина мен музыка. Осы еңбектерінің ішінде философия мен әлеуметтану, этика мен эстетика мәселелері ерекше орын алады деп айтуға болады.

Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған ғалым өзінің әдебиетке қатысты негізгі теориялық ой-пікірлерін: «Риторика», «Поэзия өнерінің каноны туралы трактат», «Поэзия өнері туралы», «Ғылымдарды классификациялау туралы трактат», «Өлең және ұйқас туралы сөз» және т. б. еңбектерінде саралайды. Ғалымның осы еңбектеріндегі теориялық ойлары мен көркемдік-эстетикалық пікірлері әлі күнге мәні мен маңызын жойған жоқ. Ғылымның айтылған саласын зерттеу барысында өзінен бұрынғы ұлы философтардың сара жолымен жүріп, олардың дәстүрлерін бойына сіңіріп, дамытты. Әдебиет зерттеушісі ғалым Н.Келімбетов «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты кітабында әл-Фарабидің «Өлең кітабы» трактатынан: «Біз поэзиясымен хабардар болған көптеген халықтарға қарағанда арабтар өз поэзиясында бәйіттің соңғы жағына көбірек мән береді. Сол үшін де араб бәйіттері белгілі бір өлшемдегі шектелген сөздермен толықтырылады, көркемделеді. Мұндай жағдайда қолданылатын сөз тіркестері ырғақты, белгілі бір бөлшектерге жіктелген болуы керек, тіпті ондағы әрбір ритм, ырғақ, буын, бунақ саны да шектеліп тұруы шарт. Бәйіттегі сөздерде әңгіме не туралы айтылып жатқан болса, соған ұқсас етіп, бейнелі түрде айтылуы тиіс. Сонымен бірге бәйіттердің бір-біріне үндес болуы да талап етіледі» деген мысалдарды келтіреді: [1,119]. Әл-Фарабидің әдеби мұрасын зерттеушілер оның «Поэзия өнерінің каноны туралы трактатында» поэзия жанры туралы ой-пікірлерін өрбіте келіп, осы өнер саласында жүрген ақындар мен олардың дарындылықтарының ара жігін айыратынына

көңіл аударарды. Бұл бойынша автор шайырларды табиғи дарынына, арқалылығына, логикалық ойларына, ұйқас пен үйлесімді сақтауына қарап, үш топқа бөледі. «Біріншісі — өлең жазып, оны оқуға қабілетті, табиғи дарыны барлар. Бұлар поэзияның көптеген түрінде көркем бейнелілікке, тамаша ұйқастар мен теңеулер жасауға шебер. Сондай-ақ, олар өлең өнерінің сырымен, сын-сипатымен, теориясымен жақсы таныс болмаса да, алғырлығы мен асқан дарындылығының арқасында жырлары өткір, әрі тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді. Ұлы бабамыздың поэзия өнері жайында жазған теориялық ой-пікірлерін сол замандағы мықты ғалымдар жоғары бағалаған және «ақындар падишасы» деп ардақ тұтқан.

«Поэтикалық пайымдаулардың (А.Нысаналин «ақындық түйіндеу» деп келтіреді) өлшем мен мазмұнға қарай жіктелетінін айта келіп, Фараби өлшем бойынша жіктеулерді музыканттың немесе просодистің үлесіне жататын тіл мен әуеннің тегіне қатысты дүние деп білсе, мазмұн жөніндегі ғылыми жіктеулерді символдарды түсіндіріп, поэзияны талдаушы, поэтикалық идеяларды, түрлі халықтар мен мектептерге тән поэзияны зерттеуші қауым өкілдерінің еншісінде қалдырады. Фараби көптеген халықтардың поэзиясында мазмұн мен өлшем арасына шек қойылмай, аралас қолданылатынын, бұл мәселеде қатаң қағиданы тек көне гректер ғана сақтағанын айтады. Әрине, Фараби бұл жерде поэзияның әрбір түріне белгілі бір өлшемді ғана қолданатын көне гректік өлең қағидаларын үздік үлгі ретінде ұсынғалы отырған жоқ. Өлшем мен мазмұнның қатаң қағидаларға бағындырыла бермеуі түрлі халықтардың дүниетанымындағы, көркем ойлауындағы, сөз қолданыстарындағы ерекшеліктерге байланысты екені айқын. Фараби тек қатаң сақталатын қалыбы бар, теориялық тұжырымға салуға икемді, ең бастысы, біршама зерттеулерге арқау болып үлгерген грек поэзиясын толымды талдауға лайық және танымдық мәні бар объекті ретінде алады». [2, 619]

Әл-Фарабидің әдебиет теориясымен жан-жақты шұғылданып, әдеби терминдердің атауларының қалыптасуына көптеген зерттеулер жазған ғалым екендігін нақтылауға оның анықтамаларынан мысалдар көруге болады.

Сонымен Әл-Фараби көне грек поэзиясын жіктеп, саралап мынандай түрлерге бөлінеді:

Трагедия – арнаулы өлшемі бар, тыңдаушыға да, айтушыға да ләззат беретін өлең түрі. Трагедияда өзгелерге үлгі-сабақ боларлық жақсылы-жаманды істер сипатталады, билеушілер марапатталады. Музыканттар әдетте трагедияны әміршілердің алдында орындайды. Әмірші дүниеден өткен жағдайда трагедияға жоқтау сарыны бар өлеңдер қосылады.

Дифирамб — трагедиядан екі есе артық өлшемі бар өлең түрі. Дифирамбта жекелеген адамдарға емес, жалпы адам баласына ортақ абзал мінездер, ізгі істер, сондай-ақ күллі адамзатқа қайырлы істер жасаған дара тұлғалар дәріптеледі.

Комедия — арнаулы өлшемі бар өлең түрі. Комедияда келеңсіз, оғаш жайттар суреттеліп, адамдардың мінез-құлық, іс-әрекетіндегі ұнамсыз көріністер шенеледі. Жекелеген тұстарда кейбір адамдар бойындағы жануарларға тән жағымсыз, жиіркенішті мінездер баса көрсетіледі.

Ямб — бұл да арнаулы өлшемі бар өлең түрі. Ямбта мақал-мәтелдер секілді жақсылы-жаманды істерді сипаттайтын нақыл сөздер келтіріледі. Бұл өлең түрі соғыстар мен дау-жанжалдар кезінде, ашу-ызалы сәттерде қолданылады.

Драма — алдыңғы түр тәрізді поэзия жанры. Ерекшелігі сол — мұнда белгілі бір адамдарға, жеке тұлғаларға арналған ой түйіндері, нақыл сөздер қолданылады. Айнос — жоғары шеберлікпен жазылған, көркем де келісті пайымдауларды қамтитын өлең түрі.

Диаграмма — тәртіпке бағынбайтын, тезге салуға көнбейтін адамдардың жанын қандай жан түршігерлік азаптар күтіп тұрғанын сипаттайтын заң шығарушылар қолданатын өлең түрі.

Эпос және риторика — өткен дәуірлердегі саяси және құқықтық тәртіптер суреттелетін поэзия жанрлары. Өлеңнің бұл түрлерінде сонымен қатар билеушілердің өмір-салты мен іс-әрекеттері, ел басқарған кезеңі мен сол тұстағы айтулы оқиғалар баяндалады.

Сатира — белгілі өлшемі бар, музыканттар ойлап тапқан өлең түрі. Олар өздерінің әндері арқылы аң кейпінде киінген адамдар мен әртүрлі жануарларды таң қалдырарлық, әдеттен тыс қимыл-қозғалыстар жасауға мәжбүр етеді.

Поэма — жақсылық пен жамандықты, дұрыстық пен бұрыстықты бейнелейтін өлең түрі. Мұндай өлеңдердің әрбір түрі өзі сипаттайтын үлгілі, жарқын немесе келеңсіз, айыпты жайттарға сәйкес келеді.

Амфигенезис — жаратылыстану ғылымдарын сипаттау мақсатында жаратылыстанушы-ғалымдар ойлап тапқан өлең түрі. Поэзия жанрларының ішінде өлең өнерінен алшақтау жатқаны — осы түр.

Акустика — шәкірттерді музыка өнеріне баулу үшін қолданылатын өлең түрі. Оның қолданылу шеңбері осымен шектеледі, ол басқа салаларда қолданылмайды [3.36–38].

Ал Фараби ұғымында өлең еліктеу, яғни образ тудыра алса ғана — өлең, тудыра алмаса, өлең емес. Трактаттар контексіндегі “образ” ұғымының астарында кейіпкер бейнесі ғана емес, өлең өнеріне тән күллі көркемдік жатқаны айқын. Қазіргі әдебиет теориясы да образ ұғымына осы тектес анықтама береді. Сондай-ақ өлең өнерінің бітім-болмысы лиризмге, эмоцияға, экспрессияға бейім екендігін ескерсек (“Поэзия — эмоция, проза — сюжет”), Фарабидің амфигенезиске берген бағасы — оның поэзия табиғатын тап басып тани білгендігінің айқын айғағы деуге болады.

Фарабидің өзі ескерткендей, осы көрсетілген грек поэзиясы түрлерін осы тұтас қалпында түпнұсқадан тауып, аударма көшірмесін беріп қана отырған жоқ. Зерттеушілердің анықтағанындай, «поэзия жанрларын бұлайша жіктеу Аристотель туындыларында кездеспейді» [1.15]. Мұның өзі көне грек поэзиясын талдап-түсіндірмес бұрын оны саралап, жіктеуде, көзқарастарды тиянақтап, тұжырымдауда әл-Фарабидің қосқан үлесі елеулі екенін көрсетеді. Теңеу сөздерге талдау жасағанда Фараби олардың көркемдік дәрежесіне қарай жіктелетінін айта келіп, өзара ұқсас заттар арқылы ғана емес, бір-біріне мүлде ұқсамайтын заттар мен құбылыстар арқылы да теңеулер жасалатынын, оларды әсерлі де иланымды ете білу ақынның шеберлігіне байланысты екенін атап көрсетеді. Фарабидің “теңеу” ұғымының аясында онымен табиғаты туыс бейнелеу құралдары — ауыстыру, шендестіру, сипаттама (эпитет), параллелизмдерге тән сипаттар қамтылғанын аңғару қиын емес. Әл-Фарабидің поэтика мәселелерін талдаған екінші бір еңбегі — «Поэзия өнері туралы трактат». Еңбектің кіріспесінде араб өлеңінің құрылысына тән ұйқас пен ырғақ, өлшемдер, образдылық, үйлесімділік мәселесі сөз болады. Фараби сондай-ақ әуен (музыка) мен өлеңді бөле-жармай бірге қарайтын халықтар мәдениетіндегі қос құбылыстың табиғатына тоқтала келіп, «өлеңді әуенмен айтушылар әуеннің ырғағын бұзып алудан қалай сақтанса, өлең өлшеміне нұқсан келтіруден де солай сақ болуы қажет» деген тұжырым жасайды [2, 619]. Тек бұл трактатта ғана емес, музыка мәселелерін талдаған еңбектерінде де Фараби өлең мен әуеннің байланысына үнемі мән беріп отырады. «Әуен өлеңмен үйлескенде әлдеқайда әсерлі естіледі, мұндайда (өлең) сөз де мәнерлірек бола түседі» деп жазады ғалым [4]. Әуеннің поэзияның белгілі бір түріне бейімделетіні, қолданылатын тілдің синтаксистік құрылымына тәуелді болатыны, диалектикамен байланысты қос құбылыс — поэтика мен риториканың заңдылықтарына әуеннің де

бағынатыны жайындағы ғалым тұжырымдары синкретті фольклор жанры басты роль атқарған, әуен мен өлеңнің ара-жігі ажырап болмаған ортағасырлық мәдениеттің болмыс-бітімімен тығыз байланыста туындаған. Фараби ұғымында өлеңге қойылатын басты екі талап — өлшем және еліктеу (образдылық). Екеуінің бірі кем болса, өлең өлең болудан қалады. Бірі артық болса да солай. Осы соңғы құбылысты да ғалым сарабал сан елегінен өткізген: сөз мағынасына лайықты пішін қолданбай, образдылықты шектен тыс көп пайдаланған шешендердің риторикадан поэтикаға, ал шешендік сөздерді көптеп қолданған ақындардың поэтикадан риторикаға ауытқитынын ғалым айқын мысалдармен дәлелдейді [2, 619].

Жоғарыда бірнеше ғалымның Әл-Фарабидің әдебиеттану саласына қосқан өлшеусіз үлесін саралаған ғалымдардың қай-қайсысы да Аян Нысаналин еңбектеріне сүйеніп, сілтеме алғандығын көрсеткен. Демек, әл-Фараби еңбектерінің ғылыми айналымға қосылып, кейінгі ұрпақтарына рухани мұра боп жетуіне Аян Нысаналин зерттеулерін айрықша атауға болады.

Ұлы ғалымның өмірден өткеніне сандаған ғасырлар артта қалғанымен, еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтпай, қызмет етуін тоқтатқан жоқ.

Фарабитанушылар зерделеген ғылымның сан-қырлы саласының бір ғана бағыты әдеби терминдер түзілісінің қазіргі таңда өзектігін жоғалтпай, үзіліссіз жалғастығын тауып келе жатқандығы осының айғағы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті, Алматы 1991. 264 б.
2. Таскалиева А. К. Әл-Фараби — әдебиеттанушы хақында... // Молодой ученый. — 2015. — №17.
3. Әл-Фараби. “Поэзия өнері туралы трактат”, Алматы, 1972.
4. А.Көбесов. Әбу Насыр әл-Фараби, Алматы, 2004. 9

ӘОЖ: 1(09):51. (045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

Муханбетова Л., Аударма ісі тобының студенті

Ғылыми жетекші: Табылдиева О.Д.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ доценті, т.ғ.к., Ақтау қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада Әл-Фарабидің математикалық ғылыми еңбектеріне шолу жасалған. «Математикалық трактаттары», математикаға тікелей немесе жанама қатысы бар «Музыканың ұлы кітабы», «Алмәгеске түсініктеме», алгебралық зерттеулері, нақты сандар ұғымдары туралы ұлы ойшылдың еңбектеріндегі философиялық ойлары қамтылған. «Жұлдыздар туралы математика ғылымы», аспан денелері, планеталардың орналасуы, қозғалысын зерттейтін астрономиялық еңбектері де қарастырылған.

Түйінді сөздер: екінші ұстаз, трактат, Музыканың ұлы кітабы, астрономия

X-XI ғасырларда есімдері әлемге әйгілі болған екі адамды айтуға болады, олар — Әл-Фараби мен Ибн Сина. Заманында теңдесі болмаған бұл ғұламалар Аристотель еңбектерін терең білген әрі оларды жан-жақты түсіндіруде аса үздік еңбек етушілер. Әл-Фарабидің грек философиясын, әсіресе, Аристотельді жетік білгені үшін оны «екінші ұстаз» деп атаған. «Екінші ұстаз» деу-философия тарихында Әл-Фарабиді Аристотельден кейінгі қою деген сөз.

Бұдан 25-30 жыл бұрын шығыс ғылымы мен мәдениет тарихын зерттеушілер «Фараби математик болған ба?» деген сауалға екі ұшты жауап беріліп келген еді. Кейбіреулері – Фараби математик болған, бірақ оның бұл саладағы шығармалары орта қолды дүниелер және олардың көпшілігі бізге жетпей жоғалып кеткен десе, енді біреулері ол таза математика мәселелерімен айналыспаған, тек математиканың философиялық негіздерін жасаумен ғана шұғылданған деп жауап беріп келді.

Қазір зерттеулер бұл екі пікірдің екеуінің де ағат екендігін көрсетіп отыр. Шындығына келгенде, Фараби өз заманындағы аса көрнекті математиктердің бірі болған, одан бізге бірнеше құнды математикалық шығармалар жетті, бірақ күні бүгінге дейінгі олардың көпшілігі басқа ғылыми трактаттары ішінде елеусіз қалып немесе басқа біреудің атына телініп келген.

Ұлы ғұламаның ғылыми мұраларын зерттеудегі бұл олқылықтың орны қазір толды деп толық айта аламыз, өйткені Қазақстан фараби танушыларының зерттеулері нәтижесінде тарихта тұңғыш рет Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы 1972 жылы Фарабидің «Математикалық трактаттарын» басып шығарды. Бұған қоса ғұламаның бүкіл математикалық еңбектерін талдауға, зерттеуге арналған «Фарабидің математикалық мұрасы» деген еңбек жариялады.

Фарабидің «Математикалық трактаттары» деп аталатын жинаққа оның математикалық мазмұнды мына төмендегі бес еңбегі енген:

1. «Ғылымдар энциклопедиясының» немесе «Ғылымдар тізбегінің» математикалық тауарлары.
2. «Алмагеске қосымша кітабының» тригонометриялық тараулары.
3. «Табиғат сырын геометриялық фигуралар арқылы танытарлық рухани айла-әрекеттер» немесе геометриялық трактат.
4. «Евклидтің бірінші және бесінші кітаптарының кіріспелеріндегі қиын жерлерге түсініктемелер».
5. «Жұлдыз бойынша болжаулардың қайсысы дұрыс, қайсысы теріс» [1].

Бұлардан басқа математикаға тікелей немесе жанама қатысы бар көп деректер ғұламаның «Музыканың ұлы кітабы», «Алмагеске түсініктеме» атты үлкен еңбектерінде мол орын алған. Әл Фараби алгебра ғылымының тұңғыш анықтамасын берді және алгебралық зерттеулердің табиғаты міндетті түрде нақты сандар ұғымын енгізуді қажет ететіндігін тұжырымдады.

Фарабидің «Музыканың ұлы кітабындағы» математикалық мағлұматтарға қысқаша шолу жасасақ, біріншіден, бұл еңбекте Әл-Фарабидің арифметика пәніне жататын, бірақ музыка теориясында әртүрлі қолданыс табатын сандар қатынастарына, яки бөлшектерге амалдар қолдану ережелерін түсіндіреді. Ондай амалдар қатынастарды қосу, бөлу және азайту. Фараби бұл туралы былай жазады: «Егер біз мына төмендегі үш есептің қалай шешілетінін түсіндірсек, онда біз музыканың арифметикадан алған нәрселерін түгел көрсеттік деп айта аламыз:

1. Сандар бір-бірімен берілген қатынаста болсын. Қатынастары осы қатынастарды қамтитындай екі сан табу керек;
2. Екі сан өзара берілген қатынаста болсын. Біз осы екі сан қатынасы қамтитындай қатынастардағы орта сандарды табуымыз керек;
3. Берілген қатынастағы екі сан қатынастар қосындысы бастапқы қатынастан шығатындай, екі орта санды қамтысын. Бұл қалдық қатынасты беретін, яғни бұл қосындыға қарағанда бастапқы қатынастың артықшылығы болып табылатын санды табуымыз керек [1, 110 б].

«Музыканың ұлы кітабында» музыка ғылымының әр түрлі мәселелерін қарастыра келе мынадай пікір айтады: «Бұл табиғи нәрсе, өйткені музыка теориясының ең ақырғы көздеген мақсаты, сайып келгенде, әр түрлі тондарды, интервалдарды,

топтарды т.б. комбинациялау арқылы мелодиялар, күйлер мен әуендер композициялау, шығару болып табылады».

«Музыканың ұлы кітабында» математикадағы функция, функциялық тәуелділіктер ұғымына келетін мәселелер мен пайымдаулар көп кездеседі. Фарабидің музыкалық аспаптар шығаратын дыбыстардың биіктіктері қандай физикалық басқа шамаларға байланысты тәуелді болатынын анықтау әрекеттері-осындай есептердің басты бір бөлігі болды. Фарабидің қорытындысы бойынша, тондар дыбысты туғызатын шектердің ұзындық-тарына кері пропорционал болады. Бұл біз мектептен білетін өзара кері пропорционалдық функциялық тәуелділік.

Фарабидің логикалық трактаттарында қазіргі замандағы математикалық логиканың да нышаны болғанын көрсететін мағлұматтар баршылық. Ол логиканы философиядан бөліп, оны математика, грамматика т.б. сияқты нақты дәл ғылым деп санап, оның пәнін, зерттеу әдістерін анықтайды. Фарабиде математикалық астрономия мен географияның әр түрлі есептерін математикалық жолмен шешу қажетінен туған үлкен де жүйелі тригонометрия бар. Ол мағлұматтар ғұламаның «Алмагестке түсініктеме», «Алмагестке қосымша кітабы» атты еңбектерінде баяндалған.

Ежелгі грек математиктері дөңгелек шеңберінде 360° , диаметрінде 120 бөлік бар дегенді басшылыққа алып, бұрыштың хордасын табуды көздеген. Индия математиктері хорданы-синус және косинус сызықтарымен айырбастады. Әл-Фарабиге дейінгі араб математиктері қосымша тангенс және котангенс сызықтарын қосқан. Фараби бұл мағлұматтарды бір жүйеге келтіріп, қарастыра бастайды. Ең әуелі синуспен хордың арақатынасын анықтап алады, бұл екі еселенген доғаның жарым хордасы. Бұл жаңалық дөңгелекке іштей сызылған тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарына байланысты тригонометриялық функцияларды астрономияға кеңінен енгізуге жол ашты.

«Мәселелер мәні» деген еңбегінде: «Тұрақты, қозғалмайтын ортаны айналып жүретін әлем мен сфералар тізбегінің бастауы болып табылатын субстанциядан өсімдік, хайуан және ақылды жандаржы қабылдап алуға бейімді әр пропорциядағы әр түрлі элементтер қоспасы қажетті қалыптасады. Дәл осы сфералардың қозғалысынан және олардың біріне бірінің сүйкелісінен белгілі тәртіпте төрт элемент пайда болады. Ізгіліктің үйлесіммен түзілу реті әрбір ақылдың өзіне тән.

Аспан денелері жалпы және жалқы туралы білімге ие. Олар қабылдау арқылы бір қалыптан екінші қалыпқа көшуінің бергілі ретін мүмкін санайды. Осы қабылдау арқылы оларда қозғалыстың тікелей себебі болып табылатын дене қабылдауы пайда болады. Аспан қозғалысы дегеніміз-қозғалушы өзінің қалпын өзгертіп отыратын айналмалы қозғалыс, ал ауыспалы қозғалыс дегеніміз-қозғалушы дене өзінің орнын ауыстырып отыратын қозғалыс. Қозғалыс пен тыныштықтың басталуы, ол сыртқы қысым немесе өмір, табиғат деп аталады» [2].

Астрономия Әл-Фарабидің айтуы бойынша «жұлдыздар туралы математика ғылымы», аспан денелерін, планеталардың орналасуын, олардың бір-бірімен жерге жақындығын, өлшемдерін, қозғалысын зерттейді дейді. «Әл-Фарабидің көптеген формулалары Ұлықбектің астрономиялық мектептерінің атақты кестелерінің негізі, математикалық аппараты қызметін атқарғаны туралы болжам айтуға болады» дейді Қазақстандық Ә-Фараби шығармашылығын зерттеуші А.К.Кубесов [3].

Қорытындылай келе Әл-Фараби: «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу» дейді. Біздер үшін ғұлама ойшылдың белгісіз, ашуды қажет ететін жаңалықтары мен еңбектері әліде көп деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көбесов А. Әбу Насыр Әл-Фараби. А., 2004. 108-122 бб.
2. Есім Ғ. Фалсафа тарихы. А., 2000. 49-50 бб.
3. Қазақ халқының философиялық мұралары. 3 т. А., 2005. 28 б.

ӘОЖ: 1(09):50. (045)

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Кыйлыбаева Г. Аударма ісі-тобының студенті

Ғылыми жетекші: Табылдиева О.Д.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ доценті, т.ғ.к., Ақтау қаласы

Андатпа. Бұл мақалада Әл-Фарабидің жаратылыстану ғылымдары бойынша жазылған философиялық еңбектеріне арналған. Әсіресе оптика, статика, механика, материя және форма, кеңістік және уақыт, қозғалыс және тыныштық ұғымдары қарастырылған «Музыканың ұлы кітабы», «Вакуум туралы трактат», «Ғылымдар энциклопедиясы», «Физика негіздері» еңбектеріне шолу жасалған.

Түйінді сөздер: вакуум, материя, бостық, физика

Қазақстан фарабитанушыларының зерттеулері ұлы ғалымның өз заманындағы көрнекті физиктердің бірі болғанын көрсетіп отыр. Фараби ең әуелі физиканың философиялық мәселелерімен көп шұғылданған: ол физика ғылымының пәнін анықтайды, материя және форма, кеңістік және уақыт, қозғалыс және тыныштық т.б. түбегейлі ұғымдар жөнінде құнды-құнды пікірлер айтқан. Фараби оптика, статика, механика сияқты математикаға жақын, туыс ғылымдар мәселелерімен көп шұғылданған, олардың пәнін, мазмұнын қайта қарап шыққан, математиканы табиғат құбылыстарын зерттеуге, практикада қолдануға ерекше мән берген.

Фараби, әсіресе, физиканың музыкалық акустика саласы бойынша ірі жаңалықтар ашқан. Ол, мәселен, музыканың физикалық негіздері, тәжірибе мен бақылаудың музыка теориясын жасауда ролі, табиғи-музыкалық қабылдау т.б. мәселелерді терең зерттеген. Әсіресе, дыбыстың тегі, олардың таралуы, дыбыстың жоғарылығы және күші, музыкалық дыбыстардың ерекшелігі және оларға сандық сипаттама беру т.б. көптеген мәселелер жайлы сындарлы мағлұматтар, пайымдаулар айтқан.

Фарабидің физикалық көзқарастары оның «Музыканың ұлы кітабы», «Вакуум туралы трактат», «Ғылымдар энциклопедиясы», «Физика негіздері» және басқа еңбектерінде қамтылған.

Фарабидің аса көрнекті физикалық еңбектерінің біріне саналатын, осы кезге дейін жеткілікті түрде зерттелмей келген «Вакуум туралы трактаты-мен» таныстыра кетуді мақұл көрдім. Кеңістік-ғылым мен философияның ең іргелі де дербес мәселелерінің бірі. Өйткені кеңістік ұғымы, материя ұғымымен тығыз байланысты. Міне, сондықтан жүздеген, мыңдаған жылдар бұрын-ақ материядан, тыс бос кеңістік бола ма немесе кеңістік әрқашанда материямен бірге сабақтас бола ма деген сауалдар болды. Осыдан барып «вакуум», яғни «бостық» мәселесі шыққан.

Ертедегі Мысыр елінде, «табиғат бостықтан қорқады, сондықтан бостық жоқ» деп жорыған. Бұл мәселені ғылыми философиялық тұрғыдан шешуге тырысқандар ішіндегі ертедегі грек ғалымдары Демокрит пен Аристотельді атап айтуға болады. Бұл

екі ғұлама вакуумның, яғни бостықтың жаратылысы, бар-жоғы жайлы қарама-қарсы көзқараста тұрған.

Вакуум мәселесі кейінірек, орта ғасырларда қайта көтерілді. Бұл тұста да, баяғы Демокрит пен Аристотельден басталған осы екі бағыт қайта сарапқа салынды. Мутакалимдер, яғни діншіл философтар «бостық бар» деп болжаса, Фараби және оның шәкірттері Аристотельдің ізін қуып ешқандай вакуумның жоқтығы жайлы ілім жасады. Осы мәселеге арнап Фараби өзінің атақты еңбектерінің бірі «Вакуум» деген трактатын жазған. Бұл еңбектің арабша нұсқасы түрікше және ағылшынша аудармаларымен бірге 1951 жылы Түркияда басылып шықты. Бұл трактатты Қазақстан Ғылым Академиясының фарабитану тобы орыс және қазақ тіліне аударды.

Фараби бұл еңбегінде вакуумның жоқ екендігін ертедегі гректерде сирек кездесетін тәсілмен, яғни эксперимент жасау жолымен, физика ғылымының сол кездегі жетістіктеріне, дұрыс логикалық ақыл-ой қорытындыға сүйене отырып дәлелдеуге ұмтылады.

Фараби былай дейді: «Егер сору нәтижесінде ауаның үштен бірі шықты десек, онда үштен екі бөлігі ыдыста қалады, сөйтіп ыдыстың үштен бір бөлігі ауадан босайды. Айталық, бұл бөлік ыдыстың орта жағын қамтысын. Сонда ыдыстағы қалған екі бөлік арасында белгілі бір аралық немесе көлем барма?

Олар бұл сұраққа бар немесе жоқ деп жауап беруге тиіс. Егер бар десе, онда ұзындығы, ені және тереңдігі бар нәрсемен толды деген сөз. Ал, егер жоқ десе, онда мынадай қарсы дау айтуға болады: «су ыдыс аузынан ауасыз кеңістікті толтырғанша құйылған жоқ па? Су біраздан кейін ағуын тоқтатып, ыдыстың аузынан судың тоқтаған жеріне дейінгі деңгейді алған жоқ па? Егер олар бұған құптап жауап берсе, онда аралықтың бар болғаны... [1, 49 б.]»

Бұдан кейін Фараби дененің ұлғаю, кішірею құбылыстарына тоқталады: «Заттардың ұлғаю және кішіреюінде де осы сияқты жағдай байқалады... Дененің мөлшерінің ұлғаюы екі түрлі жолмен жүзеге асады:

1) оған сыртқы жағынан басқа бір денені әкеліп қосу арқылы ұлғайтылады. Мұның мысалына қосып сығымдау арқылы бір дәнді екінші дәнге жабыстыруды алуға болады. Сонда бөліктерден тұратын жалпы көлем артады. Осы сияқты, араластыру және бөлшектеу арқылы да көлемді өзгертуге болады. Мысалы, егер арпа мен бидайды араластырса жалпы көлем ұлғаяды. Осы сияқты бір денені екінші денеден ажыратсақ зат кішірейеді. Бұл жерде денені араластыру немесе денеден жылы және суық бөлшектердің ажырауы салдарынан жылы дененің сууы, суық дененің жылуы сияқты құбылыс орын алып отыр.

2) Дененің мөлшерінің өзгеруі оған басқа бір бөліктің қосылуы немесе алынуы арқылы жүрмейді, өздігінен болады. Бұл қызу дененің температура-сы одан қызу бөлшектердің қосылуынсыз-ақ төмендеуі немесе артуы сияқты көптеген денелердің көлемі осы тәріздес ұлғаяды. Олардың мөлшері оған басқа бір шаманың қосылуынсыз немесе алынуынсыз-ақ өзгереді».

Фараби былай дейді: «Мұндай дәлелдің қатарына ауаны жатқызуға болады, өйткені оның көлемі басқа көлемнің қосылуынсыз-ақ ұлғаяды. Ешнәрсенің қосылуынсыз-ақ судың температурасы өсіп, кему кезінде судың өзінің баяғы су қалпында қалатыны сияқты ауа да көлемі ұлғаю және кішірею кезінде баяғы ауа болып қалады». Бұл жерде әңгіме су мен ауаның массасы жайлы болып отыр. Әрі қарай ғалым: «Ауаның ұлғаюы мен кішіреюі табиғи немесе зорлау арқылы жүзеге асады. Мысалы, тастың қозғалысын алайық. Ол табиғи түрде, яғни төмен қарай қозғала алады және күш қолдану арқылы жоғары қозғала алады, егер кернеу ала болса, өзінің табиғи қалпына, яғни төменге қайтып келеді. Ауа да осы сияқты. Егер оның көлемі зорлау арқылы ұлғайса, онда кернеу болып тұрғанда, бұл көлем сақталады. Кернеу қалай ада

болса, солай оның көлемі бұрынғы табиғи қалпына қайтып келеді», -деп қорытындылайды [1, 52 б.].

Атынан көрініп тұрғандай Фараби бұл еңбегін ұстазы Аристотельдің атақты туындысы «Физиканы» өңдеп, түсіндіруге арнайды. Аристотельдің «Физикасы» сегіз кітаптан тұрады және ол біздің қазіргі физика ғылымына сай келмейді, оны табиғаттану философиясы деп қарастырған дұрыс. Мұнда Аристотель физиканың зерттеу объектісі, нысанасы қозғалыстағы денелер деп алып қозғалысқа қатысы бар мынадай проблемаларды зерттейді. Өзгерудің жалпы проблемасы, материя мәселесі, субстанциялар, қозғалыстың формалары т.б. «Физика,-деп жазады Әл-Фараби,-табиғи денелердің қайсысы жағдайға қарай анық болмыс екенін анықтай отырып, табиғи денелерді зерттейді; ол әр табиғи денеден оның нысаны мен субстанциясын, оның жаратушысы мен осы дененің, сондай-ақ акциден-циясының бар болу мақсатын зерттейді» [2, 30 б.].

Ә-Фараби жер бетіндегі және аспан, әлемдегі заттардың материалдық сипатта болатындығына күмән келтірмейді. Материалдық заттар мен денелер Фараби пікірінше алты түрге бөлінеді: 1. Аспан денелері; 2. Есті жануарлар (адамдар); 3. Ессіз жануарлар; 4. Өсімдіктер; 5. Минералдар; 6. Түрт түпнегіз-от, су, ауа, жер. Аристотель аспан денелері ерекше бір зат-эфирден тұрады деді. Ал, Әл-Фараби болса, аспан денелерінің ерекшелігін тек олардың құрылысынан көреді [3, 110 б.].

Фарабидің бұл еңбегінің басты маңызы-Шығыспен Батыс оқымысты-ларына олардың механикалық көзқарастарын, білімдерін дамытуда ерекше қызмет атқарған-Аристотель идеяларын тазалап, жөндеп жеткізу болды. Ол Аристотельдің «Физикасына» арналған ортағасыр Шығысындағы тұңғыш еңбек қана емес, Европа ғалымдарында да Аристотельдің механикалық қағидаларымен таныстырушы бірінші шығарма.

Қорыта келгенде «Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері - зор, тілек-мақсаты - ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт» дейді ойшыл. Менің білгенім, үйренгенім бір тоғыз болса, білмегенім тоқсан тоғыз. Сондықтан Әл-Фараби мұраларын оқу үйрену, зерттеу қоршаған дүниеге деген сын көзқарасымызды қалып-тастырып, жаңа серпін берері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көбесов А. Әбу Насыр Әл-Фараби. А., 2004. 47-67 бб.
2. Қазақ халқының философиялық мұралары. 3 т. А., 2005. 30 б.
3. Алтаев Ж., Әміркұлова Ж. Әл-Фараби және ислам философиясы. А., 2012. 110 б.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ: ӨМІРІ, ШЫҒАРМАЛАРЫ, ЖАҒАНДЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Кошқарова А, Есқалиева І., «Тарих» мамандығының студенттері
Ғылыми жетекшісі: Қамиева Г.Б., аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Мақалада ұлы ойшыл, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз, өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала біліп, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берген – Әл-Фарабидің өмірі, ғылыми мол мұрасы, мемлекет басқару, ізгілікті қоғам жөніндегі гуманистік идеялары, данышпандық болжамдары мен терең мағыналы пікірлері жөнінде қарастырылған.

Түйінді сөздер: философ, зерттеуші, әсемдік мәселесі, медицина, музыка.

Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі – күллі әлемге танымал, ұлы жерлесіміз, Батыс пен Шығысты терең білімімен бас идірген Әбу Насыр әл-Фараби.

Зерттеуші-ғалымдар әл-Фарабидің балалық, жастық шақтары туралы мардымды әңгіме айтпайды. Себебі ұлы ғалымның өмірінің бұл кезеңі туралы мағлұматтар жоқтың қасы. Сондықтан да зерттеушілер ұлы ойшылдың өмірбаянын оның елуден асқан шағында Бағдад шаһарына қоныс аударуынан ғана бастайды. Оның ғылым жолындағы ізденістері мен ұзақ сапарлары нақ осы кезден басталса керек.

Елімізде фарабитану ғылымымен айналысып жүрген ғалымдардың айтуынша, ғалым өз ажалынан қайтыс болған. Жасы сексеннен аса бергенде хижраның 339 жылы (милад бойынша 950 ж.) реджеб айында Шам шаһарында дүние салған. «Екінші ұстазды» о дүниеге құрметпен жөнелту ісін он бес нөкерін ерткен Сайф ад-Дәула әмір өзі басқарыпты. Қаланың «Кіші қақпа» («Баб ас-Сағир») аталатын жағындағы зиратқа жерлеген. Басына ескерткіш қойған [1, 116-129-б.б.].

Әл-Фараби жастайынан түрлі ғылымды оқып үйренді. Оның ақыл-ойының ұшқырлығы мен білімінің молдығына тәнті болған талай жан еріксіз таңдай қаққан. Ол араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерді.

Ол кезде мұсылман дүниесінің рухани орталығы Месопотамия болғандықтан, жас Әбу Насырды (Нәсірді) ата-анасы Таяу және Орта шығыс елдеріне сапарға дайындайды. Бірақ ол Бағдадқа бармас бұрын жолай Шаш пен Самарқан, Бұхара шаһарларына соғып, білімін молықтырған секілді. Әйтсе де Әбудің мұнда қанша болғаны жайлы араб шежілері ештеңе айтпайды. Кейін ол жолай Иран еліндегі Мешһед, Нишапур, Рей, Исфahan қалаларына келеді. Иран халқының мәдениетімен танысады. Содан соң әрі қарай Бағдадқа аттанады [2].

Әбу Насырдың Бағдадқа баруының өзіндік себептері болған. Сол уақытта Бағдад шаһары ғылым мен өнерге ден қойған адамдарға қақпасын кең ашып, оларға ғылыммен айналысу үшін бар жағдайды жасаған. Бағдадта «Байт әл-Хакма» атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған. Екіншіден, сол кездері Бағдад халифатын басқарған Аббас әулетінің сенімді уәзірлері негізінен түркістандық Фараб қаласынан болыпты.

Бағдад шаһарында әл-Фараби логиканы Әбу Бишр Матта ибн Юнустан үйреніп, кейін өзі ұстазынан да асып түседі. Лингвистикалық ғылымдарды жетік меңгеруді

қалап, грамматика саласының маманы Әбу Бәкір ибн әс Сирадждан грамматикадан дәріс алады. Әли Юхан ибн Хайланнан тәуіптік өнер (медицина) мен логика саласынан дәріс алған [3].

Сонымен, ұлы ойшыл біраз жылдар Бағдад шаһарында ғылыми ізденістермен айналысады. Содан кейін Шам аймағына қоныс аударады да, сексен жасқа жетіп, өмірден өткенше сол өлкеде қалады.

Шам аймағына келгеннен кейін әл-Фараби алғашында Дамаск қаласындағы бір бақта бағбан болып жұмыс істейді. Мұнда ол жеміс ағаштарын баптай жүріп ғылыммен айналысуын әрі қарай жалғастырады. Ол, әсіресе, логика ғылымын терең зерттейді. Осы салада бұрын-соңды жазылған еңбектердің бәрін парақтап оқып шығады. Тұрмысының жұпынылығына қарамастан, қолындағы бар қаражатын кітап сатып алуға жұмсап, күні-түні ғылыммен айналысады. Ол бақ қарауылшысы ретінде берілетін май шамның жарығымен талай томдарды оқып тауысады. Өзінің еңбектерін де жазып шығады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің өзінен: Сіз қандай ғылымдар саласында еңбек еттіңіз? - деп сұрай қалсақ, ол не дер еді? Біздің ойымызша, ол былай дер еді: Менің айналысқаным бір-ақ түрлі ғылым, оның аты – «Табиғат пен адамзат» деп аталады. Оп-оңай, екі-ақ ауыз сөз. Бірақ осы екі сөздің шеңберінен тыс ғылым қайда, ондайды естіген жан бар ма? Олай болса, Фараби қамтыған ғылым мен өнер жоқ деуге болады [4].

Оның жаратылыстану, философия, астрономия, математика, медицина, логика, этика, метафизика, жағрафия, әдебиеттану, тіл білімі, музыка сияқты ғылым салаларынан 164 трактат жазғаны мәлім. Келтірілген еңбектер санының өзі Фарабиден бізге көп мұра қалғанын байқатады. Мың жылдан асса да осынша рухани мол дүниесінің қолдан қолға өтіп бізге аман жетуі Фарабидің ұлылығының, данышпан білімпаздығының тағы бір айғағы болса керек. Ендігі парыз осы еңбектердің барлығын жинап, екшеп-талдап ұрпақтар кәдесіне жарату болып отыр.

Әл-Фарабидің мұрасын зерттеуге жол ашқан немістің атақты ғалымы Дитерици болды. Осынау зерделі зерттеушінің бағалауынша, әл-Фараби ғылымдағы ержүрек қаһармандар санатына қосылады. Ол «соқыр сенім кесапатына қарсы, өзінің тарихын қанмен жазған, рухани бостандық пен гуманизмнің қасиетті заңдарын таптау үшін бар зұлымдығын жасап баққан баққұмар мансапқорлыққа қарсы аянбай күресті»

Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің барлық жұмыстарын адамға арнады. Араб тілді философтар шешкен басты мәселелер – білім, таным, дүниедегі Ақиқатты іздеу мәселелері болды.

Ол үшін Әл-Фараби ежелгі грек ғалымдарының еңбектерін өз бетінше оқып, талдап, түсіндірмелер жазып, ары қарай дамытқан, трактаттар жазған. Ол шамамен Аристотельдің барлық кітаптарына түсініктеме берген. Птоломейдің «Алмәгесіне» және Порфирийдің «Эйсогесіне» түсініктеме жазған. Эфклидтің геометрия жайындағы кітаптарын терең зерттеген. Платонның күллі кітаптарын оқыған.

Ғылымның даму тарихында жинақталған білім қорларын сұрыптап, реттеп белгілі бір жүйеге салу тәртібі ежелден бар. Әл-Фараби бұл тұрғыда да қарап қалмай, өзінің ең атақты шығармаларының бірі «Ғылымдар энциклопедиясы» деп аталатын трактатын жазған. Бұл еңбектің ғылым тарихында алатын орны ерекше үлкен. Осы трактат «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдар реті», «Ғылымдар классификациясы», т.б. аттармен Шығыс пен Батыс елдерінде өте ертеде-ақ мәлім болып, одан көп ғұламалар тәлім алды [5].

Бұл кітап мындай бес тараудан тұрады:

1. Тіл білімі және оның тараулары;
2. Логика және оның тараулары;

3. Математика, яғни арифметика, геометрия, оптика, математикалық астрономия, музыка, статистика, айла-әрекет жөніндегі ғылым (механика);

4. Физика мен метафизика және олардың тараулары;

5. Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және кәләм (дін ғылымы).

Араб мәдениетінің философиялық екі тарауы болған деп саналады. Оның бірі ертеден келе жатқан теологиялық-мистикалық, дүниеден безуші – аскеттік-дәруіштік ағым; екіншісі дүние кілтін табиғатты зерттеуші адам ақылынан іздейтін ақли (рационалдық) ағым [1, 176-б.].

Фарабидің атағы философ ретінде Аристотель, Платон сияқты ірі философтардың еңбектерін талдаумен әйгілі болады.

Әл-Фараби өзінің «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактат» атты еңбегінде Аристотельдің философиясын меңгеру үшін қажет болатын тоғыз шарты жайлы өз пікірлерін ортаға салған. Оның пікірінше, тұңғыш рет грек философы Пифагор философиялық бағыттың алғаш негізін құрастырған. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін таныстыруда үлкен рөл атқарды [6].

Бақытқа жетудің маңызды шартын, әл-Фараби адамның әрекетті таңдау және осы істеген әрекеттің өз ырқына негізделуінде. Әл-Фараби адам ырқының еркіндігіне, жақсы мен жаманды еркін таңдауына көп маңыз артады. Ерік еркіндігі жан парасаттылығымен анықталады және ол тек адамға тән, адамдағы ізгілікті қалыптастыратын және күшейтетін қажетті шарт.

Ойшыл данышпан тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескерткен [7].

Ғалымның мұрасында әсемдік мәселесі ерекше орын алады. Сұлулықты, үйлесімділікті сұлулық пен сәнділіктің жоғары дәрежесіне ие Алла ғана жасай алады деп дәлелдейтін мұсылман идеологтарына қарағанда, Әбу Насыр ізгі істі іздеуге және жасауға тек адам ғана қабілетті деп дәлелдейді: «Адам рухани ізгілігіне байланысты ғана жағымсыз және ізгі істерге барады», «Адамға қысқа ғана ғұмыр берілгенмен, ол қас-қағымды көп екен деп есептейді, адамдар бір-біріне азап шектіре отырып бірімен-бірі жауласады, бір-бірімізді қашанға дейін азап шектіре береміз. Табиғатта әсемдік мәңгі өмір сүреді, ал қайталау түрінде пайда болатын өнердегі ізгілік пен сұлулық адамнан ғана шығады».

Әл-Фарабидің эстетикасында әсемдік пен пайдалылық, сұлулық пен пайда бірімен-бірі үйлесімді түрде тұтасып кеткен, бірінен-бірі бөлінбейді. «Адам ақыл-ойының арқасында ғана адам болды», - дейді ғұлама.

Әл-Фараби сауатсыздық жайлаған заманда жаратылыстану ғылымдары ішіндегі ең сүбелілерінің бірі – медицина туралы қызықты пікірлер айтып, бұл ғылымның деректерін адамның тіршілік қажеттеріне пайдалануды қарастырған. Ұлы ғұлама медициналық мәселелерді психология ғылымымен жақындастыруды ерекше мақсат еткен.

Асыл тастарды, минералдық заттарды Фараби негізінен алғанда су ерітінділерінен пайда болады деп білген. Ол алхимияны да үйренген адам. Бірақ оның астрологияға байланысты, сиқырға сенетін жерін қабыл алмаған. Бұл ғылымның негізгі мақсаты – «жаман» металдарды алтынға айналдыратын «философиялық тас» табу немесе адамға мәңгі өмір берерліктей «өмір өзегін» жасау болған. Фараби «Алхимия өнерінің қажеттілігі туралы» деп аталатын арнайы трактат жазып, алхимия өнерінде не дұрыс және не теріс екендігін ашып беруге тырысқан [8].

Әл-Фараби музыка саласында да іргелі еңбектер жазып қалдырған. «Музыканың ұлы кітабы» деп аталатын еңбегі жарық көрген соң-ақ, оны дүние жүзінің барша

ғалымдары Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» деп таныған. 1200 беттен тұратын бұл кітаптың екі томын француздың белгілі шығыстанушысы Р.Эрланже 1930 – 1935 ж.ж. өз тіліне аударған. Ғұлама бұл еңбекте математикалық тәсілдер пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге әкелген. Қазір музыкада жеті нота болса, әл-Фарабидің еңбегінде нота саны – 12. Сол бес нотаны әлі күнге дейін ешкім тапқан жоқ.

Трактат негізгі төрт бөлімнен тұрады. А.Көбесовтің жіктеуінше, олар мыналар:

- а) «Музыка өнеріне кіріспе»;
- ә) «Музыка өнерінің теориялық негіздері»;
- б) «Музыкалық аспаптар»;
- в) Музыка композициясы .

Әл-Фараби «канун» деген музыкалық аспап ойлап тапқан. Цитраға ұқсас құрал да шығарған. Оған интервал бөлімдерін өлшеп, әуендердің кемел түрін анықтайтын кескіндері бар сызғыш қойған.

Ойшыл ғалым музыканың тек теориясын зерттеп қана қоймаған. Ол сондай-ақ тәжірибе жүзінде де қолданып, көптеген аспаптарда тамаша ойнаған. Оның шебер орындаушылығы жөнінде Шығыс халықтары арасында күні бүгінге дейін айтылып жүрген көптеген аңыздар бар. Үндістанда жүрген бір күні әл-Фараби Патша әскерінің киімінің киіп алып, жай адам ретінде Үндістандағы ең атақты адам Патша Суффиудиннің үлкен соты өтетін бөлмеге кіреді. Патша өзінің бөлмесінен қарапайым адамды көріп таң қалып, ол не істеп жүрген адам,- деп білгісі келеді [9].

Қорыта келе айтарымыз, Ұлы ойшыл Аристотельдің философиясын дамыта отырып, өз тарапынан көптеген маңызды ғылыми еңбектер жазды. Әл-Фараби ғылымының философиялық-логикалық іргетасын дұрыстап қайта қалап шықты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т.б. ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні ерекше зор.

Кеңес үкіметі кезінде әл-Фарабиді көптеген адамдар зерттеді. Кемшілігі – оны Ислам өркениетінен алшақтатып көрсетті. Фараби туралы ақиқатты айтқан жоқ. Тәуелсіз Қазақстанда Ұлы бабамызды алдағы уақытта ешқандай шектеусіз зерттеуге толық мүмкіндік бар деп ойлаймыз. Сонау Х ғасырда жазылған ғұламаның еңбектері ХХІ ғасырдағы ғалымдардың зерттеу объектісіне айналып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ: Оқу құралы. – А., 1994. – 116-129-б.б.; 176-б.
2. Шолақова Р. Әл-Фараби – Шығыстың ғұлама ғалымы // Қазақ тарихы. – 2012, №5 (116). – 32, 33-б.б.
3. [https // www.anyzadam.kz](https://www.anyzadam.kz): Қойлыш Ж. Бала Мұхаммедтен ғұлама ғалым, «Екінші ұстаз», Әбу Насыр әл-Фарабиге дейін (870 – 950) // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2011, №17 (29). – 5-9-б.б.
4. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). – А., 1995. – 12-б.
5. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – А., 2011. – 432-б.
6. Қасымжан А. Әл-Фарабидің рөлін ұмытушылық – тарихи әділетсіздік // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2011, №17 (29). – 39-б.
7. Бейсенбай Б. Әбу Насыр әл-Фараби өмірбаянына жаңа қисын // Ана тілі. – № 25 (1073). – 23-29 маусым. – 6,7-б.б.

8. Сүлейменов П. Әл-Фарабидің қоғамдық философиялық және педагогикалық ғылыми көзқарасы // Ақиқат. №12. – 67-70-б.б.

9. Исахметұлы Ж., Даутбаев М. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие мәселелері // Ақиқат. №6. – 105,106-б.б.

ӘОЖ: 94 (574) (045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МҰРАСЫ МЕН ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Атакозина Н., «Тарих» мамандығының студенті
Ғылыми жетекшісі: Қамиева Г.Б., аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Андатпа. Мақалада түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, «Әлемнің 2-ұстазы» атанған ғұлама, өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшылдың философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан жазып қалдырған 150-ден астам трактаттарының рухани құндылығы мен маңызы туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: «Екінші ұстаз», «Шығыстың Аристотелі», Ұлы ғалым, гуманист, «Фарабидің энциклопедиясы».

Отырар (Фараб) ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, топжарғаны – Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз», «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби. Оның толық аты-жөні – Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ Әл-Фараби.

Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Фараб қаласында, қайсыбір деректерде - оның тікелей ықпалында болған іргелесі Уасиджде (Оқсыз) отырарлық әскербасының отбасында дүниеге келген [1, 12-б.].

Жастайынан зерек, оқу-білімге мейлінше құмар болып өскен әл-Фараби алғашқы білімін Отырарда қыпшақ тілінде алады. Отырар медресесін бітірген соң әл-Фараби өз білімін арттыра түсу мақсатымен сол кездегі ғылым мен мәдениет ошағы саналған Шам (Бағдат) шаһарына аттанады. Әл-Фараби бүкіл өмірін Бағдат қаласында өткізеді. Ғұлама-ғалым ретінде әл-Фараби ат салыспаған, зерттеу жүргізбеген ғылым саласы жоқ деуге болады. Ол философия, логика, математика, астрономия, медицина, музыка, тіл білімі, әдебиет теориясы, т.б. ғылым салалары бойынша сан түрлі еңбектер жазды. Алайда оның көптеген шығармалары ел арасында қолжазба күйінде тарап, бірте-бірте жоғалып қала берген. Фараби еңбектерінің кейбір тізімдері ғана сақталған. Соның өзінде ұлы ғалым еңбектерінің саны жөнінде нақтылы деректер жоқ. Мәселен, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш.Штейншейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А.Атеш 160, ал тәжік ғалымы Б.Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді.

Фарабидің «Ақылдың мәні туралы трактат», «Данышпандықтың інжу маржаны», «Ғылымдардың шығуы», «Философияны оқу үшін алдымен не білу керек?», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» сияқты зерттеулері оның есімін әлемге философ ретінде танытты.

Әл-Фараби философия ғылымына қоғамдағы адамдардың сана-сезімін оятатын парасат шамшырағы ретінде қарады. Сондай-ақ философия бүкіл халықты әділетті қоғамға қарай жетелейтін бағдарлы күш деп білді. Философияның ұрпақтар

арасындағы рухани мәдени сабақтастықты қамтамасыз ететін құрал екенін дәлелдеді [2, 154; 155-б.].

Әл-Фарабидің әлеуметтік-қоғамдық және этикалық көзқарастарын танытатын туындылары да аз емес. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, әсіресе «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында» деген сияқты еңбектерінің мәні ерекше зор.

Ұлы ғалым гуманист ретінде адам ақыл-ойының жан-жақты дамып, табиғат пен қоғам сырын толық ашуы мүмкін екеніне кәміл сенеді, адамзат қоғамындағы барлық проблемаларды шешуге қабілетті ең басты күш ақыл-парасат деп біледі.

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты кітабында бірқатар қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәселелерді сөз етеді. Мұндағы қала деп отырғаны – мемлекет. Ғалым бұл шығармасында мемлекеттің пайда болуы, ондағы теңсіздіктің өмірге келуі, идеал қала халқының моральдық бейнесі, мұндай қала әкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әрбір адамның бақытқа жетуі үшін бүкіл қоғам болып, бірігіп тіршілік ету керектігі, т.б. мәселелер жайындағы өз пікірін ортаға салады. Алайда Фараби өз дәуірінің перзенті еді. Сондықтан ол халық бақытты өмір сүру үшін елді жақсы әкім басқаруы керек деп түсінді. Ал жақсы әкім әділ, инабатты, мейірімді, жан-жақты білімді, жақсылыққа жаны құмар, жамандықтан жиіркенетін, батыл, жомарт, өнер мен әдебиетті сүйетін адам болуы тиіс. Фараби мемлекет басқаратын адамға осындай биік талаптар қояды.

Әл-Фараби «Бақытқа жол сілтеу» деген трактатында этика, эстетика мәселелеріне талдау жасай келіп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірімділік жайындағы білім категориясының ғылыми негіздерін ашып көрсетеді. Этика жақсылық пен жамандықты ажыратуға, түсінуге мүмкіндік беретін ғылым екенін дәлелдеп көрсетті. Әл-Фарабидің гуманистік идеясының басты шарты – адам бойындағы білім, мейірімділік, сұлулық өзара табиғи бірлікте, тұтастықта өмір сүруі керек,- деп біледі [2, 156-б.].

Ғылымның даму тарихында жинақталған білім қорларын сұрыптап, реттеп белгілі бір жүйеге салу тәртібі ежелден бар. Бабамыз Фараби бұл тұрғыда да қарап қалмай, өзінің ең атақты шығармаларының бірі «Ғылымдар энциклопедиясы» деп аталатын трактатын жазған. Бұл еңбектің ғылым тарихында алатын орны ерекше үлкен. Осы трактат «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдар реті», «Ғылымдар классификациясы», т.б. аттармен Шығыс пен Батыс елдерінде өте ертеде-ақ мәлім болып, одан көп ғұламалар тәлім алды. Бұл кітап бес тараудан тұрады. «Фарабидің энциклопедиясы» XII ғасырда арабшадан латын тіліне екі рет аударылған. Одан кейінгі ғасырларда бұл еңбек толық немесе үзінді түрінде ескі еврей, неміс, ағылшын, француз, түркі, т.б. тілдерге аударылған. Роджер Бэкон, атақты Әбу Әли ибн Сина (980 – 1037) және басқалар тікелей соның әсерімен өздерінің көпке мәлім энциклопедиялық еңбектерін жазған [3].

Әл-Фараби педагогика ғылымы тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі деуге болады. Ғалымның философия, логика, этика, эстетика т.б. салалар бойынша жазған барлық зерттеулерінде ұрпақ тәрбиесі ең басты орын алады. Әл-Фараби баланы дұрыс тәрбиелеу үшін мынадай үш шартты күні бұрын дәйектеп алу қажет екенін айтады:

- бірінші – ынта-ықыласы, білімге құштарлығы;
- екінші – ұстаздың шеберлігі, ар-ождан тазалығы;
- үшінші – сабақ процесінің алатын орны.

Ғалым баланың дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің бір-біріне ықпал-әсері зор екенін дәлелдеп көрсетеді.

Әл-Фарабидің әмбебап музыкант болғаны тарихтан жақсы мәлім. Ол өзі сан түрлі музыка аспаптарында ойнап, өз жанынан ән, күй шығарған. Музыканың ұлы кітабы атты музыка теориясы жайындағы ғылыми еңбегінде ғалым акустика, дыбыстың таралуы, дыбыстың шығу тегі, т.б. туралы құнды пікірлер айтады.

Сонымен қатар, Фараби болашақ қоғамды адамдардың емін-еркін, азат өмір сүретін, қоғам мүшелерінің бәрі тең, бірін-бірі құрметтейтін, бақытты қоғам ретінде суреттейді. Бүкілхалықтық бақытқа жетудің бірден-бір жолы ғылымды, білімді игеруде деп білді. Утопист ретінде ол феодализм жағдайында қайырымды мемлекет, барша халықтың бақыты туралы армандады. Ал ұлы гуманист ретінде ол феодалдық соғыстарға, ел-жұртты тонауға, тақ пен тәж үшін болған қан төгістерге, әділетсіздікке қарсы шықты, адамның еңбекке, білімге, бейбіт өмірге деген құқығын қорғауға әрекет жасады.

Әл-Фарабидің философия, логика, тіл білімі, этика, метафизика, медицина, т.б. ғылым салалары бойынша жазылған еңбектерін оқып білудің өзі ұлы ғалымның әдебиет теориясы мәселесіне арналған трактаттарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [2, 156; 157-б.].

Әл-Фарабидің аса зор нәтижеге жеткен ғылымдары – астрономия мен геометрия. Ол оптикалық аспаптар жасаған. Оның ішінде ойыс парабола айна, уақыт өлшегіш күн сағаты бар. Әл-Фарабидің күн сағатын жасау әдісі осы күнге дейін қолданылады. Ғылымда көлеңке өлшеу әдісі, күн сағаты арқылы жердің меридианын табу Әл-Фараби әдісі деп саналады. Сондай-ақ ғалым сфералық тригонометрияға негіз салған.

Фараби астрономия мен астрологияны өте терең білген адам. Орта ғасырдан бастап дүние жүзіне тараған астрологияның бетін ашып, сырын шешкен осы Фараби болып саналады. Бірақ ол астрологияны үйретіп, оны қолдануды көздеп, түзету енгізген емес. Оның шын мағынасында негізі қайдан шыққан, шындығы мен өтірігі қайда, осыны көрсету мақсатын көздеді. Бал ашу кітабы «Талиғынаме» («Гороскоп») бойынша болашақты білуге болады деушілердің ісін Фараби ашықтан-ашық надандық немесе адам аулаған арамзалық дейді. Осы пікірін ол жалпы астрономиялық, математикалық-логика әдісімен дәлелдейді. Фараби астрологияны өзінің ақыл елегінен өткізіп, зерттемей тұрып, одан сырттай безген жоқ. Ол астрологияның жалғандығына әбден өзінің көзін жеткізген соң ғана одан біржола қол үзді.

Әл-Фарабидің физика саласындағы көрнекті еңбегі – «Вакуум» туралы деп аталады. Мұнда ол табиғатта вакуум (бостық) жоқ екенін ежелгі грек оқымыстыларында да сирек кездесетін тәжірибелерге (экспериментке) сүйенген логикалық қорытындылар арқылы дәлелдеуге тырысады. Бұл еңбегінде ол вакуум проблемасынан басқа да физиканың әр түрлі мәселелерін қарастырып, сол кездегі ғылымның деңгей-дәрежесіне сай шешімдерін тауып беруге тырысады. Олардың ішінде түсірілген кернеу-күшке, қысымға байланысты ауаның көлемінің ұлғаю немесе кішірею құбылыстарының заңдылықтары, ол күштің жан-жаққа берілуі және басқалар бар.

Данышпан ойшылдың медицина, биология ғылымдарына да үлкен мән бергені мәлім болып отыр. Ол, әсіресе, бұл ғылымдарды теориялық философиялық тұрғыда негіздеуге көп күш жұмсаған.

Фарабидің жақсы дәрігер болғаны белгілі. Оның дәрігерлік-философиялық ойлары тек соңғы жылдары ғана «Адам (тәнінің) мүшелері туралы» және «Галеннің Аристотельмен адам тәніндегі мүшелер жөніндегі оның келіспеушілігі туралы қарсылығы» трактаттарын орыс тіліне аудару және оқып-білуге байланысты ғалымдардың зерттеу тақырыбына айналды. Әл-Фараби сауатсыздық жайлаған заманда да жаратылыстану ғылымдары ішіндегі ең сүбелілерінің бірі – медицина туралы қызықты пікірлер айтып, бұл ғылымның деректерін адамның тіршілік қажеттеріне

пайдалануды қарастырған. Ұлы ғұлама медициналық мәселелерді психология ғылымымен жақындастыруды ерекше мақсат еткен [3].

Дүние жүзі мәдениетінің дамуында із қалдырған қайраткерлер осы заманға дейін адамзат мәдениетінің бірлігін паш етіп келеді. Әл-Фараби осындай дүниежүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Ол туған елінің мәдени байлығын, Иранның, Үндістанның ежелгі дүние мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Дәл сондықтан да ол таяз ұғымдар мен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле білді. Өзінің ойлау жүйесін сындарлы да икемді ете білді. Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді. Өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді, - дей келе, оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірден-бір саласы жоқ десек артық айтқанымыз емес. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбсаттар Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995. – 12-б.
1. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. (Қазақ әдебиеті бастаулары). – А., 2005.
2. [https // articlekz.com](https://articlekz.com): Р.С.Каренов. Әбу Насыр Әл-Фараби.

ӘОЖ: 94 (574) (045)

ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Ханыбыллаева Ж., Тарих» мамандығының студенті

Ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б., аға оқытушы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Мақалада сан түрлі ғылымның даму тарихына негіз болған, ерекше жинақталған білім қорларын қалдырып кеткен ойшыл данышпан – Әбу Насыр Әл-Фарабидің философиялық жүйесіндегі идеализм мен материализм, үш принципі, ақыл және ізгі мемлекет (қала) туралы ілімдері жөнінде қарастырылған.

Түйінді сөздер: материя, ақиқат, идеалистік ілім, трактаттар, «ізгі қала».

Адамзаттың үшінші мыңжылдыққа енуі, адамдық өмірлік әрекеттің барлық салаларын қамтитын, күрделі драмалық үрдістердің күшеюі және тереңдеуімен ерекшеленіп отыр. Қоғамдық дамудың қазіргі кезеңі жеке елдер мен мемлекеттер сияқты әрбір адамның тіршілігіне, рухани дамуына тікелей әрі мәнді әсер ететін, жаһандану үрдісімен сипатталады. Адамзат тарихында түрлі мәдениеттердің жасампаз сұхбатының, гуманизм мен әділеттіліктің жалпы адамзаттық идеяларын жемісті жүзеге асырған, жаңа философиялық жүйелердің пайда болуына жеткізген, көптеген үлгілері бар. Олардың біріне ұлы Дала ойшылы – Әбу Насыр Әл-Фарабидің (870-950) философиялық жүйесі жатады. Ол қазақтың көне Отырар жерінде дүниеге келген, бойына көптеген мәдениеттердің – ирандық және үнділік, гректік, арабтық және түркілік жасампаз күштерінің самалын сіңірген, бірақ өзінің шығармашылық қуатын көпқырлы ислам мәдениетінің рухани тыныс-тіршілігінде іске асырған, орта ғасыр дәуірінің асқан ірі ойшылы болып табылады [1, 78-б].

Әбу Насыр Әл-Фарабидің философиялық көзқарасын тарихи жағдайда, яғни, оның өз дәуірімен байланысты қарағанда ғана терең түсінуге болады. Орта ғасырларда философиялық ойдың дамуы діни ілім негіздеріне сүйенді. Демек, Әбу Насыр Әл-Фарабидің философиялық ілімін де өз кезеңінің діни түсініктері тұрғысынан

қарастырған лазым. Бірақ ол бұл түсініктерді философиялық тұрғыдан дамытты. Ол, әсіресе, «Аспан астындағы дүние» ілімінен неғұрлым айқын көрінеді.

Фарабидің қоғамдық-философиялық, жаратылыстану туралы ғылыми көзқарастары орта ғасырлардағы Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі мәдениет, философиялық және ғылыми ой-пікірлердің даму нәтижесі болып табылады. Ұзаққа созылған жаулаушылық саясаттың нәтижесінде құрылған жаңа мемлекет Араб халифаты тек қана жерлерді, елдерді, территорияларды қосып қана қоймай мемлекеттік дін дәрежесіне көтерілген ислам идеологиясы біріктірген әртүрлі мәдениеттерді қосып, жаңа қоспа мәдениет туғызды. IX – X ғасырларда саяси, философиялық ойдың дамуы таптың және діни ағым қайшылықтардың көрінісі болған әртүрлі ағымдар мен кешендердің осы шиеленіскен идеологиялық күресі жағдайында жүрді. Мұндай жағдай философияда айқын көрініс болып табылады.

Фараби өз еңбектерінде құдай бар деп мойындайды. Алайда, ол Аристотельдің ізімен құдай дүниесі бар етуші, қозғалысқа келтіруші тек бірінші себеп – «алғашқы түрткі» ғана, одан кейін табиғат (материя) өз бетімен, өз дайындылығымен құдайға тәуелсіз даму жолына түскен деген идеяны қуаттайды. Бұл, әрине, мутакаллимдердің «жақсылық та құдайдан, жамандықта құдайдан» деген қағидасына мүлдем қайшы. Керітартпа дін басшылары мен оларды қолдаушы философтар осы сияқты «күпірліктері», қателіктері үшін Әбу Насырды қудалаған кездері болған, - деседі кейбір зерттеушілер.

Фараби «ақиқат біреу-ақ, оған әржақтан, әртүрлі деңгейден қарауға болады, сондықтан ол туралы түрліше балама қорытындылар жасау мүмкін», – деп санайды. Ол дәуірде материалистік философия жүйесі ашық қалыптаса қойған жоқ болатын. Сондықтан орта ғасырлар заманында философиялық ойдың дамуы құдайды дәріптейтін діни-теологиялық сипат алды. Демек, Фарабидің философиялық ілімі – негізінен дүниені бір құдай жаратты деген қағиданы басшылыққа алған идеалистік ілім. Фарабидің данышпандығы мен білімпаздығы, әрине, бұл идеализмге өзгеше түр бермей қала алмады. Араб тарихшысы Усейбидің айтқанына қарағанда, Фарабидің философиялық жүйесінде маңызы кейінірек барып біліне, анықтала бастаған бірден көзге түсе қоймайтын жерлері көп, олар қазіргі заманғы терминология бойынша айтсақ, материалистік нышанды немесе идеализм мен материализм арасындағы ауытқуды білдіреді. Ол бүкіл орта ғасырлар философиясындағы проблемаларды қамтиды. Олар: болмыс жөніндегі ілім, материя және оның дамуы туралы мәселе, адамның тану әрекеті – проблемасы, логика мәселелері, ақыл және оның адамның қоғамдық іс-әрекеттеріндегі алатын орны, этика, эстетика мәселелері, натурфилософия және ғылымдар методологиясы, проблемалары, т.б. [2].

Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығына және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және қайырымды адам боламыз: біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады!

Егер бір нәрсенің өмір сүруін қажетті етеін себеп белгілі болса, онда сол нәрсенің өзі де белгілі. Себептер ретімен орналасқан уақытта соңғылары себепті тізбек ретінде жеке-дара нәрселерге жетеді. Осылайша, бірінші себептің айқындылығы арқасында бүкіл жалпы мен жеке-дара нәрселер анық болады [1,170-6].

Бірақ ол бұл нәрселерді олардың болмысы емес өзінің болмысы арқылы, бірін-бірінің соңынан жаратқан тәртіппен таниды. Табиғилықтан соң келетін оның таным әлемі екінші шексіз жалпылық, мұнда бұйрық қасиеті өмір сүреді.

Әл-Фарабидің философиясын зерттеушілер оның бұл саладағы трактатын терең талдай келіп, Фарабидің философиялық мұрасында үш басты жайтты атап көрсетеді:

1. дүниенің мәңгілігін тану;
2. детерминизді зерттеу принципі, яғни себептілік сыр-сипатын ашу ғылымы – білімнің қайнар көзі;
3. адам жанының өшпейтіндігін теріске шығарған ақыл туралы ілім.

Бұл үш принцип – Фараби философиясының биік шоқтығы және ерекшеліктері болып саналады. Әрине, ғылымның даму деңгейі, саяси-әлеуметтік жағдайлардың салдарынан бұл мәселелер туралы ол кейде кері шегініс жасауға мәжбүр болады.

Ақыл туралы ілім Фараби философиядағы ірі жетістіктер санатына қосылады. Мұндағы ақыл ұғымына кең, бүкіл әлемдік мағынада қарастырылып, оның космологиясына тірек болды. Әрекеттегі яғни жасампаз ақыл (яғни бірінші қозғаушы; Аристотельше айтқанда, ойлаудың ойлауы) болмыс түзілісіндегі (иерархиясындағы) жоғарғы сатылардың бірі. Ең жоғарғы сатысы түпкі себепті – Алла иемденеді. Алладан кейінгі екінші сатыны – аспан денелері, болмыстың үшінші сатысы әрекеттегі ақыл және оған сай төрт элементтен (топырақ, су, ауа, от) тұратын ай асты әлемі. Болмыстың төртінші сатысы – адамның жаны. Ең төменгі бесінші сатысын форма мен материя алып жатыр. Бұл схемада бір жағынан әлемнің, аспан мен жердің алшақтығы жайлы ресми мұсылман дінінің қағидаларына сәйкес келсе, екінші жағынан дүниеге материалистік, эволюциялық даму тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді [2].

Адамның мәні құпия және айқынға бөлінеді. Айқынға келер болсақ, сезім арқылы қабылдайтын дене және оның мүшелері. Сезімдік қабылдағыш оны сырттан қабылдаса анатомия оның ішкі құрылымын көрсетеді. Құпиялыға келсек ол адамның рухани күші.

Адамның рухани күші екі категорияға бөлінеді: бірі – іс-әрекетпен шұғылданса, екіншісі – таным. Іс-әрекет үш текті: өсімдікті, жануар және адамдық. Ал танымдық екі түрлі: жануарлық және адами. Бұл әрекеттердің бесеуі де адам бойында бар және бұлардың көбісі ортақ [1, 269-б].

Фарабидің көзқарасы бойынша, жасампаз ақыл немесе ғарыштық (космостық) ақыл ай асты әлеміндегі бүкіл қозғалыстардың себебі ғана емес, ол – жер бетіндегі тіршілікке тән ақыл, бұл дүниенің заңдылығын реттеуші, билеуші. Әрбір тіршілік иесінің ақылы тек әлемдік, космостық ақылға қатысты дамиды, өркендейді. Ал әлемдік ақыл мәңгілік. Жеке тіршілік иесі өткінші. Осыдан барып жан өлмекші емес деген қағида теріске шығып діннің сара жолымен философияның талас мәселесі жанның ауысып, көшіп жүреді деген идея мансұқ етіледі. Фараби бұл аса маңызды да, мәңгі проблема бойынша анық бір пікірді ұстамағаны байқалады. Көп жағдайда ол жан өлмейтіні жайлы тезисті ашық қуаттайды. Бірде ол Аристотельдің идеясын қолдап, дамытып, жанның мәңгілігін бір адам үшін емес жалпы адамзатқа тән қабілет ретінде қарастырады. Енді бірде қайырымды, парасатты адамдардың жаны өлмейді, ал қайырымсыз, надан да пасық адамдар жаны оның тәнімен бірге өледі,- деген идеяны қолдайды. Бұл жағдайда ол жақсы адамның артында қалдырған ісінің, ізінің өшпегені, оның жанының өмір сүргені дегенді меңзейтін сияқты. Бұлай деп айтуымызға Фарабидің «Ұлы Зенонның жоғары ғылым бойынша трактаты туралы» еңбегінде ол дүниедегі өмір туралы жазған мынадай жолдары негіз болады: «Білім, яғни ғылыми мұра қалдырған адам өлгеннен кейін өз қамы үшін ғана қаракет еткен адамнан қадірлі, білгіш, көреген болады, өйткені көп мал-мүлік күйттеу ғылымға кесірін тигізеді. Сондықтан рухани мұра қалдыру дүниеауи қам-қаракетке қарағанда абзал да қадірлі, ол ғылымға кесірін тигізбейді. Ол дүниелік өмірде дәрежеге жетуге кедергі болмайды. Егер, бәлкім, ғылымның басқа адамдары, оның әріптестері бұл мұраны пайдаланса, ол оған өлгенге дейін де, өлгеннен кейін де игілік боп жұғады» [3].

Фарабидің философиялық жүйесінде материяға көп көңіл бөлінеді. Ол ай астындағы дүниенің шын мәнінде бар екенін, оның айдан жоғары орналасқан дүниемен, яғни аспан әлемімен бірлікте болатынын мойындайды. Біздің, яғни айдан төмен жер бетінде орналасқан дүниеде материя мен формадаң тұратын заттар, нәрселер – ақиқат. Олар негізгі бастапқы материя болып табылатын төрт элементтердің сан алуан әртүрлі қосылыстарынан тұрады.

Фараби өзінің дүниеге көзқарасын социология, этика және эстетика мәселелерін қамти отырып жүйелендіре, нақтылай түседі. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету туралы» трактаттарында ол адам қоғамының шығуы, өмір сүру формалары, адамның мінез-құлқы, әділетті әкімнің бейнесі туралы ой толғайды. Ол, ең алдымен, өзі өмір сүріп отырған қоғамның құрылымын талдайды. Адамдар қауымы өмір сүру ортасы ретінде қала халқын алады. Қалаларды жік-жікке бөле келіп, ол кемел, үлгілі құрылым ретінде «Ізгі қаланы» таңдайды, оған жақын келетін және тұрмыстық байланыстағы құрылым – еңбекшілер тұратын «қажеттілік қаласы» деп қарайды. Фараби әрі қарай «алыс-беріс қаласы» (саудагерлер мен алыпсатарлар мекені), «бақытсыздық пен бұзылғандық қаласын» (ұры-қарылар, арамтамақтар мекені) бөліп ажыратады [3].

Ізгі мемлекет (қала) туралы ілімін жасауда Фараби Платонға еліктеп, мемлекетті әрбір мүшелері белгілі бір қызметті атқаратын адам тәніне ұқсас етіп қарастырады. Осыған сәйкес ізгі мемлекеттегі феодалдық құрылыс суреттеледі. Идеалистік түрде жақауратып айтылғанымен, Фараби топшылауында адамдар арасындағы теңсіздік, артық кемшілік анық сезіледі. Мысалы, халық мемлекеттің жүрегі саналғанымен, күн көріс қамы әрекетін жасауға, ойлауға мәжбүр. Фараби мұндай теңсіздікті, әділетсіздікті жоюдың бірден бір жолы – ағартушылық, адамгершілік тәрбиесін күшейту деп қорытады. Феодалдық әділетсіздік, езгі мен зорлық-зомбылық өріс алып тұрған сол ауыр заманның өзінде-ақ ол зорлықсыз, қанаусыз әділ қоғам болу мүмкін деген батыл болжам жасайды. Фараби ондай ізгі мемлекеттің тууы, ең алдымен мемлекет басшысына, оның ақыл-парасатына, ғұламалығына, талантына, тәрбиесіне тікелей тәуелді, деп қорытынды жасайды.

Әбу Насыр Әл-Фараби ғылымы фәлсафа, логика сияқты салаларының ірге тасын қайта қалаған, әр ғылым саласын жеке пән ретінде игеру жағын көтере отырып олардың мәнін айқындап, мазмұнын ажыратуға тырысқан. Әуез жайлы да күрделі зерттеулер жүргізген, математикада үлкен жаңалықтар ашқан, астраномияда кесек-кесек еңбектер қалдырған, физика ғылымын тың ойларымен байытқан. Жаратылыстану ғылымының медицина, химия, минералогия секілді аса маңызды салалары бойынша күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған еңбектер жазған. Көне грек оқымыстыларының пікірлеріндегі озық қағидаларды талдаған.

Әл-Фарабидің «Ғылымдар энциклопедиясы» трактатының ғылым тарихында алатын орны ерекше. Бұл кітап мыныдай бес тараудан тұрады:

- 1.Тіл білімі және оның тараулары;
- 2.Логика және оның тараулары;
- 3.Математика, яғни арифметика, геометрия, оптика, математикалық астрономия, музыка, статистика, айла-әрекет жөніндегі ғылым;
- 4.Физика мен метафизика және оның тараулары;
- 5.Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және кәләм (дін ғылымы) [2].

Сонымен, Фарабидің философия және дін арақатынасы, діннің пайда болуы тарихы, ақыл мен иман ұғымдарының арасалмағы, ғылыми ойлау мен діни сезім, діннің қоғамда алатын орны мен оның атқаратын қызметі сынды іргелі мәселелерді шешуге

бағытталған, ешқашан өз құнын жоймайтын философиялық ойлары қазіргі адамдар үшін де қажетті әрі пайдалы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қазақ халқының философиялық мұрасы. Әл-Фараби философиясы. – Астана, 2005.
- 2.<https://martebe.kz/al-farabidin-khogamdykh-filosofijalykh-zhane-pedagogikalykh-gylymi-kozkharasy/>
- 3.Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – А., 1973. – 286-296-бб.
- 4.<http://akikat.kazgazeta.kz/?p=237>

ӘОЖ: 08(045)

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

Досекеев А.Д., Тарих мамандығының студенті,
Ғылыми жетекші: Өтесова Г.Е.,
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Мақалада Отырардан шыққан ғұлама ойшыл екінші ұстаз Әбу Насыр Әл-Фарабидің өмірі және ғылымның әр саласы бойынша жазылған мол мұрасы туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: Отырар, философия, білім, трактат, ғылым.

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала). Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім. Оның толық аты жөніндегі "Тархан" бабасының есімі болған. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Әл-Фараби алғашқы білімін Отырар медреселерінің бірінде алғанға ұқсайды. Өйткені, "көне дәуірден қалған бір деректерге қарағанда, Мәуреннаһарда балаларды түрлі қолөнер мен ғылымға үйрету, баулу, оқыту олардың бес жасар кезінен басталатын болған". Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң жас әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Бірақ Бағдатқа бармас бұрын жолай Шаш пен Самарқан, Бұхара шаһарларына соғып білімін толықтырады. Әйтседе Әл-Фарабидің мұнда қанша болғаны жайлы араб шежірелері ештеңе айтпайды. Иран еліндегі Мешхед, Нишапур, Рей, Исфahan қалаларына келеді. Иран халқының мәдениетімен танысады. Содан соң әрі қарай Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдатта әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара,

Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады. Әл-Фараби логика, әуез, астрономия және басқа ғылымдар бойынша көптеген еңбектер жазған. Ибн Халликан өз еңбегінің бір жерінде жерлесіміз жайлы: "Ол-аса ірі мұсылман Фәлсафашыларының бірі. Олардың ешқайсысы да олардың деңгейіне жеткен жоқ. Әбу Әли ибн Сина да өзінің шығармаларын жазу үстінде оның еңбектерін пайдаланғанын, сол арқылы мәшһүрлікке қол жеткенін еске алады", - деген.

Әл-Фараби жиһанкездікті ұнатқан. Араға біраз жылдар салып, Бағдаттан Шамға келеді, бірақ мұнда ұзақ аялдамастан Мысырға сапар шегеді.

Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де зерттеп, мәдениет пен ғылымға жеміті үлес қосқан. Сондай-ақ ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Әбу-Нәсыр – халықтарды бейбіт өмір суруге, достыққа шақыра отырып, адам баласының білім мен парасатты ойын терең бағалаған кемеңгер. Әбу-Нәсыр метафизика, тіл білімі, логика, жағрапия, этика т.б. ғылым салаларына қамтитын жүз елуге тарта трактаттар жазған.

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Ұстаз" атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат" деп аталады. Оның атақты "Музыка туралы үлкен трактат" деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің "Категориялар", "Метафизика", "Герменевтика", "Риторика", "Поэтика", бірінші және екінші "Аналитика", "Топикасы" және т.б. көптеген еңбектеріне түсініктемелер жазды.

Әбу Насырдың Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді. Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да "Кемеңгерлік меруерті", "Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы", "Мәселелердің түп мазмұны", "Ғалымдардың шығуы", "Бақытқа жету", "Азаматтық саясат", "Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері" сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады.

Орта ғасырдағы ғылым мен мәдениеттің үздік өкілі болған Әл-Фарабидің шығармалары латын, парсы, ағылшын, француз, неміс т.б. тілдеріне аударылып, жеке-жеке кітап болып шықты. Күллі дүниенің ғалымдары Әл-Фараби өмірі мен шығармаларын орта ғасырларда араб, парсы және т.б. тілдерде жазған ғұламалар арқылы біле алады. Атап айтқанда Захир ад-Дин, Әбу-әл-Хасан әл-Байһақи. Әл-Байһақи кітабында шығыстан шыққан дәрігерлер, астрономдар, фәлсапашылардың өмірі мен еңбектерін әңгімелейді. Әл-Байһақи кітабында әл-Фараби жайлы да тарау бар, онда ғалымның өмірінің түрлі кезеңдері және шығармашылығы туралы мәліметтер береді. Ибн Саид Әл-Қифти әл-Фараби өміріне байланысты еңбектерінде ерекше баға беріп, ғылымға қосқан жаңалығын айтқан. Латын тілінде Веникс, Камерариус т.б. еңбектерін атап өтуге болады. Еуропа ғалымдарын да ұлы ғұламаның өмірі қызықтырған, атап айтқанда Роджер, Бекон, Спиноза, т.б. неміс ғалымдары И.П. Козегартен Фридрих Диетереци т.б.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.

Қазақстандық шығыстану ғылымының көшбасшысы, ойшылдың ғылыми мұраларының бірден-бір зерттеушісі, отандық филологиялық деректану саласының белді маманы, профессор Әбсаттар Дербісәлі өзінің негізгі ғылыми-зерттеулерімен қатар, көне қазақ даласының ұлы перзенті Әбу Насыр әл-Фараби туралы ортағасырлық араб тілді жазба жәдігерліктерді іздеп, тауып, аударып, «әл-Фарабидің эстетикасы» (1980), «Шыңырау бұлақтар» (1982), «Қазақ даласының жұлдыздары» (1995) сынды іргелі зерттеу еңбектер жазған ғалым. Ол Әбу Насыр әл-Фарабидің «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактатын» (1975) тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізді. Ғалым Ә.Дербісәлі Отырар ойшылы туралы алғашқы дереккөздер саналатын ортағасырлық араб тілді жылнама-еңбектерден (Захир ад-Дин Әбу-л Хасан әл-Байһақи (1099-1170) «Таттимай суану л-хикма» («Даналық сөздерге толықтырма»); Ибн Сайдәл-Қифти (1167-1148) «Ихбару-л ‘улама’ би ахбари-л хукама» («Ғалымдар тарихы»); Ибн Халликан (1211-1282) «Уфайату-л а‘йан уа анба’ абна’ иаз-заман» («Ұлы адамдардың қазасы және заманының ұлдары жайлы мағұлматтар туралы кітап»); Ибн Аби Усайби‘а (1203-1270) «‘Уйуну-л анба’ фи табақати-л атиба’» («Дәрігер топтары жайлы жаңалықтардың қайнар көзі»)) ғалымның туған өлкесі мен өмірі туралы тарихи құнды деректерді қазақ оқырмандарына қазақ тілінде таныстырған тұңғыш арабтанушы. Сонымен қатар, ғалым Ә.Дербісәлі көне қала Отырарда туып-өсіп, мұраларын араб тілінде жазған әл-Фараби есімді өзге де ғалымдардың бар екенін анықтап, олар туралы тарихи, филологиялық зерттеулерін үнемі жариялап келеді. Қазіргі таңда ғалым зерттеулері бір ғана Отырардың өзінен әртүрлі ғылым, білім, мәдениет пен дін салаларының өкілдері болған отыз майталманның шыққанын көрсетіп отыр.

Ал қазақ жеріндегі ортағасырлық мәдени, ғылыми, рухани орталықтар болған Отырар, Сүткент, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Баршынкент, Жент, Исфиджаб-Сайрам, Тараз, Баласағұн сынды тарихи қалалардан шығып, өз мұраларын араб, парсы тілдерінде жазып қалдырған ғұламалар мен олардың жазба жәдігерліктері туралы жазған шығыстанушы ғалым Ә.Дербісәлінің құнды зерттеулері ұлттық әдебиетіміздің тарихын байыта түскен өлшеусіз туындылар.

Қайраткер ғалымның жан-жақты, зерделі ізденістерінің нәтижесінде Отырарлық ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің тек арабша ғана емес, түрік, ағылшын, француз тілдерінде жазылған жиырма бес (25) еңбегін Түркияның түрлі кітапханаларынан тапқанын ерекше атап өткен жөн.

Ғалым «Түркиядағы жазба жәдігерліктеріміз» атты аса құнды мақаласында Түркия кітапханалары мен қолжазба қорларына сүйеніп Әбу Насыр әл-Фарабидің 100-ден астам еңбектерінің атын келтіріп, ғалымның «...өмірі мен шығармаларына арналған әлемдік деңгейдегі бір ізді, біртұтас, толыққанды библиография әлі еш жерде, ешқандай елде жасалған емес» деген еді.

Ғалым Ә.Дербісәлі 2014 жылдың қазан айында Испания Корольдігінде арнайы іс-сапарда болып, Марокко мен Испания кітапханаларынан еліміздің тарихына қатысты құнды құжаттарға қол жеткізді.

Солардың қатарында, арабтанушы ғалымның Эскуриал кітапханасынан ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фарабидің теріге жазылған он (10) трактатының қолжазбасын тауып, Отанына оралтуы үлкен оқиға болды. Ол трактаттардың атауы төмендегідей: 1) «Китаб та‘лиқ исагуджи ала фурфурис»,

- 2) «Ард әби Наср фи китаб Бариирминийас»,
- 3) «Китаб әл-ибара»,
- 4) «Китаб әби Наср фи-л қийас»,
- 5) «Иртийас фи китаб ат-тахлил»,
- 6) «Калам ала аууал китаб әл-бурхан ли Әби Бакр бин Йахиа»,
- 7) «Қаул әби Бәкр Мұхаммед бин Йахия китаб әл-Бурхан»,
- 8) «Шарх Садр әл-мақала әл-аууал мин китаб Иқлидис ли Абу Наср Мұхаммед бин Мұхаммед әл-Фараби»,
- 9) «Шарх әл-мақала әл-хамис минһу ли Аби Наср айдан»,
- 10) «Китаб әл-мақулат»

Қазіргі таңда Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінің тізіміне қатысты ең көп таралған сан – жүз елу (150) мен екі жүздің (200) арасын құрап отыр. Ал, шын мәнінде, Отырарлық бабамыздың жазба мұрасының саны бұдан да көп болуы әбден ықтимал. Себебі, оның құнды жазбаларының біразы жоғалып, біздің заманымызға дейін жетпеді. Кейбірі әлі күнге дейін бізге беймәлім әртүрлі жеке, мемлекеттік мұрағаттарда, музейлерде, кітапханаларда т.б. жерлерде сақтаулы.

Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылымға белгісіз осындай бір жазба мұрасының қолжазбасы Мысыр Араб Республикасының Каир қаласындағы Араб қолжазбалары институтының (The Institute of Arabic Manuscripts) кітапхана қорынан табылды. Қорда Әбу Насыр әл-Фарабидің «әл-Мау‘иза» (“الموعظة”) (№382) атты трактаты микрофильм түрінде сақталған екен. Аталған қолжазба араб каллиграфиясы өнерінің классикалық бір түрі насх жазуымен көшірілген. Көлемі – 13×18 см, бет саны – 32, әр бет 14-15 қатардан тұрады. Қолжазба нұсқаның көшірілген мерзімі – һижра жыл санағы бойынша сегіз жүз жетпіс тоғызыншы (879) жыл болып шықты. Ал, трактаттың қолжазба (№3195/3) күйінде сақтаулы орны Түркияның Стамбул қаласындағы Ахмед III кітапханасы. Оны анықтап, зерттеу болашақтың еншісінде.

Сөзімізді түйіндесек, IX-X ғасырларда Отырарда дүниеге келіп, өмірінің көп бөлігін араб елдерінде өткізіп, еңбектерін түгелдей дерлік араб тілінде жазып қалдырған ұлы бабамыздың араға бес-алты ғасыр салып (һижра IX /миләди ХҮ) хатқа түскен бұл шығармасын оқып, аударып, зерттеп, ғылыми айналымға енгізу – ұлт алдындағы парызымыз болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбсаттар Дербісәлі. Өнегелі өмір. Алматы: Қазақ университеті, Ш.77. –2016. – 400 б
2. Машанов А. Әбунәсір әл-Фараби еңбектері алғаш рет қазақ тілінде. «Білім және еңбек» журналы, –1962. №1.
3. Жарықбаев Қ. Қазақ тіліндегі Әбу Насыр әл-Фараби туралы әдебиеттің библиографиялық көрсеткіші // Қазақстан мектебі. – 1975. №11.
4. Дербісәлі Ә. Түркиядағы жазба жәдігерліктеріміз //Имам Ағзам Әбу Ханифа мазһабы және қазіргі заман. Алматы. – 2009. 43 б.

ӘЛ-ФАРАБИ Х ҒАСЫРДАҒЫ ТҮРКІ РЕНЕССАНСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Аяпкалиева А, студент,
Ғылыми жетекші: Бағдатұлы М., оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Мақалада, Әбу Насыр әл-Фараби (Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Уздағ Тархани) –Аристотельден кейін дүниежүзілік білім мен мәдениеттің екінші ұстазы атанған данышпан, ойшыл, энциклопедист ғалым екендігі одан әрі дәлелдей түскен. Әл-Фарабидың Сырдария бойындағы Отырар қаласында 870 жылы туып, Шам (Дамаск) қаласында 950 жылы дүние салғанын, Отырар қаласын арабтар Фараб деп атағандығы туралы баяндалады.

Сондай-ақ, Әл-Фараби заманында ислам мәдениетінің дамып, өркендеуіне араб, парсы халықтары сияқты түркі жұртына қосқан үлесі, Әбу Насыр әл-Фараби – жан-жақты дамыған музыкант әрі композитор, мәнгерлеп орындаушы әрі теоретик, тарихшы, музыкалық аспаптарды жасаушы шебер болғандығына талдау жасалған.

Түйінді сөздер: Түркі, ғұлама, ғалым, көшбасшылық, мұра, философиялық көзқарас.

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала). Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Уздағ ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған [1].

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады.

Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдатта әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқиды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады [1]. Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Ұстаз" атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен

астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат" деп аталады. Оның атақты "Музыка туралы үлкен трактат" деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Әбу Насырдың Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді. Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да "Кемеңгерлік меруерті", "Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы", "Мәселелердің түп мазмұны", "Ғалымдардың шығуы", "Бақытқа жету", "Азаматтық саясат", "Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері" сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады [1].

Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағының көкіреп ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі — бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы.

Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс өзені Сырға барып құятын өңірдегі, Фараб қаласында дүниеге келді. Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби, яғни әкесі Ұзлағ, арғы атасы Тархан. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбунасыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбунасыр атанған. Бұл қаланың орны қазіргі Шәуілдір ауданы, Шымкент облысының территориясында. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған нұсқаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. А. Н. Бернштам, шекарадағы аса маңызды мекен және керуен жолдарының торабы болған Отырарға орта ғасыр авторларының көп назар аударғанын атап көрсетеді. Географиялық көрінісі түрліше бұл өңір суармалы егіншілікпен айналысуға да қолайлы болған [2].

А. Н. Бернштамның айтуынша, Отырар қаласы орналасқан аса құнарлы алқапта қазақ халқының арғы ата-бабалары, қырдағы көшпенділер мен қала тұрғындары жиі қарым-қатынас, тығыз байланыс жасап отырған деп пікір қорыту әбден орынды. "Мұсылман Ренессансы" деген атауға ие болған сол заманға тән белгілері оның шығармаларымен белгілі бір дәрежеде өз орнын алады. Әл-Фарабидің шығармаларында көне замандағы дәстүрдің және "Бірінші Ұстаз" деп шығыста аталып кеткен Аристотельдің тарих барысында қалдырған әсері, неоплатонизмнің несторионшылдықтың әсері және исламның әсерімен Аристотель идеяларының өзгеруі айқын көрінеді. Әл-Фарабидің Аристотельге бас игені сөзсіз. Сол сияқты ол Аристотель идеяларының ең жақсылары мен бағалыларын әрдайым таңдап ала бермейтіні де даусыз. Бірақ біз үшін ерекше бағалы жағы сол — ол Аристотель ілімінің формалдық жағымен ғана шектелмейді, ол диалектика элементтеріне, мәселені қарама – қарсы қоюына белгілі дәрежеде көңіл бөледі, сыртқы дүние мен сезім мүшелері арқылы жүзеге асатын байланыс таным логикасының ірге тасы болып табылатынын дәлелдейді [2].

Егер Қазақстан, Орта Азия және Таяу Шығыс елдерін сипаттайтын әлеуметтік, этникалық және мәдени процестердің барлық айқыш-ұйқыш қиын өрнектерінің бетінде әл-Фарабидің саяхат сапарлары картасының суретін "жапсырсак", осының өзі IX—X ғасырлардағы мәдени байланыстардың мүмкін

жолдарын тамаша етіп көрсеткен болар еді. Мүмкін, осының өзі, араб халифатының ішінде шетке тарту әрекеттеріне және оның іс жүзінде күйреуіне байланысты, сол заманда Оңтүстік Қазақстан “Мұсылман дүниесі” деп аталатын дүниенің мәдени-саяси өмірінің көшіп келіп отырған орталықтарының біріне айналғанын көрсеткен болар еді. Бұрынғы орталықтар, өзінің бір замандағы саяси маңызынан айырылса да, мәдениет ошақтары ретінде сақталғанын көрген болар едік. Біз егінші және мал бағушы тайпалардың, түріктік және ирандық этникалық компоненттердің байланыстарын, үрліше діндерді ұстайтын тайпалар мен халықтардың қоян қолтық тығыз “өмір сүргенін” және т. б. көрген болар едік. Мұсылмандардың орта ғасыр тұсында бөтен діндегілерге төзімділікпен қарағандығына қайран қаласың. Мұның бәрі сол замандағы Шығыста Екінші ұстаз аталынып кеткен әл-Фарабидің философиялық көзқарастарынан көрінеді [2].

Ұлы отырарлықтардың өмір кешкен заманын көз алдына келтіретіндей тарихи мәліметтердің толық болмауы, оның өмірбаяны жөніндегі деректердің аздығы ғалымды асыра дәріптеуге, болмаған нәрсені оның есіміне жапсыруға құқ бермейді. Мұндайлардың өзі ғылымға жат нәрсе және оның есімін тануға зиянын тигізеді. Сол сияқты әл-Фараби өмірі мен шығармашылығына тереңдеп енбейінше, оны шындап білмейінше, азды-көпті үйреншікті өрнекке айналып кеткен рыцарлық өмір элементтері есебінен әл-Фарабидің бейнесін жасау әрекеті ғылымға жат әрекет болып табылады және оның танымдық-эстетикалық тұрғыдан берері аз болып шығады. Әрине, сөз зергерінің өз ойынан қосып бейнелеуге хақысы бар. Бірақ мұның өзі шындыққа жақын қоспа болуы керек, дәл сол кезде мұндай жағдай болмаса да, сол дәуір шындығына жанасатын қоспа болуы тиіс. Ұлы адамдар жөніндегі мұндай шығармаларды дүние жүзілік әдебиет берді. Бұл орайда Бертольд Брехтың “Галилейін” атасақ та жетіп жатыр. Мұндағы ғалым тағдыры философиялық жалпылау дәрежесіне шарықтап көтеріледі; сол арқылы актуальданып, қазіргі заманмен әбден үндесіп жатады. Егер өзімізге жақынырақ мысал келтірсек, Әуезовтың “Абайы” өз халқына зор әсер еткен жеке адам туралы қалай жазудың тамаша үлгісін көрсетеді. Зерттеу, тағы да зерттеу — тарихи тақырыпты бейнелеуде жазушы мен суретшіні шығармашылық табыстарға жеткізетін негіз, міне, осы [2].

Әл-Фарабиге қайта орала отырып, мынаны ескерткен жөн: сырттай әсер ету емес, іштен серпіліп шығатын ой күшіне, идеялар драмасына баса назар аудару керек. Әл-Фарабидің сарай төңірегіндегі тынышсыз өмірден аулақ болғанды ұнатып, өзіне тамаша лауазымдар ұсынып жатса да, күніне бір дирхемге қанағат тұтып, қарапайым ғана өмір сүрді, өйткені, осы жағдай оны, алаңсыз жұмыс істеуіне мүмкіншілік берді. Демек, рыцарлық-романтикалық әшекейлер шындыққа қайшы келеді. Нақ осы сияқты, әл-Фарабиді қазақ етіп көрсетуге тырысу да жасанды әрекет болады. Ол заманда ұлт болып бірігу процесі аяқталудан әлі тіпті алыс еді [2]. Фактілер негізіне сүйене отырып, әл-Фараби кейін қазақ халқының құрамына қосылған түркі тайпасынан ‘шыққан және ол Шығыс халықтарының мәдениетіне жақын қатынасы бар қайраткер болды дей аламыз [2]. Оның ғылым жолындағы қызу ізденістері мен ұзақ сапарлары нақ осы кезден басталса керек. Әл-Фараби жастайынан түрлі ғылымдарды оқып үйренді. Оның ақыл-ойының ұшқырлығы мен білімінің молдығына тәнті болған талай жан еріксіз таңдай қаққан. Ол бірнеше тілдерді әсіресе араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерді.

Ұлы ойшыл біраз жылдар Бағдат шаһарында ғылыми ізденістермен айналысып тұрақтап қалады. Содан кейін Шам аймағына қоныс аударады да сексен жасқа жетіп, өмірден өткенше сол өлкеде қалады. Алғашқы сапарында әл-

Фараби Бағдат шаһарында логика, математика ғылымдарын терең зерттеп, араб тілін игереді. Ол елден асқан зерек еді. Дүниенің өткінші қызықтарынан, ойын-сауықтан алыс болатын. Тұрмысына жетерлік аз дүниеге қанағат етіп, уақытының барлығын ғылым жолына арнайтын. Ол алдыңғы толқындағы даналардың ізін қуған данышпан философ.

Сондай-ақ, ол медицина ғылымын да толық меңгерген. Ал Шам аймағына келген кезде әл-Фараби алғашында Дамаск қаласындағы бір бақта бағбан болып жұмыс істейді. Мұнда ол жеміс ағаштарын баптап жүріп ғылыммен айналысуын әрі қарай жалғастырады. Ол әсіресе, логика ғылымын терең зерттеді. Осы бұрын-соңды салада жазылған еңбектердің бәрін парақтап оқып шықты. Тұрмысының жұпынылығына қарамастан қолындағы бар қаражатын кітап сатып алуға жұмсап, күні-түні ғылыммен айналысты.

Ол бақ қарауылшысы ретінде берілетін май шамның жарығымен талай томдарды оқып түгесті. Өзінің еңбектерін де жазып шықты. Ақырында оның есімі әлемге жайылды. Еңбектері шартарапқа тарағаннан соң есімі дүниеге әйгілі болды. Уақыт өте келе оны білім иелері мойындап, өз заманының бірегей ғұламасына, біртуар дара тұлғасына айналды. Әл-Фарабидің аса парасаттылығы туралы естіген Халеб қаласының әкімі Сәйф әд-Дәулә әл-Хамдани оны басқа да мұсылман ғалымдармен бірге сарайына шақырып құрметтеп, қонақ қылады. Ұлы данышпанның даналық сөздерін ден қойып тыңдаған әмірші оны өзіне жақындатуды ойлайды. Оны қазылыққа тағайындайды. Әл-Фараби киетін киімі мен тұрмысына аса көп назар аудармайтын. Оның қарапайым тіршілік кешкені сондай, кейде тіпті, тек қана қара сумен күнелткен кездері де болған. Ұлы ойшыл қазылық қызмет атқарып жүрген тұсында да ғылымнан қол үзген емес [3].

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мухаммед Фараби ерте орта ғасырдағы ұлы ғұламалардың бірі болып табылады. Ол көпжақты оқымысты-энциклопедист және шығыс рационализмін қалыптастырғандардың бірі болды. Осы себепті оған “Аристотелден кейінгі екінші ұстаз!” деген құрметті атақ берілген Әл Фарабидің, бір кездері Орта Азияның етедегі мәдени орталығы болған қала Отрарда туылғаны тарихтан белгілі. Әл Фараби осы Отрарда, өзінің ана тілі қыпшақ тілінде бастауыш білім алады. Фарабидің еңбегі мен әрекет дәуірі араб мәдениетінің даму дәуірімен тұстас келді. Әлемнің атақты оқымыстылары, философтары, ақындары, музыканттары, бағдатқа жиналды және онда ғылым академиясы мен университет ашады. Бағдат оқымыстыларының арасында Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққандар құрметті орындарды иеленді. Солармен бірге Бағдатқа – білімнің барлық саласынан; музыкадан бастап астрономияға дейін хабары бар Фараби де келді. Фараби тіл ғылымының, калеграфияның, лингвистиканың, өлең құрастырудың, риториканың ірі теоретигі ретінде танылды. Сауатты жазу, каллиграфия, өлең жазуға риторикадан трактовкалар жазды. Әбу Насыр ал-Фараби – жан-жақты дамыған музыкант әрі композитор, мәнәрлеп орындаушы әрі теоретик, тарихшы, музыкалық аспаптарды жасаушы шебер болды [4].

Фараби тамаша дәрігер ретінде де белгілі. Дәрігерлік қызыметіне байланысты Фараби, сол замандағы басқа да дәрігерлер сияқты, алхимиямен, ботаникамен, минерологиямен айналысады. Ғылымның бұл салаларының бәрі жаратылыстану құрамына кіретін. Фараби географияға көп көңіл бөлді. Саяхатшы ретінде ол, Қазақстан мен Орталық Азияның, Таяу Шығыстың, Африканың көптеген ғылыми және мәдени орталықтарында болды. Оның Отрарда, Талас, Шаш, Самарханд, Бухара, Хива, Кабул, Бағдат, Дамаск қалаларында болғаны құжат түрінде белгілі. Барлық елдер мен қалаларда, Фараби жаратылыс

зерттеушісі, географ және астроном ретінде аймақты оқып үйренді, орынның координаталарын анықтады т.б. Жаратылсытануға Фараби басты мән берді. Ол, “қандай да бір педагогикалық ғылымға қарағанда, табиғат туралы ғылым әлдеқайда бай және кең көлемді болып келеді” деп жазды [4]. Өзінің басқа бір еңбегінде “философияны оқып үйренуден бұрын табиғат туралы ғылымды игеру керек, өйткені бұл ғылым адамға барынша жақын, мәндері анық және оған түсінікті ғылым саласы” деп жазады.

Философия саласында Фараби өз заманындағы теңдесі жоқ тұлға саналды. Оның негізгі көзқарасы – рациональдық. Оның философиялық еңбектерінде Аристотель, Платон және басқа ертедегі данышпандардың философиялық еңбектеріне коментарийлер жазуға көп орын берілген. Фарабидің тамаша, өте бағалы еңбегі “Даналықтың маржандары” деген трактаты 1000 жылдан бері Шығыс университеттерінің оқулық құралы болып келеді. Фараби еңбектері Европаның Қайта өрлеуінде үлкен рол атқарды. Бэкон, Л. Да Винчи, Коперник, кеплер, Лейбниц сияқты оқымыстылар өз жетістіктері үшін Фарабиге қарыздар. Бүкіл өркениеттің жан дүниесін даму бағытындағы оның білімін бағалау оңай емес [4].

Поэзиядан тыс сопылар қалдырған әдебиет үлгілері болмыстың бірлігі жайлы философиялық ойлар мен аллегориялық образдарға толы мысал әңгімелер болып келеді. Фарабидің поэтикаға қатысты ғылыми еңбектерінде образдылықты бірінші орынға қоюына белгілі бір дәрежеде сопылық поэзияның да ықпалы болды деп тұжырымдауға негіз бар. Көрнекті ғалым И.М.Фильштинский ақыл-парасатқа ғана емес, бай қиялға да негізделген философиялық-аллегориялық лирика арқылы көзқарас-пікірлерін жеткізген ортағасырлық ойшылдар қатарында әл-Фарабиді де атайды [5].

Әл-Фарабидің әдеби мұрасын зерттеп-зерделеуге қатысты бірқатар ой-пікірлеріміз «Оғыз-қыпшақ дәуірінің әдебиеті» аталатын алдыңғы мақаламызда айтылды. Солардың ішінен ең маңыздысы болып табылатын төл әдебиетіміз бен Фараби поэзиясындағы сабақтастық іздерін алдағы уақытта тереңдете зерттеу қажеттігі жөніндегі пікірімізді қайыра еске сала кетуді жөн көрдік [5].

Әл-Фарабидің әдеби мұрасы туралы ойларды қорыта келгенде мәдениеттанушы-тарихшы Н.Нұртазинаның: “Діннен, мұсылман факторынан алыстатылып, жасанды түрде дүнияуи сипат таңылған бабаларымыздың мұрасы ұлт мәдениеті туралы толық ақиқатты жеткізбей, ұрпақ санасына ұзақ уақыт зор нұқсан келтіріп келе жатыр. Мәдениеттанушылар, әдебиетшілер, тарихшылар, философтар осы бағытта көп ізденулері керек” деген пікірінің әлі де құнын жоймағанын пайымдаймыз. Сондай-ақ белгілі әдебиет зерттеушісі Н.Төрөқұловтың әдеби жұмыстардың бір түрі – аударма екенін айта келіп, Фарабидің аударма еңбектерін оның әдеби мұрасымен байланыстыратын тұжырымы да негізсіз емес. Ендігі бірер сөз Фараби шығармашылығының ашылмай жатқан бір қыры – күйшілік өнері туралы. Ғұламаның күйшілік дарыны ол дүниеге келген қыпшақ даласында да, шығармашылық із қалдырған араб жерінде де аңызға айналған. “Музыканың ұлы кітабын” жазған ғалымның әуен әлеміне алғашқы қадамы да туған топырағынан басталғанына күмән жоқ.

“VII–X ғасырларда оғыз-қыпшақ дәуірі әдебиет, музыка (күй), философия, өнершіліктің өркендеген бір сәулетті кезі болса, Қорқыт, әл-Фараби сияқты генийлер – соларды жасаушылардың ұлы басы” деп жазады көрнекті әдебиет зерттеушісі Ә.Марғұлан. “Қобызымен ескі дүниені күңіреткен Әбу Насыр әл-Фараби Қорқыттың ізін ала шыққан, соның шәкірттерінің бірі болуға тиісті. Арун-Рашид (халиф Харун ар-Рашид – А.Ә.) заманында әл-Фараби күйшіні

Жанкенттен Бағдатқа алдырып, Бағдат халқы Фарабидің сұлу күйін тыңдайды” дей келіп, автор Фарабидің араб жұртына келуін осы оқиғамен байланыстырады. Алайда аңызға бергісіз бұл мәліметтің дереккөзіне сілтеме жасалмаған. Айтылғандардан аңғаратынымыздай, даңқты жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығының өскен өлкесінің дәстүрімен табиғи тамырласып жатқан кез келген қыры – ғылыми еңбектері, ақындық мұрасы мен күйшілік өнері осы сабақтастық тұрғысынан тереңдете зерттелуге тиіс [5].

Фараби заманында мұсылман қауымының ой санасында бүкіл болмысты, ондағы сан түрлі құбылыстың бәрін мүтекәллиминдік негізде түсіндіретін жаңа бағыт қалыптасты. Мүтекәллиминдердің танымындағы түбірлі қателігін аяусыз сынаған Фарабидің сыншыл ойын Абай панисламизм идеясы қанат жайған тұста одан әрі дамыта түсті. Ақынның Фараби сынаған мүтекәллиминді: «Ақыл мен хауас барлығын, Білмей дүр жүрек, сезе дүр, Мүтекәллимин, мантикин, Бекер босқа езе дүр...» - деп, түбегейлі әшкерелеп терістеуінде терең таным сыры жатыр. Абай арнайы көтеріп отырған хауас жайындағы ұғымы ақын шығармаларында «хауаси хамса заһири», «хауас сәлем», «хауас»деген үш түрлі мағына даушы растады. «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде мүтекәллиминдер мен логиктердің хауасты түсіндірудегі пайымдауларын әшкерелей терістеуі ақынның әлеум. ортасындағы батып сыншылдық бағытты танытты.

Абайдың дүниетанымындағы ерекше назар аударар нәрсе ақынның Фараби түзген ғылымды классификациялау принципі мен таныс болуы. Ақынның Фараби жасаған ғылымды жүйелеудегі принципімен таныстығы жеңілде нақтылы дерек жоқ. Дегенмен де, Абай шығармаларында ғылымды жүйелеу жөніндегі пікірін белгілі бір дәрежеде нақтылы деректермен білдіреді. Мәселен, Қырық бірінші сөзінде. «... дүниеде есепсіз ғылымның жолдары, бар, сол әрбір жолда бір медресе бар...», - деп, ғылым салаларының молдығын, нақтылы атауларын жеке-жеке атап өтеді. Ақынның Отыз сегізінші сөзінде ғылым салаларын біршама жүйелеу принципі ұшырасады. Ғалым, хакімдер туралы пікір қозғағанда:«... адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ бірлән батылдықты айырмақты үйреткендігі...» - деп, қоғамдық ғылымдарды өз алдына дербес топтастырады.

Абай Отыз сегізінші сөзіндегі «адамның білімі», «алланың ғылымы», «өзіндік ғылым», «дүниенің ғылымы», «заһири ғылым», «дүниені танымақтық» тәрізді ғылым салаларын Фарабидің филос. тұжырымдарында қолданылатын атау сөздермен не қазақы ұғымға сай балама түрдегі атаумен қарастырады [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Әл-Фараби және оның рухани мұрасы»//. elibrary.kaznu.kz
- 2.«Әл-Фарабидің өмірі туралы реферат»//. baribar.kz
- 3.«Әл-Фараби деген кім»//. fatua.kz
- 4.Медетбаев Тасбулат Сиезбайұлы//«Әл-Фарабидің эстетикалық көзқарастары», <https://moluch.ru>
- 5.«Әл-Фарабидің әдеби-ғылыми мұрасы», <https://kazislam.kz>

АРИСТОТЕЛЬ ЖӘНЕ ӘЛ-ФАРАБИ: ФИЛОСОФИЯДАҒЫ САБАҚТАСТЫҒЫ

Ерке Ү.Б., студент

Ғылыми жетекші: Бағдатұлы М., оқытушы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Ғылым мен парасаттың көптеген тақырыптарын жүйелі әрі жан-жақтылы зерделеп, жаратылыс пен өмірдің түрлі құбылыстарына нақты ғылыми зерттеулер жасап, артына сүбелі еңбектер жазып қалдырған әлемнің бірінші және екінші ұстаздары Аристотель мен Әбу-Насыр-әл-Фараби ғылымның көптеген салаларының алғашқы болып негізін қалаған болатын. Олардың арасында физика, метафизика, поэтика, театр, музыка логика, риторика, саясат, этика, эстетика, биология, зоология және экономика атарлылар айрықша аталады. Олар қалдырған философиялық пайым жүйесі мен ғылыми зерттеу дәстүрі кейінгі мұсылмандық және христиандық мәдениетке, шығыс-батыс өркениетіне айрықша ықпал етті.

Түйінді сөздер: Философия, көзқарас, “Бірінші ұстаз”, Әл-Фараби, Аристотель, пантеисттік идея.

Есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан ардагер азаматтар тарихта аса көп емес. Тарих жазбасында, халықтың рухани қазынасында айтулылардың айтулысы, жүйріктердің жүйрігі ғана мәңгілік. Мың жылдан артық уақыт өтсе де, аттары ауыздан-ауызға жатталып, еңбектері уақыттың, мезгілдің катыгез сынынан мүдірмей өткен тарих перзенттері Аристотель мен Әбу-Насыр-әл-Фараби ұстаздардай әлі ешкім болған емес. Әлемнің “Бірінші ұстазы” мен “Екінші ұстазы” қашанда ел есінде.

Аристотель философиясы. Аристотель (б.д.д. 384-322 ж.ж.) – ежелгі грек философы, логика және басқада көптеген ілімдердің негізін қалаған энциклопедист-ғалым. Әлем бойынша бірінші ұстаз атағына ие. Фракиядағы Стагирда туған, Афиныдағы Платон мектебінде тәрбиеленді. Платонның денесіз форма жөніндегі («идеялар дүниесі» пікірін) теориясын сынаса да «идеялизм мен материализм» арасында екі ұдай күйге түсіп платондық идеяны толықтай жоққа шығара алған жоқ. Аристотельдің айтуы бойынша рух тәннен бөлінбейді, тән өлгенде жанда жоғалады. 335 ж. Афиныда өз мектебін (Ликей деп аталды) ашты. Аристотель философияны үш салада бөліп қарастырды:

1) Теориялық бөлімі – болмыстың кезеңдері, себептері мен түп негізі турасындағы ілім;

2) Практикалық бөлім – адамдардың іс-әрекеті жөнінде;

3) Поэтикалық бөлім –(творчество) шығармашылық жөнінде.

Ал ғылымның зерттейтін объектісі – адамның ақыл-ой өресі жететін дүние. Аристотель табиғатты «материяның» «формаға», «форманың» «материяға» біртіндеп ауысуы түрінде қарастырды. Алайда материядағы қозғалыс бастамасының баяулығын байқап, түбінде қозғалыстың түп төркіні мен мақсатқа келіп тірелетін форманың белсенділігіне баса назар аударды. Қозғалыс атаулының түп төркіні – «өзі қозғалмайтын, қозғалтуға түрткі болатын» - Құдай деген тұжырым жасады [1].

Адамның ақыл-парасатының қабілетін этикадағы ең жоғарғы қозғаушы күш деп тапты. Аристотельдің моральдық үлгісі – Құдай, яғни «өзін ойлайтын ой» - нағыз кемелденген философ. Платон мен Аристотельдің философияға енгізген орасан зор еңбектері мен жаңалықтарынан кейін философия айтарлықтай беделге ие болып,

дәрежесі өсе бастады. Аристотель философиясында алғаш рет өткен дәуір көзқарасына терең талдау жасалды. Ол "Метафизика" деп аталатын кітабында философияның негізгі мәселелерінің бірі — болмысты жан-жақты анықтай отырып, өзіне дейінгі ойшылдарға, әсіресе, Платонның философиясына сын ескертпелер айтты. Аристотельдің анықтамасындағы "материя" Платонның ұғымындағыдан әлдеқайда өзгеше. "Материя", Аристотельдің ойынша, "субстрат" (латын тілінде "негіз", "астар" деген мағына береді). Ол өзінің анықтаушысынан, формасынан айырылған процесс. Ең алдымен материя белгілі бір формаға ие болады. Бұл процесс мүмкіндіктің жүзеге асуы, оның шындыққа айналуы. Ендеше, форма жоқтан бар болмайды, болмыс еместен тумайды. Өйткені болмыс еместен ештеңе де шықпайды. Ал, екіншіден, форма болмыстан да тумайды екен. Егер ол болмыстан пайда болса, онда жаңадан болған нәрсенің бұрыннан да бар екендігі даусыз болар еді. Аристотельдің ойынша, адам әуелгі кезде сауатсыз еді, енді сауатты болды. Оның сауатты болғаны, бұрынғы сауатсыздығынан емес, керісінше, адамның сауатты болғанынан, оның бойында сауаттылыққа деген мүмкіндіктің (қабілеттің) бар болғандығынан. Материя деген ұғым, Аристотельдің түсінігі бойынша, бір жағынан субстрат, яғни негіз, бірдененің ішкі астары. Бұл шын мәніндегі таза мүмкіндік қана деуге болады. Екінші жағынан материя мүмкіндік қана емес, ол іске асқан шындық.

Аристотельдің даналығы — ол ешкім байыбына барып шеше алмаған философиялық мәселені шешіп отыр. Адам көзі екі функцияны атқарады, бірі — көру. Ол жан-жануарларға да тән қасиет. Екіншісі — адам көзі қоғамдық, материалдық, тағы басқа қатынастардың мәнін ашады. Диалектикалық тұрғыдан қарағанда көздің екі жақты қызметі бар. Бірі — ол көздің негізгі қасиеті көру екені айтылады. Бұл дүниені, ең байлықты, жақсылық пен жамандықты, адалдық пен арамдықты көру, сол арқылы санаға заттың түрін, түсін тағы басқа да қасиеттерін түсінуге жол ашу. Екінші жағынан, көздің өзінің негізгі қызметі түп тамырымен өзгеріп, тек құмартудың, нәпсінің дамуына жол ашып, дүниеге тоймайтын, ешбір тойымсыз кезге айналу. Ендеше көз бен ақылдың, көз бен парасаттылықтың арасында диалектикалық байланыс бар. Өйткені бірінші — көз сезімділік танымының алғашқы сатылары қабылдау мен елестетудің формаларына кеңінен қызмет атқарса, екіншісінде көз арқылы рационалды танымның биік сатысына жол ашылады.

Әл-Фарабидің философиялық көзқарасы. Әбу Насыр Әл-Фараби Мухаммед ибн Тархан (870 ж Сырдариядағы Фараб қаласында дүниеге келіп, 950 ж. Дамаскіде дүниеден озады) – Шығыс философы, ғалым-энциклопедист, шығыс аристотелизмінің аса ірі өкілі. Аристотель мен Платонды зерттеуші және толықтырып жалғастырушы (Әлемнің «Екінші ұстазы» деген атағы осыдан шыққан). Фараби ғылымды көбінесе өз бетінше меңгеріп, аса зор табандылық көрсеткен, орасан мол табыстарға жеткен адам. Ол, әсіресе, грек ғылымы мен философиясын, ең әуелі Аристотельдің бай мұрасын игеруді қолға алған. Мұнда ол аса үлкен шыдамдылық пен ыждаһаттылық көрсетеді. Бір аңыз бойынша, ол Аристотельдің “Жан туралы” дейтін еңбегін жүз рет, “Табиғи гармониясын” қырық рет, “Риторикасын” екі жүз рет оқыған көрінеді. Негізгі шығармалары: «Философиялық трактаттар», «Математикалық трактаттар», «Әлеуметтік-эстетикалық трактаттар», «Қайырымды қала тұрғындары», т.б [2]. Әл-Фарабидің қатардағы адамдарға философия ақиқаты, оның асқақ әулие бейнесіндегі кемеңгер философтар «Қайырымды қала» туралы ілімі жарияланды. Бақытқа жетудің негізгі көзі – қайырымдылық жасауда деп қарастырады. Тек қана қайырымдылық жасауға бейім адамдар ғана жамандық атаулыдан пәк болады, соған байланысты олар бақытты, уайымсыз ғұмыр кешеді деген тұжырымға келген.

Әл-Фараби Ибн Синаға, Ибн Туфейлге, Ибн-Рушдке, сондай-ақ Батыс Еуропаның Философиясы мен ғылымына ықпал етті. Фараби «Ізгі қала тұрғындарының

көзқарастары туралы трактат» атты еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларын «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Адам жанына (интеллект), оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне талдау бергенде жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отырады. Жалпы жан қуаты жөніндегі танымға бұлай қарау перепатетиктер мектебіндегілерге тән құбылыс. Бұл жөнінде Фараби мен Абайдың ой қорытулары сабақтас, өзара іліктес келеді [3].

«Жүрек - басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес» (Әбу-Насыр-әл-Фараби) [2].

Фараби «Табиғат ғылымдарының негіздері» (космогония) жайлы еңбегінде жалпы хакасқа, әсіресе, оның хауаси хамса заһири деп аталатын сыртқы сезім мүшелеріне ерекше назар аударған. Фарабидің қоршаған орта болмысының сырын тануда басты орын алатын сезім мүшелері - хауаси хамса жайлы Фарабидің «Ақыл дегеніміз тәжірибеден басқа ешнәрсе де емес» деген ой желісімен өзектес келеді [3]. Әл-Фараби жан қуатын қозғалттыратын қуат және танып білетін қуат деп екіге бөліп, адам бойындағы танып білетін қуатты ішкі және сыртқы жан қуаты ретінде қарастырады. Фараби жан қуаты жөнінде өзіндік соны ойлар желісін таратқанда, оларды өсімдік жаны, хайуан жаны, адам жаны деп үшке жіктеп, таным процесін адам жанына тән тума қасиет ретінде қарастырады.

Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің "Категориялар", "Метафизика", "Герменевтика" мен "Софистикасына" түсініктемелер жазды. Ол еңбектері күні бүгінге дейін де мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін таныстыруда үлкен рөл атқарды.

Араб шығысында Аристотельдің кейбір құнды ойлары бұрмаланып көрсетілді. Бірақ көп еңбектері аударылмағандықтан ұлы грек философының ойын түсіну қиын болды. Сондықтан да көп тілдерді жетік білген ұлы ғалым Аристотель шығармаларына араб тілінде түсіндірме жазуды ұйғарды. Сөйтіп, ол ұлы философтың мұраларын жаңсақ пікірлерден тазартып, өз қалпында дұрыс түсіндіре біліп, өзінің бірінші ұстазға деген ғылым саласындағы үлкен адамгершілік, азаматтық, іс-әрекетін таныта білді. Сондықтан да шығыс философтары оны "Ал муаллим ас-сани"— екінші ұстаз деп атаған. Фараби Аристотельдің философиясына түсініктемелер жаза отырып, өз тарапынан да "Ғылымдардың шығуы", "Ғылымдар энциклопедиясы немесе тізбесі", "Ізгі қала түрғындарының көзқарасы", "Музыканың үлкен кітабы", "Философияны аңсап үйрену үшін алдын ала не білу қажеттігі жайлы", "Ақылдың мәні туралы", "Әлеуметтік этикалық трактаттар", "Философиялық трактаттар", т. б. сияқты көптеген философиялық еңбектер жазған[4]. Фараби ғылымның философиялық-логикалық іргетасын дұрыстап қайта қалап шықты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т. б, ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні ерекше зор.

Фараби Аристотельдің логика ғылымын, шығармаларын оқу тәртібін келтіріп, оны жоғары бағалайды. Әл-Фараби философияны үйрену үшін ежелгі грек ойшылдарынан бастап өзіне дейінгі ғалымдардың ой-пікірлерін сарапқа салады да, соңында өз ойларын айтады. Фарабидің пікірінше, ғылым мен философия адамы болу үшін қойылатын ең бірінші талап — ол адамның жан тазалығы, ар тазалығы, бүкіл адамға, өз халқына деген таза махаббаты, ғылым мен білімге деген қалтқысыз құштарлығы мен берілгендігі. Бұл шарт орындалмаған күнде адам философияны үйрене алмайды, үйрете де алмайды деп көрсетеді. Әл-Фарабиді дүниеге танытқан музыка теориясына арналған шығармаларының бірі - "Музыканың үлкен кітабы" атты еңбегі [3]. Ғұлама бұл еңбекте математикалық тәсілдер пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге келтірді. Ол тек

музыка теориясын ғана жазып қоймай, музыкалық аспаптарды да қолдан жасап, сол аспаптарда керемет ойнай да білген. Фарабидің бұл кітабы музыкалық дыбыстың сипаты мен құрылымынан бастап, музыканың поэзиямен байланысына дейінгі музыкалық ғылымның мәселелеріне ғана арналмай, музыканың эстетикалық-теориялық принциптерін шешуге бағытталған. Музыка зерттеу саласындағы еңбектерінде Фараби музыканың емдік қасиетін, жағымды әсерін жан-жақты дәлелдеді, сондай-ақ оның тәрбиелік мәні зор екенін баса айтты. Адамның музыка шығарудағы қабілеті дәрежесінің әр түрлі сатысын көрсетіп, адамның жан-дүниесіне жағымды, жағымсыз әсер ететін музыкалық жанрларға талдау жасады.

Қазақстан оқымыстыларының соңғы зерттеулері әл-Фарабидің жаратылыстану-математика ғылымдары бойынша терең, сындарлы мұра қалдырғанын анықтап отыр. Бұл, әсіресе, оның математика, астрономия, физика, медицина, химия биология салалары бойынша жазған еңбектерінен айқын көрінеді. Ғұлама өзінің "Ғылымдардың шығуы туралы" атты трактатында табиғаттану ғылымдарының шығу төркінін, себептерін ашып көрсетуге тырысады. Оның пікірі бойынша, табиғат әуелде жаратқан бір Алланың күдіретті күшінен пайда болып, одан былай өз алдына дербес заңдылықтарымен өмір сүрді. Өзге бөтен еш нәрсеге тәуелді емес. Жаратылыстың, болмыстың түп негізінде субстанция, акциденция жатыр. Оларды танып білу — ғылымдардың шығуының қайнар көзі. Субстанция, қазіргіше айтқандай, материя ұғымына жуық келеді. Ал акциденция — субстанцияның түрліше көрінісі. Осы көзқарасты негізге алып әл-Фараби арифметика, геометрия, астрономия, музыка, әр алуан жаратылыстану ғылымдарының қалай шыққанын және өзінше қалай дами бастағанын сипаттайды. Ғұламаның математикаға қатысты еңбектері: "Евклидке түсініктеме" геометриялық трактат, "Музыканың үлкен кітабы", т.б. Ол математик ретінде өзара бір-бірімен тығыз байланысты үш бағытта зерттеулер жүргізіп, көрнекті жетістіктерге жеткен.

Олар:

1. математиканың әдістемелік мәселелері (математикалық ғылымдардың пәні, негізгі ұғымдарының, әдістерінің шығу тегі, т.б.);
2. математиканың нақты проблемаларды шешуге қатысуы;
3. математиканы астрономия, музыка, география, геометрия, т. б. ғылымдарға қолдану [5].

Әл-Фараби, әсіресе, математика философиясы, геометрия, тригонометрия салалары бойынша ірі жаңалықтар ашқан (алгебраның пәнін анықтау, салу есептерін бір жүйеге келтіру, синустар теоремасы, т. б.). Әл-Фарабидің медицина, биология ғылымдарына да үлкен мән бергені баршамызға мәлім. Ол, әсіресе, бұл ғылымдарды теориялық философиялық тұрғыда зерттеуге көп күш жұмсаған. Медицина жөнінде "Адам ағзалары жайлы Аристотельмен алшақтығы туралы Галенге қарсы жазылған трактаттар", "Жануарлар ағзалары", "Темпераменттер туралы", т.б. еңбектер жазған, бұларда ол негізінен медицина ғылымының пәнін, міндет-мақсатын анықтап беруді көздейді. Бұл еңбектерден ұлы ғұлама Әбу-әли ибн Сина білім алған. Әл-Фарабидің бұлардан басқа көптеген философиялық және натурфилософиялық тұжырымдарында да жаратылыстану жайында айтылған бағалы ойлармен ғылыми қорытындылар кездесіп отырады. Ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерін қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз.

Әл-Фараби өзінің "Риторика", "Поэзия өнері туралы", "Бақытқа жол сілтеу" туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық, білім ұғымдарының мән-мағынасын ашып, солардың негізін дәлелдеп берді. Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға

мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық ұғымы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шыңы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қорытындының басты түйіні — білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Оның көркемдік, сұлулық туралы пікірі бойынша, көркемдік өмір шындығының өзіне тән қасиет. Көркемдік — адамның денесі мен рухани жан-дүниесінің адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі деп санады [6].

Фараби "Бақытқа жол сілтеу" трактатында бақытқа, оған жетуге бастайтын жолға айрықша назар аударады. Әл-Фараби өлгеннен кейінгі баянсыз бақыт туралы емес, тірі адамның бақыты туралы айтады. Оған жету үшін адам өзін-өзі жетілдіре отырып, қиын жолдан өтуі керек. Адамның табиғи қабілеті өздігінше жақсы қылықты да, жаман қылықты да істеуге бірдей мүмкіндік береді. Адамның жетілуі мінез-құлықтың жетілуімен ұқсас келеді, осыдан келіп бақытқа жету мен мінез-құлықтың жетілуі арасында байланыс туады [3]. "Бақытқа жол сілтеу" трактатында және басқаларда Әл-Фараби Аристотельдің әрекеттену мен қайырымды істердегі орта шама туралы пікірін дамытады. Фараби ұстамдылықты жақсы қасиет деп есептейді. Әл-Фарабидің атап көрсетуінше, адам өзінің бақытқа жету жолын логикадан бастағаны жөн. Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өз кездеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады.

Қорытындылай келе, адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып білу арқылы жетіледі. Аристотель де Әл-Фараби да бұл жөнінде өз еңбектерінде талдап айтып кеткен. Олар адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді. Өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады. Әл-Фараби Аристотельдің пантеистік пікірлерін қайта қарастырып, оның еңбектеріне түсіндірме ретінде өз пікірін білдіретін еңбектерін жазды. Әлемнің ұлы ұстаздарының психологиялық тұжырымдарының ауқымы мен тереңдігі қай уақытта болмасын өз маңызын жоймақ емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбішев Қ.Ә, Әбжанов Т.Ы. Аристотель философиясы, Алматы: Жазушы, 2005ж
2. "Қазақ ойшылдарының еңбектеріндегі психологиялық идеялар" Нұрғалым К.С. Қ. Сәтбаев атындағы Қаз ҰТУ 2014 ж.
3. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар, Қазақстан Ғылым Академиясының Философия және құқық институтының аудармасы
4. www.kazgazeta.kz
5. Таным теориясы және ғылым әдіснамасы А.Х.Қасымжанов
6. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚОЗҒАЙТЫН ТРАКТАТТАРЫ

Түгелбаев А., «Тарих» мамандығының студенті
Ғылыми жетекші: Бекенжанова А.А., аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Андатпа. Бұл мақалада ұлы ойшыл Әл-Фарабидің қоғамдық-әлеуметтік, этикалық ойлары, соның ішінде қайырымды қала, адамның тіршілік етуі мен кемелділікке жетуі туралы ойлары, сонымен қатар социология, этика және эстетика мәселелерін қамти отырып, «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Бақытқа жету туралы» трактаттарында ол адам қоғамының өмір сүру формалары, адамның мінез-құлқы туралы ойлары қарастырылады.

Түйінді сөздер: қайырымды қала, фәлсафалық еңбектер, ізгі мемлекет, ғұлама, Әл-Фараби, трактат.

Отырар ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі – Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби. Оның толық аты жөні Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Мұхамед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби. Яғни, әл-Фарабидің өз аты Әбу Насыр Мұхамед, әкесінің ныспысы да Мұхамед, бабасының есімі Тархан, арғы атасы – Ұзлағ. Түрік оқымыстыларының Әбу Насыр ныспысының соңына кейде «әл-түрки» деген сөзді қосып, оның түркі текті екенін шегелей түседі. Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Фараб қаласында әскербасының отбасында дүниеге келген.

Әл-Фараби алғаш Отырар медресесінен дәріс алады. Сосын Шаш, Самарқанд пен Бұқара шаһарларын аралап, Бағдадта білім алады. Ол медицина ғылымы мен логиканы Йуханна ибн Хайланнан, жаратылыстану ғылымдары мен грек тілін Әбу Башр Маттадан үйренеді. Әбу Насыр көп дәріс алып, білімін молықтырып, Бағдадқа қайтып оралады. Бар ынта-жігерін фәлсафаны зерттеуге арнайды.

Әл-Фараби – өздігінен оқып жетілген ғалым. Ол ең алдымен грек ғылымын, оның фәлсафасын, әсіресе Аристотельдің еңбектерін қызығып оқыған. Ибн Халиланың айтуына қарағанда Әбу Насыр Аристотельдің «Метафизикасын», «Жан туралы» еңбегін жүз, ал «Риторикасын» екі жүз рет оқып шыққан сияқты. Осындай ыждағаттылығының арқасында ғана ол Аристотельдің ғылыми мұрасын еркін игерген. Оның фәлсафалық еңбектерінің басым көпшілігі грек ғылымдарының, әсіресе, Аристотельдің мұрасын зерттеуге арналған.

Әбу Насыр Аристотельдің «Категория», «Бірінші және екінші Аналитика» сияқты фәлсафалық және логикалық шығармаларына түсіндірмелер жазған. Сондай-ақ өзі де «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы», «Бақытқа жету» сияқты т.б. көптеген трактаттар туындатқан. Бұл еңбектерінде ол дүние, қоғам, мемлекет және адамдардың өзара қарым- қатынасы туралы өз заманы үшін ой-пікірлерін айтады. Орта ғасырдың өзінде-ақ Әбу Насыр қанаусыз, зорлықсыз бақытты қоғам орнату жөнінде батыл болжам жасаған. Мұндай қоғамның тууын ол мемлекет басшысының ақылымен, білімімен, адамгершілігімен байланыстырған.

Фарабидің қоғамдық-философиялық, жаратылыстану туралы ғылыми көзқарастары орта ғасырлардағы Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі мәдениет,

философиялық және ғылыми ой-пікірлердің даму нәтижесі болып табылады. Ұзаққа созылған жаулаушылық саясаттың нәтижесінде құрылған жаңа мемлекет Араб халифаты тек қана жерлерді, елдерді, территорияларды қосып қана қоймай мемлекеттік дін дәрежесіне көтерілген ислам идеологиясы біріктірген әртүрлі мәдениеттерді қосып, жаңа қоспа мәдениет туғызды. IX-X ғасырларда саяси, философиялық ойдың дамуы таптың және діни ағым қайшылықтардың көрінісі болған әртүрлі ағымдар мен кешендердің осы шиеленіскен идеологиялық күресі жағдайында жүрді. Мұндай жағдай философияда айқын көрініс болып табылады.

Фараби өз еңбектерінде құдай бар деп мойындайды. Алайда, ол Аристотельдің ізімен құдай дүниесі бар етуші, қозғалысқа келтіруші тек бірінші себеп – «алғашқы түрткі» ғана, одан кейін табиғат (материя) өз бетімен, өз дайындылығымен құдайға тәуелсіз даму жолына түскен деген идеяны қуаттайды. Керітартпа дін басшылары мен оларды қолдаушы философтар осы сияқты «күпірліктері», қателіктері үшін Әбу Насырды қудалаған кездері болған деседі кейбір зерттеушілер.

Фараби «ақиқат біреу-ақ, оған әржақтан, әртүрлі деңгейден қарауға болады, сондықтан ол туралы түрліше балама қорытындылар жасау мүмкін», – деп санайды. Ол дәуірде материалистік философия жүйесі ашық қалыптаса қойған жоқ болатын. Сондықтан орта ғасырлар заманында философиялық ойдың дамуы құдайды дәріптейтін діни-теологиялық сипат алды. Демек, Фарабидің философиялық ілімі – негізінен дүниені бір құдай жаратты деген қағиданы басшылыққа алған идеалистік ілім. Фарабидің философиялық жүйесінде идеализм мен материализм арасындағы ауытқулар байқалады. Ол бүкіл орта ғасырлар философиясындағы проблемаларды қамтиды. Олар: болмыс жөніндегі ілім, материя және оның дамуы туралы мәселе, адамның тану әрекеті проблемасы, логика мәселелері, ақыл және адамның қоғамдық іс-әрекетіндегі алатын орны, этика, эстетика мәселелері, натурфилософия және ғылымдар методологиясы проблемалары т.б.

Әл-Фарабидің философиясын зерттеушілер оның бұл саладағы трактатын терең талдай келіп, Фарабидің философиялық мұрасында үш басты жайтты атап көрсетеді: дүниенің мәңгілігін тану, детерминизді зерттеу принципі, яғни себептілік сыр-сипатын ашу ғылымы – білімнің қайнар көзі, адам жанының өшпейтіндігін теріске шығарған ақыл туралы ілім. Бұл үш принцип – Фараби философиясының биік шоқтығы және ерекшеліктері болып саналады.

Ақыл туралы ілім Фараби философиядағы ірі жетістіктер санатына қосылады. Мұндағы ақыл ұғымына кең, бүкіл әлемдік мағынада қарастырылып, оның космологиясына тірек болды. Ең жоғарғы сатысы түпкі себепті – Алла иемденеді. Алладан кейінгі екінші сатыны – аспан денелері, болмыстың үшінші сатысы әрекеттегі ақыл және оған сай төрт элементтен (топырақ, су, ауа, от) тұратын ай асты әлемі. Болмыстың төртінші сатысы – адамның жаны. Ең төменгі бесінші сатысын форма мен материя алып жатыр. Бұл схемада бір жағынан әлемнің, аспан мен жердің алшақтығы жайлы ресми мұсылман дінінің қағидаларына сәйкес келсе, екінші жағынан дүниеге материалистік, эволюциялық даму тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Фарабидің философиялық жүйесінде материяға көп көңіл бөлінеді. Ол ай астындағы дүниенің шын мәнінде бар екенін, оның айдан жоғары орналасқан дүниемен, яғни аспан әлемімен бірлікте болатынын мойындайды. Біздің, яғни айдан төмен жер бетінде орналасқан дүниеде материя мен формадан тұратын заттар, нәрселер – ақиқат. Олар негізгі бастапқы материя болып табылатын төрт элементтердің сан алуан әртүрлі қосылыстарынан тұрады.

Фараби өзінің дүниеге деген көзқарасын социология, этика және эстетика мәселелерін қамти отырып жүйелендіре, нақтылай түседі. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Бақытқа жету туралы» трактаттарында ол адам қоғамының шығуы, оның

өмір сүру формалары, адамның мінез-құлқы, әділетті әкімнің бейнесі туралы ой толғайды. Ол ең әуелі өмір сүріп отырған қоғамның құрылымын талдайды. Адамдар қауымы өмір сүру ортасы ретінде қала халқын алады. Қалаларды жік-жікке бөле келіп, ол кемел де үлгілі құрылым ретінде «Ізгі қаланы» таңдайды, оған жақын келетін және тұрмыстық байланыстағы құрылым – еңбекшілер тұратын «қажеттілік қаласы» деп қарайды. Фараби әрі қарай «алыс-беріс қаласы», «бақытсыздық пен бұзылғандық қаласын» бөліп ажыратады. Ізгі мемлекет (қала) туралы ілімін жасауда Фараби Платонға еліктеп, мемлекетті әрбір мүшелері белгілі бір қызметті атқаратын адам тәніне ұқсас етіп қарастырады. Осыған сәйкес ізгі мемлекеттегі феодалдық құрылыс суреттеледі. Идеалистік түрде жақауратып айтылғанымен, Фараби топшылауында адамдар арасындағы теңсіздік, артық кемшілік анық сезіледі. Мысалы, халық мемлекеттің жүрегі саналғанымен, күн көріс қамы әрекетін жасауға, ойлауға мәжбүр. Фараби мұндай теңсіздікті, әділетсіздікті жоюдың бірден бір жолы – ағартушылық, адамгершілік тәрбиесін күшейту деп қорытады. Феодалдық әділетсіздік, езгі мен зорлық-зомбылық өріс алып тұрған сол ауыр заманның өзінде-ақ ол зорлықсыз, қанаусыз әділ қоғам болу мүмкін деген батыл болжам жасайды. Фараби ондай ізгі мемлекеттің тууы, ең алдымен мемлекет басшысына, оның ақыл-парасатына, ғұламалығына, талантына, тәрбиесіне тікелей тәуелді деп қорытынды жасайды.

Әл-Фарабидің педагогикалық, дидактикалық көзқарастары оның философиялық, жаратылыстану, өнер туралы пікірлері, қағидалары ізденістерімен араласып, астасып жатады. Оның педагогикалық жүйесіндегі темірқазық болып саналатын – этикалық категория әрбір адамды бақытқа жеткізу мұраты. Бақытқа жетудің негізінде философия, ғылыми білімдер арқылы дүниедегі кіршіксіз пәк тазалықты, әдемілікті бойға сіңіру, ойға, жүрекке ұялату, дарыту әрекеті жатады. Ал, философияны, былайша айтқанда, бүкіл ғылым негіздерін меңгеру, оқу, оқыту арқылы келеді. Әл-Фарабидің педагогикалық ілімі бойынша тәрбие мен тәлім, білім беру мәселелері өзара тығыз байланысты бір-бірін толықтыра жүргізілуі тиіс. «Философияны үйрену үшін алдына нәні білу қажет?» деген еңбегінде ол ғылым мен философияны жетік меңгеру үшін бірінші алғы шарт етіп адамның жан тазалығын, ар тазалығын, әдеп-тәрбиелігін қояды. Әл-Фараби балаларды жүйелі оқытуға 7-8 жасынан беруге нұсқаған. Басқа ғылымдарда оқып үйренуде ғұлама ең әуелі тіл мен логиканы біліп алуды ұсынады. Әл-Фараби ғылым, білімді қалай болса солай жаппай жүйесіз үйрене бермей, адамның ақыл-парасатына, мінез-құлқына әсер етіп, практикалық іс-әрекетіне пайдалы болатын жақтарына баса көңіл бөлуді ұсынады. Әл-Фараби талапкер шәкірттерді білім-ғылымды игеруге шақырып қана қоймай, өз заманындағы ғылымдарды қандай ретпен, қандай мазмұнда, қандай әдістермен оқу, оқыту қажеттілігін шешіп беруге тырысады. Осындай аса маңызды педагогикалық проблеманы шешуге арналған еңбегі «Ғылымдар классификациясы» т.б. аттармен Шығыс пен Батыс елдерінде мәлім болып, 500 жыл бойы мектептерде ғылым бастамалары жөнінен негізгі бағдарламалық жетекші құрал болған. Ол сонау XII ғасырдың өзінде-ақ арабшадан латын тіліне екі рет аударылған.

Әл-Фарабидің дидактикасында «Музыканың ұлы кітабы» еңбегінің алатын орны үлкен: бұл еңбек музыка сияқты аса қиын да күрделі ғылымды методикалық жағынан шеберлікпен қиюын тауып құрудың қазіргі күнге дейін мәнін жоймаған тамаша үлгісі болып табылады. Автордың дидактикалық үлкен бір жаңалығы бұл оқулыққа музыка ғылымының методологиялық, методикалық, тарихи мәселелерін қамтыған үлкен кіріспе тарауын беру болып табылады. Әл-Фараби жалпы қауым мүшелерін, оның ішінде, әсіресе жастарды оқыту, тәрбиелеу процесінде «қатты әдіс» пен «жұмсақ әдісті» ұйымдыстырып қолдануды талап етіп, ол былай дейді: «Мұғалімдік еткен адамның оқыту әдісі тым қатал болмасын. Егер де оқыту тым қатты, үнемі ызғармен болса, онда оқушылар мұғалімін жек көретін халге жетеді. Ал тым босатып жіберетін

кішіпейілділік болса, онда оқушылар тарапынан мұғалімді кем санау, менсінбеу, оның ғылымына самарқау қарау қаупі туады». Бұл да күні бүгін күшін жоймаған педагогикалық қағида. Әл-Фарабидің дидактикасында оқытудың екі негізгі формасы бар: біріншісі, зерек шәкірттерге арналған дәлелдеу, абстракциялық қиялдау жәрдемімен сендіру, көз жеткізу; екіншісі: орташа оқушыларға арналған көрнекілік, яғни бейнелеу. Сендіру, көз жеткізу әдісі, біздіңше, қазіргі жай әңгіме эвристикалық әңгіме, дәріс, проблемалы оқыту әдістеріне жақын келеді. Әл-Фараби осыған байланысты практикалық өнер, қол өнерін үйрету методикасы мәселелеріне де тоқталып, мұнда ауызша сабақты шәкірттің жаттығу, машықтану әрекеттерімен ұштастыра жүргізуді ұсынады.

Бұл түсініктемелерде ежелгі авторлардың ғылыми еңбектерінің маңызын өңдеп, жөндеп ықшамдап түсіндіріп, көпшілік оқушы қауымға оқып түсінуге ыңғайлы методикалық түрге келтіреді. Әбу Насыр әл-Фараби ғылымы фәлсафа, логика сияқты салаларының ірге тасын қайта қалаған, әр ғылым саласын жеке пән ретінде игеру жағын көтере отырып олардың мәнін айқындап, мазмұнын ажыратуға тырысқан. Әуез жайлы да күрделі зерттеулер жүргізген, математикада үлкен жаңалықтар ашқан, астраномияда кесек-кесек еңбектер қалдырған, физика ғылымын тың ойларымен байытқан. Жаратылыстану ғылымының медицина, химия, минералогия секілді аса маңызды салалары бойынша күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған еңбектер жазған. Көне грек оқымыстыларының пікірлеріндегі озық қағидаларды талдаған.

Әл-Фарабидің «Ғылымдар энциклопедиясы» трактатының ғылым тарихында алатын орны ерекше. Бұл кітап мыныдай бес тараудан тұрады: 1. Тіл білімі және оның тараулары; 2. Логика және оның тараулары; 3. Математика, яғни арифметика, геометрия, оптика, математикалық астраномия, музыка, статистика, айла-әрекет жөніндегі ғылым; 4. Физика мен метафизика және оның тараулары; 5. Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және кәләм (дін ғылымы).

Тіл білімі. Фараби тіл білімін 7 тарауға бөледі: дербес және қарапайым сөздер мен сөйлемдер туралы; мәнерлеп оқу ережелері; тілдің заңы мен ережелері жайлы ғылым; дұрыс оқу ережелері; өлең жазу, шайырлық туралы ғылым немесе поэтика. Кейінгінің өзі ырғақ, ұйқас және поэзия болып үшке бөлінеді.

Логика. Фарабидің анықтауы бойынша логика – ойлаудың заңдары мен ережелері туралы ғылым. Бұл ғылымның арқасында адам өзінің ойлау әрекетін тәрбиелей алады, өзінің ойын анықтап айқын, жүйелі түрге келтіреді; ой қорыту, талқылау барысында логикалық қателер жіберуден аулақ болады.

Математика. Фарабидің энциклопедиясында математика ғылымдарына көп орын берілген. Ол математиканы үлкен-үлкен жеті тарауға бөлген. Арифметика, яғни сан туралы ғылым. Оған практикалық және теориялық арифметика деп айрықша мән берді. Фарабидің түсіндіруі бойынша сан объективті ақиқат нәрселердің сезіп-түйсінуге болатын, яғни «көзбен көріп, қолмен ұстауға» болатын жақтарын елеусіз қалдырып, тек саналуға, есептеуге тиісті қырларын бейнелейді. Бұл өте дұрыс материалистік түсінік.

Геометрия. Бұл ғылымның мазмұны мен мәнін ғалым төмендегіше тұжырымдайды: Геометрия екі ғылымды біріктіреді – біріншісі – практикалық геометрия, екіншісі – теориялық геометрия. Практикалық геометрия сызықтар мен беттерді, ағаш ұстасы, темірші, тас қалаушы, жер өлшеушілердің ыңғайына лайық ағаш, темір, тас денелердің бетінде қарастырылады. Теориялық геометрия сызықтардың, жазық фигуралардың, геометриялық денелердің формасы мен мөлшерін, теңдігі мен теңсіздігін, олардың түрлері, реті және басқа осыларға байланысты барлық нәрселерді зерттейді.

Оптика. Фарабидің жіктеуі бойынша математикаға оптиканы да жатқызған. Бұл туралы ол былай дейді: «Оптикада геометрия тәріздес форма, шама, рет, тәртіп, орын,

теңдік, теңсіздік т.б. нарселерді қарастырады». Оптиканың мәні мен ақиқат, анық пен оның алдамшы көрінісінің парқы ажыратылады, қатаң дәлелдеу жолымен мұның себебі айқындалады, көзбен көруде кездесуі мүмкін болатын қателердің барлығы ескеріледі, одан құтылуға көмектесетін, яғни қарастырылып отырған нәрсенің мөлшері, формасы, орны, құрылысы, т.б. туралы ақиқатқа жеткізілетін әдіс айдалардың түрлері көрсетіледі.

Астрономия. «Астрономия деген бір атпен екі ғылымды түсінеміз, – деді ғалым. Олардың біреуі – жұлдызнама. Бұл ғылым жұлдыздарға қарап болашақта не болатынын, кейде қазіргі кезде болып жатқан және өткенде болған оқиғаларды болжауға арналған. Екіншісі – математикалық астрономия. Астрономияның осы бөлігі ғана математикалық ғылымдардың қатарына жатады, ал қабілет – өнердің бір түрі; ол арқылы не болатынын адам болжамдай алады; мәселен, түс жору, құстың ұшуы бойынша жорамалдау, бал ашу т.б. қабілеттер». Жаратылыстану мен метафизика. Фарабидің анықтауы бойынша физика, яғни жаратылыстану – табиғат туралы, оның негізгі принциптері мен бөліктері жайлы, табиғи денелерге тән акциденциялар туралы, табиғи деректер мен элементтердің өзара әсері жайлы ғылым. Ал метафизика болмыстың жалпы принциптері мен категорияларын зерттейді. Әл-Фараби – педагогика тарихында алатын үлкен орны бар асқан дидакт методист, ғұлама болған адам. Ғұламаның бұл саладағы мұралары сұрыптап, қазіргі педагогика игілігіне – абзал міндеттердің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://:akikat.kazgazeta.kz/?p=237>
2. Ж.Алтаев, Ж.Әміркұлова Әл-Фараби және ислам философиясы. Оқу құралы, Алматы, 2012
3. Қазақ халқының философиялық мұрасы, 2 том, Астана, 2005
4. Ғұлама.Ойшыл.Ұстаз. Алматы, 2001

ӘОЖ 001:94 (574)(045)

ӘБУНАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫР ОТЫРАР

Семирханов Б., «Тарих» мамандығының студенті
Ғылыми жетекші: Бекенжанова А.А., аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада Отырарда ортағасырлық шығыстың ұлы ойшылы, Әбу Насыр-әл-Фараби туып өскендігі, ол ғылым мен қоғамның дамуына көптеген өзінің ойларын дамыта келе, қоғамның дамуына үлес қосатын ғылымның әдістемелік мәселелеріне ерекше мән беріп ғылым мен мәдениеттің дамуына арнап жазған көптеген еңбектерінің зерттелуі туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: қала, Отырар, мәлімет, трактаттар, ғылым, еңбектер, мұралары

Қазақстан территориясындағы ортағасырлық қалалардың ішіндегі көлемі жағынан аса ірі және атақтыларының бірі Отырар (Фараб) қаласы. Қазақстан территориясындағы басқа қалалармен салыстырғанда Отырар туралы мәліметтер жазба деректерде көп кездеседі. Деректерде бұл қала «Отырар» не «Фараб» деген атпен аталады. Фараб деп аталуы VIII ғасырдың отызыншы жылдарындағы деректерінде

кездеседі. Отырар қаласы орта ғасырларда экономикалық, мәдени, ірі сауда орталығы болған [1].

Академик Кемал Ақышевтің басқаруымен 1971 ж. басталған Қазақстан ғылым академиясының Отырар орнын археологиялық қазу нәтижесінде табылған материалдар осыны дәлелдейді. Осындай мәдени ошақтардың бірі болып саналатын Отырарда ортағасырлық шығыстың ұлы ойшылы, замандастары кезінде «Екінші Аристотель» атаған Әбу Насыр-әл-Фараби туып өскендігі белгілі [2].

Бұрын көпшілік қауымға Отырарлық Әбу Насыр әл-Фарабидің аты ғана белгілі болса, қазір өздері туған қаласында өмір сүріп, ғылыммен айналысқан, әл-Фарабилердің он болды. Олар туралы деректі филология ғылымдарының докторы, Ә.Дербісалиев Сирия, Морокко, Тунис кітапханаларынан, көне жазбалар қорларынан шығыстың жарық жұлдыздарының аты-жөндері, шығармашылықтары туралы мәліметтерді тапқан.

Бұл әл-Фарабилер Шығыстың басқа орталақтарына бармай-ақ өмірге келген қаласында тұрақты өмір сүріп ғылыммен айналысқан. Солардың бірі ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби. Сондай-ақ аңыздарға қарағанда Отырар қаласында Александриядағы кітапханадан кейінгі орын алатын дүние жүзіндегі аса ірі кітапхана болған.

Өзінің барлық саналы ғұмырын ислам діні мен ғылымды бір-бірінен ажырамастай егіз алып жүрген бабамыз 870 жылы дүниеге келіп 950 жылы Шам шаһарында (Дамаскі) қайтыс болған. Ұлы ғалымның мүрдесі Сириядағы БаБ әс-Сағир зиратында жерленген.

Әл-Фараби алғашқы білімін Отырар медреселерінің бірінде алған. Сол кезде Мәуренаһрда балаларды түрлі қолөнер мен ғылымға үйретті, оқыту үшін бес жастан қабылдаған. Ал кейін Шаш пен Самарқан, Бұқара шаһарларында оқиды, ары қарай Ирак, Бағдат, Шам, Мысырда оқып, білім алған.

Философия, элеуметтану, математика, физика, астрономия, ботаника, эстетика, эстетика, лингвистика, логика, денсаулық сақтау, музыка зерттеу салаларында терең білім алған. Ол ғылымның осы салаларында 160-қа тарта трактаттар жазды [3].

Орта ғасырдағы ғылым мен мәдениеттің үздік өкілі болған Әл-Фарабидің шығармалары латын, парсы, ағылшын, француз, неміс тілдеріне аударылып, жеке кітап болып шықты. Күллі дүниенің ғалымдары Әбу Насыр Әл-Фараби өмірі мен шығармаларын орта ғасырларда араб, парсы және басқа тілдерде жазған ғұламалар арқылы біле алады. Атап айтқанда Захир ад-Дин, Әл-Байһаки кітабында Шығыстан шыққан дәрігерлер, астраномдар, фэлсапашылардың өмірі мен еңбектерін әңгімелейді. Әл-Байһаки түрлі кезеңдері және шығармашылығы туралы мәліметтер береді. Еуропа ғалымдарын да ұлы ғұламаның өмірі мен еңбектері қызықтарған, атап айтқанда Роджер Бекон, Леонарда да Винчи, Спиноза т.б. Неміс ғалымдары И.П. Козегартен, Фридрих Диетереци т.б.

Фридрихтің «Әл-Фарабидің философиялық трактаттары» деп аталатын жинақтары шыққан. Ал Кеңес Одағының шығыстанушы ғалымдары В.Бартольд, Е.Э. Бертельс, Б. Ғафуров т.б. еңбектерінде Отырар қаласы және одан шыққан ғұламалар жайлы мәліметтер береді.

Әл-Фараби мұралары туралы А. Машановтың «Әл-Фараби және Абай» деген еңбектері жарық көрді. Соңғы еңбегінде Әбу Насыр әл-Фараби мен қазақтың басқа да дана ұлдарының, атап айтқанда Абайдың ой-пікірерін, көп мәселедегі көзқарастарының сабақтастығын атап көрсеткен [4].

А. Көбесовтың «Әл-Фараби» деген еңбегінде, Бағдат халифалары VIII-IX ғасырларда ғылымды дамыту мәселесіне көңіл бөледі. Бағдатта және тағы басқа қалаларда астрономиялық обсерваториялар және «Даналық үйі» деген арнайы

аудармашылар орталығында грек, үнді тілдеріндегі қолжазбаларды араб тіліне аударатын білімпаз оқымыстылардың арасында Орта Азия мен Қазақстаннан шыққандарда бар. Солардың ішінде ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің әлемдік ғылымға қосқан үлесі туралы да айтылады.

Мәдениет пен ғылымға қай ғасырда болмасын үлкен көңіл бөлінген және ол көшпелі халық өмірімен ұштасып жатқан. Ал, қазақ даласында феодалдық қатынастардың нығаюы, мемлекеттік құрылымның шығуы, отырықшы егіншілік шаруашылық пен қалалардың өсуі, қала мәдениетінің өркендеуіне үлкен үлесін қосты.

VI-X ғасырларда «Ұлы Жібек жолының» халықаралық жағдайда зор маңызға ие болуы, Орта Азия, алдыңғы Шығыс және Шығыс Европа сауда және мәдени байланыс жасауына негіз болды. Ал мұндай қарым-қатынастардың пайда болуы ғылымның да ерекше дамуына өз үлесін қосты.

Ғылымның қадір-қасиетін дұрыс түсінген Бағдат қаласындағы аббасилік халифалар ғылымды дамыту мәселесіне көп көңіл бөле отырып, Бағдатта және басқа қалаларда астрономиялық обсерваториялар салдыра бастады. Ғылым саласының дамуында мәдениет пен ғылымның жанашыры болған Харун ар-Рашид құрған «Даналық үйі» деп аталатын, жанында жақсы жабдықталған кітапханасы бар арнаулы аудармашылық орталықтың мәні зор [5]. Осы Бағдат обсерваториясы мен “Даналық үйінің” ғылыми жұмыстарының басты ұйтқысы Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан ғалымдар болды. Ондай ғұламалардың ішінде теңдесі жоқ үздік ғалымдардың бірі, Отырар ойшылдарының ең атақтсы, шоқтығы биік ұы ғұлама, «Шығыстың Аристотелі» Әбу Нәсір әль-Фарабидің есімі ерекше. Ол-ежелгі Отырар мен оның тікелей ықпалында болған іргелес қалалары қалыптастырған археологиялық Отырар-Қаратау мәдениетінің, сол сияқты осы өңірдің ортағасырлық жетістіктерінің негізінде қазіргі кезде Отырар өркениеті болып таныла бастаған ғылым мен мәдениет үлгісін тудырған елдің азаматы [6].

Әл-Фараби ортағасырлардағы ғылым мен мәдениеттің дамуына көптеген еңбектер жазды. Ол ғылым мен қоғамның дамуына көптеген утопиялық ой-тұжырымдарын өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» деген еңбегінде көрсетті. Бұл еңбекте Әбунәсір қоғам басшыларын сынға ала отырып, олардың ғылым мен мәдениет саласындағы еңбектеріне тоқталды. Ол өзінің қоғамдық ойларын дамыта келе, қоғамның дамуына үлес қосатын ғылымның әдістемелік мәселелеріне де ерекше мән берді.

Ғылымдар жүйесінде Әль-Фараби жаратылыстану-математика ғылымдарына зор көңіл бөлген. «Ғылымдардың шығуы» деген еңбегінде ғылымды нақты және абстрактылы, сондай-ақ теориялық және практикалық деп бірнеше түрлерге бөліп қарастырса, «Ғылымды классификациялау және анықтау» деген еңбегінде ғылымда тіл, логика және математика саласын жалпы үш түрге топтап, олардың әрқайсысын жеке-жеке бөліп көрсетеді.

Сонымен қатар ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған, халықтарды бейбіт өмір сүруге, достыққа шақырып, жастарды білімділік пен парасаттылыққа тәрбиелеген ұлы кемеңгер. Мұндай данышпан ойшылдар мен ғұлама ғалымдардың өмір срген кезеңінде ортағасырлық қалалар да шарықтап, өз кемеліне жеткен. Өзінің оқымысты ойшылдармен бірге шартарапқа саудасы, гүлденген мәдени ошақтары, қаланың сәулетті ғимараттары арқылы әйгілі болған ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласы ерекше орын алады [7].

VI – VIII ғасырларда Сырдарияның орта шеніндегі ірі феодал иелігінің астанасы. Қазақстанның оңтүстігіндегі аса ірі қалалрдың бірі, Ал XVI – XVII ғасырларда қазақ хандығының саяси және экономикалық орталығына айналған көне Тарбан және Фараб, кейінгі Отырар қаласы XVIII ғасырдың орта шенінде қаңырап бос қалып, сол

ғасырдың екінші жартысында әбден қирап, бүгінде жергілікті тұрғындар арасында Отырар төбе деген атқа ие болған. Ортағасырлардағы қаланың рөлі мен маңыздылығының артықшылығы оның орын тепкен жерлерінің, географиялық жағдайының қолайлығына байланысты болатын. Отырар Арыс өзенінің Сырдарияға құйылатын жеріндегі ерекшелікпен айналысатын аймақтың ірі орталығы, әрі Қаратау етегіне жақын орналасқандықтан кезінде көшпенділердің бекініс қамалының бірі болған. Отырар қаласына жүргізілген ірі қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған қаланың XVI-XVII ғасырлардағы бөліктері, XV ғасырларға жататын мешіт құрылыстары, XI-XV ғасырлардағы моншалар, XIII-XV ғасырлардағы қолөнер шеберханалары және басқа көптеген ғимарат орындарын айтуымызға болады [8].

Мұндай орны толмас қазыналардың бірі моңғол шапқыншылығының нәтижесінде жоғалып кеткен ортағасырлық Отырар кітапханасы қазіргі таңда қайта зерттелуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Сб. Т. 1. –М., 1965.
2. Ақышев К.А, Байпаков К.М, Ерзакович Л.Б. Древний Отрар.- А., 1972.
3. Аль-Фараби. Философские трактаты. А. Наука, 1975
4. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. 1985
5. Маданов Х. Қазақ халқының мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. – А., 1991.
6. Көбесова А. Эль-Фараби. –А., 1997.
7. Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.
8. Ортағасырлардағы Отырар керамикасы. – А., 1991.

ӘӨЖ 929(09) 045

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ҒЫЛЫМДАР ТІЗБЕГІ» ЕҢБЕГІНДЕГІ МАТЕМАТИКА САЛАСЫН ТАЛДАУ

Бекібай Н.Қ., География мамандығының студенті
Ғылыми жетекші: Серикбаева А.К., аға оқытушы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада Әл-Фарабидің өмір жолына, еңбек жолына шолу жасап, өзі тізбектеген ғылымдарға анықтама беріледі. Ғылымдар тізбегінің математика саласында жаратылыстың күрделі бөлшектері зерделеніп айтылады.

Түйінді сөздер: математика, ғылымдар тізбегі, музыка саласы, оптика, сандар ұғымы, геометрия

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мухаммед Фараби ерте орта ғасырдағы ұлы ғұламалардың бірі болып табылады. Ол көпжақты оқымысты-энциклопедист және шығыс рационализмін қалыптастырғандардың бірі болды. Осы себепті оған “Аристотелден кейінгі екінші ұстаз!” деген құрметті атақ берілген. Әл Фарабидің бір кездері Орта Азияның ертедегі мәдени орталығы болған қала Отырарда туылғаны тарихтан белгілі. Әл Фараби осы Отырарда, өзінің ана тілі қыпшақ тілінде бастауыш білім алады. Фарабидің еңбегі мен әрекет дәуірі араб мәдениетінің даму дәуірімен тұстас келді. Әлемнің атақты оқымыстылары, философтары, ақындары, музыканттары, Бағдатқа жиналды және онда ғылым академиясы мен университет ашады. Бағдат оқымыстыларының арасында Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққандар құрметті орындарды иеленді. Солармен бірге Бағдатқа – білімнің барлық саласынан; музыкадан

бастап астрономияға дейін хабары бар Фараби де келді. Фараби тіл ғылымының, калеграфияның, лингвистиканың, өлең құрастырудың, риториканың ірі теоретигі ретінде танылды. Сауатты жазу, каллиграфия, өлең жазуға риторикадан трактовалар жазды. Әбу Насыр әл-Фараби – жан-жақты дамыған музыкант әрі композитор, мәнерлеп орындаушы әрі теоретик, тарихшы, музыкалық аспаптарды жасаушы шебер болды.

Фараби тамаша дәрігер ретінде де белгілі. Дәрігерлік қызметіне байланысты Фараби, сол замандағы басқа да дәрігерлер сияқты, алхимиямен, ботаникамен, минерологиямен айналысады. Ғылымның бұл салаларының бәрі жаратылыстану құрамына кіретін. Фараби географияға көп көңіл бөлді. Саяхатшы ретінде ол, Қазақстан мен Орталық Азияның, Таяу Шығыстың, Африканың көптеген ғылыми және мәдени орталықтарында болды. Оның Отырарда, Талас, Шаш, Самарханд, Бұхара, Хиуа, Кабул, Бағдат, Дамаск қалаларында болғаны құжат түрінде белгілі. Барлық елдер мен қалаларда, Фараби жаратылыс зерттеушісі, географ және астроном ретінде аймақты оқып үйренді, орынның координаталарын анықтады т.б. Жаратылыстануға Фараби басты мән берді. Ол, “қандай да бір педагогикалық ғылымға қарағанда, табиғат туралы ғылым әлдеқайда бай және кең көлемді болып келеді” деп жазды. Өзінің басқа бір еңбегінде “философияны оқып үйренуден бұрын табиғат туралы ғылымды игеру керек, өйткені бұл ғылым адамға барынша жақын, мәндері анық және оған түсінікті ғылым саласы” деп жазады.

Философия саласында Фараби өз заманындағы теңдесі жоқ тұлға саналды. Оның негізгі көзқарасы – рационалды. Оның философиялық еңбектерінде Аристотель, Платон және басқа ертедегі данышпандардың философиялық еңбектеріне коментарийлер жазуға көп орын берілген. Фарабидің тамаша, өте бағалы еңбегі “Даналықтың маржандары” деген трактаты 1000 жылдан бері Шығыс университеттерінің оқулық құралы болып келеді.

Ғылымдар тізбегі – Әл-Фарабидің атақты еңбектерінің бірі. Автордың өз сөзінше, бұл кітапта белгілі ғылымдардың әрқайсысы жеке-жеке алынып, мазмұны баяндалып, тараулары көрсетілген. Кітап бес бөлімнен тұрады:

- тіл білімі және оның тараулары;
- логика және оның тараулары;
- математика, яғни арифметика, геометрия, оптика, матем. астрономия, музыка, статика, айла-әрекет жөнінде ғылым;
- физика тараулары, метафизика және оның тараулары;
- азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және қалам. Әл-Фараби классификациясының басты ерекшеліктері – жаратылыстану, математика ғылымдарына үлкен мән берілген.

Бұл еңбек 500 жыл бойы Шығыс және Батыс елдерінің жоғары мектептерінде ғылым салалары оқулығы ретінде пайдаланылған, 12 ғ-да латын тіліне екі рет аударылған. Ибн Сина, Бэкон, т.б. ғалымдар классификациялау мәселесінде бұл еңбекке көп еліктеген. Орыс тіліне («Философские трактаты», 1970), қазақ тіліне («Философиялық трактаттар», 1973) аударылып басылды. Әл-Фарабидің ғылым саласында жазған еңбегінің қолжазбасы Өзбекстан Республикасы Шығыстану институтының қолжазба қорында сақталған. Оның «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдар тізбегі» атты еңбектерінде табиғаттану мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген. Географиялық құбылыстарды математикалық жолмен түсіндіріп, күн сағатын жасаған. Күн мен Айдың тұтылу ұзақтығын есептеп шығарған. Ерте кезден қазақ елі Жетіқарақшы, Темірқазық, Үркер атты жұлдыздар тобын «түн сағаты» ретінде пайдаланса, күндізгі уақытты «күн сағаты» арқылы айыратын болған.

Әл-Фараби сол- кездегі ғылымдар тізбегін жасауға,- олардың әрқайсысына сипаттама беруге талаптанған. Алайда оның ғылымдарды рет-ретімен келтіргені сондай – мұның нәтижесінде, оның ғылыми және философиялық жүйесіне сәйкес бұл тізбек ғылымды жіктеу болып шыққан». Әбу Насырдың ғылымды жүйелеуінде кездейсоқтық жоқ. Себебі Отырар оқымыстысы көне грек тілін жақсы білгендіктен де Аристотель, Платон, Гелен, Птоломей, Порфирий секілді данышпандардың туындыларын түп нұсқада оқыды, араб тіліне аударды, түсіндірме жазды. Грек ғалымдары, ойшылдары шығармаларының тереңіне бойлап, мәнін аша алды және олардан үйренді. Ал ислам ғалымдары ғылымды жаппай жүйелеген жоқ. Өйткені орта ғасырларда кез келген оқымысты ғылыммен айналысса, оның барлық саласына қалам тартатын. Ал Отырар кемеңгері аталмыш трактатында: «Біз бұл кітапта белгілі ғылымдарды тізіп, бұл ғылымдардың қайсысын тұтас күйінде, сондай-ақ әрбір ғылымның бөлімдері және әрбір бөлімнің мазмұны қандай екенін түгелдей түсіндіруге тырыстық; оларды біз бес тарауға бөлдік» деп алдына қойған мақсатын айқындап алады да «бірінші тарау – тіл және оның бөлімшелері туралы ғылым; екінші тарау логика және оның бөлімшелері» дейді. Сөйтеді де логикадан соң математика, одан соң арифметика, одан кейін геометрия, сонан соң оптика, жұлдыздар туралы ғылым, музыка туралы ғылым, салмақтар туралы ғылым, шебер тәсілдер туралы ғылым» деп жіліктеп тізбектей таратып кетеді.

Төртінші тарауды ол «Табиғат ғылымдары және тәңірлік ғылым-дар туралы» деген, әрі қарай оны «физика», «Метафизика» немесе «тәңірлік ғылым», ал бесінші тарауды «азаматтық ғылым юрис-пруденция және догматикалық діни ілім туралы» деп саралаған.

Әбу Насыр: «Бұл кітаптағының бәрі де пайдалы, өйткені егер адам осы ғылымдардың бірін қарас-тырып, зерттегісі келсе, онда ол неден бастаудың, атап айтқанда нені зерттеу керек екенін, зерттеу үшін ненің жарамды, ненің жарамсыз екенін және өзінің оған қай дәрежеде қолы жете алатындығын білетін болады. Сөйтіп оның ғылымға баратын жолы қараңғылық пен надандыққа емес, білім мен парасатқа негізделетін болады» дейді.

Қорытындылай келе, математика ғылымының сандар саласында қолданбалы сандар және теориялық сандар деген екі ұғым қолданылады. Қолданбалы сандар ғылымы мүмкін болғанша сандардың мөлшерін анықтауға қажет санамалық сандарды зерттейді.

Геометрия ғылымы деген атаумен қолданбалы геометрия және теориялық геометрия деген екі ұғымды ұғынамыз. Егер ағаш ұстасы темір денелерді, егер тас қалаушы таспен айналысса қолданбалы геометрия осылардағы сызықтар мен беттерді қарастырады. Бұл ғылым барлық ғылымдарға байланысты. Сызықтардың, жазықтардың және денелердің барлық пішіндерін, шамаларын, теңдігі мен айырмашылығын, бұлардың пішіндерінің түрлерін, реттілігін, бұрыштарын зерттейді.

Оптика ғылымы геометрия ғылымы секілді кескіндерді, шамаларды, реттілікті, орналасу қалпын, теңдікті қарастырады. Адам осы өнердің арқасында тікелей баруға қиындық туғызатын жерлерде орналасқан заттардың өлшемдерін, қашықтығын анықтай алады.

Жұлдыздар туралы ғылым. Математикалық астрономия аспан денелері мен Жерді үш бағыт бойынша зерттейді: біріншіден, олардың пішіндері, әлемдегі реті, олардың көлемдері. Екіншіден, бұл аспан денелерінің қозғалысын, олардың нешеу екенін анықтайды. Үшіншіден, бұл ғылым Жерді адам тіршілік ете алатын немесе тіршілік етуге жарамсыз тұрғыдан зерттейді.

Музыка туралы ғылым әуен сазының түрлерін олардың неден шығатынын, олардың не мақсат үшін қолданылатынын қарастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://kk.wikipedia.org>
2. <https://www.topreferat.com>
3. Әбу Насыр Әл-Фараби ІХ "МӘДЕНИ МҰРА" МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
4. <https://qamba.info/site>

ӘӨЖ 929(09) 045

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

Абдиганиева А.Ж., География мамандығының студенті

Ғылыми жетекшісі: Серикбаева А.К., аға оқытушы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Андатпа. Бұл мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірбаянына сипаттама беріледі. Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми еңбегі, соның ішінде «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактаты» кеңінен талданды.

Түйінді сөздер: жаратылыстану, философия, астрономия, математика, медицина

Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі – бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз, Батыс пен Шығысты терең білімімен бас идірген Әбу Насыр әл-Фараби.

Ол Отырар қаласында 870 ж. дүниеге келген. Ежелгі Ұлы Жібек жолында, Арыс өзенінің Сырдарияға құятын жерінде бой көтерген Отырар қаласын арабтар Фараб, Барба-Фараб деп атаған. Осында әл-Фараби жастық шағын өткізген. Нақты айтқанда, әл-Фараби Фарабтың өзінде емес, соның маңындағы Весиж қалашығында туған. Весиж — Сырдарияның сол жағалауында орналасқан қала. Археологтар Весиж қалашығы Отырардан солтүстік-батысқа қарай шамамен 20 шақырымдағы Ақжар сайында орналасқан Оксус қалашығына сәйкес келетінін анықтады. Қалашық ішкі қамалдан, қабырғамен қоршалған шахристаннан және рабаттан тұрады. Қалашықтың VIII–XV ғасырларда өмір сүргені анықталды. Уақыт өте келе Весиж ұмытылып, асқан ақыл ой иесінің Отаны Фараб қаласы саналып кетті.

Фарабидің толық аты-жөні — Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби ат Түрки. Ат Түрки — шыққан тегі түркі дегенді, әл-Фараби — Фараб қаласынан шыққан дегенді білдіреді. Өзінің азан шақырып қойған аты — Мұхаммед, әкесінің де аты — Мұхаммед, атасының аты — Тархан, бабасы — Ұзлағ. Кейде оны жай ғана «Тархани» деп те атаған. Әл-Фараби түркі тайпасының дәулетті отбасында дүниеге келген, әкесі әскербасы болған. Бір нұсқада руы қаңлы-қыпшақ делінген. Әкесінің әскербасы болғанын «тархан» деген атаудан да байқауға болады. Біздің жерімізде мекендеген ежелгі түркі тайпалары «тархан» деп әскери лауазымды кісілерді айтатын болған. Яғни Фараби әскери ортадан шықты деп жорамалдауға әбден болады. Оған қоса тарихи еңбектерде «әл-Фараби мықты, күшті және ержүрек болған. Ол жебені жақсы тартқан, атқан оғы нысанаға дәл тиетін», — деп жазылған. Осыған қарағанда әкесі әскербасы болғандықтан, жас Мұхаммедтің те жауынгерлік, соғыс өнерінен хабары болған сияқты. Екіншіден, ежелден Сыр, Отырар бойын жайлаған, тарихқа ертеден мәлім қаңлы тайпасында тархан (кейде дархан деп те атайды) атты ру болған, қазір де бар. Сондықтан Фараби қаңлы-қыпшақ руынан шықты деп айтуға

толық негіз бар. Тағы бір деректерде «Фарабидің әкесі Весиж қаласының әміршісі болған» деп те айтылады.

Сол тұста өмір сүрген зерттеушілердің қалдырған еңбектеріне қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Отырардағы кітапхана, ел аузындағы аңызға қарағанда, кітабының саны жағынан атақты Александрия кітапханасынан соң екінші орында болған. Әл-Фарабидің ғылымға деген ынтасы осы Отырар кітапханасында пайда болған сияқты. Осы аймақты мекендеген тайпалардың сонау арғы заманнан қалыптасқан өнері, ғылымы, түркі тілдес жазуы болған.

Бала Мұхаммед қала медреселерінің бірінде сауатын ашып, хат танып, Отырар кітапханасының мол қорынан сусындап өскен. Тіл үйренуге жастай көңіл қойған тәрізді. Өйткені араб тарихшысы ибн Халликан «әл-Фараби 70-ке жуық тіл білген» деп жазып қалдырған. Ғалымдардың бір тобы: «Бұл шындыққа жанаспайды» десе, біраз ғалымдар ибн Халликанның жазғандарын мақұлдап, қайталап та жүр. Яғни бала Мұхаммед өз кезіндегі ұлы ғұламалардың еңбектерін оқу үшін жастайынан тіл үйренуге ден қойғандай.

Зерттеуші-ғалымдар әл-Фарабидің балалық, жастық шақтары туралы мардымды әңгіме айтпайды. Себебі ұлы ғалымның өмірінің бұл кезеңі туралы мағлұматтар жоқтың қасы. Сондықтан да зерттеушілер ұлы ойшылдың өмірбаянын оның елуден асқан шағында Бағдад шаһарына қоныс аударуынан ғана бастайды. Оның ғылым жолындағы ізденістері мен ұзақ сапарлары нақ осы кезден басталса керек.

Әбу Насыр әл-Фарабидің өзінен: Сіз қандай ғылымдар саласында еңбек еттіңіз? — деп сұрай қалсақ, ол не дер еді? Біздің ойымызша, ол былай дер еді: Менің айналысқаным бір-ақ түрлі ғылым, оның аты — «Табиғат пен адамзат» деп аталады. Оп-оңай, екі-ақ ауыз сөз. Бірақ осы екі сөздің шеңберінен тыс ғылым қайда, ондайды естіген жан бар ма? Олай болса, Фараби қамтыған ғылым мен өнер жоқ деуге болады.

Ол жаратылыстану, философия, астрономия, математика, медицина, логика, этика, метафизика, жағрафия, әдебиеттану, тіл білімі, музыка сияқты ғылым салаларынан 164 трактат жазғаны мәлім.

Бір қызығы, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш — 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді.

Келтірілген еңбектер санының өзі Фарабиден бізге көп мұра қалғанын байқатады. Мың жылдан асса да осынша рухани мол дүниесінің қолдан қолға өтіп бізге аман жетуі Фарабидің ұлылығының, данышпан білімпаздығының тағы бір айғағы болса керек. Ендігі парыз осы еңбектердің барлығын жинап, екшеп-талдап ұрпақтар кәдесіне жарату болып отыр.

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» — әл-Фарабидің негізгі еңбектерінің бірі. Ол 948 жылы Мысырда жазылды. 942 жылғы мәтіннің бірінші үлгісі «Китаб ас-сийаса ал-маданийя» жеке шығарма ретінде танымал болды. Әл-Фарабидің қайырымды және қайырымсыз қалалар туралы ілімі түп-тамырымен Платон және Аристотельдің мінсіз мемлекет және мемлекет түрлері туралы ілімінен бастау алады. Платон өзінің «Мемлекет» деген шығармасында мінсіз қаланың құрылымы туралы ойын білдірген.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактаты» — ойшыл дүниетанымының мазмұнды арналарының бірі. Трактатта ізгілікті қоғам болмысының негізгі тетіктері мен қажетті шарттары туралы жан-жақты талданып, зерделенеді. Мәселен, адамның табиғатынан көмекті қажетсініп, қоғам құруға бейілді екенін және қоғамның түрлері көптігін айтады. Себебі, әрбір адамның тіршілік етуі мен кемелділікке жетуі үшін қандайда болмасын қауым керек. Әл-

Фарабидің пікірінше, «қайырымды қала» идеал болып табылады. Бұл – қайырымды билеуші басқарған феодалдық қала. Оған өзінің мақсатына сәйкес әрекет ететін басқарушы шенеуніктер мен сол шенеуніктердің мақсатын жүзеге асыратын келесі рангілі шенеуніктер көмектеседі, осылайша қоғамның төмен қабаттарына дейін.

Жалпы, адам қоғамдастығын философ екі түрге бөліп көрсетеді: толық және толық емес. Толық қоғамдастықтың өзін үш түрге бөлген: үлкен, орташа, кіші. Үлкен қоғамдастық деген – ол бүкіл жерді мекендеуші барлық адамдардың жалпы қоғамдастығы деп көрсетеді. Ал орташа қоғамдастық дегеніміз – белгілі бір халық ретіндегі қоғам дейді, кіші қоғамдастық – белгілі бір қала ретінде көрсетілген. Толық емес қоғамдастыққа келер болсақ, әл-Фараби оларды төртке бөліп қарастырған. Олар: квартал, көше, үй және ауыл. Соңғысы қала құрамына кірмегенімен, ол қалаға қызмет көрсетуші толық емес қоғам болып табылады. Жоғары деңгейдегі игілікке адам ең бірінші ретте қалада ғана қол жеткізе алады деп көрсеткен. Кез келген нәрсеге шынайы таңдау жасап, талаптанып жетуге болады дейді. Әрбір тұрғыны бақытқа жету жолында бір-біріне көмектесетін қайырымды қала деп түсіндіріледі. Сол сияқты қайырымды қала, қайырымды тұрғындар болады дейді. Әл-Фараби трактатында былай деді: Адам толығымен жетілуі үшін ол көптеген мәселелерден тәуелді болады. Себебі, ол барлық қажетті нәрселерді жалғыз өзі жасай алмайды әрі қол жеткізе алмайды дейді. Сондықтан адам өзінен басқа да адамдардың қоғамдастығында өмір сүруі керек және сонда ғана ол толық жетіліп, бақытқа қол жеткізе алады дейді. Бірақ ол басқа адамдарға қатысты да қоғамдастықтың құраушысы болып табылады. Осылайша, қоғамдастықтың әрбір мүшесінің іс-әрекеті оның әрбір мүшесіне қажетті нәрселердің барлығын тауып береді дейді.

Қауым адамдары бір-біріне көмек көрсетулері арқылы ғана кемелділікке жетіп, тыныштығын сақтайды және үйлесімді өмір сүреді. Бірақ олардың барлығы толық мәнге ие бола алмайды және қоғамның да түрлері көп. Ойшыл толық мәнді қоғамды үшке бөледі: ұлы, орташа, шағын және оларды барша адамзат баласы қоғамдарының тұтас жиынтығы дейді. Игілік пен кемелділік дәрежесіне ең бірінші қала жетпек. Әл-Фараби: «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала – қайырымды қала, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отырса, бүкіл ғалам қайырымды болмақ», – деген гуманистік ойын ұсынып, оның жүзеге асуын аңсайды. Қала болмысы – адамның кемелденген денесі мен оның мүшелері секілді. Дене мүшелері тіршілік ету мақсатында бір-біріне көмектесіп отырады және өздерінің қабілеттері мен жаратылыстарына қарай бөлінеді. Дәл сол секілді қала бірлестіктері де қабілеттеріне байланысты бөлінеді. Данышпан ізгілікті қоғамды қалай билеу керек, оның бөлшектері туралы, әділ билеудің әдістері мен билеушінің қабілеті, белгісі, негізгі шарттары жайлы пайымдайды. Қала басшылары қала бірлестігінің мүшелері болуы үшін тек табиғи қасиеттерімен ғана емес, өнер секілді қасиеттерімен де мүшелікке енеді. Ал қала бірлестігінің басшысы бойындағы қасиеттерімен өзгелерден кемелді болғандықтан жоғары тұрады және мәртебелі.

Әл-Фараби қайырымды қала деген сау әрі ешбір мінсіз адам мінезіне ұқсас дейді. Себебі, оның әрбір мүшесі денсаулықты сақтау үшін бір-біріне көмектесіп өмір сүреді. Бірақ адам денесіндегі мүшелер бір-біріне табиғаты, атқаратын қызметіне байланысты айырмашылық жасайтындығы сияқты, қала тұрғындары да өздерінің қызметі мен қоғамдағы орны бойынша айырмашылық жасайды деген. Қалада бір басшысы болады, ол өзіне бір саты төмендегілерден белгілі бір істің атқарылуын талап етеді, ал талап етілгендер өз кезегінде өздерінен кейін тұрғандардан талап етеді,

осылайша ең төменгі талап ете алмайтын сатылардағыларға да жететінін көруімізге болады дейді.

Қайырымды қала басшылары және билеушілерінің келесідей төрт түрлері болады: – шынайы билеуші (барлық қасиеттерге ие бірінші басшы); – шынайы билеуші жоқ болса, қайырымды қаланы «ең лайықтылар» басқарады; – егер жоғарыда аталғандардың екеуі де болмаса, бірінші билеушілермен енгізілген ерте заңдарды және ережелерді білетін және орындайтын «заң бойынша билеуші» қаланы басқарады; – заң бойынша билеуші жоқ болған жағдайда, бұрынғы заңдар туралы білімдері бар адамдар тобы, яғни, заң бойынша басшылар. Әл-Фараби үшін қайырымды қаланы кім және қанша уақыт басқарғаны маңызды емес. Оған қалай басқаратыны маңызды. Әл-Фараби бір билеуші жалғыз өзі қаланың барлық бөліктерін басқара алмайды, сол себепті «сол қоғамның арасында одан жоғары басшы жоқ, әр қаланың бөлігінде басшы бар». Мұндай қоғамды ұлы ойшыл «әрбір адам екінші адамның өмір сүруіне қажетті үлесін беретін, бір-біріне көмектесетін адамдарды біріктіру арқылы ғана адам өз табиғатына сай жету дәрежесіне ие болатын» қоғам түрінде елестетеді. Халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын мемлекеттік қолдау туралы бұдан мың жылдан астам бұрын айтылған ғұлама идеясы бүгінгі күні де мемлекеттің ішкі саясатындағы басты міндеттердің бірінен саналады. Осындай «жетілдірілген қоғамда, әл-Фарабидің айтуынша, бір-бірімен қарым-қатынас жасау, көмектесу, қолдау, ұжымдасу адамдардың өмірлік қажетіне айналады».

Әл-Фараби қайырымды қала басшысында алты түрлі қасиет болу керек деп есептейді. Олар: даналық, асқан пайымдылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы. «Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық уақытта кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады. Мұндай адам мемлекетті өзінің қалауынша басқара алады». «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді. Әл-Фараби басқаруды қайырымды және қайырымсыз деп екіге бөлді. Қайырымды, білімді, мәдениетті басқару – халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Ол үшін басқару заң күшіне, игі тәжірибеге негізделуі тиіс. Ал қайырымсыз, надан басқаруда теріс әрекеттер мен жаман қасиеттер бой алады. Сондықтан ол надан адам басқарған, озбырлыққа сүйенген, қайырымсыз, қатал мемлекеттік тәртіпті өткір сынайды. Ол мінсіз мемлекетті уағыздайды. Осы еңбегінде ол «бақыт дегеніміз – игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы және негізгі белгісі – жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл-парасаты. Сондықтан әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды.

Қорыта келе, Ұлы бабамыз — Аристотельдің философиясын дамыта отырып, өз тарапынан көптеген маңызды ғылыми еңбектер жазды. Әл-Фараби ғылымның философиялық-логикалық іргетасын дұрыстап қайта қалап шықты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т.б. ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні ерекше зор.

Дүние жүзі мәдениетінің дамуында із қалдырған қайраткерлер осы заманға дейін адамзат мәдениетінің бірлігін паш етіп келеді. Әл-Фараби осындай дүниежүзілік

тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Ол туған елінің мәдени байлығын, Иранның, Үндістанның ежелгі дүние мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Дәл сондықтан да ол таяз ұғымдар мен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле білді. Өзінің ойлау жүйесін сындарлы да икемді ете білді. Әл-Фараби заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді. Өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірден-бір саласы жоқ деуге болады.

Кеңес үкіметі кезінде әл-Фарабиді көптеген адамдар зерттеді. Кемшілігі — оны Ислам өркениетінен алшақтатып көрсетті. Фараби туралы ақиқатты айтқан жоқ. Тәуелсіз Қазақстанда Ұлы бабамызды алдағы уақытта ешқандай шектеусіз зерттеуге толық мүмкіндік бар деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шолақова Р. Әл-Фараби — Шығыстың ғұлама ғалымы // Қазақ тарихы. — 2012. — № 5 (116). — 32, 33 б.
2. Қойлыш Ж. Бала Мұхаммедтен ғұлама ғалым, «Екінші ұстаз», Әбу Насыр әл-Фарабиге дейін (870–950) // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 5–9-б.
3. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. — Алматы: Раритет, 2011. — 432 б.
4. Қасымжанов А., Әлінов А. Әл-Фараби // Қазақ: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 176 б.
5. Бейсенбай Б. Әбу Насыр әл-Фараби өмірбаянына жаңа қисын // Ана тілі. — № 25 (1073). — 23–29 маус.— 6, 7-б.
6. Сүлейменов П. Әл-Фарабидің қоғамдық философиялық және педагогикалық ғылыми көзқарасы // Ақиқат. — 12. — 67–70-б.
7. Исахметұлы Ж., Даутбаев М. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие мәселелері // Ақиқат. — № 6. — 105, 106-б.
8. Орынбеков М., Алтаев Ж. Әл-Фараби философиясы // Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.). — Алматы: Ғылым, 1995. — 160 б.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| ӘБУ НАСЫР ӘЛ ФАРАБИ – ДАНАЛЫҚ ДІҢГЕГІ | |
| Абланова Э.А..... | 4 |
| НАУЧНЫЕ ВЗГЛЯДЫ АБУ НАСР МУХАММЕДА АЛЬ-ФАРАБИ | |
| Демеев А.Д..... | 8 |
| ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХ, ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ | |
| Бекешов С.С..... | 12 |
| ВОПРОСЫ НРАВСТВЕННОГО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ В ФИЛОСОФИИ АЛЬ-ФАРАБИ | |
| Кильдякова Е.Н..... | 16 |
| ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ ТУРАЛЫ ТРАКТАТЫНДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ. | |
| Сидешова Р.А..... | 19 |
| ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІК ЖӘНЕ БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ІЛІМІ | |
| Исаева Л. Н..... | 22 |
| ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ РУХАНИЯТ МӘСЕЛЕСІ | |
| Жеткізгеннова Ә.Т..... | 26 |
| ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭТИКАЛЫҚ ТРАКТАТТАРЫ | |
| Табылдиева О.Д..... | 31 |
| ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ | |
| Бекенжанова А.А..... | 33 |
| ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ | |
| Қамиева Г. Б..... | 37 |
| ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЖАҒАНДЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ | |
| Серикбаева А.К..... | 41 |
| ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАНА ФИЛОСОФЫ | |
| Серикбаева А.К..... | 46 |
| ФАРАБИ ІЛІМІНДЕГІ АДАМ МӘСЕЛЕСІ | |
| Байискакова К.А..... | 53 |
| ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ОЙШЫЛДАРЫ | |
| Бағдатұлы М..... | 56 |
| ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ - АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІ МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ БИІК ШЫҢЫ | |
| Токбаева Л.Қ..... | 60 |
| ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ИСЛАМ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ РӨЛІ | |
| Токбаева Л.Қ..... | 63 |
| ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТАПҚЫР СӨЗДЕРІ | |
| Султанова Ш.И..... | 67 |
| ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ІЗГІЛІКТІ ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ | |
| Урынбасарова Ж., Ғылыми жетекші: Исаева Л.Н..... | 70 |
| ИДЕИ ОБЩЕСТВЕННОГО УСТРОЙСТВА В РАБОТЕ АЛЬ-ФАРАБИ «ТРАКТАТ О ВЗГЛЯДАХ ЖИТЕЛЕЙ ДОБРОДЕТЕЛЬНОГО ГОРОДА» | |
| Куканбаева Д., научный руководитель: Кильдякова Е.Н..... | 73 |
| ӘЛ-ФАРАБИ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӘДЕБИ ТЕРМИНДЕР | |
| Елмұратқызы Н., ғылыми жетекші: Жеткізгеннова Ә.Т..... | 76 |
| ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ | |
| Муханбетова Л., ғылыми жетекші: Табылдиева О.Д..... | 79 |
| ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫ | |
| Кыйлыбаева Г., ғылыми жетекші: Табылдиева О.Д..... | 82 |
| ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ: ӨМІРІ, ШЫҒАРМАЛАРЫ, ЖАҒАНДЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ | |
| Кошкарлова А., Есқалиева І., ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б..... | 85 |
| ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МҰРАСЫ МЕН ҒЫЛЫМДЫ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ | |
| Атакозина Н., ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б..... | 89 |
| ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ | |
| Ханыбыллаева Ж., ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б..... | 92 |
| ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ | |

| | |
|--|-----|
| Досекеев А.Д., ғылыми жетекші: Өтесова Г.Е..... | 96 |
| ӘЛ-ФАРАБИ Х ҒАСЫРДАҒЫ ТҮРКІ РЕНЕССАНСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ | |
| Аяпкалиева А., ғылыми жетекші: Бағдатұлы М..... | 100 |
| АРИСТОТЕЛЬ ЖӘНЕ ӘЛ-ФАРАБИ: ФИЛОСОФИЯДАҒЫ САБАҚТАСТЫҒЫ | |
| Ерке Ү.Б., ғылыми жетекші: Бағдатұлы..... | 106 |
| ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚОЗҒАЙТЫН ТРАКТАТТАРЫ | |
| Түгелбаев А., ғылыми жетекші: Бекенжанова А.А..... | 111 |
| ӘБУНАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫР ОТЫРАР | |
| Семирханов Б., ғылыми жетекші: Бекенжанова А.А..... | 115 |
| ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ҒЫЛЫМДАР ТІЗБЕГІ» ЕҢБЕГІНДЕГІ МАТЕМАТИКА САЛАСЫН ТАЛДАУ | |
| Бекібай Н.Қ., ғылыми жетекші: Серикбаева А.К..... | 118 |
| ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ | |
| Абдиганиева А.Ж., ғылыми жетекші: Серикбаева А.К..... | 121 |

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 127 бет
Шартты баспа табағы 10,58
Таралымы 50 дана

Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты
130003, Ақтау қ., 32 ш/а

Формат 60x84 1/12
Объем 127 стр.
10,58 печатных листа
Тираж 50 экз.

Отпечатано в редакционно-издательском отделе
КГУТИ им. Ш. Есенова
130003, г. Ақтау, 32 мкрн.